Понятие «словообразовательная энергия» далее (СОЭ), по всей видимости, должно складываться из двух неразделимых частей, отражающих диалектическое единство двух сторон слова – его значения (план содержания) и звукового комплекса (план выражения). Первая из этих частей может быть представлена как некоторое количество психической (умственной) энергии далее (УЭ), затрачиваемой говорящим на установление значения слова путем идентификации минимальных смысловых единиц, входящих в его состав, т.е. морфем. Количество умственной энергии, затрачиваемой говорящим на этот процесс, составляет первый компонент (СОЭ). Естественно заключить, что это количество УЭ зависит от количества морфем в слове или, используя термин, предложенный В.А. Московичем, от глубины слова [17, с. 18].

Вторая часть понятия СОЭ соответственно может быть представлена как некоторое количество произносительной (физической) энергии далее (ПЭ), затрачиваемой говорящим на артикуляцию слова в словах, так как, по предположению Ю.С. Степанова, для говорящего минимальной единицей речи является именно слог, а не отдельная фонема [1, с.26]. Опять-таки естественно предположить, что количество произносительной энергии (ПЭ) поэтому зависит от количества слогов в слове, т.е. от его длины. Таким образом, СОЭ=УЭ+ПЭ.

Для данной работы представляются очень важными выводы В.А. Московича о том, что, во-первых, максимумы длины и глубины слов в естественных языках совпадают с величиной объема оперативной памяти человека и не превышают в подтверждение гипотезы В. Ингве 7±2 морфемы и слога, и, во-вторых, при использовании языка во всех его функциях последовательно проявляется тенденция избегать превышения этих максимумов и использовать слова оптимальных размеров [16, с.31].

Попытаемся установить, каковы же эти оптимальные, с точки зрения говорящего, размеры слова в современном английском языке.

Чтобы служить единицей языка как средства коммуникации, оптимально слово должно иметь в своем составе корневую морфему (К0 для выражения вещественного значения, деривационную морфему (Д) для выражения лексико-грамматического значения и реляционную морфему (Р) для выражения синтаксических связей данного слова с другими словами и предложениями. Таким образом, оптимальная структура слова для любого языка должна иметь следующий вид:

К+Д+Р.

Как известно, реляционная морфема не является характерной для слов английского языка, и поэтому оптимальной структурой английского слова следует признать двухчастную модель К+Д, то есть двухморфемное образование, которое чаще всего является и двухсложным.

Однако, по данным Дж. Гринберга [17], средняя глубина английского слова в речи составляет 1,68 морфемы, а средняя длина, по данным В.Фукса [18, с.226] – 1,351 слога (по частотности первое место занимают односложные слова – 70%, второе двухсложные – 20%.

Следовательно, средняя глубина и длина современного английского слова в речи меньше, чем оптимальная модель, т.е. они являются экономичными.

Сравнение средней глубины слова в древнеанглийском языке, где она составляла, по данным Дж. Гринберга, 2,12 морфемы, со средней его глубиной в современном английском языке [17, с.68] позволяет сделать вывод о том, что в английском словообразовании на протяжении нескольких веков действует ярко выраженная тенденция к сокращению глубины и, соответственно, длины слова, то есть к экономии словообразовательной энергии. Она является прежде всего результатом потери флексий (др. анг. drincan совр. анг. drink), а также ассимиляции заимствованных слов по аналогии с исконной моделью (фр. Crier анг. cry), опрощения (др. анг. hiat eard совр. анг. lord) и других процессов в плане диахронии. Однако ее проявление можно проследить и в плане синхронии, а именно в действии в современном английском языке некоторых словообразовательных процессов, с помощью которых создаются «экономичные» слова. В первую очередь, естественно, следует рассмотреть те процессы, в которых образование производного слова сопровождается квантитативным уменьшением, т.е. сокращением длины и глубины производящего слова и соответственно уменьшением затрат (СОЭ).

1. Аббревиация, или сокращение, например:

to dub (a film) ← to double,

lube ← lubricant,

pop ← popular

В большинстве случаев в результате сокращения остается ударный слог, что служит подтверждением вывода В. И. Юньева о том, что в звуковой речи наибольшее количество информации группируется вокруг ударного слова [19, с.91].

Сокращенные слова в английском языке, как правило, появляются прежде всего в разговорных стилях, от литературного разговорного до жаргонов, и являются результатом высокой частотности употребления полного многосложного прототипа и связанного с ней естественного стремления говорящего экономить свои усилия. Акронимы и сложносокращенные слова возникают в газетно-публицистическом, военном и научно-техническом стилях также в результате высокой частотности, проникая из них в другие стили.

Следует отметить, что, поскольку глубина и длина слов в английском языке не совпадают, в результате сокращения длины производящего слова часто остается деформированная морфема, например:

to double - одна морфема и два слога;

to dub - один слог и деформированная морфемы;

popular - три слога и две морфемы;

pop - один слог и деформированная морфема:

2. Обратное словообразование, лингвистической основой которого является закон аналогии. Например:

To edit ← editor

To enthuse ← enthusiasm

To chauff ← chauffeur

В этих случаях образование глагола является результатом ассимиляции исходного заимствованного существительного, структура которого переосмысливается по аналогии с существующей моделью и конечная часть корневого слова, мотивируемая как словообразовательный суффикс, отторгается. В результате сокращается длина и деформируется глубина производящего слова.

Более многочисленны в современном английском языке случаи обратного образования глаголов от сложных существительных типа N+N, где вторая основа производная, например:

to baby-sit ← a baby-sitter

to blood-transfuse ← blood transfusion

В этих случаях обратное словообразование является результатом ошибочной аналогии с омонимичной парасинтетической моделью (N+N)+er. Например: a first-nighter.

В результате сокращаются как длина, так и глубина исходного слова, но в отличие от предыдущих случаев деформация морфем не происходит:

a baby-sitter – четыре слога и три морфемы;

to baby-sit – три слога и две морфемы;

blood-transfusion – четыре слога и четыре морфемы;

to blood-transfusion –три слога и три морфемы.

3. Словосложение:

a best-seller, a crash-halmet;

war-damaged; factory-packed, etc.

Сложные слова фактически представляют собой компрессированные словосочетания, и их экономичность проявляется в их цельнооформленности в сравнении с раздельнооформленностью словосочетаний, например:

a best-seller – a book that sells best,

war-damaged – damaged during the war.

Однако экономичность сложного слова предпочитается далеко не равномерно всеми функциональными стилями. В стиле научной прозы, например, в большинстве языков, в том числе в английском и русском, избегают компрессии в одном слове всех морфем, выражающих научное понятие, и основной единицей становится словосочетание. Например: в английском –end dump body в русском – кузов-самосвал, опрокидывающийся назад, а в немецком Hinterkipperaufbau в соответствии с продуктивностью во всех стилях немецкого языка соответствующих моделей сложных и сверхсложных слов.[12]

Интересно проследить с точки зрения принципа экономии дальнейшее развитие термина-словосочетания: в результате высокой частотности его употребления он сокращается, превращаясь в аббревиатуру, а иногда в квази-слово:

NATO – North Atlantic Treaty Organization

radar – radio detection and ranging,

jato – get-assisted take-off, etc.

4. Вставочное словообразование (Blending):

cinerama = cine(ma) + (pano)rama,

walkathon = walk(mar)athon,

transistor – trans(fer) + (re)sistor, etc.

Интересно отметить, что составляющие такие слова элементы чаще всего являются не морфемами, а лишь «осколками» двух исходных слов. Особенно это относится ко второму элементу.

В последние годы вставки получили большое распространение в научно-техническом стиле как средство более экономичного выражения сложного содержания:

transistor, phasitron, composition, metalastic, etc.

Особую стилистическую окраску приобретают вставки в американском публицистическом стиле, часто как средство иронии, например: Republicrat (человек, голосующий то за республиканцев, то за демократов):

salariat (низкооплачиваемые служащие);

paytriotism (патриотизм в корыстных целях).

5. Субстантивация в (соединении с эллипсом):

a postal ← a postal order,

finals ← final examinations, etc.

В результате частого употребления второй элемент словосочетания (существительное) отпадает, а первый (прилагательное) берет на себя номинативные функции.

Во всех рассмотренных выше пяти случаях экономии СОЭ проявляется в уменьшении затрат ПЭ, в то время как идентификация производного слова требует большого количества УЭ в сравнении с производящим словом, так как каждое новообразованное больше производящего слова по количеству «шагов» или тактов порождения (по аппликативной модели С. К. Шаумяна):

to double (R_1R_3O)← to dub (R_1 R_1 R_3O),

editor (R2O) ← to edit (R_1R2O),

postal order (R_3 R2O+R2O) ← postal (R2R_3R_2O).

Этот вывод находится в полном соответствии с законом сохранения и превращения энергии, согласно которому, когда исчезает некоторое количество одной энергии, на ее месте появляется определенное количество другой: $СОЭ_2$ = (ПЭ2 < $ПЭ_1$) + (УЭ2> $УЭ_1$) (1).

Следующую группу словообразовательных процессов, в которых также наблюдается действие принципа экономии, составляют процессы, в результате которых новое производное слово образуется без каких-либо внешних изменений, т.е. без изменения длины и глубины производящего слова.

1. Конверсия:

to fault ← a fault

to final ← a final

A must ← must etc.

Конверсия позволяет обозначить одним словом то, что иначе в языке может быть выражено целым словосочетанием. Именно в этом и состоит экономичность этого словообразовательного процесса: to favour ← to regard or treat with favour.

2. Семантическое словообразование, результатом которого являются новые значения производящих слов:

to land on the water,

to comb = to search a place thoroughly,

disk = a gramophone record,

façade = outward appearance,

to freeze = to stabilize (wages, etc.)

В процессе словообразования при конверсии, также как и при семантическом словообразовании, новые слова образуются без изменения длины и глубины производящего слова при невыраженной производности, а лишь при увеличении количества тактов порождения:

a fault (R_2O) ← to fault (R_1R_2O),

to freeze - 1×(R_1O) ← 2×(R_1R_1O)

(один слог и одна морфема, но два такта работы генератора слов).

В этих случаях СОЭ расходуется лишь на идентификацию нового значения производного слова, а не на его дополнительную артикуляцию в сравнении с производящим словом:

$СОЭ_2$ = ($ПЭ_2$=$ПЭ_1$) + ($УЭ_2$>$УЭ_1$).

Сравнивая полученные два ряда формул, можно сделать следующие выводы:

1. На идентификацию нового слова, каким бы из рассмотренных выше способов оно ни было образовано, всегда расходуется большое количество УЭ, чем то, которое требовалось для идентификации производящего слова, так как каждое новое слово обладает и новым значением.

2. Говоря об экономии СОЭ при образовании новых слов с помощью аббревиации, обратного и вставочного способов словообразования, субстантивации, конверсии и семантического словообразования, следует принимать во внимание лишь ПЭ, количество которой при образовании нового слова либо уменьшается (to dub to double), либо остается неизменным в случаях невыраженной производности.

Список использованной литературы:

1 Степанов Ю.С. Основы языкознания. – М.: Просвещение, 1966. – о 272 с.

2 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1969. – С. 152.

3 Мартине А. Основы общей лингвистики. Сб. «Новое в лингвистике». – М.: Иностранная литература, 1963. – С. 533.

4 Звегинцев В. // Сб. Новое в лингвистике. – М. – С. 365.

5 Zipf G.K. Human Behavior and the Principle of Least Effort, Cambridge, Massachusetts, Addison-Wesley Press, 1949.

6 Vendryes J. Parle par économie, in Mélanges de linguistique offerts á Charles Bally. – Genéve, George & C.i.e, 1939. – Pp. 49-62.

7 Sweet H. A history of English sounds from the earliest period. – Oxford Clarendon Press, 1888.

8 Leopold W. Polarity in language, in Curme volume in linguistic studies. – Baltimore: Waverly Press, 1930. – Pp. 102-109.

9 Tauli V. The structural tendencies of language. – Helsinki, 1958.

10 Vicentini A. The Economy Principle in Language. Notes and Observations from Early Modern English Grammars, \\ Mots Palabras Words. (3), 2003. – Pp. 37-57.

11 Chomsky N. New Horizons in the Studies of Language and Mind. – Cambridge: Cambridge University Press, 2000.

12 Saurbayev R.Zh., Tekzhanov K.Kh., Ergaliyev K.S, Amrenov A.D. & Omarov N.R. To the Problem of Delimitation of the Expanded Sentence as an Independent Syntactic Category in Modern Linguistics) // Life Science. 10 (12s). – 2013. – Pp. 464-474.

13 Saurbayev R.Zh., Tekzhanov K.Kh., Ergaliyev K.S, & Amrenov A.D. On the Issue Structure-Semantic and Predicative Features of Semi-Composite Sentences and Their Functions in the Bounds of Paradigmatic Syntax // Life Science Journal; 10 (4). – 2013. – Pp. 1042-1050.

14 Saurbayev R.Zh. The Tagseme as a Component of Structural-Semantic Complexification of the Sentence // Middle East Journal of Scientific Research. 16 (3) IDOSI Publications. 2013. – Pp. 432-436.

15 Земская Е.А. Заметки по современному русскому словообразованию // ВЯ. – 1965. – №3. – С. 109.

16 Москович В.А. Глубина и длина слов в естественных языках // ВЯ. – 1967. – №6. – С. 18.

17 Дж. Гринберг. Квантитативный подход к морфологической классификации языков. Сб. «Новое в лингвистике». – М., 1963. – С. 91.

18 Фукс В. Математическая теория словообразования. Сб. «Теория подачи сообщений». – М., 1957. – С. 226.

19 Юньев В.И. О соотношении устной и письменной форм языка // ИЯШ. – 1966. – №2. – С. 17.

МРНТИ 16.21.65

Қ.Ө.Есенова[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЖАҢА ТҰРПАТТЫ ТҰҢҒЫШ ЭНЦИКЛОПЕДИЯ

Мақалада 2017 жылы жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бестомдық энциклопедияның құндылығы баса ашып айтылған. Көптомдық айтулы ғылыми еңбектегі қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінің жан-жақты сипатталғаны, сонымен қатар оның әр қырынан жүйеленіп, сараланып, талдау елегінен өткізілгендігі сөз болады. Еңбектің жаңа деңгейдегі этнологиялық жұмыс екендігі және бабалардан мирас болып қалған ұлттық құндылықтар жүйесін қазіргі ұрпақтың санасына қандай деңгейде, қалай сіңіру қажеттігі айтылады. Мұндай үлкен еңбекті келер ұрпақтың мақтанышына айналдыру көзделеді.

Сонымен қатар, бұл мақалада энциклопедияны оқу арқылы білім алушының рухани жан әлемі мен тәлімдік-тәрбиелік дағдысы қалыптасатындығы сөз етіледі. Аталған еңбектің алдыңғы басылымнан артықшылығы айқындалады. Энциклопедиядағы көңіл аударатын жайттардың бірі бүгінде ұмыт бола бастаған көне ұғымдар мен атауларды молынан қамтып, олардың мәнін ашып беретіні және мәдени құндылықтар жақсы көрсетілгендігі айтылып өтеді.

Кілт сөздер: құндылықтар жүйесі, этнографиялық категориялар, тілдік сана, этнология, когнитивтік бейне.

Есенова К.У.[1]
[1]*Казахский национальный педагогический университет им.Абая,*
г.Алматы, Казахстан

КАЗАХСКАЯ ТРАДИЦИОННАЯ СИСТЕМА ЭТНОГРАФИЧЕСКИХ КАТЕГОРИЙ, ПОНЯТИЙ И НАЗВАНИЙ

Аннотация

В статье подчеркивается ценность пятитомной энциклопедии «Казахская традиционная система этнографических категорий, понятий и названий», опубликованной в 2017 году. Следует отметить, что многотомная научная работа представляет собой разностороннее описание традиционной культуры казахского народа, а также систематизацию, дифференциацию и анализ ее различных аспектов. Упоминается о том, что труд - это новый уровень этнологической работы, а также то, на каком уровне и каким образом **система национальных ценностей**, которая является наследием наших предков должна усвоиться в сознании нынешнего поколения. Ожидается , что такой большой труд станет гордостью следующего поколения .

Помимо этого, в статье отмечается формирование духовно-нравственного воспитания учащегося посредством чтения данной энциклопедии . Особенность этого труда заметна в сравнении с предыдущим изданием. Одно из обстоятельств энциклопедии , к котрому стоит обратить внимание - это обширный охват старинных понятий и названий , которые становятся забытыми в наши дни , изложение их значений и хорошое представление культурных ценностей .

Ключевые слова: Система ценностей, этнографические категории, языковое сознание, этнология, когнитивный образ.

Esenova K.U.[1]
[1]*The Kazakh national pedagogical university named of Abay,*
Almaty, Kazakhstan

THE KAZAKH TRADITIONAL SYSTEM OF ETHNOGRAPHIC CATEGORIES, CONCEPTS AND NAMES

Annotation

The article emphasizes the value of the five-volume encyclopedia "The Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names", published in 2017. It should be noted that the multivolume scientific work is a versatile description of the traditional culture of the Kazakh people, as well as the systematization, differentiation and analysis of its various aspects. It is mentioned that labor is a new level of ethnological work, and also it explains at what level and in what way the system of national values, which is the legacy of our ancestors, should be absorbed in the minds of the current generation. It is expected that such a great work will be the pride of the next generation.

In addition, the article notes the formation of the spiritual and moral education of the student through reading this encyclopedia. The peculiarity of this work is noticeable in comparison with the previous edition. One of the circumstances of the encyclopedia that you should pay attention to is - the extensive coverage of ancient concepts and names that are forgotten nowadays, a statement of their meanings and a good representation of cultural values.

Key words: System of values, ethnographic categoties, linguistic consiousness, ethnology, cognitive image/cognitive imagery.

Еліміздің тәуелсіздік алғанына ширек ғасырдан астам уақыт болғанда халқымыздың мықты тұғыры – руханиятқа назар аударыла бастауы аса құптарлық жайт. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қойылған басты міндеттерінің бірі – халқымыздың өткен тарихына жіті көз жіберіп, ел тұрмысында қолданылып, ұлттық санамыздың қалыптасуына зор ықпал еткен салт-дәстүр, ырым-тыйым, жөн-жоралғы т.б. сияқты жазылмаған дала заңдарының қазіргі қоғамдық сананы жаһанданудың теріс ықпалынан сақтайтын қуатты құрал ретінде қолдануға саяды. Осы орайда қолымыздағы бар дүниені ел жадында сақталып қалған, бірақ есепке алынбаған, хатқа түспеген, халыққа жарияланбаған, соның салдарынан «бізде анау жоқ, бізде мынау болмаған» деген сияқты түйткілді ойлардың көпшіліктің көңілінде орныққаны да жасырын емес.

Шындығында, тұрмысын толықтай табиғатпен астастыра білген ата-бабаларымыздың білмегені «жер астында» болған. Қазақ он сегіз мың ғаламдағы күллі жаратылыстың сырын, пайдасы мен зиянын терең зерттеп білген және оны баға жетпес байлығымыз – ана тілімізде қаттаған. Алайда, тіліміздегі әр сөздің астарында қатталған сол құнды ақпаратты зерделеуге, жастарға танытуға, жалпы халықтық игілікке айналдыруға келгенде кемшін түсіп жатқанымыз рас. Сондықтан бабалардан мирас болып қалған **ұлттық құндылықтар жүйесін** қазіргі ұрпақтың санасына сіңіру, келер ұрпақтың мақтанышына айналдыру – біздің кезек күттірмейтін міндетіміз екенін әрбіріміз терең түсінуіміз керек. Осымен байланысты ғалымдар тарапынан бірқатар игі істердің атқарылып жатқанын және оның алғашқы нәтижелерінің жарық көріп үлгергенін де қуана жеткізгіміз келеді.

2017 жылы «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты бестомдық энциклопедияның екінші басылымы шықты [1]. Бұл көптомдық айтулы ғылыми еңбек – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін сипаттау ғана емес, оны жан-жақты жүйелеп, саралап, талдау елегінен өткізген жаңа деңгейдегі этнологиялық еңбек. Аталмыш энциклопедияның бірінші басылымы 2011-2014 жылдары жарық көрген болатын. Алайда бұндай тұңғыш көптомды энциклопедияның бірінші басылымында кейбір кемшіліктердің болуы сөзсіз еді. Бұл туралы көрнекті этнолог, энциклопедияның ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбай: «Энциклопедияның екінші басылымындағы мақалалардың дені қайта өңделді, едәуір бөлігі, әсіресе өзекті мәселелерге арналғандары қайта жазылды. Ал, деректік дәйектілігі шикілеу болған біраз мақалаларды өкінішке орай, алып тастауға тура келді. Сонымен бірге, бұл басылымға тың тақырыптарды игерген көптеген жаңа мақала-зерттеулердің де енгізілгендігін ерекше атап өту қажет», – дейді.

Әлбетте, білікті мамандардан құралған авторлар ұжымынан бұл басылымға енбеген мақалаларды толықтырып, дәйектеп, көпшілік назарына қайта ұсынады деп сенеміз. Ал қазір осы 2-басылымның өзіндік артықшылықтарына тоқталғымыз келеді.

Біздің байқауымызша, тек 1-томның өзінде ғана, мәселен, Ай қараңғы кешесі; Ақ пен қараның арасы; Ақ пен қызылдың арасы; Ақсабанның кезі; Алты ай жаз, алты ай қыс; Алты қаз; Алты малта; Аңсат; Аңшының кешіккеніне сүйін; Бабтар бабы – Арыстан баб; Барат түні; Баянбайдың малы; Берікәлі; Бесқонақ амалы; Бөлтірік майтабанын суға сорғызу тәрізді көп мақалалар бұрынғы басылымда кездеспейді, тыңнан жазылған дүниелер. Жалпы, энциклопедияның жаңа басылымы 200-ден астам жаңа мақалалармен толықтырылған.

Оның үстіне әр том сайын ондаған, тіпті жүздеген бұрынғы мақалалар жаңа деректермен байытылып, толықтырылып, қайта жазылып шыққан. Көптеген мақалалар редакцияланып, атаулардың анықтамалары нақтыланған, жаңадан дереккөздер қосылған, иллюстрациялар енгізілген. Соның нәтижесінде бұрынғы басылыммен салыстырғанда жаңа басылымның әр томына 100-ден астам бет қосылып, бес томның көлемі 400-ден астам бетке ұлғайған (бұрынғы басылымның бес томы 3 784 бет болса, жаңа басылымның бес томы 4 208 бет болып шыққан).

Бұның өзі авторлар ұжымының үнемі ізденіс үстінде жүргенін, ғылыми әлеуеті жоғары екенін көрсетеді. Осындай жаңа мақалалардың арқасында энциклопедияның материалдары деректік жағынан да, ғылыми танымдық жағынан да толығып, байи түскен.

Энциклопедияда барлығы он мыңнан астам этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулар қамтылған. Алайда, авторлар ұжымының барлық категориялар, ұғымдар мен атаулар толық қамтылды біттік деп санамайтындығы, сондықтан алдағы уақытта қазақтың хан-сұлтандары, би-батырлары, бақсы-емшілері, күйші- жыршылары және т.б. ел есінде сақталып келе жатқан көрнекті тұлғаларға байланысты зерттеулер жүргізе беретіндігі айтылады. Бұның - аса құптарлық жайт. Ондай зерттеулер Қазақстан Республикасы президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларында көтерілген мәселелерді бүгінгі күн талабы тұрғысынан зерделей түсетін еңбек боларына шүбә жоқ.

Энциклопедияның әрбір томының соңында қысқарған сөздер тізімі, мәлімет берушілердің тізімі, категориялар, ұғымдар мен атаулар көрсеткіші, пайдаланылған әдебиет тізімі беріледі. Осылардың ішінде әр томның соңында беріліп отырған «Мәлімет берушілердің тізімі» деп аталатын бөлімі де назар аударуға тұрарлық. Оған көз жүгіртіп шыққанда осы энциклопедияға материал, ақпарат ретінде пайдаланылған мәліметтер Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық мұражайы қызметкерлерінің, этнографтардың әр жылдарда Қазақстанның барлық облыстары мен Қытайға, Моңғолияға, Ресейге жасаған экспедициясының материалдары негізінде жинақталған. Қазақтың этнографиясына байланысты мәлімет берушілердің қатарында 1902, 1905 жылдардан бастап XX ғасырдың алғашқы ширегінде туған адамдардың есімдері мол ұшырасады. Олардың арасында әртүрлі мамандық иелерімен бірге ақын-жазушылардың (Омар

Хаймолдин, Сәтімжан Санбаев, Нұрқасым Қазыбеков, Қажытай Ілиясов және т.б.), ел ішінде жыршылық дәстүрді сақтағандардың (Мағауия жыршы – Қытай Халық Республикасынан), суретшілердің (Е. Оспанұлы), молдалардың (А. Тапалұлы) және бұрынғы Кеңестік замандағы Социалистік еңбек ерлерінің (Ш. Шәріпбаев, Е. Есімов) тәрізді елге танымал адамдардың есімдері кездеседі.

Айта кету керек, экспедиция барысында материал жинаушылар қала мен ауылдарда ғана емес, олардан шалғай жатқан жайлауларда (Алматы облысы, Райымбек ауданы, Ақдала жайлауы; ҚХР, Баркөл қазақ автономиялы ауданы, Ойжайлау жайлауы), күзеуде (ҚХР, Көктоғай ауданы, Белбұлақ күзегі), бекеттерде (Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Елтай бекеті), бөлімшелерде (Жамбыл облысы, Меркі ауданы, 2-бөлімше) жұмыс басындағы еңбекшілермен кездесіп, қажетті деректерді солардың өз аузынан жазып алған... Бұл да энциклопедия материалының құндылығын арттыратын тұстардың бірі.

Әдебиет тізімі пайдаланылған еңбектердің сипатына қарай зерттеулер; деректер; мұрағат материалдары; жарияланған тарихи және этнографиялық деректер; халық ауыз әдебиеті; әдеби шығармалар; сөздіктер; энциклопедиялар және библиографиялық көрсеткіштер; діни әдебиеттер; баспасөз материалдары түрінде топтастырылып, жеке-жеке көрсетілген. Энциклопедияның ғылыми аппараты өте бай. Бұл ретте, мәселен, жаңа басылымның 1-томында – 1102; 2-томында – 1101 зерттеу жұмысы, басқа томдарда да мыңнан астам зерттеу еңбектері пайдаланылғанын атап өткіміз келеді.

Мақаланың мазмұнын ашуда қазіргі әдебиеттермен бірге ежелгі түркі халықтарының, қазақ халқының миф, аңыздары мен көне эпостық және ғашықтық жырларында сақталған этнографиялық материалдар молынан пайдаланылады. Бірер мысал ретінде қойға ен салу ру-тайпалық дәуірде пайда болып, оның қай руға, кімге қатысты екенін білдіру үшін осы заманға дейін қолданылып келе жатқанын, еннің ұсақ малға, таңбаның, негізінде, ірі малдарға (жылқы, түйе, сиыр) салынатындығы, ал бұл таңбалардың жалпылама түрде *ен-таңба* деп аталатындығы, оның шаруашылықтағы маңызы ескі халық жырларындағы мынадай жолдармен дәйектеледі:

«Ақ найзасы болмаса,
Ерді қайдан танырсың.
Ен-таңбасы болмаса,
Малды қайдан танырсың».

Сондай-ақ, ен мен таңбаның айырмашылығы «Қобыланды батыр» жырындағы:

«Таңбасыз жатқан тайыңды,
Таңбалар деп қорқамын.
Енсіз жатқан қойыңа,
Ен салар деп қорқамын» тәрізді құнды фольклорлық дерекпен түйінделеді.

Сондай-ақ, нақты, анық жеткізілген ойды қазақтың «тайға таңба басқандай» деген теңеумен өрнектегені мәлім.

Энциклопедиядағы көңіл аударатын жайттардың бірі бүгінде ұмыт бола бастаған көне ұғымдар мен атауларды молынан қамтып, олардың мәнін ашып беретіні деуге болады. Бұны энциклопедияның тағы бір қыры деп санаймыз. Соның бір дәлелі ретінде кілемге байланысты мақаладағы *көл, табақ, су* тәрізді атаулар мен ұғымдардың түсіндірілуін келтірсек те жеткілікті ғой деп ойлаймыз. Қазақ кілемшілік өнерінде кілемнің ою-өрнек терілген ортасы *көл* немесе *табақ* деп аталады да, оның сыртын айналдыра жіңішкелеу түрде бір-біріне жалғаса терілген ою-өрнектерді *су* деп атайды. *Су* өрнегінің сыртына терілген ою-өрнекті *қорған* дейді. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында көл де, табақ та молшылық пен мамыражай, тоқ тіршіліктің символдары, яғни өркендеу идеясының жүзеге асуын білдіреді. *Көл, табақ* атауларының қатар қолданыла беретіндігіне қарап, оларды бірін-бірі толықтырып отыратын символдар ретінде қарастыруға болады. Демек, *көл* немесе *табақ* - қазақ қауымының жоғарыда аталған мамыражай, тоқ тіршілігін білдіретін әрі айғақтайтын метафора. *Көл* немесе *табақты* ата-баба жолын ұстанған бақуатты қазақ тіршілігінің метафоралық, образдық моделі деуге болады. Осы *көлді* қоршаған *қорған* мен *сулар* көшпелілердің тіршілік кеңістігінің тұтастығын әрі мызғымастығын білдірсе керек...

Әрине, заман ағымына сәйкес көшпелі тұрмыста тұтынылған қолөнер бұйымдарының қолданылу шеңберінің тарылғаны рас. Қолдан басылған киіз, текемет, тоқылған кілем атауларымен бүгінгі ұрпақ мұражайларда танысып жүргені белгілі. Өкініштісі – сол материалдық мәдениетпен бірге ұлттық мәдени код сақталған ақпараттың да ұмытылатындығы. Осы тұрғыдан қолымыздағы еңбекте қазақ кілемшілік өнеріне қатысты ою-өрнек, құрал-жабдық атауларының қамтылуы тілдік қазынамыздың сақталуына да қосылған үлес деуге болады.

Заман ағымы демекші, қазіргі электронды БАҚ арқылы алынатын көптеген теріс пиғылды ақпараттың жастарымыздың санасын улап жатқандығы аса қауіпті және қорқынышты жайт. Соның бір көрінісі –

қазіргі кезде суицид сөзін естіген екі адамның бірінің селт етпейтіндей жағдайға жетуі. Құлағымыздың үйреніп кеткені соншалық, өзіне – өзі қол салған адам туралы естігенде себебін де сұрамайтын күйге жеттік. Шын мәнінде - әлеуметтік, саяси, діни, психологиялық қырлары зерттеліп, оны барынша азайтуға мемлекеттік деңгейде қолға алынуы тиіс мәселе.

Қолымыздағы энциклопедияда ұсынылған «Арам өлім» деген мақаланы толығымен беруді жөн көрдік. «**Арам өлім** – өзіне-өзі қол салған (асылып өлу, суға кету, өзін өртеу, у ішу т.б.) немесе жалғыз өзі қараусыз жүріп, *атаукересін* ішпей көз жұмған, *имансуын* алмай, денесі жуылмай қалып қойған жағдайға қатысты қолданылатын ұғым. Өз-өзіне қол жұмсаған адамның жаназасын шығармай, мұндай адамдардың сүйегін *аруақ тебіренеді* деп қорымда бөлек бір жерге жерлеген».

Бұрын-соңды «арам өлді» деп қолдан бауыздалмай, яғни арам қаны ағызылмаған, суықтан далада қатып қалған, түрлі кеселдерден өлген малға қатысты айтылатыны мәлім. Ал енді аталмыш мақалада берілген мәлімет суицидке бел буған адамның өз өмірін малдың жанынан артық бағаламағандығын көрсетсе керек. Яғни бұл еңбекті оқыған адам қандай да бір шешім қабылдамас бұрын оңы мен терісін таразылағанда «арам өлім» деген ұғымның қаперінде тұрары анық.

«Арам өлімге» толығымен қарама-қарсы ұғым – «Аңсат өлім». Энциклопедияның 1-томының 227 бетінде берілген шағын ғана мақалада «өзекті жанға бір өлім» бар екенін мойындаған әрбір саналы адамның мұратын айшықтайды: «**Аңсат өлім** – жасы үлкен қария адамдардың ауырмай, қиналмай бұл дүниеден жеңіл өтуі. Байырғы кезде жасы ұлғайып, уақыт өткен сайын қариялар «төсек тартып жатып қалмасам, міндетімді кісіге қаратпаса екен» деп, тәңірден аңсат өлім тілеген. Ел ішінде сондай күйде өмірден өтен қарияларды «тілеуі қабыл болды, аңсат өліммен баз кешті» дейді».

Мұндай мәліметтер қазіргі қоғам мүшелерінің тілдік санасындағы «өлім» деген ұғымның мазмұнын жан-жақты байыта түсетіні анық. Яғни, мұны көнекөз қариялар болмаса, қарапайым тіл ұстанушы біле бермейтін құнды мәлімет ретінде тануға негіз бар.

Сондай-ақ 1 томда «ас-тамақ-тағам» деп аталатын көлемді мақалада барша белгілі қонаққа табақ тартуға қатысты ырымдар мен жосын-жоралғылар кеңінен қамтылған. Соның ішінде көпшілік біле бермейтін «әйелге малдың құты дарысын деп өңеш береді, «қыз балаға жүрек береді. Бұл мейірбан болсын дегенді білдіреді», «құдаласу барысында табақ тартар алдында араластыра туралған құйрық – бауырдың үстіне айран құйылып, құдаларға кезек-кезек асатады (айран – тілектің ақ екендігін, ал құйрық-бауыр құдалардың ақ пен қарадай біртұтас араласып кетеді дегенді білдіреді. «Судан шошынған адамға жұлын, шеміршек жегізсе жазылады», «асқан еттің көбігі екі рет алынады: біріншісі – қанды көбік, екіншісі – ащы көбік (әйтпесе, жеген ет харам болып, ауруға сеп болуы мүмкін)» т.б. мәліметтер оқырманның ұлттық танымға қатысты білім аясын кеңейтетіні сөзсіз. Мұнда да қазақтың бас тағамы – ет асқанда алынатын «ақ көбік» және «қара көбік» сияқты қолданыстар қатары енді. «Қанды көбік», «ащы көбік» тіркестерімен толықты деуге болады.

Энциклопедия қазақ этнологиясының қазірге дейін қол жеткен табысын көрсетумен бірге бірінші басылымы (2011-2014 жылдар) шыққаннан бергі аз уақыт ішінде университеттердің студенттері, магистранттары мен докторанттары, оқытушылары пайдаланатын құнды дерекөзге айналып отыр. Ол туралы Қазақстанның баспасөз беттерінде және ғылыми -конференция, дөңгелек үстел сұхбаттарында айтылып та жүр. Ал, Қазақстандағы мұражай қызметкерлері үшін бұл еңбек күнделікті жұмыстарына пайдаланатын құнды құрал екендігі айтпаса да түсінікті. Қысқасы, бұл энциклопедия – қазақ халқының дәстүрлі материалдық мәдениеті мен рухани әлемін ғылыми талдаулары арқылы кеңінен ашып көрсеткен, жаңалығы мол, тұрпат-бітімі де ерекше құнды еңбек.

Энциклопедияның өнбойынан ата-баба жолының когнитивті бейнесі – «қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман», сол заманды іздейтін, жоқтайтын бүгінгі ұрпақты қалыптастыру, көңіл қошын аудару мақсаты тұрғанын сезінесіз [2, 3].

Қорыта келгенде, энциклопедияда қамтылған материалдар жас зерттеушілерге ұсынылатын диссертациялық тақырыптар ретінде жүйелі түрде насихатталса, сол арқылы күллі жұртшылықтың игілігіне айналар еді деген ойдамыз.

Сонымен қатар, осыншалықты құнды еңбектің көпшілік үшін де, әсіресе қарапайым оқырман үшін де қолжетімді болғаны жөн деп санаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы,2017.

2 Қ.Күдеринова Қазақ дәстүрлі мәдениетінің антологиясы //«Ақиқат», 30.11.2015.

МРНТИ 16.21.55

С.А.Жиренов[1]
[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,*
Алматы қ., Қазақстан

ОРНИТОЛОГИЯЛЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ МӘТІНДЕР ТУРАЛЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЭТЮДТТЕР

Аңдатпа

Мақалада орнитологиялық бірліктердің тілдік қолданысының көркем мәтіндердегі берілуінің теориялық мәні мен қолданбалы сипаты қарастырылған. Мақаланың өзегі көркем мәтіндердегі орнитологизмдердің негізгі теориялық және семантикалық өрісінің тарихи мағыналық қолданысы мен этнолингвистикалық болмысы баяндалады. Адам мен табиғат, құс пен адам сабақтастығы арқылы этнос болмысын танытатын руханилықпен сабақтас материалдық мәдениет туындылары орнитологиялық мәтіндер негізінде этнолингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдарының аспектісінде қарау арқылы ұлт болмысын тануға болады. Этнос болмысы мен дүниетанымы тек қана тілдік деректермен ғана емес, сондай-ақ жанды табиғи зоонимдер арқылы айқындалатынын көруге болады. Этностың зоонимдік мәдениетінің іздері оның тілінде көрініс табады. Этнос дүниетанымындағы орнитологиялық әлем бейнесі көркем мәтіндерде әрқилы бейнеледі. Осы орайда тіліміздегі ұлттық мәдениетіміздің көрсеткіші – құстар әлеміне қатысты тілдік бірліктерді зерттеуде этностың дүниетанымы мен қоршаған ортаға қатысты танымдық әрекетін орнитологиялық негіз деңгейінде зерттеудің маңыздылығы көрсетіледі.

Кілт сөздер: тілдік бірлік, орнитологизм, этнос, мәдени таным, әлем бейнесі, көркем мәтін, т.б.

Жиренов С.А. [1]
[1]*Казахский национальный педагогический университет им.Абая,*
г.Алматы, Казахстан

ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ЭТЮДЫ О ТЕКСТАХ ОРНИТОЛОГИЧЕСКОГО СОДЕРЖАНИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются теоретическая значимость и прикладные свойства отображения языкового применения орнитологических единиц в художественных текстах. Сущность статьи основывается на историческом значимом применении и этнолингвистической сути основного теоретического и семантического поля орнитологизмов в художественных текстах. Материальные культурные произведения, связанные с духовностью, отражающие сущность этноса посредством взаимосвязи человека и природы, птицы и человека, способствуют познанию сущности нации через изучение в аспекте таких наук, как этнолингвистика, лингвокультурология на основе орнитологических текстов. Сущность и миропонимание этноса определяются не только языковыми фактами, но также при помощи живых природных зоонимов. Следы зоонимистической культуры этноса находит отражение в его языке. Орнитологическая картина мира в миропонимании этноса изображается в художественных текстах по разному. В этой связи показатель национальной культуры в нашем языке определяет высокую значимость исследования на уровне орнитологической основы познавательной деятельности в отношении миропонимания и окружающей среды этноса в изучении языковых единиц относительно птичьего мира.

Ключевые слова: языковая единица, орнитологизм, этнос, культурное познание, картина мира, художественный текст и др.

S.A.Zhirenov[1],
[1]Kazakh national pedagogical university named of Abay,
Kazakhstan, Almaty

LINGUISTIC ENTUDIES ON TEXTS OF ORNTHOLOGICAL CONTENT

Annotation

The article discusses the theoretical significance and applied properties of the display of language application of ornithological units in literary texts. The essence of the article is based on the historical significant application and ethno-linguistic essence of the main theoretical and semantic field of ornithologicalisms in artistic texts. Material cultural works related to spirituality, reflecting the essence of the ethnos through the interrelation of man and nature, bird and man, contribute to the knowledge of the essence of the nation through study in the aspect of such sciences as ethno-linguistics, linguistic culturology based on ornithological texts. The essence and understanding of the ethnos is determined not only by linguistic facts, but also by means of living natural zoonyms. The traces of the zonimistic culture of an ethnos are reflected in its language. The ornithological picture of the world in the worldview of the ethnos is depicted in artistic texts in different ways. In this regard, the indicator of national culture in our language determines the high significance of the study at the level of the ornithological basis of cognitive activity in relation to the world outlook and the environment of an ethnos in the study of linguistic units relative to the avian world.

Key words: language unit, ornithologism, ethnos, cultural knowledge, picture of the world, artistic text, etc.

Филологиялық кеңістікте «әдебиеттің материалы – тіл» деген қағида берік орныққан. Тілдік бірліктер арқылы мәнмәтіннен мәтінге дейінгі аралыққа жан бітіп, тілдік коммуникацияны жүзеге асырады. Көркем әдебиетте тілдік бірліктер әңгімеден роман-эпопеяға, шағын өлеңнен поэмаға дейінгі аралықта жұмсалып, көркем мәтінге әр беріп, поэтикалық пәрмен беретіндігі анық. Тілдік бірліктер көркем мәтіннің материалы, мәтін мазмұнын құрайды. Көркем мәтінмен олардың тақырыптық атауларының түзілуіне әртүрлі тілдік атаулар тірек болады.

Қазақ руханиятындағы көркем әдебиет пен танымдық шығармалардың біршамасы орнитологиялық бірліктер мен атауларға негіз болған. Орнитологиялық атаулар көркем мәтіннің тақырыптық атауынан бастап шығарма арқауына айналып, оқырманға кеңінен жол тартқандары белгілі. Қазақ көркем сөз өнеріне олжа болып қосылған, орнитологиялық бірліктер негіз болған біршама поэтикалық шығармалардың дүниеге келгендігі белгілі. Ұлттық көркем сөз өнерінің кеңістігінде орнитологиялық категорияларға арқау болған Асан қайғының «Ай, хан ием, мен айтпасам білмейсің?», Ақан Серінің «Қараторғайы», Махамбеттің «Қызғыш құсы», Абайдың «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалы», Кенен Әзірбаевтың «Бозторғайы», «Қырғи мен бозторғайы», С.Сейфулиинің «Аққудың айырылуы», Т.Жароковтың «Торғайы», М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», «Қарлығашым келдің бе?», Т.Молдағалиевтің «Қаздар қайтқандасы» мен «Құстар қайтып барадысы», Т.Әлімқұловтың «Көк қаршығасы», Ш.Мұртазаның «Қырғи мен құладыны», «Киік қаздары», «Көкала үйрегі», «Шағалалар қайда ұйықтайдысы», Ш.Айтматовтың «Ерте келген тырналары», Қ.Жұмаділовтің «Аққуды атпас болары», «Жемдеген қырғауылдары», М.Шахановтың «Бөдене таланттар мен қажымұқандары», А.Сейдімбектің «Бүркіті», Е.Жақыпбековтің «Тазқара құстың тағдыры», С.Досановтың «Сыңсып ұшқан сыңар аққуы», «Ақбас бүркіт туралы аңызы», Ж.Нәжімеденовтің «Қос қоңыр қазы», Е.Раушановтың «Құстар мен періштелері», М.Рәштің «Көкек пен көкекшілдері», Т.Нұрмағанбетовтің «Ауған құстары», Н.Дәутаевтың «Қоңыр қазы», Маралтайдың «Қарлығашы», Б.Сарыбайдың «Қараторғайы» т.б. секілді көптеген ірілі-ұсақты көркем прозалық және поэзиялық туындыларды атап өтуге болады. Жоғарыда көрсетілген құс атауларына қатысты көркем туындылар қазақ дүниетанымынан орын алған құстардың әралуан қасиеттері мен табиғи ерекшеліктері сөзбен суреттеліп, әралуан әдеби амалдар арқылы (салыстыру, баяндау, теңеу, меңзеу, астарлау, символдау, т.б.) оқырманын ойға жетелейді. Аталған шығармалар көркем оймен көркемдік танымнан туған кестелі сөзбен көмкерілген туындылар болғандықтан, поэтикалық танымның нәтижесі болып танылады. Поэтикалық таным яки көркемдік таным – сөз өнерінің қауқарын көрсететін, эстетикалық мәні басым, образды оймен, айшықты суреттеудің, адам қиялының жемісі ретінде саналады. Бұған дәлел ретінде А.Байтұрсынұлының «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті

– ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», – деген аталы сөзі бүгінгі қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік парадигманың биігінен біздерге қол бұлғап тұрғандығы, бүгінгі тілтаным ғылымның құбыланамасы іспеттес басты формула ретінде санауымызға болады [1].

Көркемдік таным көркем сөзбен эстетикалық қабылдаудан тұрады. Көркемдік танымды көркем сөзден тыс сипаттау мүмкін емес. Көркем бейне, көркем суреттеу, эстетикалық қабылдау, суретті сөзбен баяндаудан көркем мәтін жасалады. Құс атаулары мен құстар әлемі тірек болған көркем мәтіндерден құстар мен адамдардың арасындағы байланыс, астарлы оймен суретті сөзбен жеткізілген. «Көркем мәтін – динамикалық бірліктердің жиынтығы. Көркем мәтіннің элементтері арасындағы қатынас типтері жекелеген «жазушының» «идиолектісін» жасайды. Бұл қатынастарды белгілі бір жанрдың, әдеби мектептің, не белгілі бір кезеңге тән айрықша сипатты белгілерді айқындау үшін пайдалануға болады. Мәтін түрлері көп болғанмен, мәтіннің ерекше түрі болып саналатын көркем мәтінде адресант, хабарлама («сообщение»), адресат, кілт («код»), кодтау я болмаса кілттеу («кодирование»), қайтадан кодтау (бұл мәтінді толық ұғынып оқу деген сөз) («декодирование»), т.б. элементтер болады. Олардың көмегімен мәтіндегі астарлы ойды, мағынасы көмескі сөздерді, мәтін құрауға тірек болып тұрған негізгі сөздерді, сөз тіркестерін тануға болады және кез келген мәтін мәтінтанулық тұрғыдан жүйеленген әдістер жиынтығы арқылы зерттеледі.

Мәтіндегі тілдік бірліктердің мән-мағынасы кейде кейінгі дәуірге түсініксіз болып жатады, өйткені тіл тарих пен мәдениетті сақтап, жеткізуші болса, тарих бір орнында тұрмайды, өзгеріп отырады. Ол өзгерген сайын тілдік бірліктер жаңаланады, реалийлер өзгереді, әрбір жаңа ұғым атауы тілде сөз арқылы таңбаланады, зерттеуші тарапынан олар интерпретацияланады» [2, 38].

Орнитологиялық бірліктер көркем шығармалардан қаншалықты орын алса, ғылыми танымдық әдебиеттерден соншалықты орын алғандығы белгілі. Оған дәлел ретінде түркі дүниесі кезеңіндегі М.Қашқаридің «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінен бастап, Ә.Марғұланның «Саят құстары», «Ежелгі жыр аңыздары», С.Кенжеахметовтің «Жеті қазынасы», «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары», Е.Қосбасаровтың «Бүркітшілік терминдері», Ж.Бабалықұлының «Саяты», С.Мұқановтың «Таңдамалы шығармаларында», Е.Раушановтың «Құстар біздің досымыз», И.А.Долгушиннің «Қазақстан құстары» атты көп томдық т.б. ғылыми танымдық еңбектерден де өзіндік орын алып, әралуан аспектіде қарастырылған. Ғылыми танымдық еңбектерде құстардың жаратылысы, табиғи ерекшелігі, тіршілік ортасы, табиғи түрлері, қоныс аудару мекені секілді мәселелер биология, зоологиялық, когнитологиялық, орнитологиялық аспектілерде ғылыми тұрғыдан қарастырылады.

Орнитологизмдерді лингвистикалық аспектіде зерттеу барысында поэтикалық және ғылыми танымдық еңбектердің материалдары негізге алынады. Ал аталған мәселелерге лингвистикалық талдау жүргізу барысында ғылыми танымдық мәтіндердің материалдарына басымдық беріледі. Өйткені, «ғылыми таным – танымның ең жоғарғы пішімі. Ғылыми таным рационалдық сипатының басымдылығымен сипатталатын өте күрделі құбылыс. Ол негізінен ұғымдар жүйесі, теориялар, заңдар сияқты басқа да ойлау процестерінің түрлері арқылы айқындалады. Әрине, мұнда сезімдік танымның рөлі де жоққа шығарылмайды, алайда ол ғылыми танымның теория ауқымында жанама, екінші рөл атқарады. Ғылыми таным құбылыстар мен процестердің ішкі әмбебаптық байланыстары мен заңдылықтарын эмпирикалық білім мен ақыл-ойға табан тіреп, рационалды түрде сараптау арқылы бейнелейді. Мұндай сараптау ұғымдар жүйесі, ой қорытындысы, заңдар, категориялар мен принциптер сияқты жоғары дәрежедегі абстракциялар жүйесі арқылы іске асады. Ғылыми танымның ең маңызды міндеті – мейлінше ақиқатқа жету, оның мазмұнын жан-жақты ашу. Осы міндетті іске асыру үшін ғылыми танымның көптеген тәсілдері кеңінен пайдаланылады, оларға: абстракциялау, идеализациялау, синтез, дедукция, асбстрактіліктен нақтылыққа өрлеу, тарихилық және логикалық әдістер жатады. Ғылыми танымның маңызды ерекшелігі – оның өзіне бағытталғандығы немесе ішкі ғылыми рефлексия ретінде калыптасуы; яғни, ол тек таным процесінің өзін, оның пішімдері мен әдіс-тәсілдерін, ұғымдар жүйесін зерттейді» [3].

Поэтикалық-танымдық мәтіндерде орнитологизмдердің қолданыс жиілігі жоғары. Себебі, құстардың адам мен табиғат үшін маңыздылы тілдегі қолданысынан байқауға болады. «Құс-Адам-Табиғат (Қоғам)» арасындағы қатынас тіршіліктегі тепе-теңдікті сақтау арқылы, бір-бірінен ажырамас бірліктердің сабақтастығымен табиғи қатынастың маңыздылығын арттырады. Көркем-танымдық мәтіндердегі орнитологизмдердің қолданыс өрісін бір мақалада тұтас қамту мүмкін емес. Орнитологизимдердің көркем-танымдық мәтіндердегі қолданысын жекелеген концептілік талдауларымызда көрсететін

болғандықтан, мақалада қазақ тіліндегі көркем-танымдық мәтіндердегі орнитологизмдердің тілдік қолданыс өрісі мен тілтанымдық семантикасының берілуіне лингвистикалық этюдттер арқылы шолу жасап, тілтанымдық ақпараттық материалдарды беруді жөн санадық.

Қазақ тіліндегі көркем мәтіндердегі орнитологизмдердің қолданысы жыраулар поэзиясының басында тұрған Асан қайғының жыр жолдарынан бастау алғандығын көруге болады. Асан қайғы жырында

Құладын құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі.
Аққу – құстың төресі,
Ен жайлап көлді жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұспан
Елге жау боп келеді:
Құладын қуды өлтірсе,
Өз басыңа келеді!

– деген мәтіннен Аққудың бойындағы тектілік, бекзадалық, тазалық ұғымдары «Құладынның» табиғатында жоқтығы адам болмысымен салыстырылып, танымдық семантиканың жасырын тұрғандығын көрсетеді. Аққу құсы қазақ дүниетанымында сұлулықтың, тазалықтың, берік махаббаттың, адалдықтың ассоциациясын тудырады. Аққу құсына қатысты қазақ руханиятындағы С.Сейфулинің «Аққудың айырылуы», М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», П.Чайковскиийдің «Аққу көлі», Н.Тілендиевтің «Аққу» атты классикалық туындылары «Аққу» құсының символдық мәнін арттырғандығын көрсетеді. «Батыс пен Шығыс анималист суретшілерінің арасында сыбырлақ аққудың суретін салмағандары, әй, жоқ шығар. Әсіресе әсем иілген мойнына келгенде қыл қалам шеберлері ерекше шабыттанып кеткенге ұқсайды. Мойны демекші, ерте, ерте, ертеде латын әліпбиін жасаған ғұламалар S әрпіне келгенде, үй алдындағы хауызда бір-біріне еркелеп отырған қос аққуды көрсетеді де «табылды, әріп табылды» деп айқай салады. Бұл баяғы Архимедтің айқайындай, шын мәніндегі, мағыналы айқай еді. Содан соң бірсыпыра уақыт бұл әріпті «аққу мойын» деп атап кеткен көрінеді. Келе-келе бәрі ұмытылған. Солай. Келе-келе бәрімізде ұмытыламыз.

Бұл қардан да аппақ құс. Халық өлеңінде:

Қарашада қар жауар қат-қат болып,
Табан асты қара жол батпақ болып.
Отыр ма екен, қалқатай жатыр ма екен,
Айдындағы аққудай аппақ болып.

Тұмсығы мен аяғы қызыл, көзінің айналасы қалың ғып сүрме тартқандай қарайып тұрады. Шығыс ақындары ғашықтық ғазалдарына аққудың осы суретін көп пайдаланған. Олардың айтуына сенсек, о баста әйелдер қасты сүрмелеп, ерінді қызылмен бояп, бетті оппалауды аққудан үйренген. Кім біледі, рас та шығар. Адам баласы қай заманда да табиғатқа табынып келгенін ешкімде жоққа шығара алмайды» [4, 5].

Қазақ мәдениетінде сал-серілердің орны ерекше. Серіліктің басында тұрған Ақан Сері десе, әркім Ақанға қатысты әртүрлі ассоциацияны қалыптастыратындығы анық. Біреулер үшін Ақан атбегі, біреулер үшін бүркітші, енді біреу үшін ақын, келесі біреу үшін әнші болып кете береді. Ал біздің зерттеуіміздің нысанында Ақанның **«Қараторғай»** атты туындысы орнитологиялық атауға негізделген, көркем сөзбен көмкеріліп, әсем әуенмен бедерленген туынды. Ақан Серінің «Қараторғай» дегені қыран құсының атауы. Қыран құсты «Қараторғай» деп атауының астарында индивидттің жеке танымы ұлттық таныммен астасып, сөзге жеңіл көзге елеусіздеу етіп көрсетуден туғандығын байқауға болады. Ал мәтіннің туындауына қазақ даласында кезінде Зілқара деген от тілді орақ ауызды шешен болған. Сол адамның Әлібек деген батыр баласында бір жылда 60 түлкі алатын Қараторғай дейтін құсы қартайып, қанаты түсіп, жерге қона алмай қиналып, құйрығымен еш нәрсе істей алмай қауқарсыз қалған халіне қарап аяныштан туған өлең деседі.

Келеді қараторғай қанат қағып,
Астына қанатының маржан тағып.
Бірге өскен кішкентайдан сәулем едің,
Айрылдым қапылыста сенен нағып.

Қайырмасы:
Қараторғай,
Ұштың зорға-ай.
Бейшара, шырылдайсың,
Жерге қонбай.
Ертістің аржағында бір терең сай,
Сүйреткен жібек арқан тел қоңыр тай.
Ағаштың бұтағына қонып алып,
Сайрайды, таң алдында қараторғай.

– деген, мәтіннен бір кездегі қыран құстың басынан бағы тайған, бойынан қуаты сарқылған, тегеурінді күші қайтып, қонып тұруы мұңға айналған, шарасыздыққа душар болған қыранның жағдайы сезімтал жанға дүниенің баянсыздығы мен өтпелі екендігі салыстырылып, көңілге қаяу, сезімге мұң ұялатқан тілден жыр боп төгіледі.

Жыраулық дәстүрдің соңғы өкілі, ақындықтың басты өкілі Махамбеттің **«Қызғыш құсы»** тілдік символдық бейнеге айналған персонаж. Күштіден *(Лашын құстың тепкісі)* зорлық көрген Қызғыштың бейнесі, ақынның өз бейнесі ретінде қатар тұрып *(Мені елден айырған Хан Жәңгірдің екпіні)* салыстырыла суреттеледі. Құс пен адам тағдырының ұқсастығы ақын шығармашылығына тектен-текке арқау болмасы анық. Ақынның қызғыш құсты лирикалық кейіпкерге (шарасыз адам, автордың өзі), лашынды тегеуріні күшті адамға (Хан Жәңгірге) теңеуі тілдік қарапайым салыстыру емес, логикалық қисыннан туған дүние бейнесін танудың тілтанымдық жолы деп бағалауға болады.

Орнитологизмдердің болмысын тануда Хакім Абайдың **«Қыран бүркіт не алмайды салса баптап»** атты өлеңін айтпай кету мүмкін емес. Мәселен:

Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап,
Жұрт жүр ғой күйкентай мен қарға сақтап.
Қыран шықса қияға, жібереді
Олар да екі құсын екі жақтап.
Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап.
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап.
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,
Қуанар иелері сонда ыржықтап.
Не таптық мұнымменен деген жан жоқ,
Түні бойы күпілдер құсын мақтап.
Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,
Қайран ел осынымен жүр далақтап

– деген, жыр шумағынан ақынның қыран бүркіті кесек ойлы адам мен ұсақ ойлы адамдардың, ер мінез бен кер мінездің түрін, ерлік пен ездіктің, кісілік пен кішіліктің, т.б. адам бойына тән жақсылы-жаманды мінезін қыран бүркітті жырға қосуы арқылы «бақаның бағынан, сұңқардың сорының артық» болатындығын суреттейді. Орнитологиялық еңбектерде бүркіт сұңқар тәрізділер қаршыға тұқымдасының қырандар туысына жататын, және бірбеткей саналатын, мекенді жыртқыш құс. Латын тілінен аударғанда «Алтын қыран» деген ұғымды білдіреді екен. Себебі, бұл атау латыншадан алғанда өз жемтігін бүріп қысып, ұшып жүріп тырнағымен бүріп ұстап қанталап алатын жыртқыш. Түркі тектес халықтардың көпшілігі осы жыртқыш құсты бүркіт деп атайды. Бүркіттер жұптасып таулы аймақтарда тіршілік етеді. Бүркіттің аяғы төрт саусақты: артқысы тегеурін, ішкісі жембасар, ортаңғысы сығым, шеткісі шеңгел деп аталады. Қыран бүркіт батылдықтың, мықтылықтың, ерліктің, бостандықтың белгісіне баланады. Сондықтан мемлекетіміздің басты нышаны Мемлекеттік Туда бүркіттің бейнесі бейнеленген. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде бүркіт жеті қазынаның бірі ретінде саналады.

Бұрыңғы ата дәстүрде бүркіт қасиетті құс ретінде саналып, сұсынан жын шайтан қашады деп бүркітпен аластауды салт етіп ұстаған. Көршінің не болмаса көрші ауылдың үйлеріне бақытсыздық орын алған жағдайда, не болмаса жұмыстары жүрмесе, беймаза күндері болса, яки отбасы мүшелерінің біреуі қатты сырқаттанса, үйді бүркітпен аластатып ұшықтайтын болған. Ел ішінде Бүркітпен сауықтыру үрдісі кең тараған. Әсіресе ақыл есі кеміс адамдарды, әуелі де оларға итті көрсетіп, сосын сырқатын бүркіттің

қанатымен желпіп ұшықтаған. Одан соң аластап, басын бүркітпен сәл ғана ұрған. Сырқатын емдегенде көбінесе қартайған қыран құстар таңдалынады. Себебі жасы келген бүркіттің қуаты мен емі күшті деп саналған. Саңқылдап шақыратын бүркіттердің дауысынан жын шайтандар қашық болады деген түсінік қалыптасқан. Ел арасында босана алмай жатқан келіншектер болғанда құсбегілер бар болса, қиналып жатқан әйелдерге бүркітшіні шақырып, бүркітімен желпитін, сол арқылы босана алмай жатқан әйелдің үйіне бүркітті алып келіп, дәреттеніп, Бүркіт иесінің аруағына құстың пірі Шегірбаянға сиынып, дұға оқып, біссмілләсін айтып, оң аяғымен кіріп, шаңыраққа қарай, Ассалаумағалейкүм деп сәлем берген. Бүкіттің томағасын сыпырып, босана алмай жатқан келіншекке қолындағы құсымен тақап отырып, қанатымен екіқабат әйелді желпіген. Бүркітті көріп, есін жиған әйелдің толғағы жеңіл, туыты жылдам болады деген дәстүр бар.

Сырттан үйге кірген адам әуелі шаңыраққа, сосын босағаның оң жағында тұғырдағы бүркітке де сәлем беру үрдісі болған. Бүркіттің сағын сындырмас үшін, алдын кесіп өтпеген. Ұзақ жасап, ұшып қона алмайтын халге жетіп өлген бүркітті құсбегілер құрметтеп жерлеген. Денесін ақ шүбереке орап, мекен еткен жерінің биік төбесіне ұясының қасына жерлеген. Ескерткіш үшін басын кесіп, іліп те қойған.

Қазақ көркем әдебиетінде орнитологизмдер тірек болған шығармалардың барлығына бір мақала көлемінде лингвистикалық талдау жасау мүмкін емес. Алайда олардың әрбіреуіне қысқаша шолу мақсатында осылайша сипаттама жасауға болады. Қазақ руханиятының көсемі, ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Қырық мысалындағы» «Аққу, шортан, һәм шаян» атты И.А.Крыловтан жасаған төмендегідей аудармасында:

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,
Тартады аққу көкке, шаян кейін
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін

– деген өлең жолдарында жан-жануарлар мен құс атауларының арасындағы тартысты тірлігін ақын адам өмірмен сабақтастықта астарлы мағынада жеткізіп, ұйқыдағы қалың жұртын ояту, санасына сәуле түсіру, жүрегіне қозғау салу мақсатында, көшпелі халқының тұрмысына жақын жан-жануарлар мен құстар өмірінен алынған шығармалары арқылы қамсыз-қаперсіз жатқан халқының әлеуметтік ойына ши жүгірткен. Оқырманын ойға жетелейтін «Аққу, шортан, һәм шаян», «Қасқыр мен тырна», «Есек пен қамыс (шілік)», «Бақа мен өгіз», «Шымшық пен көгершін» атты көптеген мысал өлеңдері әлеуметтік-қоғамдық мәселелерді көтеріп, этнос психологиясына жақын ұғым-түсініктерді ғибратты тұжырым ретінде пайдаланған.

Қазақ мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігіндегі құстар әлемі туралы дүниелік білімдерінің жүйелілігі, яғни құстардың қазақ мәдениетіне етене жақындығы көркем мәтіндерден орын алуынан анық байқалады. Орнитологизмдер этностың рухани әлемінен өзіндік орын алуымен тілдік қолданыстағы мағыналық мазмұнынан жақсы байқалады. Құс қанаты талатын даланы мекен еткен қазақ баласының дүниетанымында мақұлқат әлемінің (жүгірген аң мен ұшқан құстың атауы) өзіндік орны бар. Даланың әрбір құсы этностың ұлттық санасындағы орны мәдени тұрмыстық өмірімен астасып когнитивтік санасындағы тілдік бірліктердегі түйілген (код) білімді ашу арқылы этнос мәдениетінің тілдік қолданысындағы орнитологиялық әлемнің тілдік бейнесін тануға болады. Адам санасындағы құстар әлемінің тілдік бейнесі бірден қалыптаспайды. Ең алдымен «санадағы ой сөз болып жарыққа шығар алдында жинақталған бірқатар таным түйсіктегі ақпараттарды таратып, жинақтап, біртұтас тұрақты белгілеуші ұғым қалыптастырады. Сөз ойлау әрекетіне жалпытұтастық форма ұсынады. Бұл – адамның психикалық үдерісіндегі эмпирикалық жағдайдың еркін қызмет ететінін көрсетеді. Демек, сөз дегеніміз - логикалық ойлаудың дара көрінісі (стихиясы). Яғни логикалық ойлау сөз болмаса әрекет ете алмайды. Қорыта келгенде, тиянақты сөйлеу саналы ойлай білуден басталады. Саналы ойлау үшін философиялық түйсіну және логикалық талдау жасау қабілеттері толыққанды даму қажет» екендігін көрсетеді [3, 18]. Демек, тілдегі орнитологизмдердің көркем мәтіндердегі қолданысына лингвистикалық аспектіде зерттеу арқылы ұлт мәдениетіндегі құстар әлемінің этникалық, этнографиялық, лингвомәдени семантикалық, концептілік болмысын тануға болады.

Қазақ мәдениеті мен дүниетанымында құстардың орны ерекше болған. Себебі, қазақ даласында кездесетін құстардың барлығы тілдік атауға ие болып, фразеологиялық тіркестер мен паремеологизмдерге ұйытқы болған, материалдық мәдениетімен тұрмыстық өмірімен біте қайнасып кеткен мәдени-танымдық мәнділікке ие бірліктер. Көркем мәтіндегі құс атаулары арқылы этностың дүниетанымын, ұлттық болмысын, мәдени тұрмыстық өмірін, этностың салт-дәстүрін орнитологизмдердің қолданысынан тануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – 3 т. Тіл құралы (Қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Алаш, 2005. – 352 б.

2 Әнес Ғ.Қ. Мәтін кеңістігі: семантикалық, этимологиялық аспект. Док. дисс. авторефараты 10.02.02 – Қазақ тілі. – Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2010. – 50 б.

3 «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ж.

4 Раушанов Е. Құстар – біздің досымыз. – Алматы: Жазушы, 2007. – 256 б.

5 Амирбекова А.Б. Тіл және ойлау: ұғым мен ұғыну мәселелері // Абай ат. ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, 2017. – №3(61). -14-18 бб.

МРНТИ 16.01.07

М.А. Жүнісова[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТЕЗАУРУС ҰҒЫМЫ

Аңдатпа

Қазақ тіл біліміндегі тілдік тезаурус ұғымын қарастыра отырып, оның ғылыми терминдік аппаратты қалыптастыруға негіз болатынын дәлелдеген ғылыми еңбектер талқыланған. Тезаурус терминінің төмендегідей лингвистикалық мағыналары аталады: ғаламның бір беймәлім, идеалды бейнесі, адамзат білімдерінің сақталу жүйесі, лексикалық құрамды ұйымдастыру тәсілі, сөздіктің ерекше бір түрі, идеографиялық сөздіктер мен жалпытехникалық және ақпараттық-іздестіру бағытындағы арнаулы тезаурустарды құрастыру (сөздік түзу), әлеуеттік мүмкіндіктер, тілдік тұлғаның тіл арқылы және тілде көрінуін зерттеу тәсілі, жеке тұлғаға тән тезаурусты зерттеу, оның интеллектуалдық қабілеттерін, оның мәтіндері арқылы тілмен байланысын анықтау. Сөздіктердегі тезаурус ұғымының анықтамалары: мәтіндегі лексикалық бірліктер стандартталған сөздермен және айтылымдармен (дескрипторлармен) алмастырылады, бір сөзді оның өзге сөздермен мағыналық байланысын іздестіреді деп берілген.

Кілт сөздер: тезаурус ұғымы, идеалды бейне, сөздік тезаурус, ғалам туралы білімдерді ұйымдастыру тәсілі, білімдер қазынасы, әлеуеттік мүмкіндіктер.

М.А. Жунисова[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ПОНЯТИЕ ТЕЗАУРУС В ЛИНГВИСТИКЕ

Аннотация

Рассмотрев понятие языкового тезауруса в казахской лингвистике, были обсуждены научные труды, доказывающие, что он является основой для формирования научного терминологического аппарата. Лингвистические значения тезауруса как термин следующие: одно из неизвестных, идеальных образов вселенной, система сохранения человеческих знаний, способ организации лексической композиции, определенный тип словаря, создание специальных апертур в направлении идеографических словарей и общий технический и информационный поиск (словарный запас), потенциальные возможности авторов или индивида, человека, метод исследования языка и языка человека, изучение индивидуальной работы, интеллектуальные способности, решительность. Определения концепции тезауруса в словарях: лексические единицы в тексте заменяются стандартными словами и дескрипторами, причем одно слово для значимых связей с другими словами.

Ключевые слова: концепция тезауруса, идеальное видение, словарь тезауруса, способ организации знаний о вселенной, сокровища знаний, потенциальные возможности.

M.A.Zhunisova[1]
[1]*Kazakh national pedagogical University named after Abai,*
city Almaty, Kazakhstan

THE CONCEPT OF THESAURUS IN LINGUISTICS

Annotation

Having considered the concept of a language thesaurus in Kazakh linguistics, scientific works were discussed, proving that it is the basis for the formation of a scientific terminological apparatus. The linguistic meanings of the thesaurus as a term are as follows: one of the unknown, ideal images of the universe, a system for preserving human knowledge, a way of organizing a lexical composition, a certain type of dictionary, the creation of special apertures in the direction of ideographic dictionaries and general technical and informational search (vocabulary), the potential capabilities of the authors or an individual, a person, a method of studying the language and language of a person, the study of individual work, intellectual abilities, determination. Definitions of the thesaurus concept in dictionaries: the lexical units in the text are replaced with standard words and descriptors, with one word for meaningful connections with other words.

Key words: thesaurus concept, ideal vision, thesaurus dictionary, way of organizing knowledge about the universe, treasures of knowledge, potential opportunities.

Елбасының «Ұлы Даланың жеті қыры» атты мақаласында: Қазақтардың және еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Әл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы Дала төсінде жаңа кезең басталды» - деп көрсетеді [1].

Заманымыздың заңғар түркітанушы ғалымы Мұрат Аджидің «Кипчаки» деп аталатын орыс тілінде жарық көрген кітабында: «Қасиетті алтын мекен Алтай тауынан тараған түркінің ұрпағы – қыпшақтар» туралы деректер бар, сол қыпшақтың төл баласы саналатын *қазақ халқының тіл білімі саласы* – әлемдік тіл білімінен өзіндік орнын ойып алған кең өрісті сала.

Қазақ тіл білімінің қазіргі дамуы әлемнің кез келген елінің лингвистика саласынан оқ бойы алда деп саналады. Себебі оның ғылыми дамуы көптеген лингвистикалық ұғымдардың терең де, жан-жақты талдануына жол ашып келеді. Тілдік фактілер арқылы әдемі өрілген түрлі мәліметтердің көзі болып табылады. Осы мақаламның негізі – *тезаурус ұғымы*.

Қазақ тіл білімінде *тезаурус* деген терминді қолдану 90-жылдардың басында, егемендігімізді алған соң қолға алынды. «Тезаурус» терминін өздерінің еңбектерінде қолданушы ғалымдар бар: бірі – қазақ терминографиясын қарастырған ғылым докторы Ербол Әбдірәсілов болса [2], екіншісі – ғалым Шәрипа Ниятова [3].

Тезаурус терминінің қандай мағына беретіні, оны тілдік тұлға теориясында қалай пайдалануға болатыны туралы барлық мәліметті, аталған екінші автордың кандидаттық жұмыстарында былай тұжырымдалған.

Ш.Ниятованың «Махамбеттің тілдік тұлғасы» деп аталған еңбегінде: «табиғаты күрделі «тезаурус» ұғымы ғылымда бір жағынан, *ғаламның бір беймәлім, идеалды бейнесі* ретінде, екінші жағынан *адамзат білімдерінің сақталу жүйесі*, үшінші жағынан, *лексикалық құрамды ұйымдастыру тәсілі*, яғни *сөздіктің ерекше бір түрі* ретінде түсініледі» дей келе, *қазіргі қазақ тіл біліміндегі тезаурусқа берілген анықтамалар қаншалықты әр алуан болса, оның теориясы да соншалықты аяқталмаған, қалыптаспаған күйде* деуге болады. Әзірге ол, негізінен, *идеографиялық сөздіктер мен жалпытехникалық және ақпараттық-іздестіру бағытындағы арнаулы тезаурустарды құрастыру (сөздік түзу) дегенге* саяды.

«Дегенмен, тезаурус сияқты күрделі ұғымның *әлеуеттік мүмкіндіктері* аса кең болғандықтан, оны лингвистика ғылымында әртүрлі аспектіде қолдануға болады деп ойлаймыз. Соның бірі – тезаурусты тілдік тұлғаның тіл арқылы және тілде көрінуін зерттеу тәсілі ретінде қолдану деп көрсетеді [3].

Жеке тұлғаға тән тезаурусты зерттеу оның интеллектуалдық қабілеттерін, қасиеттерін ашып, ол туындатқан мәтіндер арқылы автордың тілмен байланысын анықтауға мүмкіндік беретінін анықтайды да төмендегідей түсініктер береді:

«Совет энциклопедиялық сөздігінде»: «Тезаурус:

1) Лексикалық бірліктердің арасындағы семантикалық (тек пен түр, синонимдік, т.б.) қатынастар көрсетілген идеографиялық сөздік. Онда сондай-ақ, лексикалық бірліктердің сөздіктің қай бөліміне қатысты екендігі көрсетілген алфавиттік тізім қоса беріледі. Ақпараттық іздестіру тезаурустары.

2) Мәтіндегі лексикалық бірліктер стандартталған сөздермен және айтылымдармен (дескрипторлармен) алмастырылады.

3) Тілдегі барлық сөздерді барынша толық қамтып, олардың мәтінде қолданылуына мысалдар келтірілген сөздік (Тек өлі тілдердің метариалдары ғана толық қамтыла алады)».

«Орыс тілі сөздігінде»: «Тезаурус – берілген сөздік лексикасын толықтай сипаттауға арналған сөздік».

«Кірме сөздер сөздігінде»: «Тезаурус – 1) тіл туралы толық ақпарат беретін лингвистикалық сөздік;

2) информатикада - білімнің қандай да бір саладағы деректердің толық жүйеленген жинағы, адамға немесе есептеуіш машинаға сол сала бойынша көмек беруге (бағдар ұстауға) арналады».

«Социолингвистикалық терминдер сөздігінде»:

«1) Ақпаратты сақтау және іздестірудің автоматтандырылған жүйелерінде қолданылатын сөздік түрі. Тезауруста құжаттардың мазмұнын сипаттайтын және олардың арасындағы семантикалық байланысты көрсететін кілт сөздердің (индекстердің) тізімі болады;

2) Белгілі бір тілдің лексикасын заттық-тақырыптық топтар бойынша (алфавит бойынша емес) барынша толық қамтитын сөздік». «Логикалық анықтамалық сөздікте»: «Тезаурус — бір сөзді оның өзге сөздермен мағыналық байланысы бойынша іздестіруге арналған сөздік.

Тезаурустың негізгі екі түрі бар:

1) Мәтіндерге мазмұндық талдау жүргізу нәтижесінде бейнеленген және қабылданған классификациялық жүйеге сәйкес реттелген табиғи тілдегі сөздердің тізімінен тұратын лингвистикалық тезаурус сөздік;

2) Статистикалық тезаурус - белгілі бір тақырыптама бойынша алынған мәтіндерге статистикалық талдау жүргізу нәтижесінде іріктелген және бір мәтіндер мен құжаттарда қолданылу жиілігі негізінде сөздік мақалаларына топтастырылған сөздер тізімін қамтитын ақпараттық-іздестіру сөздігі».

«Тезаурус» терминіне берілген анықтамалар оның жалқы мағыналы ұғым еместігін және түрлі дереккөздерде түрліше түсіндіріретінін көрсетеді. Шет елдерде жарық көрген лексикографиялық басылымдар ол сөзге тән ең бірінші мағына, оның «қойма, білімдер мен ақпараттар қазынасы» екендігін, одан кейінгі мағынасы, «лексикалық бірліктер мағыналық белгісі бойынша топтастырылған сөздіктің ерекше түрі» дегенді білдіретінін меңзейді.

Ал отандық лексикографияда тезаурус ұғымы «идеографиялық, идеологиялық, ақпараттық-іздестіру типіндегі сөздік» ретінде түсініледі. Осы қысқаша шолудың өзі тезаурус ұғымның аса күрделілігін және соған байланысты оның мәнін де, қолданылу аясын да анықтаудың қиын, әлі шешімін таппаған мәселе екендігін байқатады.

Орыс зерттеушілерінен аталмыш терминді «қазына» мағынасында ең алғаш Л.В.Щерба қолданған болатын. Ғалым тезаурусты «тілдегі барлық сөздердің сақталатын қоймасы» ретінде қарастырған-ды, уақыт өте келе термин мазмұны ғылыми қолданыс барысында байып, дами түсті.

«Орыс тілінің сөздігінен» тезаурусқа әлем (мир) сөзінің бір мағынасы анағұрлым сәйкес келетінін көруге болады: «Мысалы, жасөспірімдер әлемі, робот әлемі, т.б.».

Тезаурусты «әлем» мағынасында түсіну оны бір жағынан материалдық сөздік, екінші жағынан, идеалды «ғалам бейнесі» ретінде түсіндіруді қажет етеді.

Қазақ әдебиетгануы ғылымында тезаурус, ең алдымен, жазушының көркемдік әлемін мейлінше толық сипаттауға мүмкіндік беретін жиілік сөздік ретінде қарастырылады. Бұл екеуі, яғни сөздік - тезаурус пен идеалды әлем тезаурусы өзара тығыз байланысты, осы орайда Ю.Н.Карауловтың «*сөздік - тезаурус әлем тезаурусының бір сәттік көрінісі, суреті*» деген тұжырымының дұрыстығын айта кеткен жөн. Сөйтіп, осы үшінші мағынасында тезаурус «ғаламды» аз сөзбен модельдеуге мүмкіндік беретін лексикалық құрамды ұйымдастыру тәсілі, яғни *сөздік ретінде де және ғалам туралы білімдерді ұйымдастыру тәсілі*, яғни ғалам туралы ұжымдық білімді белгілі бір социум үшін (қазақ халқы үшін) вербалды формада сақтауға мүмкіндік беретін әмбебап жүйе ретінде де қарастырылады.

Біздің мақаламызда қарастырып айтатын негізгі ойымыз, осы әр жылдары жазылып қорғалған диссертациялық жұмыстардың теориялық тұжырымдарын магистрлік жұмыстарда қалай және қай жағынан пайдалана аламыз:

Ең алдымен магистранттың салаға деген қызығушылығы мен қарастырайын деп отырған мәселенің ауқымын анықтауы қажет. Соның нәтижесінде оның бойынан қажетті тілдік материалдарды жинақтауға мүмкіндік алуы

«Тезаурус» терминінің алуан түрлі мағынада түсіндірілуі оны лингвистика ғылымының көптеген салаларында қолдануға жол ашты, «өзін құрастырушы бірліктердің арасындағы семантикалық қатынастар анық көрінетін сөздіктердің бәрі де» тезаурус деп атала бастады, сондай-ақ идеографиялық

сөздіктердің барлық типтері мен жалпы техникалық және ақпараттық-іздестіру бағытындағы арнаулы тезаурустарға да осы анықтама беріле бастады.

Тезаурус - сөздіктердің түзілу тәсілдері мен құрылымдарын толық сипаттаған теориялық еңбектер (В.Г.Воробьев [4], Ю.Н.Караулов [5], О.Л.Каменская [6], т.б.) мен білімнің әр алуан салалары бойынша көптеген сөздіктер жарық көрді.

Мұндай типтегі сөздіктердің бірнеше артықшылығын көрсетуге болады: біріншіден, олар берілген білім саласына қатысты лексикаға енуге, оны сансыз көп рет пайдалануға мүмкіндік береді; екіншіден, әрбір сөздік мақаланың және тұтас тезаурустың ашықтығы және оны жалпы сызба-кескіндемесін өзгертпей-ақ үнемі жаңа сөздермен толықтырып отыру мүмкіндігінің арқасында тезаурус тілде немесе белгілі бір саладағы білім жүйесінде болып жататын құбылыстарға оңай бейімделеді. Сөйтіп *тезаурус сол сала дамуының кез-келген кезеңінде орын алатын өзгерістерді, тұтас алғанда бүкіл саланың күй-қалпын бейнелей алатындығымен ерекшеленеді.*

Лексиканы ұйымдастыру тәсілі ретінде тезаурус жүйедегі семантикалық толығуды, лексиканың деңгейлік ұйымдастырылуын, сөздердің арасындағы катынастар түрлерін анықтауға, яғни кілт сөздер мен олардың семантикалық өріс құрудағы рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Осы жағынан алғанда Ю.С.Степановтың лексика мен семантиканы жүйелі түрде зерттеу мағынасында «тезаурустық әдіс» ұғымын қолдануын құптауға болады [7].

Тезаурус *білімді жүйелі түрде түсіну тәсілі* болып табылады. «Білімнің тілдік сипаты оның тіл арқылы жүзеге асырылатындығынан ғана емес, тілдің білімге тигізетін өзіндік әсерінен де, ерекше із қалдыратындығынан да көрінеді».

Тезаурус білімдердің көп қырлы (көпөлшемді) кеңістігі мен адам мүдделерінің ауқымды шеңберін қамтиды. Осылайша, тезаурус құрылымы білім құрылымдарымен байланысады.

Білімдерді сақтау және ұйымдастыру тәсілдері мен деңгейлерін анықтауда қолданылатын әдістер өте көп. Соңғы жылдары тіл ғалам туралы білімдермен аса тығыз байланысатыны, сондықтан да тілдік құбылыстарды зерттеуде бұл фактіні ескермеуге болмайтындығы туралы жиі айтылып жүр. Бұл мәселе әсіресе адамның тіл арқылы ойлау әрекетін зерттейтін лингвистердің назарын аударуда.

Білім түрлерін классификациялау әр алуан түрде жүзеге асырылуда. Солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны ретінде тілдік (лингвистикалық) және ғалам туралы (яғни энциклопедиялық) білімдер деп топтастыруды атауға болады (А.А.Залевская [8], В.А.Звегинцев [9]).

Осыған орай, тілші ғалымдардың ғалам туралы білімдерді сақтау схемалары (сызбалары), тілдік және энциклопедиялық білімдердің өзара әрекеттестігі, олардың белгілі бір социумда қалыптасқан нормалар мен бағалар жүйесіне сәйкес қабылдануы тағы басқа сол сияқты көптеген мәселелерге назар аударып жүргенін айта кету керек.

Білімді *тілдік және энциклопедиялық* деп топтастыруға сәйкес И.И.Халеева «бірінші тезаурус» және «екінші тезаурус» деп ажыратуды ұсынады. Мұндағы *бірінші тезаурус* бастауын ғаламның тілдік бейнесінен алатын *тілдік білімді қалыптастыру тәсілін* білдірсе, *екінші тезаурус ғалам туралы нақты білімдерге* сәйкес келеді (бұл соңғы білім түрі сөздік қорға үнемі сәйкес келе бермейді). Екінші тезаурустың қайнар көзі ретінде мәтіндерде бейнеленетін сезімдік тәжірибе де, қызмет-әрекет те танылады. «Бірінші тезаурус» және «екінші тезаурус» ұғымдары ғаламның тілдік және ауқымды бейнесі туралы білімдерді ұйымдастыру тәсілдері ретінде алынғанда объективтелген де, субъективтелген де (яғни тілдік тұлғаның қатысуымен жасалған) сипатта болады. «Бірінші тезаурус» пен «екінші тезаурус» өзара байланысты болады және бірінші тезаурус екінші тезаурустың ықпалымен ғана қалыптасады, бірақ екінші тезаурус та міндетті түрде, сөздікте объективтелетін бірінші тезаурусқа сүйенеді, соған негізделеді. Аталмыш тезаурустардың арасындағы байланыс *тұлғаның әлеуметтік детерминацияланған тәжірибесімен, олардың уәждері және құндылықты бағдарларымен* анықталады, олар өз кезегінде сол *әлеуметтік-мәдени саланың базалық (бастапқы) инварианты* болады.

Тезаурусты «ғалам» ретінде қарастырғанда, «адамдар арасындағы қарым-қатынас олардың тезаурусымен анықталатынын» атап өту керек. Әлбетте, ол адамдар әр алуан әлеуметтік-демографиялық топтарға жатады және жинақтай алғанда аса ауқымды ақпараттық жүйе ретінде танылатын адамзат тезаурусын құрайды. Бұл динамикалық жүйенің тезаурусы тіршілік әрекеті барысында көлемі жағынан қысқаруы да мүмкін, сондай-ақ ақпараттық кеңістікте орын ауыстыруы да ықтимал.

Бұл қағида тезаурус – сөздіктің, негізінен, адам лексиконымен байланыста болатыны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Егер біз белгілі бір тілдік тұлғаның шығармашылығын қарап, оның шығармашылық әлеуетін танытуға ұмтылсақ, *тезаурусты лексиконның біршама интеграцияланған (шоғарланып-жинақталған) моделі, аналогы* ретінде танимыз.

Сонымен лексикон мен тезаурус ұғымдары жақын және өзара байланысты, сабақтас, бірақ екеуінің бірдей емес екені сөзсіз. Адамның тілдік механизмі ретінде түсінілетін лексиконды зерттеу лингвистика шеңберінен шығып, сөздер семантикасының жекелеген аспектілерін зерттеуде кешенді әдістемені қолдануды қажет етеді.

Адамның тіл арқылы ойлау әрекеті мәтіндерді жасау (туындату) және қабылдау арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Мәтіндердің қасиеттері, ерекшеліктері, тіл жүйесінде алатын орны сияқты мәселелерге тоқталмай-ақ, оларды зерттеуде тезаурустық тәсілді қолданудың тұлғаны тіл арқылы және тілде зерттеу ісінде берері мол екенін айтқымыз келеді.

Тезаурусты ғаламның бір сәттік үзігін бейнелейтін сурет ретінде қарастырсақ, автордың өз дүниетанымын көрсету үшін алуан түрлі бояулар орнына жұмсаған сөздерінің жиынтығын қолданылу жиілігі бойынша реттеуге болады. Қылқалам шебері табиғатта бар негізгі алты түрлі түсті пайдалана отырып, ондаған, тіпті жүздеген түс реңктерін жасайтынын ескерсек, сөз шебері де өзіне тән ғаламның тілдік бейнесін жасау үшін осындай әдісті қолдана алады, яғни ол белгілі бір образды немесе бір сөзді алып, оған алуан түрлі мағыналық реңк үстейді де, оның мағыналық шеңберін байытады, оны түрлендіре отырып, неше түрлі *метафоралық жаңа сөзқолданыстар түзеді, әртүрлі боямалар жасайды, сөйтіп өзінің индивидуалды шығармашылық контексін бірнеше есе байытып, жаңғыртады.*

Тілдік тұлғаны оның тезаурусы, ғалам бейнесі арқылы қарастыру деңгейі Д.О.Добровольский мен Ю.Н.Карауловтың мақаласында сипатталады. Аталмыш еңбекте («Идиоматика в тезаурусе языковой личности») тезаурусқа мынадай анықтама беріледі: «Тілдік тұлғаның тезаурусы ретінде тіл ұстанушының тілдік қабілеті ұйымдастырылуының Үш деңгейінің біреуі, яғни тілді меңгеру деңгейлерінің бірі түсініледі [10].

Тезаурустық деңгейге жекелеген тілдік мәнділіктердің және олардың ар жағында жатқан концептуалдық құрылымдардың арасындағы көптеген координациялық және субординациялық, ұғынылатын және ұғынылмайтын байланыстар тән. Бұл байланыстар ғаламның сәйкес үзіктерінің арасындағы денотативтік қатынастарға, ұғымдық иерархиялар (сатылы байланыстар) туралы «классификациялық» түсініктерге, белгілі бір заттар мен оқиғалардың ситуацияларда орналасуына және ең ақыры ассоциативтік қатынастарға негізделеді».

Қаламгердің жекелеген өлеңдері мен бүкіл шығармашылық қызметін қамтитын поэтикалық тілінің тезаурусын құру ісіне қатысты ғылымда жинақталған тәжірибе мұндай талдау көмегімен ғаламның көркем бейнесінің жасалатынын көрсетеді.

Зерттеушілер *жазушы тілінің жиілік сөздігі мазмұн межесі мен тұрпат межесінің арасындағы терең өзара әрекеттестікті ескеруге, соның нәтижесінде ғаламның көркем бейнесін белгілі бір дәрежеде дәл, адекватты етіп суреттеуге мүмкіндік тудырады* деген пікірді қолдайды. Ақиқат болмыстағы ақын үшін аса маңызды деген мәселелер, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар суреткер санасында үнемі көрініс беріп отырады, оның ойынан тұрақты орын алады, сөйтіп автордың сөзқолданысындағы ерекшеліктерге негіз болады және соған сәйкес сөздік құрылымынан көрініс табады. Яғни қандай да бір зерттеу нысанына қатысты жүргізілген сандық талдау оның (нысанның) қасиеттерін, құрылымын, оған тән сипатгамаларды түсінуге жол ашып, сол сапалық қорытындының негізінде дұрыс теориялық тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Дегенмен, кейбір *ғалымдар талдау жасаудың математикалық әдістері үнемі және толығымен дұрыс нәтижеге* жеткізе бермейтінін естен шығармау қажеттігін ескертеді, олардың пікірінше, математикалық әдістер мұнда қосалқы функцияларды атқаруы тиіс. Осы тұжырым біздің жұмысымызға да тікелей қатысты. Тілдік тұлғаны зерттеуде тезаурус рөлінің аса маңызды екенімен келісе отырып, біз де диссертациялық жұмысымызда оған (тезаурус мәселесіне) *косалқы*, екінші орын берілгені жөн деп санаймыз. Мұның кемінде екі себебі бар: біріншіден, *бұрынғы ақындар қазіргі қаламгерлердей белгілі бір тақырыпты арнайы зерттеп-зерделеп барып (мысалы, тарихи роман жанрын алайық немесе бір тақырыпқа бірнеше поэма арнаған ақынның тілі т.б.), көркем туындыны арнайы дайындықтан кейін «отырып жазған» адам емес, ол өлеңді күреске толы қым-қуыт тіршіліктің бел ортасында жүріп, әр сәтте әртүрлі қиындықтарға кездесе отырып, жанындағы жауынгерлері мен мақсаттас-мұраттас жолдастарының рухын көтеру үшін, солардың жігерін жани түсу үшін аяқ астынан шығарған суырып салма, ақпа-төкпе ақын. Өз ойын дөп жеткізу үшін «қандай тілдік құралды қолданғаным жөн» деп сөз таңдап отыруға оның ешбір мүмкіндігі болмаған.* Мысалы, *Махамбеттің шығармашылығы бала кезден өзі сусындаған жыраулар поэзиясының, дала мектебінің асау дариясынан бастау алған, ен далада арна таңдамай еркін аққан бұлақ іспеттес, стихиялы түрде қалыптасқан дүние, соған сәйкес, оның өлеңдері де - хатқа түспей, ауызша таралып, бірден-бірге жатталып жеткен туындылар. Әлі күнге ел аузынан жиналып жатқан «Махамбет айтқан екен...»*

деген өлең-жыр үзінділері біздің қолымызда автор мұрасының оннан, тіпті жүзден бірі ғана бар екенін дәлелдейді. Сондықтан да Махамбет тілдік түлғасын анықтауда қолымыздағы 79 өлеңнің (барлығы - 1654 жол) негізінде тезаурус құруды принципті түрде дұрыс деп санай алмаймыз. Бірақ ақын шығармаларындағы атау сөздер тезаурусын құру оның поэтикалық жүйесін құрайтын концептосферасын анықтау үшін берері мол. Бізге жеткен туындыларда бір сөздің аз немесе өте сирек қолданылуы (бір-ақ рет бір өлеңде ғана кездесуі) ол сөздің автор үшін маңызсыз болғандығын көрсетпейді. Қолымыздағы шығармаларда аз қолданылғанымен, дәл сол сөз ақынның өмірлік ұстанымын айшықтайтын, оны ержүрек батыр ретінде танытатын, тыңдаушының жүрегін тебірентердей ғаламат күшке ие, аса құдіретті сөз болуы мүмкін. Бұл орайда, ақынның қолымызда бар өлеңдерінде бір-ақ рет кездесетін *ереуіл ат* немесе *қу толағай бастану* сияқты сөзқолданыстарды еске түсіру жеткілікті. Өмірінде бір рет қазақ әдебиетімен, оның ішінде Махамбет шығармашылығымен танысқан оқырман, дәл осы *Ереуіл атқа ер салмай* деген өлең жолын қай кезде, қай жерде оқымасын (немесе естімесін) салған жерден күрескер ақын бейнесін еске алары сөзсіз немесе *Мен, мен едім, мен едім* деген бір жолды естіген исі қазақтың көз алдына ауыздығымен алысқан *ереуіл ат* үстінде *егеулі найза* ұстап отырған, *Жайық үшін жандасып, Еділ үшін егесуге, Қара қазан, сары бала қамы үшін* басын өлімге тігуге нар тәуекел еткен ер ақынның, жаужүрек-батырдың бейнесі келеді. Міне, бұл – Махамбеттің тілдік тұлғасын танытатын, оның жүрегінен шыққан көркем сөздің құдіреті. Сондықтан, қазіргі заман қаламгерлерінің тілдік тұлғасын зерттеуде аса тиімді деп саналатын статистикалық негіздегі тезаурустық әдісті қолдануымыз қажет.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов былай деп жазған: «Сыртқы әлем – ол табиғат, *ішкі әлем – ол адамның мәңгі жасайтын рухы*, осы екі ұғымның құбылысы – *кесапат сенімдегілер идеясының қайнар көзі*» [11, 20].

Тезаурус дегеніміз – *біріншіден, жиілігі бойынша реттелген сөздік,* екіншіден, *осындай сөздіктің негізінде айқындалған тілдік тұлғаның өзіндік бір ғалам бейнесінің суреті.* Ол сурет тілдік тұлғаға тән ғалам бейнесі үзіктерімен тікелей байланыста болатын концептуалдық құрылымға негізделеді. Мұндағы концептуалдық құрылым белгілі бір жүйеге түсірілуі қиын құбылыстардан, байланыстар мен қатынастардан құралады. Ол әртүрлі тақырыптық бірлестіктерден, полярлы және ассоциативті суреттерден, полисемия, антонимия, синонимия сияқты тілдік құбылыстардан «ситуативтік мәндердің өзгерістерінен, әр алуан ой үзіктері мен көріністерінен т.б. құралған бір тін (кілем, матрица) сияқты. Осы құбылыстар мен түрленімдер шығармашылық контексте пайда болып, менталдық түсініктер, яғни ұлттық ғалам бейнесі мен тілдік тұлғаның индивидуалды-авторлық ғалам бейнесі деп саналатын жеке адамның жинақтаған білімдерінің негізінде қалыптасады деп қорытамыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н.Ә. Ұлы Даланың жеті қыры https://aikyn.kz. 30.08.2018

2 Әбдірәсілов Е. Қазақ терминографиясының негіздері. – Астана, 2010. – 325 б.

3 Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы филол. ғыл. канд.дисс. автореф. - Алматы, 2007-26 б.

4 Воробьев В.В. Лингвокультурологические перспективы личности. –М., 1996. – 268 с.

5 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Изд.3-е, стереотипное. – М.: Едиториал, 2003. – С. 264.

6. Каменская О.Л., Караулов Ю.Н. Лингвистическое конструирование и тезаурус литературного языка. – М.: Наука, 1981. – 366 с.

7 Степанов Ю.С. Семантика // Русский язык. Энциклопедия. – М., 1979. – 291 с.

8 Залевская А.А. Проблемы организации внутренного лексикона человека. – Калинин: КГУ, 1977. – 82 с.

9 Звегинцев В.А. История языкознания XIX и XX веков в очерках и извлечениях. Ч.II. – Москва, 1960. – 330 с.

10 Добровольский Д.О., Караулов Ю.Н. Идиоматика в тезаурусе языковой личности // ВЯ, 1993. – №2. – С. 5-15.

11 Абибуллаева Г.Н. Қазақстан дүниенің тілдік бейнесіндегі судың культтік сипаты // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы, 2018. – №1(63). – 20- 23 бб. (Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы: «Жазушы», 1985. – 54-715 бб.).

МРНТИ 16.41.25

Кенан Коч[1]
[1]*Мугла Сыткы Кочман Университеті,*
Мугла қаласы, Түркия

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК-ШЫҒЫС ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚАЛЫП ЕТІСТІКТЕР

Аңдатпа

Мақалада қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі саналатын түркі тілдеріндегі қалып етістіктердің аналитикалық форманттары жөнінде сөз болады. Сөйлемнің шақтық мағынасын ғана емес, түрлі аналитикалық формалар жасау мақсатында жұмсалатын қалып етістіктері тек қазіргі қазақ тіліне ғана тән емес, түркі тілдерінің барлығында да белгілі дәрежеде ізі бар екенін көреміз. Әсіресе, қыпшақ және қарлұқ тілдерінде бұл етістіктердің осы шақ жасау қызметі қазірге дейінгі көптеген еңбектерде қарастырылған болатын. Алайда, солтүстік-шығыс тілдеріне жататын хакас, якут, алтай, тува, тофа, сары ұйғыр, шор, чулым секілді түркі тілдеріндегі қызметіне байланысты терең қарастырылмады. Сондықтан, мақалада осы кемшіліктің орнын толықтыру мақсатында қалып етістіктердің солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі қолданысы, грамматикалық, семантикалық мағыналары қарастыралады.

Кілт сөздер: қазіргі қазақ тілі, қалып етістіктері, солтүстік-шығыс түркі тілдері, аналитикалық форманттар, шақ формасы.

Кенан Коч[1]
[1]*Университет Мугла Сыткы Кочман,*
город Мугла, Турция

СОВРЕМЕННЫЙ КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК И УСТОЙЧИВЫЕ ГЛАГОЛЫ В СЕВЕРО-ВОСТОЧНЫХ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В статье речь идет об аналитических формантах устоявшихся глаголов в тюркских языках, которые являются одной из актуальных проблем современного языкознания. Мы видим, что не только смысл предложения, но и устоявшиеся глаголы, которые используются для создания различных аналитических форм, характерны не только для современного казахского языка, но и во всех тюркских языках есть определенный след. Особенно в кипчакском и карлукском языках эта деятельность устоявшихся глаголов была рассмотрена во многих трудах до настоящего времени. Однако, в связи с деятельностью таких глаголов в некоторых тюркских языках, как хакаский, якутский, алтайский, тувинский, тофинский, сары-уйгурский, шорский, чулымский, относящихся к северо-восточным языкам, не было глубокого рассмотрения. Поэтому в статье рассматриваются грамматические, семантические значения, употребление устоявшихся глаголов в северо-восточных тюркских языках с целью восполнения этого недостатка.

Ключевые слова: современный казахский язык, устоявшиеся глаголы, северо-восточные тюркские языки, аналитические форманты.

Kenan Koch[1]
[1]*Mugla Sıtkı Kochman University, Mugla city, Turkish*

MODERN KAZAKH LANGUAGE AND STABLE VERBS IN THE NORTH-EASTERN TURKIC LANGUAGES

Annotation

The article deals with analytical forms of well-established verbs in the Turkic languages, which are one of the urgent problems of modern linguistics. We see that not only the meaning of the sentence, but also the well-established verbs that are used to create various analytical forms, are characteristic not only for the modern Kazakh language, but also in all Turkic languages have a certain trace. Especially in the Kipchak and Karluk languages, this activity of established verbs has been considered in many works up to now. However, in

connection with the activity of such verbs in some Turkic languages as Khakas, Yakut, Altai, Tuvan, Tofin, Sary-Uyghur, Shor, Chulym, relating to the North-Eastern languages, there was no in-depth consideration. Therefore, the article deals with grammatical, semantical meanings, the use of established verbs in the North-Eastern Turkic languages in order to fill this deficiency.

Key words: modern Kazakh language, well-established verbs, North-Eastern Turkic languages, analytical formants.

Қазақ тіл білімінде етістіктер біршама ғылыми зерттеулердің нысанына айналып, етістік жеке сөз табы ретінде жүйелі-құрылымдық, мағыналық жағынан көп зерттелді. Мәселен, етістіктің морфологиялық құрылымы мен семантикалық ерекшеліктері, жіктелу жүйесі мен категориялары, олардың лексика-грамматикалық сипаты туралы Е.Мамановтың оқулығында айтылса, Н.Оралбаеваның еңбегінде бұл сөз табымен байланысты күрделі мәселенің бірі аналитикалық форманттар және олардың категорияларға қатысы қарастырылады. Етістік семантикасы М.Оразовтың еңбегінде көрініс тапса, етіс категориясы А.Қалыбаева зерттеуіне негіз болған. Дегенмен, қазақ тілі деректері негізінде барлық грамматикалық категориялар айқындалып, оларға қатысты жайттар толық шешімін тапты десек те, теориялық және практикалық жағынан әлі де арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелер баршылық. Сонымен бірге, түркі тілдерінің басым көпшілігіне ортақ қалып етістіктерінің грамматикалық мағынасы туралы толық материал жариялана қойған жоқ. Мысалы, қазіргі таңдағы түркі тілдерінің кейбірінде (әдеби тілі бойынша) *отыр, жүр, тұр, жатыр* қалып етістіктерінің аналитикалық форма тудырушы қасиетінен айырылғандықтан оларға мән бере бермейді. Кейбір түркі тілдерінің сөйленістерінде бұл құбылыс кездессе де, оларды тек диалектілік ерекшелік ретінде ғана санап, оның қалыптасу тарихын зерттеуге мән бере бермейді. Айталық, Түркияның Мұғла облысының сөйленісінде *dur* және *otur* сөздерінен осы шақты сөйлемнің жасалуы сөзіміздің айғағы болып табылады. Бұл туралы түрколог Али Акардың «Muğla ağızları» (Мұғла диалектісі) атты еңбегінде қалып етістіктерінің қолданылатындығын ерекше атап өтеді: Муғла диалектісінде ең кең таралған осы шақ формасы болып табылады. Тарихи және қазіргі түркі тілдерінің көбінде осы шақ формасын күрделі етістіктер арқылы жасайды. Түркмен тілінде *дур, йат, йөр, отур* көмекші етістіктерінен осы шақтың жасалатындығын білеміз. Ноғайшада да осыған ұқсас осы шақ формалары бар. Түнжер Гүленсойдың пікіріне қарағанда, Мұғла диалектісіндегі бұл формаға түркімен, ноғай және қырым жағалауындағы диалектілердің әсері болған [1, 57]. Еңбекке сүйенсек,аталмыш диалектіге тән мынадай мысалдарды келтіруге болады. Мысалы: *Valla çam dururup-duru, mallarımız bule yayılıp-duru, gabak asılıp-oturu, yatıp-oturu, senelerde yeyip-oturuyon, dinelip-oturu* [1, 59].

Жалпы, қалып етістіктері көнеден келе жатқан құбылыс ретінде саналғанымен басқа топтарға қарағанда, солтүстік-батыс тобындағы түркі тілдеріне көбірек тән екенін ерекше атап өтуі керек. Сонымен қатар солтүстік-шығыс түркі тілдерінің әдеби тілінде де жиі қолданылады.

Қалып етістіктерінің тарихына қатысты М.Оразовтың айтуынша, қалып етістіктер тарихи тұрғыда бір кездері *олтурур, отурур, турур, дурур, журур, юурур* формаларында қолданылған [2, 98]. *Жат* етістігі осы қалыпта жіктік жалғауын қабылдамайды, тек *жатыр* тұлғасында келгенде ғана жіктеледі. Яғни, мұндағы *-ыр* элементі тарихи жағынан белгілі бір мағынада қолданылған морфема болуы керек және қазіргі кезде бұл элемент гаплология заңдылығына ұшырап, өз мағынасын түбірге сіңдіріп, қазіргі кезде негізгі түбір ретінде қабылданатын дәрежеге жеткен деген тұжырым жасайды. М. Оразов мұндағы *-ыр* қосымшасын тіл тарихында ауыспалы осы шақ қосымшасы болғандығын айтады. Ендеше, қазіргі қазақ тіліндегі төрт қалып етістігінің тікелей жіктелу сыры оның тарихында жатыр. Бұл етістіктерге бұлайша кеңірек тоқталу себебіміз, -лар көмекші етістік қызметінде жұмсалып, қандай да бір категорияның көрсеткіші болып табылғанда басқа етістіктерден ерекшелігі тікелей жіктеле береді [3, 17]. Қырғыз тілін зерттеуші ғалым С.Кудайбергенов қырғыз тілінің сөзжасамы туралы еңбегінде *-ар//-ер* көсемшелі келер шақ формасының жасалатындығын сөз ету барысында басқа етістіктердей емес *жат, тур, отур, жүр* етістіктері осы шақты білдіретіндігін айтады. Бұл төрт етістіктің осы шақ білдіретін формасы болып *жатыр, турур, отурур* және *жүрүр* есептеледі. Бұлардың мұндай толық формасы байырғы түрік тілдерінен және қазіргі кейбір түркі тілдерінде де кезігеді (Мысалы: көне ұйғырша: *төрте эрклиг кан олурур, турур эркен;* азербайжанша: *ол далдада дурур*) деп түсіндіреді [4, 56].

Ал А.Хасенова, С.Исаев еңбектерінде осы тілдік қағидаға бағынбайтын қалып етістіктерінің тікелей жіктеле алуының себебі тарихи тұрғыдан ашылып көрсетілген. Қалып етістіктерінің (отыр, тұр, жатыр, жүр) тікелей жіктеле алуының сыры ерекше, бұлар тарихи жағынан негізгі түбірлер емес, *отыр – ол тұрыр, тұр – тұрыр, жатыр – жатұрыр, жүр – жүрүр* дегеннен қалыптасқан да, қосымшалар түбірге сіңісіп кетсе де, не түсіп қалса да олардың грамматикалық сипаты (жіктелу қасиеті) сақталып қалған. Бұл

етістіктердің осы қасиеті олардың 3-жақта *ол отыр, ол тұр, ол жатыр, ол жүр* болып, ұқсас тұлғалық түрде қолданылуынан да көрінеді және тікелей осы шақ көрсеткіші болуы да соған байланысты [5, 73; 6,158], әрине, қазақ тіліне орайластыра қарастырылған зерттеулер деп білеміз. Яғни, қазақ тіліндегі *жатыр* қалып етістігі *жат* етістігінен қалыптасқан. Ал кейбір түркі тілдерінде сол негізгі түбірмен жасалады екен. Айталық, өзбек тілінде де әрекет білдіруде олардың осы шақ формасы *-ётяп,-ётиб, -ётир* аффикстері арқылы жасалады. Салыстырыңыз; *урнига ётяпти – урниди ётибди, урнидан туряпти – урнида турибди* [7, 59].

Э.А.Грунина, Е.А.Поцелуевский еңбектерінде сонымен қатар, тува, хакас, алтай, қазақ тілдерімен қоса түркімен тілінде бұл етістіктердің осы шақ мағынасында анық көрінеді деп көрсетіледі [8, 85-88].

Түркімен тілінде *дур, йөр, отур, ят* етістіктері күрделі етістік қызметімен [9, 319; 10, 420]. қатар нақ осы шақ мағынасын білдіруші формалардың бір түрінде де жұмсалады. Яғни, созылыңқылықты білдіретін осы шақ түріндегі көмекші етістіктердің кейбір буындарының түсіп қалған түрлері қолданылады. Бұл көмекші етістіктердің алдында келетін негізгі етістіктерге көсемше жұрнағы жалғанады (Kara 2005: 121). Мысалы: *söyüp duurun*«сүйіп жүрмін», *okaap otırın*«оқып отырмын», *gezip yatırın*«қыдырып жүрмін, iişlaap yöörün істеп жүрмін» [11, 122].

Түркі тілдерінде қалып етістіктерінің аналитикалық форма ретіндегі қолданылу жиілігі мен қолданылу аясы бір дәрежеде емес.Түркітануда бұрын сыпат категориясы деп танылып келген қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктерді А.Н.Кононов алғаш рет *қимылдың өту сипаты* деп атап, оның аналитикалық және синтетикалық екі түрлі жолмен берілетіндігінкейбір түркі тілдеріндегі (ең қомақты зерттелген қазақ тілінде қаралған, сонан соң өзбек тілінде) құбылыстарға қарап тоқталған болатын [12, 263-271]. Бірақ,қазіргі түркі тілдеріне қатысты оқулықтардың көбісіндеқалып етістігіне тән қимылдың өту сипаты жеке категория ретінде көрсетілмей келеді. Яғни, қалып етістіктердің қимылдың өту сипатына байланысты тұжырымдар көп тілдерде жоқтың қасы.

Л.Н.Харитонов якут тіліндегі қимылдың өту процесінің ерекшеліктеріне байланысты «етістіктің бұл тұлғалары қимылдың уақыт пен кеңістік бойындағы өту ағымын: қарқынын, санын, мақсатқа жетуі мен нәтижесін т.б. сипаттайды. Якут тілінде етістіктің сыпатына біз қимылдың тездігі мен дүркіндігі, үздіксіз жасалуы мен үздік-үздік өтуін, жылдам және баяу жасалуын, қарқынды және әлсіз жасалуын, аяқталған және жасалу үстіндегі, толық және жартылай көрініс табуы сияқты тағы да басқа қимылдың ерекше-ліктерін білдіретін тұлғаларды жатқызамыз»деп якут тіліндегі сыпаттың он екі түрін көрсетеді [13, 8].

Н.З.Гаджиеваның пікірінше, Орта Азиядағы түркі тілдерінде нақ осы шақ формасына әсері мол, аналитикалық ерекше форма саналатын әрдайым да *йат, тур* етістіктері қолданылады [10, 23]. Шындығында, барлығында қолданылады. Дегенмен, Г.О.Сүлееваның жариялаған қазақ тіліндегі нақ осы шақ формаларын басқа тілдердегі формалармен салыстыра зерттеген мақаласында шекаралары бір-біріне жақын және аралас-құралас отырған кейбір түркі тілдеріндегі ерекшеліктерін былайша сөз етеді: Бұл құбылыс (жоғарыда көрсетілген) қазақшаға көбірек тән. Басқа түркі тілдерінде бұл форма (осы шақ формасы) айрықша. Мысалы, татар, башқұрт, түркімен, өзбек, ұйғыр түрікшелерінде бұлар шектеулі бір аяда қолданылады [14, 45-539].

Түркі тілдерінің үлкен бір тобын құрайтын солтүстік-шығыс тобындағы тілдерде де қалып етістіктерінің шақтық жағынан да, аналитикалық форманттар жасаушы ретінде де үлкен маңызға ие екенін көреміз. Қазіргі алтай (ойрат) тілінде келер шақ формасының бір түрі осы қалып етістіктермен жасалады: *бараргa тұрұм* [15, 200]. Сол сияқты басқа қалып етістіктердің актив қолданылатындығын алтай тілін зерттеушілердің бірі И.В.Кармушиннің еңбектеріне талдау жасалған мына мақалаға сүйенсек те,бұған көзіміз жетеді. Авторлар жалғыз алтай тіліндегі құбылысты ғана емес (Э.А.Грунина, Е.А.Поцелуевский) өздері төрт тілде деп көрсеткен тува, хакас, алтай, қазақ тіліндеріндегі*тұр, отыр, жүр, жатыр* етістіктерінің бойында шақтық мағына бере алатын қасиеттерінің барын айтады. Олар бұл тілдердегі ортақ *жатыр* формасының *тұр, жүр, отыр* формаларынан ерекшелігін атап, *жатыр* формасы *тұр, жүр, отыр* формалары секілді қосымшасыз (жат түбірі күйінде) шақ қызметін атқара алмайтынын айтады. Хакас тілінде осы шақтың *жатыр* етістігімен жасалуына мысал келтірмеген авторлар тува түрікшесінде *чыдыр* болып, алтай тілінде *жадыр* болып, қазақшада *жатыр* болып қолдануы жиі кездесетіндігін тілге тиек етеді [8, 85-88]. Ал Тадыкиннің еңбегінде алтай тілінде қалып етістіктері *-ган* есімше жұрнағымен келген шақта кейбір позицияда осы шақ және өткен шақ формаларының мағынасын беруге қабілетті екені айтылады [16, 174]. Алтайшадағы қалып етістіктерінен жасалғанөткен шақ формасы қазақ тілінеөте ұқсас қолданылады. Мысалы:

Кече сенің адаңды көрдим. *Ол сени сакып* <u>*турган*</u> «Кеше сенің әкеңді көрдім. Ол сені күтіп тұрған»;

Мен айылга кирип келеримде, енем түк иіріп <u>*турган*</u> «Мен үйге кіргенімде анам жүн иіріп жатқан еді»;

Үренчиклер дьанып отурган«Оқушылар үйлеріне бара жатырған», *таадам каңза едип дьаткан* «атам трубамен темекі шегіп жатқан».

Мында дьаткан елдьон ерик дьокто кундардың бийлерине башкартып, олордың дьасактарын ла еежилерип бүдүрүп дьүрген «Мұнда тұратын елдің ерік жүйесін ғұндардың бектері басқарып, олардың заңдары мен жарғыларын қолданып жүрген».

Сол секілді нақ осы шақта да қазіргі қазақ тіліндегі қолданысынан айырмасы жоқ. Бұл туралы академик Н.А.Баскаковтың мақаласында былайша атап өтеді. Алтай тілінде *-ып/-ип јат- ~ -ып/-ип јадыр-* формасы осы шақтың дәл осы шақта болып жатқанын білдіреді: *мен бар-ып јад-ым ~ мен бар-ып јадыр-ым*‘ мен барып жатырмын’ [17, 182]. Мысалы:

Аңчы Кырга чыгадым, деди; аңды ададым, терезин мүүзин сададым, колхозга байырга болужадым «Аңшы; - қырға шығамын, аң атамын, терісін, мүйізін сатамын, колхоздың баюына үлес қосамын» [15, 188] . *Амат телевизор көрүп отуру* «Амат теледидар көріп отыр» [18, 210]; *Ол картошко казып јат* «Ол картоп қазып жатыр» [18, 210];

Тофа тілінде осы шақты жасайтын үш түрлі форманың бір тобы осы *туру, чору, олуру, чыътыры*қалып етістіктері арқылы жасалады. Яғни, *-п* көсемшелі негізгі етістіктен соң *туру, чору, олуру, чыътыры* қалып етістіктерінің бірі келіп, оған жіктік жалғауы жалғануының көмегімен жасалады. Мысалы: *Меништэніп туру мен, оң аңнап чору, Ыът мүн чылғап чыътыры* т.б [19, 379].

Қалып етістіктері тува тілінде де белсенді жұмсалады. Қимыл-әрекеттің осы шағын көрсететін *тур, чыдыр, олур, чор* етістіктері қимыл-әрекеттің созылыңқылығын, жалғасуын да таныта алатын қасиеті бар. Ол негізгі етістік+*п турар//чыдыр//олур//чор+* жіктік жалғауы болып жасалады. Мысалы:

Эң нарын машиналарны бүдүрүп турар бис «ең күрделі машиналарды жасаймыз» [20, 276].

Өөренип турар мен «оқып жатырмын», өөренип турар сен «оқып жатырсың», өөренип турар «оқып жатыр» [21, 389].

Бодап чоруур мен «өмір сүріп жатыр» (Кудажы 1961:37);

Эъдин хайындырып олур «ет қайнатып жатыр» (Шомадыр 2008:6).

Қазіргі хакас тілінде де *чат-* (жат-) етістігінен пайда болған *-ча, -че* қосымшалары нақты осы шақ формасында жұмсалады. Дәл осы секілді *чадыр, чедир* формалары да *-ча, -че* секілді кең қолданылады. Тур, одыр, чөр көмекші етістіктері осы шақ мағынасында көбіне ескі мәтіндерде кездеседі [22, 86]. *Мысалы:*

Түлгүчек аның соонаң чүгирир одыр «Кішкене түлкі оның артынан жүгіріп бара жатыр» (ХЧН, 132);

Апсағас ам, ниткезин тырбаб, көр тур «Ақсақал қазір желкесін қасып қарап тұр» (ХЧН, 132);

Чахсы ырлап чаттыр «Жақсы жырлап жатыр» (ХЧН, 115)

Ал шор және сары ұйғыр тілінде сәл ерекшелік бар. Бұл тілдерде қазіргі таңда *тұр* және *жатыр* етістіктері аффикске айналған. Мысалы: осы шақ формасы мысалы шор түрікшесінде *-ча, -пча* формалары арқылы, *-а,-е дыр//-дир* формалары арқылы және *-ып/-ип/-пчаттыр* формалары арқылы жасалады. Мысалы: *тур+чаттыр+зынъ, тур+баан-чаттыр+лар* [23, 502] ; [24, 332]. Мысалы:

Сеенъ пир-да небе чок чадыр «Сенің мұндай ештеңең жоқ» [25, 197].

Ээде тооланчыткан тужунда учук парчыткан алтын көөк көглепчадыр «Аққу екен деп ойлап еді, көкек құсы екен» [25, 197];

Парып одурзам, соомда кижи кыырча «Мен келіп едім, адам маған бақырып жатыр» [25, 207];

Ананъ угып одурза, казыр салгын кайнап кирди «Қатты соққан желдің даусы естіліп жатыр» [25, 207];

Мен чет пара чөрөм «Мен кетіп бара жатырмын» [25, 207];

Сары ұйғыр тілінде етістік шақтарының бірнеше формасы бар. Мәселен, бірінші түрі *-гак/-гек* қосымшалы етістіктерге *-тур/-тро* қосымшасы қосу арқылы жасалады. Мысалы: *мен келгургектро* (мен келе жатырмын), *сен келгургектро* (сен келе жатырсың), *гол келгургектро* (ол келе жатыр) т.б. Екінші түрі *-ога,-уган* қосымшалы етістіктерге *-тур, -тро* қосымшасын қосу арқылы жасалады. Мысалы: *мен алагантур* (мен алып жатырмын), *сен алагантур* (сен алып жатырсың), *гол алагантур* (ол алып жатыр) т.б. [24, 332; 26, 350].

Бүгінде жойылу қаупінде тұрған чулым түрікшесін де зерттеушілердің айтуынша, аналитикалық форманттар осы шақ формасында жұмсалатын қалып етістіктер арқылы жасалады (Р.М.Бирюкович, Б.А.Серебренников т.б.). Атап айтқанда осы шақтың төңірегінде қызмет ететін аналитикалық формалары *-ады, -тур, -от, -ыл, -йат, -чат, -ыл+чат.* Мұндай формалар әртүрлі типтегі мағыналарды көрсетеді. Қимылдың тездігін *(-тур),* іс-қимылдың белсенділігін, барынша тездігін *(-от, -ыл),* қимыл-әрекеттің біршама уақытқа созылуын *(-чат),* қимыл-әрекеттіңөте көп уақытқа созылуын*(-чат)* білдіреді [27, 494]. Б.А.Серебренников пен Р.М.Бирюковичтің чулым түрікшесіндегі шақты білдіретін етістіктер туралы ай-

тылған мақаласына көз жүгіртсек: *тур* қимыл-әрекеттің жасалу, орындалу формасын көрсетеді. Жасалу формасы шақтық мағынасынан да жоғары тұрады. Шақтық мағынасынан гөрі жасалу формасы маңызды саналады. *Тур* көмекші етістігі негізгі етістіктің мағынасын толықтырады. Чулым тілінде және шамамен басқа түркі тілдерінде де қалып етістіктер дербес тұрып грамматкалық мағына бере алмайды. Чулым тілінде *отур* етістігі әрекеттің орындалғаны бірден сезілмейді. Бірақ байқап қарасақ, етістікте бұл мағынаның бар екенін көреміз. Бұл қасиеті бір мағынаға ие. *Отур* етістігі қимылдың болғанын көрсетеді [28, 7]

Қорыта айтқанда, сөйлемнің шақтық мағынасын ғана емес, түрлі аналитикалық формалар жасау мақсатында жұмсалатын қалып етістіктері тек қазіргі қазақ тіліне ғана тән емес, түркі тілдерінің барлығында да белгілі дәрежеде ізі бар екенін көреміз. Әсіресе, қыпшақ және қарлұқ тілдерінде бұл етістіктердің осы шақ жасау қызметі қазіргі дейінгі көптеген еңбектерде қарастырылған болатын. Алайда солтүстік-шығыс тілдеріне жататын хакас, якут, алтай, тува, тофа, сары ұйғыр, шор, чулым секілді түркі тілдеріндегі қызметіне байланысты терең қарастырыла қоймаған болатын. Осыған байланысты, біз мақаламыз да солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі қалып етістігінің осы шақ формасындағы қызметін саралауға тырыстық. Әрине, бір мақаланың көлемінде етістіктің өзекті мәселесі саналатын бұл форманың қасиеті, қызметі, сөйлемге беретін мағынасы жөнінде егжей-тегжейлі айту мүмкін емес. Дегенмен, бастама ретінде жазылған бұл мақалада солтүстік-шығыс түркі тілдеріндегі қалып етістіктердің сөйлемдегі қызметі орасан зор деуге болады. Төрт етістіктің (жатыр, тұр, отыр, жүр) әрқайсысының сөйлемге беретін аналитикалық мағыналары, семантикалық реңкі бар. Олар, тіпті, осы қалып етістіктер жиі ұшырасатын тілдердің өзінде қолданыс жағынан, сөйлемдегі мағынасы жағынан ерекшеліктері болады. Алайда, бұл тілде қалып етістіктер көбіне көп осы шақ формасын жасауға атсалысады. Осы шақтың формасын жасай отырып, қимылды толықтай ашып көрсетуге көмектеседі.

KAYNAKÇA:

1 AkarAli. Muğla ağızları, Muğla, Muğla Üniversitesi. – Muğla, 2004.

2 Оразов М., Көмекші сөздер, 2-кітап. – Алматы, 1997.

3 Жолшаева М.С., Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн, (ф.ғ.д. ғыл. дәр. алу д. дисс.) – Алматы, 2009.

4 Кудайбергенов С., Кыргыз тилиндеги сөз өзгөртүү системасы (сан, жакталыш, жөндөлүш және таандык категориялары). – Фрунзе, 1957.

5 Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы, Ғылым, 1971.

6 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998.

7 Узбик тили, грамматикасы, I. –Тошкент, 1975. – 500 с.

8 Грунина Э.А., Поцелуевский Е.А., Кормушин И.В., Системы времен глагола в алтайских языках// «Советсая тюркология», 1985. – №:6.

9 Грамматика туркменского языка, част I, фонетика и морфология, Издательсво. – Ашхабад, 1970. – 319 с.

10 Гаджиева Н.З. Языки мира (Тюрские языки), Тюрксие языки. – Бишкек,1997. – С. 23-420.

11 Kara M. Türkmen Türkçesi Grameri. – Ankara, 2005.

12 Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка - Москва-Ленинград, 1960.

13 Харитонов Л.Н. Формы глагольного вида в якутском языке. Москва -Ленинград, 1960.

14 Сулеева Г.О. О некоторых формах настоящего длительного времени в казахском языке//«Советсая тюркология», 1982. – №:3.

15 Дыренкова Н.П. Грамматика ойратского языка. –Москва, 1940.

16 Тадыкин, В.Н. Причастия в алтайском языке. – Горно-Алтайск, 1971.

17 Баскаков Н.А. Языки мира (Тюркские языки). Алтайский язык. – Бишкек, 1997.

18 Грамматика современногоалтайского языка, Морфология. – Горно-Алтайский, 2017.

19 Рассадин В.И. Языки мира (Тюркские языки), Тофаларский язык. – Бишкек, 1997. – 379 с.

20 Исхаков Ф.Г. Пальмбах А.А. Грамматика тувинского языка, Фонетика и морфология. – Москва: Издательство Восточной литературы, 1961.

21 Сат Ш.Ч. Языки мира(Тюркские языки), Тувинский язык, Бишкек, 1997, стр. 389.

22 Arıkoğlu Ekrem. Tuva ve Hakas Türkçelerinde Fiil, (doktora tezi), Ankara, 1996.

23 Донидзе Г.И. Языки мира (Тюркские языки), Шорский язык. – Бишкек, 199. – 502 с.

24 Қайдар Ә., Оразов М.Түркітануға кіріспе. – Алматы, 2004.

25 Дыренкова Н.П., Грамматика шорского языка, - Москва-Ленинград, 1941.

26 Тенишев Э.Р. Языки мира (Тюркские языки), Сарыг-югурский язык. – Бишкек, 1997. – 350 с.

27 Бирюкович Р.М. Языки мира (Тюркские языки). Чулымско-тюрский язык. – Бишкек, 1997.

28 Серебренников Б.А., Бирюкович Р.М. Из истории некоторых глагольных времен чулымско-тюрского языка // Советская тюркология, 1984. – №:6,. – С. 7.

EDEBî ESERLER

Шомадыр, Баглааш, Бирги Ном, Ияш Баглааш, Тыванын Ю.Ш. Кюнзегеш Аттыг Ном Үндерер Чери, Кызыл, 2008,

КУДАЖЫ, Кызыл-Эник, Ыржым булуң, ТНУС, Кызыл, 1965.

МРНТИ 16.01.09

Е.С.Касенов[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

І.ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ АЯСЫ: «ЖАСТЫҚ, КӘРІЛІК» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК МАЗМҰНЫ

Аңдатпа

Мақалада І.Жансүгіров поэзиясындағы «жастық» пен «кәрілік» концептілерінің лингвотанымдық ерекшелігі қарастырылған. «Жастық» концептісі ақын поэзиясында «жас күн», «жас жауқазын», «қыршын жас», «жасөспірім», «жас жүрек» т.б. тіркестер арқылы сипатталатыны берілген. Ақын танымындағы «жастық» концептісін сипаттауда *«жастық – тұрлаусыз уақыт», «жастық – батырлық, қайраттылық», «жастық – әлсіздік»* когнитивтік моделдері талданып берілген.

«Кәрілік» ұғымы ұлттың таным кеңістігінде бірде жағымды, бірде жағымсыз астар беретіні талданған. Ақын туындыларындағы «кәрілік» концептісінің көрінісі индивидуалды түсінікте және поэтикалы бейнеленуінде автордың жеке ситуациялары мен метафоралау тәсілдері арқылы танылатыны анықталған.

Ақын І.Жансүгіров танымындағы «кәрілік» концептісін сипаттауда *«кәрілік – даналық», «кәрілік – әлсіздік», «кәрілік – соңғы кезең»* когнитивтік моделдері талданып берілген. «Кәрілік» концептісін сипаттайтын тезаурус: *жалғыз қалу, жанашырсыз қалу, уайым алу, сақал-шашы қуару, оты өшу», құмары жоғалу* тіркестердің семантикасы арқылы айқындалған.

Кілт сөздер: танымдық сана, «жастық» концептісі, «кәрілік» концептісі, метафизикалық концепт, когнитивтік моделдер, фрейм-сценарий, танымдық модель, поэтикалық мәтін.

E.S.Kassenov[1]
[1]Kazakh national pedagogical University named after Abai,
city Almaty, Kazakhstan

CONCEPTUAL ENVIRONMENT OF POETRY I.ZHANSUGUROV: LINGUO-COGNITIVE PROPERTIES OF CONCEPTS "YOUTH, OLD AGE"

Annotation

This article is considered the linguistic features of the concepts of "youth" and "old age" in the poetry of Ilyas Zhansugurov. In poetry of the writer a concept "youth" is described by expressions "youth – unstable time ", "a young tulip", "teenager", "young heart", etc. It is determined that the concept of "old age" in the space of knowledge of the people is associated with pleasant or negative meanings. The concept of “old age” in the poetic works of the writer in his individual concept and poetic image is determined by the personal situation of the author. In determining the concept of "old age" I.Zhansugurov analyzed the cognitive models "old age - wisdom", "old age - weakness", "old age - the last stage". The thesauruses that define the concept of "old age": to be alone, to be left without a trustee, to absorb grief, to worry, to become gray, to lose passion - are determined on the basis of the semantics of these combinations.

Key words: cognitive consciousness, concept of “youth”, concept of “old age”, world outlook, metaphysical concept, frame script, cognitive model, poetic text

Касенов Е.С.[1]
[1]*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,*
г.Алматы, Казахстан

КОНЦЕПТУАЛЬНАЯ СФЕРА ПОЭЗИИ И.ЖАНСУГУРОВА: ЛИНГВОКОГНИТИВНЫЕ СВОЙСТВА КОНЦЕПТОВ «МОЛОДОСТЬ, СТАРОСТЬ»

Аннотация

В данной статье рассматриваются лингвистические особенности концептов «молодость» и «старость» в поэзии Ильяса Жансугурова. В поэзии писателя концепт «молодость» описывается выражениями «молодой день», «молодой тюльпан», «подросток», «молодое сердце» и т.д. В описании концепта «молодость» анализируются когнитивные модели *«молодость – неустойчивое время», «молодость – героизм, прочность», «молодость – слабость».*

Определено, что понятие «старость» в пространстве познания народа ассоциируется с приятным или отрицательными смыслями. Изображение концепта «старость» в поэтических произведениях писателя в его индивидуальной концепции и в поэтическом образе определены способами личных ситуации автора.

При определении концепта «старость» И.Жансугуровым проанализированы когнитивные модели «старость – мудрость», «старость – слабость», «старость – последний этап». Тезаурусы, определяющие концепт «старость»: оставаться в одиночестве, остаться без попечителя, поглощение горя, беспокойство, стать седым, потеря азарта – определены на основе семантики данных сочетаний.

Ключевые слова: когнитивное сознание, концепт «*молодость*», концепт «стар*ость*», миропонимание, метафизический концепт, фрейм-сценарий, когнитивная модель, поэтический текст.

Тіл иесі этностың сан ғасырлық тәжірибесін жинақтаушы және оны келер ұрпаққа жеткізуші танымдық, мәдени, әлеуметтік феномен болғандықтан әлем бейнесі белгілі бір тіл иесінің тілдік бірліктері арқылы көрініс табады. Себебі, «тіл – айна, оның ішіне бүтін халықтың тұрмысы түсіп тұрады» [1, 106-107 бб.]. Тіл – ұлттың айнасы ретінде көркем шығармаларда да көрініс тауып, сол арқылы ұлттың шынайы болмысын таныта алады. Демек, «әлемнің тілдегі бейнесі» көркем туындылар тілінен, яғни суреткердің тіл шеберлігінен де көрінеді. Біз қарастырып отырған ақын І.Жансүгіровтың өткен заманның мәдени, саяси, әлеуметтік сипатын, ұлттық болмысын әр алуан көркем образдар арқылы таныта білген экспрессивті поэзиясының ішкі сырын тек ақыл таразысына салып, ой қорытындылар жасау арқылы ғана танып біле аламыз. Осы орайда ақын І.Жансүгіров поэзиясының поэтикалық өрісін қазақ тіл білімінің лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттарымен ұштастырып, қарастыру ақынның индивидуалды-авторлық бейнесін танытады. Өйткені, ақынның логикалық танымындағы концептілер ақиқатқа негізделеді және ақын поэзиясының концептуалды аясын айқындайды әрі ақынның индивидуалды-авторлық бейнесін танытады. Өйткені, ақын шығармалары жалаң құрылымнан, яғни мағынасыз үйлескен сөздер жиынтығынан тұрмайды. «Тілдің поэтикалық құрылысы, стильдік белгі жеке сөздердің орналасуынан, басқа сөздермен қарым-қатынасынан туады. Сондай жағдайда ғана ол мазмұнға, оқырман сезіміне әсер ете аларлық күш-қуатқа ие болады [2, 8 б.]. Бірақ кез келген көркем туындының қуаттылығы мен көркемділігі автордың тіл байлығының сөздік қорының молдығымен ерекшеленбейді. «Богатство языка определяется не только богатством «словарного запаса» и грамматическими возможностями, но и богатством концептуального мира, концептуальной сферы, носителем которой является язык человека и его нации» - деп орыс ғалымы Д.С.Лихачев оның *«ұлт пен тіл», «тіл мен сана»* байланысынан анықталатынын айтады да ұлттық тілде концепт қалыптастырушылар қатарына ең алдымен ақын, жазушыларды қояды [3, 5 б.]. Себебі, тілдің концептуалды әлемі белгілі бір уақыт пен кеңістік аясында үнемі жаңарып, толығып отыруына байланысты тіл иесінің де рухани дүниесін танытады.

Көркем әдебиетте жалпыхалықтық тілде кездесетін фактілердің барлығы да керегінше қолданылатындықтан «көркем шығармада көріктеу құралдарының қай-қайсысының да авторлық түрлері басым болып келеді. Бұл – жазушының дүниетанымына, содан кейін алатын ой түйініне тікелей байланысты құбылыс» [4, 31 б.], – деп тілші Р.Сыздықова атап көрсеткендей, кез келген қаламгердің туындысы замана көрінісіне әрі жеке өзінің психологиялық танымына негізделетін дүние болып табылады. Осыған орай әлемнің поэтикалық моделі ақынның жеке дара танымы арқылы көрініс табады. Л.Г.Бабенко мен Ю.В.Казариннің пікірінше: «Каждое литературное произведение воплощает индивидуально-авторский способ восприятия и организации мира, т.е. частный вариант концептуализации мира» [5, 58 б.]. Демек, ақын танымындағы дүние жайлы концептілік жүйе – тілден

тыс ақиқат болмысқа деген субъективті көзқарасы мен объективтік қатынасын танытатын құндылықтар жүйесінен тұрады.

«Концепт художественного текста формируется на синтагматической основе, имеет внутритекстовую синтагматическую природу. Вследствие этого сам процесс концептуализации, осуществляемый на материале художественного текста, обладает спецификой» деген пікірге жүгінер болсақ, ақын І.Жансүгіров танымындағы «жастық», «кәрілік» концептілерінің ішкі құрылымы де күрделі болып келеді. [5, 58 б.]. Демек, ақын санасында қалыптасқан ақиқат дүние туралы танымдық бірліктердің кеңеюі оның *концептуалды әлемін* құрайды. Поэтикалық мәтіндегі әрбір сөздің ішкі мағыналық құрылымы оның сыртқы болмысымен байланысты десек, тілдегі концептілер жүйесі ақынның да, тілді қолданушы барлық адамның да сөздік қорындағы потенциалды (әлеуетті) мүмкіншілігін ашады.

Әрбір көркем туынды тілі әр ұлттың әлемді, қоршаған ортаны қалай танитындығынан мол мәліметтер беріп, оның мазмұны концептіні танытады. Мысалы, ақын танымындағы **«жастық»** пен **«кәрілік»** ұғымдарына қатысты тіл бірліктерінің қалыпты (стереотиптік) ақпараттық деректерін (түрлерін, антонимиясын, трансформациялануы мен ассоциациясын, семантикалық өрісін, фразеологиясын т.б.) зерделеп, концептуалды талдау барысында бұл ұғымдарды да концепт ретінде қарастыруға болатыны айқындалды. «Жастық» пен «кәрілік» ұғымдары әлемдегі барлық тіршілік иесіне мәлім құбылыс болғандықтан мұны әлемдік концепт ретінде тануға болады. Сондықтан І.Жансүгіров шығармаларындағы «жастық» пен «кәрілік» концептілерінің өзегін (ядросын) анықтап, тірек сөздердің өзара семантикалық жақындығын таныту ақынның өмір, әлем, тіршілік жөніндегі концептуалды тұжырымдарын анықтайды.

Өмірлік мәні бар адамзатқа ортақ концептінің бірі – **«жастық»** концептісі. Жастық тілімізде адамның жас шағы, балғын кезі деген ұғымды білдіреді. І.Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде «бала кез, қыршын жас» [6, 269 б.] – деп түсіндіріледі. Бұл ұғым І.Жансүгіров поэзиясында «көк өрім», «көк тұман», «көк тас» тіркестері құрамында келіп, *жас, жасару, қылшылдаған, күшті, мықты* мағыналарын береді. Жастық шақ адамның балғындық, өмір сүруге деген құштарлығының жоғары дәрежеде болатын кезеңі болып табылады. «Жастық» концептісі ақын поэзиясында «жас күн», «жас жауқазын», «қыршын жас», «жасөспірім», «жас жүрек» т.б. тіркестер арқылы сипатталады. І.Жансүгіров поэзиясында **«жастық – тұрлаусыз уақыт»** когнитивтік моделімен де көрініс тапқан. Жастық – адам баласы ғұмырының ең бір албырт та қызықты өткінші шағы. Мұны ақынның мынадай өлең жолдарынан аңғаруға болады:

Емес пе бір тұрлаусыз жас күн деген,
Жас жүрек албыт асау бас білмеген.
Көр бала, көргені кем, көрсе ұнаған,
Қобызды шалға, күйін мастірлеген («Күй»)

Бастағы дәулет,
Жастағы сәулет
Айналды бәрі тиынға («Қалпымыз»)

Албырттық пен асаулық ұғымдары ақын поэзиясында «жастық» концептісін толықтырушы компоненттер ретінде танылып тұр. Адам бойындағы қайрат пен жігер ақын тілімен айтсақ, «бастағы дәулет, жастағы сәулеттің» бәрі де уақыт өте келе азаяды, құны көк тиынға айналады. Бұдан біз жастықтың тұрлаусыз уақытқа тәуелділігін анық көреміз.

«Жастық – батырлық, қайраттылық» когнитивтік моделі. Ақын өлеңдерінде жастықтың қайрат пен күшті, жігерді, құдіретті танытатыны да көрініс тапқан. Мысалы,

Алатаудың алыбын
Алып жерге соққан ер.
Аюбайдың асына,
Онда он алты жасында,
Атан жыққан алыпты
Ап жыландай жұтқан ер .
Бұқа мойын, бурасан,
Бұғалық бермес шу асау,
Талайлар қорқып бұққан ер (Құлагер»).

Күшті, өңшең көк өрім,
Өріп, өсіп жас маман
Қайнатты ма жігерін,
Білім тасын кеміре?
Болат жігер, жас жүрек,
Құмырсқадай қайнасып,
Қаулады бір көп білек,
Қол қойып тұр өмірге! («Дала»).

Ақынның осы өлең жолдарынан жас кезде адамның энергиясы жоғары болатыны, жастық шақта жүрегінде от жалындап тұратыны «бұғалық бермес шу асау», «болат жігер», «қайнаған жігер» сынды тіркестермен бейнеленген.

«Жастық – әлсіздік» когнитивтік моделі. Жастық кезең – адамның ең жалынды, ең мәнді, ең қызықты, ең жақсы шағы. Олай болса, осындай кезеңде от боп жанбаған, жете қимылдамаған адамның мақсатсыз өмір сүретіні белгілі. Ақын:

Жазығы жоқ жас балғын,
Жау жауызы жолықты,
Жаздыгүні жас шалғын,
Жазда бұршақ соғыпты

– деген жолдарында «бұршақ соғу», «жау жауызы жолығу» сынды тіркестер арқылы жас балғынның замананың ауыр соққысына төтеп бере алмай қалу себептерін айқындап береді. Жастықтың отын өшіріп алу бақытсыздық деп түсіндіреді. Жас балғынды жаздыкүнгі жас шалғынға балайды. Ал мезгілінен бұрын жастығы мен жалынын жоғалтқан жас жандар, шынында да бақытсыз. Жалпы ақын танымында «жастық – сұлулық», «жастық – еңбекқорлық» когнитивтік моделдерімен де көрініс табады. Мұның барлығы ақынның ұлт танымында берік қалыптасқан ұғымдардан алшақ кетпегендігін нақтылай түседі. Бірақ ақын сол ұғымдарды жаңаша тіркестер арқылы танымдық аясын кеңейте түседі.

Ақын поэзиясының концептуалды әлемінде «кәрілік» концептісі обьективті дүниетаным нәтижесі ретінде жүйеленгенін байқаймыз. Ақын кәрілік ұғымын жан-жақты танытуда концептілік құрылымдарды түгел дерлік қолданады. Кәрілік белгілері – *біріншіден,* адамның күш-қуаты қайтқан кезеңі; *екіншіден,* көпті көрген ақыл-кеңесші, дана сөздің атасы. Бұл белгілер барлық тілде бірдей көрініс береді. Қазақ тілінің паремиологиялық қорындағы бұл концептілерге қатысты мақал-мәтелдерден олардың қоғамдағы, отбасындағы мәдени-әлеуметтік орнын айқын аңғаруға болады. Мысалы, *«Көпті көрген дана болар, Қартайып кетсе бала болар»; «Жүре берсең, көре бересің, Көре берсең, көне бересің»; «Жастық көкке, кәрілік жерге қаратады»; «Кәрілік – дауасыз дерт».* Бұл мақалдарда кәрілік – уақыт өте келе тіршілік иесінің қуат пен күштен ажырайтыны, кері үдерістің жүретіні анық аңғарылады. Демек, ұлт танымында кәрілік – келуге тиісті құбылыс. Ақын поэзиясы бойынша анықталған когнитивтік моделдер де ұлттық таным-түсініктен алшақ емес.

«Кәрілік – даналық» когнитивтік моделі. Логикалық танымда «кәрілік» ұғымы даналық, ақыл беру сынды эталонмен өлшенеді. Тіліміздегі «даналық» ұғымы «көпті көрген», «шежіре» сынды тілдік бірліктермен алмасып та қолданылады. Ақын түсінігіндегі кәрілік адамның физиологиялық жағынан тозуы немесе өмірдің ең сұрықсыз қайғылы кезеңі емес. Адамның жасы ұлғайған сайын ақыл-парасаты толыса бермек, кемеңгерлігі кемелдене түспек. Мысалы, ақынның:

Көпті көрген бір кәрі,
Талай-талай заманнан
Тепкі көрген қыр шалы
Дөңде отырды осы кез. («Дала»)

Көп жасаған көнемін...
Шежіре боп талайға
Мен талайдан келемін...

Тарих дейтін шал болам! («Дала») – деген шумақтарындағы *«көпті көрген бір кәрі», «көп жасаған көнемін... шежіре боп талайға»* жолдары ойымыздың дәлелі. Жоғарыдағы мәнмәтіннен кәрілік – асқан құрметке ие болудың символы іспетті.

«Көп жасаған көнемін... шежіре боп талайға» метафорасы арқылы бейнеленген кәрілік ұғымы берілген мәнмәтінде сценарийлік құрылымда танылған. Себебі санада ұрпақтан-ұрпаққа таратушы тұлғалардың әрекетінен «шежіре» ассоциациясы туындайды.

«Кәрілік – әлсіздік» когнитивтік моделі. Ақын поэзиясында «кәрілік» концептісін ескіру, естімеу, тісі түсу сияқты лексемалар арқылы объективтендіреді. Ескіру ассоциациясы арқылы танытудағы мақсаты аурудан «мүжілу», «күші қайту» белгілеріне көз жеткізу. Демек, *буын құру, құлағы дұрыс естімеу, көзі нашар көру, шашы ағару, аузы опырылу* белгілерін таныту арқылы ақын «кәрілік» концептісін жан-жақты ашып береді. Мысалы:

Өтті күн. Қалды ағашта бас қуарып,
Қартайды Сері, сақал-шаш қуарып.
...Теңтіреп тауда удайы, таста қаңғып,
Оты өшкен, бойында жоқ жас құмарлық.

Шүйке шал, аузы ұрадай опырылған,
Су мұрын, қу мұрт, ұрты шұқырайған;
Боз бура бір күндегі тасқа шөгіп,
Шал отыр қу қайыңда мықырайған («Құлагер»).

Жоғарыдағы мәтінде «кәрілік» концептісінің фреймдік тармақтары мәтінде «сақал-шашы қуарған», «оты өшкен», «құмары жоғалған» стереотиптік бірліктер арқылы таңбаланады.

«Кәрілік – соңғы кезең» когнитивтік моделі. Автор кәрілік ұғымын жан-жақты танытуда концептілік құрылымдарды түгел дерлік қолданады. Ақын поэзиясында қолданылған алуан түрлі бейнелі тіркестер «кәрілік» концептісін айқындай түседі.

Кәріліктің алды Қараша,
Жігіттіктің алды май. («Май»)

Буынды құртып, әлді алып,
Кәрілік те жетті сықырлап.
Тітіркетті рухты
Ажал тісі шықырлап.(«Талғамалар»).

Жар қабақ, сида, арсақай, сар шұбар шал,
Жарықшақ, үні тозған, қаңсыған шал.
Іріңдеп екі көзі қол дірілдеп,
Аузынан азу тісін аршыған шал.
Еңкейіп екіндідей күні кеткен,
Жұқарып, нашарланып күйі кеткен.(«Күй»)

Жоғарыдағы поэтикалық мәтіндерден алынған үзінділерге когнитивтік тұрғыдан зерттеу «кәрілік» концептісін толықтырушы компоненттерді айқындауға негіз болды. Автордың *«екіндідей еңкею», «рухты тітіркенту»* сынды тұрақты тіркестер кәріліктің адам өмірінің соңғы межесі екендігін жан-жақты сипаттап тұр. Ал «кәріліктің алды Қараша» тармағы адам өмірінің шегін нақты көрсетеді.

І.Жансүгіров поэзиясындағы «жастық» пен «кәрілік» ұғымын когнитивтік тұрғыдан зерделеу осы ұғымдарға қатысты қаламгер тіліндегі тұтас сөздік қордың мән-мағынасын айқындауға мүмкіндік береді. І.Жансүгіров поэзиясындағы «жастық» пен «кәрілік» ұғымдары – ақыл мен парасаттың, қайрат пен қуаттың мөлшерін танытатын концептілер болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ғұмар Қараш «Ұлт һәм туған тіл». «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – 364 б.

2 Қирабаев С. Асыл парыз. // Өнер алды – қызыл тіл. Алматы: Жазушы. 1986. – 208 б.

3 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия РАН. Серия лит. и яз., 1993. Т 52. №1. - 3-9 с.

4 Сыздықова Р. Сөз құдіреті – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

5 Бабенко Л.Г.,Казарин Ю.В. Лигвистический анализ художественного текста. Москва: Флинта: Наука, 2008. – 496 с.

6 Кеңесбаев. І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.

МРНТИ 16.21.45

Б.Қ.Қасым[1], А.Т. Қасымбекова[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЕТІСТІКТІ СӨЗЖАСАМ СЕМАНТИКАСЫНЫҢ КОГНИТИВТІ АСПЕКТІСІ

Аңдатпа

Мақалада туынды сөздерді (етістік) когнитивті-семантикалық аспектіде қарастыру жаңа мүмкіндіктер мен тың, соны деректерге жол ашатынды туралы сөз болады. Осы мәселе зерттеу жұмысында когнитивтік талдау тәсілі мен сөзжасамдық семантиканы зерттеп саралау – жаңа бағыттардың бірі ретінде сөзжасамдық жүйенінің ішіндегі қозғалыс етістік бірліктерін когнитивті моделдеу арқылы қарастырылады. Соның негізінде деривациалық бірліктер және олардың арасындағы арақатынасты, жүйелі сипаттама, яғни туынды сөзді (лексиканы) әлемнің тілдік бейнесіні мен әртүрлі ақиқат үзіктерін (фрагменттерін) адам санасында сәулеленуі мен бейнеленуінің қалыптасуына белсенді қатысатыны туралы нақты нәтиже алуға болатындығы қарастылады.

Кілт сөздер. когнитивті-семантикалық модель, сөзжасамдық бірлік, деривациалық бірліктер, сөзжасамдық ұя, туынды лексика, әлемнің тілдік бейнесі.

Касым Б.[1], Касымбекова А.Т.[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

СЕМАНТИКА ГЛАГОЛЬНОГО СЛОВООБРАЗОВАНИЕ В КОГНИТИВНОМ АСПЕКТЕ

Аннотация

Статья исследует семантическую модель когнитивного подхода. Рассмотрены различные подходы семантического и когнитивного анализа. Научное направление, которое занимается анализом глагольных словообразовательных языковых единиц, называется когнитивная семантика. Когнитивная семантика предлагает модели фрагментов языковой картины мира. Следует разделять познавательную (когнитивную), содержательную (семантическую), словообразовательную функцию казахского языка. Показано значение моделей глагольного словообразовательных единиц при семантическом анализе. Отмечены особенности анализа глагольной семантики казахского языка. Описаны семантической модели интерпретируется в виде совокупности связанных в семантических полей понятия.

Ключевые слова: семантическую модель, словообразовательная единиц, семантика, когнитивная семантика, производная лексика лексико-словообразовательное гнездо, языковая картина мира.

B.Kassym[1], A.T. Kasumvekova[1]
[1]Kazakh national pedagogical University named after Abai,
city Almaty, Kazakhstan

THE SEMANTICS OF THE VERBAL WORD FORMATION IN THE COGNITIVE ASPECT

Annotation

The article explores the semantic model of the cognitive approach. Different approaches of semantic and cognitive analysis are considered. The scientific direction, which deals with the analysis of verbal word-forming

linguistic units, is called cognitive semantics. Cognitive semantics offers models of fragments of the linguistic picture of the world. It is necessary to divide the cognitive (cognitive), content (semantic), word-forming function of the Kazakh language. The value of models of the verbal word-formation units is shown in the semantic analysis. Features of the analysis of the verbal semantics of the Kazakh language are noted. The described semantic model is interpreted as a set of related semantic field concepts.

Key words: semantic model, word-formative units, semantics, cognitive semantics, lexicon derivative lexicon-word-building nest, linguistic picture of the world.

Заманауи технологиялардың қарқынды дамуы адамзат тарихындағы бұрынғы парадигмалармен салыстырғанда жаңа жоғары сападағы әдіс-тәсілдердің, жан-жақты кешенділіктің қажеттілігін ұсынады. Әлемдік және қазақ лингвистиканың қазіргі кезеңде жаңаша антропоцентристік парадигмада зерттелуі сөзжасам саласының тілдік бірліктерін кешенді сипатта, пәнаралық байланыста қарастырылу қажеттілігін негіздеп қоймай, сөздің (етістік) мағыналық табиғатын саралау, талдау қарқыны дамып, күрделеніп келеді. Осымен байланысты, сөзжасам, оның ішінде *туынды сөздер* (етістік) когнитивті-семантикалық аспектіде қарастыру жаңа мүмкіндіктер мен тың, соны деректерге жол ашады. Бұл, өз кезегінде, етістік категориясындағы бұрынғы теориялық парадигманың қазіргі уақытқа дейін қол жеткізілген жетістіктерін жоққа шығармай, оны жаңа ғылыми парадигмалармен толықтыра, жетілдіре түседі. Ақиқат болмыстағы кез келген зат пен құбылыс және олардың арасындағы қатынас тілде бейнеленетіні ақиқат. Алайда кез келген уақытта болмыс пен оның *тілдік бейнесі* бір-бірінің дәл көшірмесі бола бермейді. Осымен байланысты қазіргі кезде тілші ғалымдар (Е.С. Кубрякова, Н.Н. Болдырев, Л.Жаналина, Л.А. Араева, М.А. Осадчий және қазақ лингвистикада (З.Ахметжанова, Ж.Манкеева, А.Салқынбай, Б.Қасым, М.Жолшаева т.б.) *болмыс* пен *тіл, болмыс* пен *ойлау, ойлау* мен *тіл* үштігінің арақатынасын тереңірек үңілу, саралау жолындағы тілдің когнитивтік қызметін зерттеуге ерекше назар аударылып келеді [1]. Бұл жөнінде И.В.Евсеева: «*Антропоцентрическое, психологическое* и *когнитивное* направления развития науки о языке, осознание большой объяснительной силы и научной перспективы, которые стоят за когнитивным подходом к анализу языковых единиц, моделей и явлений языка, привели учёных разных научных школ к критическому переосмыслению многих лингвистических проблем, которые казались уже окончательно решенными. Сказанное в полной мере относится и к словообразованию, или, иначе, дериватологии» деп көрсетеді [2, 201-206].

Етістіктер тіл жүйесіндегі өте күрделі бірліктердің қатарына жатады. қазақ тілінде етістіктің лексика-грамматикалық сиапты ерекше. Алдымен ол етістіктердің ішкі семантикасына байланысты болса, екінші жағынан бай морфологиясының арқасында сөйлеу кезінде жиі қолданысына да байланысты. Етістікті сөзжасамда негізгі тәсіл ретінде аффикстік тәсіл қолданылады. Етістікке қазақ тіл білімінде алғаш термин ретінде мән беріп, жүйелі түсіндірген ғалым – Ахмет Байтұрсынов. Етістік қимыл ұғымын, оның жалпы мағынасын білдіретіндігі жағынан басқа сөз таптарынан ерекшеленеді [3]. Проф. Б.Қасым етістіктің қимыл атауы, есімше, көсемше, салт, сабақты етістік сияқты түрге бөлінуі оның грамматикалық жағынан да, мағыналарының алуан түрлілігімен ерекшелендіретін белгілерін айта келе, етістіктің салт, сабақты болып бөлінуі барлық етістіктің жалпы мағынасына тән қасиет – жалпылық семантика. Сонымен қатар қимыл-қозғалыс атауы етістіктері өз мағынасы, тұлғасы арқылы басқа етістіктерден ерекшеленеді, ол қимылды, қозғалысты атайды баяндау [4] деп етістіктің мағыналық-семантикалық ерекшелігін көрсетеді. Қазіргі лингвистикада етістікті сөзжасамға және түрлену жүйесін морфологияға қатысты деп бөледі. Бұл екі деңгей бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан сөз мағынасы көп аспектіде қарастырылып, талданылып жүр. Соған байланысты семантика мәселесі әр түрлі аспектіде терең талданатын әдістермен байланысты. Сөздің тұлғасы оның заттық жағы, сыртқы пішініне жатады. Тұлға бар жерде оның ішкі мазмұн, мәні де болатындығы белгілі. Сөздің лексикалық мағынасы түбірден көрінеді. Сөз тұлғаларын тудыратын қосымшалар көбіне грамматикалық мағына тудырады. Бірақ сөздікте берілетін бірліктер тек түбір тұлғалар емес, онда туынды түбір тұлғалар да, біріккен, кіріккен негіздер де, бір түбірден (ұядан) деривация арқылы туындаған парадигмаларда берілетіндігі белгілі. Демек, сөзді таза лексикалық категория емес, лексика-грамматикалық категория деп ұғынылады. *Лексикалық мағына – зат, құбылыс, сын* (қасиеттері), *оқиға, амал, әрекет, қимыл* т.б. атын білдіруге негізделумен сипатталады және олардың түрлі сипаттары да *лексикалық мағынаға негіз* болады. Қазақ тіліндегі әрбір түбір сөз – өз алдына толық мағыналы дербес сөз, лексикалық бүтін. Сөз тілдің, оның сөздік құрамының заттары мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, шындық өмірдегі қатынастартын атап білдіретін негізгі бірлігі, дербес бөлшегі болып табылады. Лексикалық жүйенің даралық қасиетке ие негізгі бірлігі (сөз) бола отырып, басқа сөздермен тіркесіп тарихи қалыптасқан ұғымдарды білдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Сөздің

осы қасиеті оның *лексикалық бірлік* екендігін көрсететін белгісі. Тілдегі сөздердің лексикалық бірлік болу сипаты, олардың құрылымдық ерекшеліктері сол тілдің семантикалық, грамматикалық белгілері арқылы анықталады [5, 64]. Солардың ішінде *етістік* – сөз таптарының ішінде құрамы мен өзіндік грамматикалық жүйесі күрделі, грамматикалық категория. Адам баласы таныған әлем бейнесін таңбалаушы негізгі құрал – тіл қозғалыстар мен қимыл-әрекеттердің қай түрінің көрінісін етістік сөздер арқылы береді. Шындық болмыстағы әрбір зат үнемі дамуда, қозғалыста болғандықтан, оны аталым ретінде білдіретін *түбір сөздердің* (етістіктердің) *ішкі мағыналық құрылымы* (ІМҚ-ВФС) мен ұғымдық мазмұнын ашудың, семантикалық және грамматикалық ерекшеліктерін анықтау маңызды. Табиғаттағы саналуан құбылыстар мен заттардың қимыл-қозғалысын таңбалаушы, кез келген әрекетті бейнелі сөзбен жеткізуші – етістіктердің тіл үшін, яғни адамдардың қарым-қатынаста бірін-бірі түсіну, ұғыну үшін зор мәні бар. Семантика көпдеңгейлі құрылымнан тұрады, бұл құрылымдар оның әр кезеңдегі тілдік көріністен хабар береді. Б.Қасым: «*Сөздің ішкі мағыналық* – сөздің түбірдің негізінде жататынң мағына-этимологиялық негізі [6, 165]. Сол себепті ғалым сематиканы – көпқырлы құбылыс деп есептеп, күрделі менталды құрылым ретінде оның компоненттеріне мағыналы мазмұнмен қатар, адамның белгілі бір субъект пен объектіге қатысты көзқарасын жатқызады да екнші бір еңбегінде «Сөздің уәжділігін табу арқылы номинативтік белгілер анықталады. Кез келген зат, құбылыстың т.б. ұғымы пайда болғанда, болмыстың ішкі қасиеттері сараланады, бағаланады, сонымен қатар аталымның ішкі мағыналық құрылымында соның негізінде белгілер сараланып, жаңа туынды сөздің ішкі мағына құрылымын құрайды. Демек, кез келген туынды сөздің жасалуында *негізділік, себептілік, қажеттілік* болуы шарт» екенін көрсетеді [7, 103].

Л.А. Араева, М.А. Осадчий: «Словообразовательное гнездо, основанное на семиотическом принципе метонимии (т.е. сближении в сознании человека образа-мотивирующего и образа-мотивированного в процессе познания мира), в строгом смысле раскрывает только одну сторону данного принципа, а именно сам факт сближения двух форм-образов» [8, 184-190], десе тілші М.Д. Чертыкова: «Зарубежными лингвистами часто применяется комплексный функционально-когнитивный подход, позволяющий выделить одну из групп глагольных предикатов и исследовать ее в аспекте функциональной и когнитивной соотнесенности. Полагаем, что правильное направление: именно соединение функционально-семантического и семантико-когнитивного аспектов анализа лексики позволяет изучить языковой материал в процессе функционирования (при производстве речи) и *составить полное представление о языке* (курсив – А.Қ.). Системность лексики любого языка наиболее ярко отражается в семантических группировках слов: семантические поля или классы слов, ЛСГ, синонимические ряды, которые являются эффективным инструментом изучения иерархической структуры и внутрисистемных отношений специализированной лексики.» [9, 24-25]. Тілшінің негізгі ұсынысы тілдік материалды қарастыруда сол тілдің жалпы табиғатын, мазмұнын түсіну үшін кез келген тілдің лексикалық жүйесіндегі семантикалық құрылымымын кешенді талдау, анықтау арқылы сол тілдегі сөздің семантикалық топтарын, семантикалық өрісін сарлаумен анықтау және сол тілдік бірліктерде көрініс табатынын көрсетеді. Сондықтан да тіл мен сөздің шындық өмірдегі қатынастары тіл бірліктерімен байланыста сипатталады: тіл – мәдениеттің негізі, құрылыс материалы (В.Н.Топоров), мәдениет құралы, рухтың қуаты (В фон Гумбольдт), *мәдениеттің көрінісі* (В.А.Маслова), *когнитивтік табиғаты* (Дж.Лакофф, Р.Лангакер, М.Минский), *когнитивті семантикасы* (В.Н.Телия, Н.Н.Болдырев), *сөзжасамдық мәні* (Е.С.Кубрякова), *когнитивті моделдеу* (Л.А.Араева, М.А.Кронгауз, М.А.Осадчий) *сөзжасамдық ұя қызметі* (А.Н.Тихонов, И.С.Улуханов, Н.Г.Юсупова), *сөзжасамдық семантика* (Л.А.Араева, Е.С.Кубрякова, М.Н.Янценецкая)т.б. Денотат пен сигнификат мағыналарына қысқаша түсінік пен сөздің денотаттық және сигнификаттық мағыналары туралы Ч.К.Огден мен А.А.Ричардс еңбегінде ұсынған семантикалық үшбұрышты пайдаланылған. Мұнда үшбұрыш көмегімен таңба (сөз), сол арқылы берілетін ұғым және объективтік шындықтағы зат (референт) арақатынасы бейнеленген. Тілдік таңбаның «ұғым» арқылы «затты» бейнелейтіндігі көрсетілген.

Лексикалық мағынада кез келген ұлттың қоршаған орта, әлем туралы түсінігі, білімі көрінеді. Қазіргі лингвистикада: *денотаттық мағына, сигнификаттық мағына, коннотаттық мағына, ауыспалы мағына, стильдік мағына* т.б. деп бірнеше мағынаға жіктеледі. М.Оразов: «Сөздің лексикалық мағынасының құрамында идеалды денотаттың толық енбеуі сөз мағынасының көлемінің бірде кеңейіп, бірде тарайып отыруына, сөздерді көпмағыналық қасиеттің дамуына бірден бір жағдай жасайды. Детонаттан басқа сөздің лексикалық мағынасының құрылымдық элементтерінің бірі болып сигнификативтік мағына саналады. Сигнификаттық мағына (бұдан кейін сигнификат) смантикалық үш бұрыштың жоғарғы В бұрышында орналасады да бір жағынан идеалды денотатпен, екінші жағынан ұғым

түсінігімен байланысып жатады. ... Егер байыптап қарайтын болсақ, *сигнификат* денотат та емес, сонай-ақ *ұғым* да емес. Денотаттан айырмашылығы сол – ой *субъектив қасиетке ие*. Екінші сөзбен айтқанда сигнификат нақтылы заттың белгісі мен түрлі қасиеттерінен қол үзген *идеалды денотатқа сүйенеді*» [10]. Идеалды денотат терминін алғаш ұсынған М.Оразов оның негізінде *таным* (гносеология) жатқандығын айтады [11, 9].

Ой, сана, ұғым (мағына) ***1-сызба***



Мағынаның құрылымы

Сызбадағы А бұрышы – *затты*, В бұрышы – зат туралы *ұғымды* (мағынаны), ал Д бұрышы – *сөзді* (таңбаны) көрсетеді. АВ қабырғасы зат пен ұғымның (ой-сананың) арасындағы байланысты, ВД қабырғасы ұғым (мағына) мен сөз (таңба) арасындағы байланысты көрсетсе, ДА қабырғасы *сөз* бен *зат* (құбылыс) арасындағы шартты байланысты көрсетеді. М.Оразов *мағына* мен *ұғымның* тең түспеуін көрсету арқылы теориялық жақтан семантикалық үшбұрыш сөз мағынасын талдау барысын көрсетеді. Осымен байланысты ойлау мен таңба мағына арасындағы байланысты проф. Б.Қасым: «Адамның ойлау әрекетінің негізінде жатқан білім қорындағы әртүрлі операциялардың жасалуы ауысуларға әкеледі. Бұл ауысулар сөздік қор арқылы таңбаланып, адамның қоршаған әлемді тану үлгілерін құрады. Метафораларда нысандар категориалық шектестігінің бұзылуы жаңа мағына, ұғымдардың туындауына жол ашады. ... Жоғарғы ассоциациялық ойлаумен жүзеге асатын бұл *когнитивтік үлгілерді* заттың ***қасиеті, белгісі адам*** деп шартты түрде суреттеуге болады» деп тұжырымдайды [12, 133]. Тіл мен ойлау, сөз бен ұғым арасында диалектикалық бірлік болғанымен, олар тең емес. Ұғым сөз мағынасына ұқсас құбылыс, ол ұқсастық – мағынаның да, ұғымның да ақиқат шындықтың санадағы бейнесі екендігі. Ал айырмашылығы – бірінің логика жүйесіне, екіншісінің – тіл жүйесіне тән болуы; сондай-ақ ұғымның мәні сөз мағынасымен салыстырғанда кең және жалпылау. И.А. Стернин: «образно сравнил слово с ключом, «открывающим» для человека концепт как единицу мыслительной деятельности и делающим возможным использовать его в мыслительной деятельности. Таким образом, исследование процесса создания нового слова позволяет строить комплексную коммуникативно-когнитивную модель речепроизводства» [13]. Тілші бейнелі салысту арқылы жаңа сөзді жасауда ойлау әрекетін негізгі кешенді коммуникативті-когнитвті модель қалыптастырудың мүмкіндігі екенін атайды. М.Жолшаева: «Адам – ақиқат болмыстың бір бөлшегі және сол ақиқат шындықты танушы субъект болып табылады. Адам – болмыстың тілдік бейнесін жасаушы. Ал ғаламның тілдік бейнесі ақиқат болмыстың санада сәулеленуі арқылы танылады» деп тұжырымдайды [14]. Демек, адам санасынла ұғымның қалыптасуында мынадай бір ерекшелікті есте ұстау қажет. Адам заттар мен құбылыстарды танып білуде өзінің жадында олардың ең басты айрықша белгілері сақтаған. Тіл тарихында, жалпы, туынды сөздердің пайда болуы, жасалу тәсілдері, тілдің байлығы болып саналатын сөздік құрамды қалыптастырудағы алатын орны, жаңадан пайда болған мағынаның бұрынғы мағынамен байланысы және т.б. секілді сөзжасамның өзекті мәселелері ерте кезеңнен сөз болғанымен, *семантикалық, функционалды-прагматикалық, когнитивтік табиғатын* жағынан топтап, тіл ғылымының заманауи бағытымен қарастыру проблемасы күн тәртібінен түскен жоқ. Осы жөнінде Е.С. Кубрякова «Когнитивная парадигма знаний позволяет по-новому взглянуть на понятие и языковое существование словообразовательной категории. Так, Е.С. Кубрякова уточняет признаки, которые лежат в основании различных классификаций словообразовательных категорий, обращая основное внимание на внутреннюю организацию этой единицы» [15] деп тұжырымдайды. Синхрондық зерттеулердің басты мақсаты – тілдің грамматикалық құрылымындағы, қалыптасқан жүйесіндегі тарихи өзгерістерді есепке алу, ондағы сан алуан тілдік құбылыстардың сырларын үнемі синхрондық зерттеулер аясында түсіндіру әрдайым мүмкін бола бермейді. Сондықтан да белгілі бір тілдік құбылысты синхронды талап тұрғысынан талдау кезінде олардың тарихына да, даму кезең-жолына да үңілу қажеттілігі туындайды. Тілші Б.Қасым ғылыми зерттеу жұмысында когнитивтік талдау тәсілі мен сөзжасамдық

семантиканы зерттеп саралау – жаңа бағыттардың бірі ретінде сөзжасамдық жүйенінің ішіндегі қозғалыс етістік бірліктерін *когнитивті моделдеу* арқылы қарастыру. Бұл қажеттілік сұраныс тілдің сөзжасам жүйесін толық кешенді зерттеуге мүмкіндік береді, сонымен бірге диахрондық зерттеулермен тілдің шығу тарихын білуге, түсінуге жетелейді. Бұл мәселені шешуде тіл білімде құрылымдық жүйе мен когнитивті бағыттағы қол жеткен жетістіктерді негізге ала отырып анықталады. Соның негізінде деривациалық бірліктер және олардың арасындағы арақатынасты, жүйелі сипаттама, яғни туынды сөзді (лексиканы) *әлемнің тілдік бейнесіні* мен әртүрлі *ақиқат үзіктерін* (фрагменттерін) адам санасында сәулеленуі мен бейнеленуінің қалыптасуына белсенді қатысатыны туралы нақты нәтиже алуға болады. Бұл ақпараттар тілдік таңбаны (туынды сөзді) бірнеше аспектіде қарастырудың негізін құрайды [16] деп дәлелдейді

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Кубрякова Е.С. О когнитивных основаниях словообразования //Актуальные проблемы современного словообразования: материалы Междунар. Науч. конф. / Под общей редакцией проф. JI.А. Араевой. – Кемерово, 2009. – 15-19 с.

2 Евсеева И.В. Диалогичность словообразовательного гнезда // Актуальные проблемы современного словообразования: материалы Междунар. Науч. конф. / Под общей редакцией проф. JI.А. Араевой. – Кемерово, 2009. – 201-206 с.

3 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.

4 Қасымова Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. Оқу құралы. – Алматы: Алматы мемелекеттікун-ті, 1996. – 110 б.

5 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы.Оқулық. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 264 б.

6 Қасым Б. Заттанған аталымдардың ішкі мағыналық құрылымы. // «Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік мұралары: дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конфернция материалдары. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдық мерейтойына арналған. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат», 2018. – 466 б. – 164-168 б.

7 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер: уәждеме және аталым. – Алматы, 2001. – 183 б.

8 Осадчий М. А. Гнездо однокоренных слов как динамичский фрейм // Актуальные проблемы современного словообразования: материалы Междунар. Науч. конф. / Под общей редакцией проф. JI.А. Араевой. –Кемерово, 2009. – 184-190 с.

9 Чертыкова М.Д. Семантическая структура многозначных ментальных глаголов в хакасском языке // Вестник Хакасского государственного университета им. Н.Ф.Катанова. № 10, 2014. Изд-во Хакасский государственный университет им. Н.Ф.Катанова. – 90-94 с.

10 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 213 б.

11 Оразов М. Семантикалық үшбұрыш // ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 2003, №3 – 6-10 б.

12 Қасым Б. Когнитивное моделирование словообразовательной системы сложного глагола тюркских языках. //Современный образовательный процесс и вопросы преподавания башкирского языка и литературы/ Всероссийской научно-методическая конференция посвященной 75-летию со дня рождения доктора педагогических наук, профессора Р.Г. Азнагулова. 18 марта 2016. г. Уфа. / Научное издание. РИНЦ. – 131-139 б.

13 Попова З.Д., Стернин И.А. Семантико-когнитивный анализ языка. – Воронеж, 2006. – 226 с.

14 Жолшаева М.С. Қазақ тіліндегі аспектуалды семантика: форма және мазмұн: филол. ғыл. док. ...диссертация (Қолжазба). – Алматы, 2009. – 301 б.

15 Кубрякова Е.С. Роль словообразования в языковой картине мира // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М., 1988.

16 Қасым Б. Лексико-семантические значения сложного глагола в тюркских языках. //Altay Communities Migrations and Emergence of Nations. – Istanbul, 2013. (Научный сборник). – 343-349 с.

МРНТИ 16.21.27

Ж.Нұрсұлтанқызы[1]
[1]*«Болашақ» университеті,*
Қызылорда қаласы, Қазақстан

ГЕНДЕРЛІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа

Мақалада гендерлік лингистиканың тіл білімінде зерттелуі сөз болады. Гендерлік лингвистика – әлеуметтік, этно және психолингвистикалық факторларды талап ететін көп қырлы ғылым саласы. Гендерлік лингвистика тіл білімінде жыныстарға қатысты сөйлеу үлгілерін зерттейтін ғылым. Тілдегі гендерлік ерекшеліктер мәселесі соңғы жылдары Қазақстандағы тілші, әдебиетші, социолог, психолог мамандарын қызықтырып жүрген, еркектік және әйелдік қасиеттердің қоғамда қалыптасуы, олардың қайнар көздері, олардың қалыптасуындағы әлеуметтік үдерістерді сипаттайтын аса күрделі үрдіс болып табылады. Қазақ тіліндегі гендерлік факторды зерттеу тарихи сипатқа ие. Гендер факторы қазақ ағартушы, зиялыларының еңбектерінде де жиі ескеріліп отырған. Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары антропоцентристік бағыттағы зерттеулердің арасында тіл мәселелерін гендерлік лингвистика аясында қарастырған зерттеу еңбектер көбейіп келе жатқанын айта кеткен жөн. Гендер әйел мен ердің әлеуметтік ортадағы, қоғамдық-мәдени орны мен рөлін зерттейді.

Түйін сөздер. Гендерлік лингвистика, гендер, конгнитивті лингвистика, концепт, антропоцентристік парадигма.

Нурсултанкызы Ж.[1]
[1]*Университет «Болашак»,*
г. Кызылорда, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ГЕНДЕРНОЙ ЛИНГВИСТИКИ

Аннотация

В статье рассматривается исследование гендерной лингвистики в казахском языке. Новое направление в лингвистике – лингвистическая гендерология, изучающая социальный пол, понятия «мужественность» и «женственность», – выявляет в межкультурном исследовании гендерные отношения в языке. Понятие «гендер» подчеркивает, что мужские и женские роли в обществе конструируются и определяются социально. Гендер проявляется в стереотипах, в речевом поведении, фиксируется в характере и накладывает отпечаток на поведение и на процесс языковой социализации. Гендерные стереотипы представляют собой культурно и социально обусловленные мнения о качествах, атрибутах и нормах поведения представителей обоих полов и их отражение в языке. Эти установки действуют на уровне кода, будучи составной частью менталитета этноса. Являясь сцецифическим способом существования культуры, коды культуры фиксируются в языковом сознании личности.

Ключевые слова. Гендерная лингвистика, конгнитивная лингвистика, концепт, антропоцентрическая парадигма.

Zh.Nursultankyzy[1]
[1]*University «Bolashak»,*
Kyzylorda, Kazakhstan

RESEARCH OF GENDER LINGUISTICS

Annotation

The article examines the study of gender linguistics in the Kazakh language. A new trend in linguistics – linguistic genderology, which studies the social sex, the concepts of «masculinity» and «femininity» reveals gender relations in the intercultural study in the language. The concept of «gender» emphasizes that the male and female roles in society are constructed and defined socially. Gender manifests itself in stereotypes, in speech behavior, is fixed in character and leaves an imprint on behavior and on the process of linguistic socialization. Gender stereotypes are culturally and socially conditioned opinions about the qualities, attributes and norms of

behavior of the representatives of both genders and their reflection in the language. These settings operate at the code level, being an integral part of the mentality of the ethnos. Being a specific method of existence of culture, culture codes are fixed in the linguistic consciousness of the individual.

Keywords: Gender linguistics, cognitive linguistics, concept, anthropocentric paradigm.

– сгущение фразы до одного слова-символа; расширение смысловой перспективы слова: *казахгейт, рахатгейт*;

– в словообразовании – появление новых синкретичных моделей словообразования, соединение разноязычных морфем, образование билингвального композита, например: *акимат, маслихат, муфтият* по аналогии с *протекторат, электорат*; *жолпол* – дорожная полиция – контаминация казахского слова и усеченного русского, *Шымкент-шоу* – контаминация казахского и английского слов;

– в синтаксисе неисконной речи – влияние законов синтагматики казахского языка, в частности для глагола – позиция в конце предложения: *Я вчера в библиотеке эту книгу нашла*.

Кроме изменений в подсистемах языка, происходит модификация орфографических, орфоэпических норм, что связано с билингвальной вариативностью, обязательными предписаниями нелингвистического характера: *Шымкент, Караганды*. Вариативность единиц не ограничена правилами, т.к. отсутствует региональная кодификация. До сих пор сосуществуют варианты названий жителей города Астаны (*астанинцы, астанчане, астанайцы*), колебания в квалификации грамматического рода существительного *тенге* – национальной валюты Казахстана.

Расхождения казахстанского РЯ с русским языком в России отмечаются в реализации коммуникативных норм, в стилистическом оформлении речи в диапазоне: билингвальная бикультурная речь, в которой соблюдаются языковые нормы, и билингвальное просторечие с нарушением норм одного или обоих языков. К последнему относятся: обращения к преподавателю: *агай, апай*, обращение к уважаемым людям с использованием гипокористики имени – *Саке, Маке*, обращение старших к детям – *балам*, разговорно-просторечные обращения – *баурым – братан, келинка – сноха, жаным – душа моя, айналайын.* Молодежный сленг в Казахстане развивается на базе трех языков – русского, казахского, английского, казахизмы в нем используются как элемент языковой игры. Например: *махабатизейшн* (от каз. махаббат – любовь) – любовь, *звезда болмашы* – не воображай из себя звезду.

В прагматическом плане культурное влияние имеет следствием:

– актуализацию таких языковых средств, которые не задевают достоинства и самолюбие собеседника;

– региональные коммуникативы, например, русскому *то да сё* (разное, всякое) соответствует казахстанское *анау-мынау*;

– соблюдение требований политкорректности: разрешенные и запрещенные темы разговора; как правило, не затрагивается в обыденной полиэтнической коммуникации национальный вопрос, поскольку часто он вызывает обиду, несогласие с какими-либо утверждениями любой из сторон; традициями

мусульманской культуры накладываются ограничения на использование бранной лексики, инвектив (конечно, это не абсолютное условие), сферы интимных отношений;

– изменение коммуникативных тактик – употребление казахских слов приветствия в русской речи (салем, салам), сопровождаемое казахским рукопожатием (обеих рук), прощания (хош);

– аксиологические предпочтения;

– формирование новых моделей общения, обусловленных принципом толерантности;

– корректировку правил употребления языка как условие более тесного контакта культур.

В лингвокогнитивном плане предметом исследования становятся казахские эндемические нравственные концепты и их обозначение в русскоязычном дискурсе, например, *айналайын, асар*.

Неадекватность когнитивных значимостей лингвокультурем России и Казахстана – одна из причин употребления в русском тексте казахской лексемы. Примерами могут служить слова *той* – праздник, застолье, *ас* – поминки и др. В такой субституции наблюдается отход от одних стандартов и утверждение других, это естественная эволюция речи, когда проявляется «когнитивизация» средств языка для выражения определенных концептов и понятий. Задача лингвистов – фиксировать яркие диагностирующие пятна.

Эти особенности казахстанского РЯ познаются в сравнении с другими ситуациями в постсоветских странах, например, в Украине. Мы берем примеры из украинского языка, потому что именно они убедили ученых в том, что формируется вариант РЯ. Прежде всего, разговорный РЯ в Украине характеризуется особенностями, затрагивающими все языковые уровни: фонетико-фонологический, просодия, лексика, морфология и синтаксис. В докладе Гаудио и Ивановой приводятся примеры таких черт:

– произношение фрикативных *god*/t – *hod*; ударение – укр.-рус.: *ponjala* – рос.-рус.: *ponjala;*

– морфемное варьирование: укр.-рус: vypravit' // рос.-рус: ispravit': укр.-рус: *Губернатор Днепропетровщины принял решение разобраться в сложившейся ситуации и выправить ее*;

– синтагматическое варьирование: укр.-рус: proizošli neskol'ko avarij // рос.-рус: proizošlo neskol’ko avarij;

– употребление предлогов: укр.-рус: priobretena za sredstva // рос.-рус: priobretena na sredstva [7].

Таким образом, авторы в украинском варианте видят фонетическую, морфологическую и синтаксическую вариативность. Выводы сделаны на основании анализа текстов восьми газет по темам политики, социальной, культурной жизни за пятилетний период. При этом исследователи замечают, что научные публикации не дают примеров вариативности [7].

Можно предположить, что имеются в виду ошибки в речи, прежде всего билингвов, из-за незнания норм. Но их повторяемость служит основанием для выводов о новых узуальных нормах РЯ в данном регионе.

В сравнении дифференциальных признаков русской речи в Украине и Казахстане отмечаем большее изменение в системе в украинском варианте. Изменения в казахстанском варианте в большей степени касаются прагматических норм. Лингвистический аспект исследования вариантов единого языка предполагает обращение не только к нормам системы, но и к нормам употребления. Описание последних должно быть упорядочено.

Список использованной литературы:

1 Малеча Н.М. Уральские казаки и их диалект // Ученые записки Урал. Госпединститута. – 1956. – Т.3, вып.II. – С. 235-290.

2 Стрелкова Е.Н. Переселенческий южнорусский говор Верхне-Убинского района Восточно-Казахстанской области в среднерусском окружении: дисс. … канд. филол. наук. – М., 1954. – 157 с.

3 Скибина М.П. Заимствования из казахского языка в русских говорах казахстанского Прииртышья: автореф.…канд. филол. наук: спец. 10660. – Алма-Ата: КазГПИ, 1971. – 26 с.

4 Шайбакова Д.Д. Формирование единой системы понятий и их обозначений в новую эру // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, Серия филологическая, №1 (147), 2014. – С.37-44

5 Шайбакова Д.Д. Функционирование русского языка в Казахстане: вчера, сегодня, завтра. – Алматы, 2015.

6 Журавлева Е.А. К проблеме национальной вариативности языков: особенности развития русского языка в Казахстане // Информационно-аналитический центр // http://ia-centr.ru/expert/4124/ ***19.03.2009.***

7 Gaudio S., Ivanova O. Variation in the non-dominant variety of Russian in Ukraine: extralinguistic and intralinguistic perspectives // http://www.academia.edu/11318463/Variation_in_the_non-dominant_variety_of_Russian_in_Ukraine_extralinguistic_and_intralinguistic_perspectives 20.06.2016.

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERATURE

МРНТИ 17.09.91

Б.Ө.Сманов[1], Ш.Құттыбаев[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МЕН ӘДЕБИ-КӨРКЕМДІК БАЙЛАНЫСТАР

Аңдатпа

Мақалада қазақ-қырғыз әдебиетіндегі тақырыптық, идеялық-көркемдік- және сюжеттік байланыстар туралы тың ойлар айтылады. Сонымен қатар бауырлас қырғыз халқының салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тұрмысы ғана емес, әдебиеті мен мәдениеті де қазақ халқымен сонау атам заманнан тығыз ұштасып жатқаны дәлелденеді. Қырғыз халқының атақты «Манас» жырында екі халықтың тағдыры бір арнада тоғысып, той-думанда да, ортақ жаумен күресте де біріне-бірі қол ұшын созып жататыны жан-жақты көрініс тапса, Ш.Айтматов шығармашылығының көпшілігі қазақ тақырыбын қамтиды.

Сондай-ақ мақаламызда қырғыз халқының заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесі мен қазақ халқының ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесіндегі психологиялық тартыстар мен көркемдік аспектілер және олардағы ұқсастықтар талданады. Адам жанының нәзіктігі мен қайсарлығы турасында айтылған ғылыми тұжырымдарды сүйене отырып, Жәмила мен Қаракөздің образы жан-жақты талданған.

Түйін сөздер: психологиялық параллелизм, әдеби байланыс, сюжет, композиция, көркемдік.

Сманов Б.У.[1], Куттыбаев Ш.[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

НАЦИОНАЛЬНАЯ ИДЕЯ И ЛИТЕРАТУРНО-ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ СВЯЗИ В КАЗАХСКО-КЫРГЫЗСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация

В статье дается представление о тематических, идеологических, художественных и сюжетных ссылках в казахско-кыргызской литературе. В то же время традиции, обычаи, этические нормы, литература и культура братского народа Кыргызстана тесно связаны с казахским народом. В знаменитом эпосе Манаса кыргызского народа судьба двух народов является единственной в своем роде, переплетённой одними традициями свадебных обрядов и общими врагами, в то время как большая часть творчества Ч. Айтматова охватывает казахскую тему.

Также в нашей статье анализируются психологические противоречия и художественные аспекты романа Чингиза Айтматова «Жамиля» и великого писателя казахского народа Мухтара Ауэзова в романе «Неописуемая красота» и сходства в них. Основываясь на научных выводах о человеческой нежности и твердости, подробно проанализирован образ Жамиля и Каракоза.

Ключевые слова: психологический параллелизм, литературные связи, сюжет, композиция, художественность.

B.Smanov[1], Sh Kuttubaeb[1]
[1]Abai Kazakh National Pedagigical University,
Almaty, Kazakhstan

THE NATIONAL IDEA AND LITERARY AND ART COMMUNICATIONS IN THE KAZAKH AND KYRGYZ LITERATURE

Annotation

In article thematic, ideological and art and subject communications in Kazakh-Kyrgyz literatures are considered. Proofs of the brotherly relations of the Kyrgyz and Kazakh people are not only provided in traditions and customs, but also in features of national culture.

In the unique Kyrgyz epos "Manas" the description of history of two people closely adjoin.

And also in article the similarity of psychological and ideological and art aspects in stories by the Kyrgyz writer Chinghiz Aitmatov of "Zhamil" and stories by the Kazakh writer Mukhtar Auezov "Қаралы сұлу" is analyzed. Scientific conclusions about such human qualities as tenderness as diligently as always - friendship and good-neighborliness and courage inherent in images Zhamili and Karakoz were compared.

Keywords: psychological parallelism, literary connections, plot, composition, artistry, etc.

Көркем әдебиеттің ең маңызды құндылықтарының бірі – әртүрлі ұлттар әдебиетіндегі өзара байланыс. Өйткені кез келген әдебиет пен мәдениет тұйық кеңістікте тек қана ұлттық мүдде аясында ғана дамымайды. Ол үнемі өзге халықтардың мәдениетімен үндесіп, тығыз байланысуға ұмтылатыны заңды құбылыс. Себебі әдебиеттің дамуына жанрлық және көркемдік ерекшеліктерінің одан әрі қанат жаюына ұлттар арасындағы әдеби байланыстың қосар үлесі орасан. Тарихтан білетініміздей ежелден бір-біріне етене жақын орналасқан мемелекеттерде тек қана сауда-экономикалық байланыс жасалып қана қоймай, екі елдің мәдениеті мен әдебиеті де өзара жақындасып, үндесіп, өркениеттің дамуына өзара әсерін тигізіп жатты. «Әлемнің екінші ұстазы» Әл-Фарабидің, сонымен бірге М.Қашқари, А.Яссауи және т.б түркі ғұламаларының еңбектері шығыс пен батыс арасында мәдениеттің алтын көпірі болды десек артық айтқандық емес. Қазақ ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры мен парсы халқының атақты ақыны Фердоусидің «Шахнама» дастанындағы сюжеттік байланыстар мәдениеттер арасындағы үндестік әріде жатқанын аңғартады. Кешегі қазақтың бас ақыны ұлы Абайдың шығармаларында, Шәкәрімнің толғауларында кездесетін шығыстық мәнер де әдеби және мәдени байланыстың ықпалы деуге толық негіз бар. Әдеби байланыс туралы академик М.Б.Храпченко «Әр түрлі дәуірлерде және әртүрлі елдерде өмір сүрген жазушылар шығармаларындағы ұқсастығы соның ішінде сюжеттік оқиғалардың қайталанатыны, әртүрлі жазушылардың көркем образындағы жақындық және де жекелеген әдебиеттердегі тамыры терең байланыстар кіреді» (1, 246) десе, «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» «Әдеби байланыс – ұлттық әдебиеттер арасындағы көркемдік дәстүрлер жалғастығы, ықпалдастығы. Әдеби байланыс нышандары жазушының қалыптасқан әдеби дәстүрлерге табан тіреуінің нәтижесінен, сондай-ақ тамырлас әдебиеттер арасындағы ұқсастықтан туындайды» деген (2). Яғни бір ел мен екінші елдің өзара мәдени және әдеби байланысы әдебиетті дамытып қана қоймай, халықтар достығына дәнекер болуға мүмкіндік туғызады. Біз бұны Шоқан Уәлихановтың, Ы.Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың, М.Әуезовтың және тағы басқа қазақ жазушыларының өзге елдердің ғалымдарымен, қаламгерлерімен арасындағы достығынан аңғарамыз. Кешегі Кеңес Одағы кезінде де халықтар арасындағы достық пен татулықтың артуына көркем әдебиеттің ықпалы зор болды. Жер-жерлерде әдеби он күндіктер ұйымдастырылып, жазушылардың етене араласып, құнды дүниелер алмасуының арқасында халықтар арасындағы достықтың тамыры тереңдей түсті.

Президент Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық еңбегінде «...Біз алдағы бірнеше жылда гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден қазақ тіліне аударып, жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасаймыз» (3) деген тұжырымы Елбасымыздың әлемдік мәдениетті жете меңгеріп, тек татулық пен достықты ту ететін халық болуымыз керектігін ұғындырса, «Ер достығы – егіз, Ел достығы – теңіз», «Екі ердің достығы бір белден асырады, екі елдің достығы мың белден асырады» деген халық даналығы осы тұжырымды толықтырғандай.

Әлем әдебиеті біріне-бірі тек жанрлық жағынан ғана емес, мазмұны мен оқиға желісінде өзара үндестік тауып, идеялық және көркемдік жағынан да тоғысып жатуы мүмкін. Өйткені қандай да бір көркем туынды болмасын белгілі бір өмірде болған шынайы оқиғаның көркем нұсқасы. Өмірде болған оқиғаны арқау еткен көркем туындыға әр елде өмір сүретін әрбір жазушы әрқалай көркемдік шешімін беруі мүмкін. Алайда, сол жазушылар басқа елде әр тарапта өмір сүрсе де, олардың кейбір туындылары

идеялық немесе тақырыптық жағынан ұқсастық тауып, үндесіп жатады. Осындай ұқсастық пен байланысты көркем шығармаларды оқи отырып аңғарсақ, дана халқымыздың «әдебиет пен мәдениетте, өнер мен музыкада шекара болмайды» деген сөзі қалай тауып айтылған деген ойда қаламыз.

Кешегі ХХ ғасыр біздің қазақ халқы үшін әдебиеттің «алтын ғасыры» саналды. Өйткені, осы дәуірде біздің әдебиетіміз сан түрлі жанрлармен толықты. Бұл жерде, әрине, орыс және әлем әдебиеті мен мәдениетінің ықпалынан өріс алғаны шындық. Десе де, бұл біздің әдебиетіміз өзге әдебиеттердің көшірмесі деген ұғымды білдірмейді, сол өзге елдің көркем туындыларымен таныса отырып, ұлттық құндылықтарымызды жан-жақты қамтыған, жаңаша мазмұндағы, әлемдік өркениетке елімізді таныта алатын әдебиеттің мол мұрасы дүниеге келді. Өзіміз білетіндей, ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қазақтың қалам ұстаған қайраткерлері бірінен соң-бірі әйел тақырыбында көлемді-көлемді романдар жазды. Мұндай үрдіс орыс әдебиетінде де орын алды. Айталық біздің әдебиетімізде өткен ғасырдың басында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Спандияр Көбеевтің «Қалың мал», Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек», Бейімбет Майлиннің «Шұғаның белгісі» секілді басқа да жаңа көркем туындылар дүниеге келді. Дегенмен, бұл романдар тақырыптары мен негізгі кейіпкерлері, оқиғаның болған жері бөлек болғанымен негізгі ойы мен айтар идеясы ұқсас. Мұндағы көтерілген мәселесі «әйел теңсіздігі», қазақ қоғамындағы іріп-шіріген ескіліктің сарқыншақтарын ашық суреттеу болғанын шығармалардың өздері де айтып тұрғандай. Бұл туындыларда жазушыларымыздың барлығының да негізгі идеясы мен айтар ойы өзара үндесіп, бір-бірімен тығыз байланысып жатыр. Әйтсе де, осы жазушыларымыздың арасында тек қазақ халқы ғана емес, әлем халқы мойындаған, ұлы классикалық туындыларды дүниеге әкелген кемеңгер жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесінде жазушы негізгі кейіпкерді суреттей отырып, әйел психологиясына, әйел жанына тереңдей енгенін аңғарамыз. Бұл шығарма адамның нағыз шынайы өмірін, ешқандай бүкпесіз, әсірелеусіз көркем тілмен жеткізген. Әңгімедегі негізгі идея таптық тартыстың немесе әділдік пен әділетсіздіктің, жауыздық пен адамгершіліктің арасындағы күрес емес, бір адамның бойындағы физиологиялық және психологиялық өзгерістер төңірегінде өрбиді.

Бұл жөнінде белгілі әдебиеттанушы ғалым Б.Майтанов «Психология – сөз өнерінің тектік белгісі. ...Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудегі амал-тәсілдерінің жиынтығы»(4) деп баға берсе, А.Ысмақова «Психологиялық шығарма – адамның сезім күйін, толғанысын, қуаныш-қайғысын барлық қайшылығымен, «жан-дүние диалектикасын» терең ашып бейнелеудің үлгісі» деп көрсетеді. (2). Осы тұрғыдан алғанда М.Әуезов өз кейіпкерінің жан дүниесіндегі ішкі тартысты шебер суреттеген деп айта аламыз. Жазушының бұл еңбегінде де халықтың тұрмысы, ру арасындағы айтыс-тартыстар суреттелгенмен, негізгі идея басқалардың көлеңкесінде қалып қоймайды. М.Әуезовтің осы туындысынан қырғыз-қазақ халқының ортақ жазушысы, өзінің өмірінің соңына дейін қазақ елін өз елімен тең дәрежеде құрметтеген қырғыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» повесінің сюжеттерімен өзара үндестік пен жақындықты аңғарамыз. Қазақ пен қырғыз халықтары түбі бір туыстас түркі халықтарының ішіндегі бір-біріне ең жақын халықтардың бірі екенін айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың өзі әр сөзінде бізге Орта Азия халықтарының ішіндегі ең жақыны, ауылы аралас, қойы қоралас болып ежелден бірге күн кешіп келе жатқан халық – қырғыз халқы екенін, қазақ пен қырғыз әр уақытта ынтымағы мен бірлігі жарасқан ел болуы керектігін үнемі айтып келе жатса, қырғыздың белгілі әдебиеттанушы ғалымы, академик Абдылдажан Ахматалиев «Шығыс халықтарының әдебиетінде бірінші қатарда тұрған авторлардың қатарында біз Мұхтар Әуезовпен бірге Ш.Айтматовтың есімін атаймыз. Мұхтар Әуезов пен Шыңғыс Айтматовтың шығармашылық байланыстары екі бауырлас халықтың риясыз достығының дәлелі», – деп пікір білдіреді.

Көрнекті ақын Әбділда Тәжібаевтың екі ел туыстығына арналған мынадай бір шумақ өлеңі бар:

«Басыма кидім ақ қалпақ,
Айырлап шетін жырғызған.
Менің де бетім жап-жалпақ,
Айырмам қайсы қырғыздан» (5)

– деген шумақтан көріп отырғанымыздай, қазақ пен қырғыздың түрі мен тілі ғана емес, қан мен жан, рухани ұқсастығын, түбір бір бауырлас халықтар екендігін мұнан артық келістіре суреттеу мүмкін емес шығар. Шынында да, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы, мәдениеті мен әдебиеті, ұлттық музыкасы жақын, ұқсас екі халықтың әдебиетінде де алшақтық болмайтыны айтпаса да түсінікті. Сонау көне дәуірдегі «Манас» жырында қазақтың Ер Көкше, Ер Қосай және Ертөстіктің де жүруі ағайынды екі елдің байланысы сонау ертеден-ақ басталғанын дәлелдейді. Ш.Айтматовтың әлемдік әдебиеттен өз орнын

алған көркем туындысы «Жәмила» повесінде де әйелдің жан сыры мен адам бойындағы психологиялық тартыс өте шебер суреттелген. Шығарманы оқи отырып, дана халқымыздың «Жүрекке әмір жүрмейді» деген сөзі еске түседі. «Жәмила» повесінде оқиға суретшінің сомдаған портретімен басталып, сол портреттің қалай дүниеге келгенін тарқатып айтумен әрі қарай дамиды. Бұл шығарма да кешегі 1941 жылғы барлық адамзат баласын өзінің асқақ армандарынан айырған Екінші дүниежүзілік соғысқа күйеуі Садықты аттандырып, бар шаруаны өз мойнына алып қалған ауыл әйелдерінің бірі – Жәмиланың тағдыры баяндалады. Жазушы өз кейіпкерін өр мінезді, ешкімге оңайлықпен есесін жібере қоймайтын жан ретінде бейнелесе де, ол да өз сезімін тұсай алмай күнәға батады.

Осы арада М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесінің мына жолдары еске түседі.

«...Қарагөз барлық үмітті, жастық дүниесін көрге көмді. Ол Мұқаштың тілеуін тілеп, енді ерге тимейтін тұл қатын болып отырып қалуға өзіне-өзі серт етті»,(6) десе де, ол өзінің бойындағы жастықтың алаулаған албырт сезіміне тұсау сала алмайды. Шығармада Қарагөздің күндіз басқа, түнде басқа адам кейіпіне енгенін аңғарамыз. Күндіз өзін қанша сабырға, ақылға жеңдіргенімен, түндегі қара түнекті мекен еткен азғын ойлардың жетегінен де шыға алмай арпалысады. Әдебиеттану ғылымы көркем әдебиеттегі адамдар арасында болатын тартыстың бір адам бойында болуын тұлғаның екіге жарылуы ретінде қарастырады. Бұл әңгімедегі сюжет дәлме-дәл қайталанбаса да, осы секілді жайт Ш.Айтматовтың «Жәмила» повесінде де көрініс тапқан. Күйеуі соғысқа кеткен келіншектің ең басында ешнәрсемен ойы болмаса да, кейіннен соғыстан келген, туыстық жағынан бұл ауылға бөтендеу Данияр деген жігітке ғашық болуы шығарманы шиеленістіре түседі. Бұл шығармада Жәмила басында соғыстағы күйеуінен келген хатты оқығанда жұртқа білдірмегенімен өзінің бетінің дуылдап қызарғанынан, күйеуіне деген сағыныш былай суреттеледі:

«...Осман тиісе бергендіктен Жәмила оның семек қолын жақтырмай сілкіп тастады да, көлеңкеде жатқан жерінен ұшып тұрып:

– Кетші әрі! - деді онан сырт айналып. – Азынаған айғырлар, сендердің қолдарыңнан не келеді дейсің!

Маяның түбінде екі аяғын екі жаққа жіберіп жамбастап жатқан Осман сілекейленген көнтек ернін қисайтып:

– Мұрныңызды шүйірмей-ақ қойыңыз! Кесірленіп не қыласың, көзің қарауытып, өлгелі жүрсің ғой...

Жәмила бұрылып:

– Өлсем өліп жүрген шығармын – құдайдың басқа салғаны?! Маңдайымызға жазғаны осы болса қайтеміз. Сен, ақымақ, оған несіне күлесің, оның несін табалайсың. Көзім қарауытпақ түгілі мың жыл солай өтсем де, сен сияқты сілімтікке түкірмеймін де! Ақымақсың, баяғыдай тыныштық заман болса, көрер едім сенің осылай айтқаныңды» (7), деп ашулануы тек Османға ғана емес, өзін осылай жалғызсыратқан заманға да айтқан қарғыс сөзі секілді көрінеді. Соғыстың ауыр зардабы жас балалар мен әйелдерге тиеді дегендей, сол соғыстың зардабын тартқан талай өрімдей жастардың арман-мұраты су сепкендей басылып, талай отбасының жаққан оты ерте сөнді. Соғыстың зардабы Жәмиладай талай келіншектің өмірін басқа арнаға бұрып жіберді.

М.Әуезовтің «Қаралы сұлу» әңгімесі Қарагөздің жан арпалысына түсіп күйзелуі мен қайғы-мұңы қазақ арасындағы барымташылық ұрыстың зардабынан болады. Әзімхан сол барымтада өледі, артында қалған ру ақсақалдары оның құнын төлеттіріп алады, бірақ мұның бәрі Қарагөздің қайғысын жеңілдеткен жоқ. Ұзақ жылғы жалғыздық пен жан азабынан құтылғысы келіп қанша тырысқанымен де ол азап артынан қалмайды. Себебі, жалғыздық күйін кешкен адам өзіне жан рахатын сыйлар жанды іздеп аласұрады. Бұл жайт шығармада:

«...Төсекке жатысымен қараңғылық қайта орнады. Қаралы күңгірт көңілді, күндізгі көрген сурет неше түрлі қызылды-жасылды пішінге мініп келіп, мазақтап қинай бастады. Әрбір жаңа сурет жаңа келген азаптай жанды қысып, жүректі инемен шабақтағандай болды. Біресе үстіне, барлық денесіне ауыр салмағын салғандай. Шыдам біткендей... жүрек езіліп бара жатқандай. Қарагөз көрпесін сілкіп тастап, қатты күрсініп дауыстап:

– Алла-ай, тұншықтым ғой!.. Құдай-ау, мұнша неге сорлы еттің?! – деп қайнап қызған қанмен, қайда барарын білмесе де, үйден атқып шығып кетті.» (6) деген жолдар Қарагөзді түнгі жетелеген ойлары оның күнә жасауына себеп болды. Ол қанша тырысқанымен өзінің жаны тәнін сақтап қала алмады... Ал «Жәмила» повесінде де тәкаппар келіншектің Даниярға құлай ғашық болуы оның да ұзақ жылдарғы күйеуіне деген сағынышына ем болғандай. Жәмила да бірден Даниярға құлай кеткен жоқ, ол да өзінше әуре-сарсаңға түсті. Тіпті керек болса бригадирден енді қайтып өлсем де арба айдамаймын деп

сұрануының өзі оның мезгілсіз келген ғашықтық дертінен арылғысы келгенін байқатады. Содай-ақ Жәмиланың Даниярға:

«– Сен не, ештеңе түсінбейсің бе? Әлде менен басқа қыз-келіншектер дүниеде құрып қалып па?-деді.

Данияр төмен қарап, үндемеді.

– Маған да оңай дейсің бе? – деді Жәмила ауыр күрсініп»,(7) – деген жолдардан оның да іштей жан-дүниесі арпалысқа түсіп, өзіндегі буырқанған бұла сезімді қалай ауыздықтарын білмей жатқанын аңғартады. Кешегі бүкіл ауылдың аузынан суы құрып артынан жүрген жігіттеріне қарамаған қайран Жәмила ешқандай ағайын-туысы жоқ, өз күнін әрең көріп жүрген жарлы жігіттің етегінен ұстап кете барады... Осы аталған шығармаларда кейіпкерлердің өз бойындағы психологиялық және физиологиялық тартыста адамның еп пен сүйектен жаралған пенде екенін аңғартады.

Бұл шығармаларда авторлар адам жаны мен табиғат құбылыстарын бір-бірімен көркем ұштастыра алған. Мәселен, М.Әуезов: «...елсізде жалғыз өзі жүз толғанып жырлаған бұлбұл Қарагөздің ұзақ жылғы қайғысы мен табиғаттың иесіздігін жырлағандай» (6) деп, иесіз табиғат пен жаны жабырқау Қарагөзді қалай ұштастырса, Ш.Айтматов «...Жауын да, найзағайлардың жарығы да сабанның астына, менің жатқан жеріме жетіп жатты. Жәмила мен Даниярдың сыбырласқаны ма, әлде жауынның сабанға тасырлап тигені ме?

– Міне, енді күн жауа береді, күз келді деп жаттым мен өзіме» (7), – деген жолдары арқылы автор бұрынғы ашық мінез, жайдары Жәмиланың өзгергенін жайма-шуақ жаздың жылуы кетіп, күздің келуімен шебер ұштастырады.

Шын мәнінде, Мұхтар Әуезов те, Шыңғыс Айтматов та бұл шығармаларында Қарагөз бен Жәмила да періште емес, пенде, тіршілік иесі, тірі адам екенін, сондықтан өз сезімдері алдында дәрменсіз болғанын ашып көрсетіп, сол арқылы табиғаттың заңды құбылыстарын дәлелдеп береді. Бұл жерде өз өмірін басқа арнаға бұрған екеуі де кінәлі емес. Олар өз заманының құрбанына айналған жандар. Қарагөздің күйеуі барымтада өлмегенде, Жәмиланың жолдасы соғысқа аттанбағанда, бәлкім, екеуі де өз шаңырағының иесі, отбасының ақ жаулықты анасы болып отырар ма еді? Халқымыздың «Адамның дегені емес, Алланың дегені болады» дейтін даналық сөзі осыдан да шығар?!

«Ф.Достоевский «Жазушының суреткер ретінде танылуы оның жақсы жаза алғандығының белгісі» (8), – деп айтқандай, Мұхтар мен Шыңғыстың бұл туындылары қазіргі таңда да өміршеңдігін жоғалтқан емес, болашақта да солай болып қала бермек.

Қорыта келгенде, туыстас халықтар әдебиетіндегі мазмұн мен ой сәйкестігінен, олардың ізбе-із бірін-бірі қайталауы емес, керісінше бауырлас халықтардың олардың тағдыр-талайының, тұрмыс-салтының, мәдениеттерінің өзара ұқсастығы деген тұжырым жасауға болады. Тегінде ұлттар арасындағы әдеби және мәдени байланыстар олардың рухани құндылықтарын байыта түсуге ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Храпченко М.Б. Творческая индиввидуальность писателя и развитие литературы. – Москва, 1975. – 388 б.

2 Әдебиеттану терминдер сөздігі – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 397 б.

3 Назарбаев Н Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – «Ақиқат» №5, мамыр 2017. – 4-13 бб.

4 Таңжарықова А. Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы: Service Press, 2016. – 260 б.

5 Сманов Б. Арналы ағыстар. – Алматы: Ұлағат, 2017. – 402 б.

6 Әуезов М. Әңгімелер мен хикаяттар. – Алматы: Ан-Арыс, 2009. – 399 б.

7 Айтматов Ш. Шығармалары. – Астана: Аударма, 2005. – 499 б.

8 Нурамбаев Ж.Ә. Кекілбаевтың «Шыңырау» повесіндегі уақыт пен кеңістік// Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы, №1(63), 2018. – 133-138 бб.

МНРТИ 17.71.07

Т. Қадылұлы[1]
ҚХР Орталық ұлттар университеті,
Бейжің қ., Қытай Халық Республикасы

ҚАЗАҚ МИФТЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қазақ мифтерінің жанрлық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Мұнда, қазірге дейін миф ұғымның әлі бір ізге түспеген жүйесіздігі, теориялық мәселелерінің толық қарастырылмағаны айтылады. Қазақ мифтерінің теориялық жағынан зерттелмей келуіндегі бір себеп: исламдық идеялогия өте арыдан келе жатқан түркілік танымды, қазақ халқының ата танымы, салт-дәстүрі, жора-жосындарын түгелдей исламдық таным бойынша өзгертілгені сөз етіледі. Әсіресе, қазақ мифтерінің фольклордың бір жанры ретінде қаралып, кешенді зерттелмеуі осындай қоғамдық жағдайлардың әсері екендігі баяндалады. Сонымен бірге, қазақ халқының табиғат құбылыстарына, аспан денелеріне өздерінің шаруашылық өміріне байланыстыра отырып ат қойып, өзінше тұсынуынен қазақ мифтерінің де бір ерекшелігі көрінетіндігі айтылады. Мақалада қазақ мифтерінің аңыз-ертегілердегі, салт-дәстүрдегі көріністері нақты мысалдар арқылы талданады. Әрі мифтанушы ғалымдардың қазақ мифтері туралы пікірлері де беріледі. Қазақ мифтерінің өзге халықтардың мифтеріне ұқсамайтын кейбір ерекшеліктері де қарастырылады. Мақала соңында, қазақ мифтерінің теориялық мәселелерін қарастырудың маңыздылығы айтылып, көзқарас түйінделеді.

Түйін сөз: Қазақ мифтері, жанрлық ерекшелік, зерттелу жағдайлары, теориялық мәселелері.

Khadiluly T.[1]
[1]*Minzu University of China,*
Beijing, PRC

THE GENRE FEATURES IN KAZAKH MYTHOLOGY

Annotation

In this paper, the author studies the feature of Kazakh mythology in every aspect and mentions the conception of myth that has not been researched in theory. The main reason why the mythology in Kazakh literacy has not been studied yet is related to Kazakh traditional notion that had been changed by Turkic traditional belief. And the author also shows another cause that the Kazakh myth has not been studied systematically is the social situation that people are leaving a Turkic style life .meanwhile, there are more explanation of the Kazakh myth in this article and it is close related to Kazakh people's understanding of the nature .In their nomadic life , Kazakh people could name any natural phenomenon ,so the original notion of myth in Kazakh life is forming gradually. There are three key points in his article that the author interpreted clearly. Firstly ,author analyses Kazakh myth by quoting instances in Kazakh folk stories . secondly ,more evidences which are in other researchers' work of Kazakh mythology are given to explain the author's idea clearly. Finally, author emphasizes the significances of studying Kazakh mythology. In the end , author concludes his chief messages thoroughly.

Key words: Kazakh mythology ;genre feature ; studying situation; theoretical problem

Кадылулы Т.[1]
[1]*Университет Минзу,*
Пекин, КНР

ЖАНРОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКОЙ МИФОЛОГИИ

Аннотация

В этой статье автор изучает черту казахской мифологии во всех аспектах и упоминает концепцию мифа, которая не исследовалась в теории. Основная причина, почему мифология в казахской грамотности еще не изучена, связана с традиционным казахским понятием, которое было изменено тюркскими традиционными убеждениями. И автор также показывает еще одну причину, по которой казахский миф не изучался систематически, - это социальная ситуация, когда люди покидают тюркскую жизнь. Между

тем в этой статье больше объясняется казахский миф, и это тесно связано с казахстанским понимание природы. В своей кочевой жизни казахский народ мог назвать любое природное явление, поэтому постепенно формируется первоначальное понятие мифа в казахской жизни. В его статье есть три ключевых момента, которые автор толковал. Во-первых, автор анализирует казахский миф, цитируя примеры в казахских народных историях. во-вторых, больше доказательств, которые находятся в работе других исследователей казахской мифологии, дается, чтобы ясно объяснить идею автора. Наконец, автор подчеркивает значение изучения казахской мифологии. В конце концов, автор полностью завершает свои главные сообщения.

Ключевые слова: казахская мифология, жанровая особенность; изучение ситуации; теоретическая проблема

Бұл күнге дейінгі зерттеу материалдары қазақтың мол мифологиялық дүниелерінің бар екендігін дәлелдеді. Бізде көбінесе мифтерді өз алдына дербес жанр ретінде емес, фольклордың аясында аңыз-ертегілермен бірге қарастырып келгеніміздің өз себебі бар. Оған себепкер кейінгі тарихи жағдайлар болды. Ашып айтсақ, қазақтың ілкітанымынан дерек беретін мұралар кейінгі кездегі түрлі діни жағдайлардың себептерінен өзгеріске ұшырады немесе түбегейлі жойылды. Қазақ мифтері де антикалық гретция мифтері сияқты классикалық ерекшелікке ие. Алайда, қазақ мифтері хатқа түсіп үлгірмей жатып, түрлі тарихи себептермен санадан өшіріліп, қуғындауға ұшырады. Гретциялық алғашқы жаралым мифтері немесе өзгесі болсын кейін құлдықты орнатушылар жағынан көп құдайлықпен (политейзм) қатар барлыққа келді. Әрбір билеуші өздерін құдай деп жариялап, бүкіл халықты соған нандырды. Және өздері туралы сан алуан фантазияға толы мифтік әңгімелерді келтіріп, құлдық тізімдегі елдердің мифтерін көркейте түсті. Құлдық тізімдегі ел үшін халықты уысында ұстайтын, идеялогиялық қызметті атқаратын осындай идеялық қару – Мифтың бағын жандырды. Сөйтіп, олардың батырлар мен құдайлар туралы мифтері сан алуан түр тауып, көркемдік биікке көтеріле берді, идеялогиялық, қоғамдық мәні жағынан аса жоғары функцияға ие болды. Ал, байтақ өлкеде еркін өмір кешкен қазақ халқы мұндай бұғалықты, құлдықты көрген жоқ, яғни сонау бағыздан ақ ілкітаным (тәңірлік дін) мен рулық кезеңде өмір сүріп келді де, бірден феодализмге өтті. Осы тұста, исламдық салттар қазақ халқының ататанымы, салт-дәстүрі, жора-жосындарын өзгертуге тырысты. Ұзақ мезгілдік күшті діндік таным, идеялогиялық пәрмен ертеден жалғасқан бабалық салтты шайқалтты, әлсіретті. Әдет-ғұрыптар мен көркем туындылар исламдық негізде қайта өңделді немесе кейінгілері түгелдей бір ізге түсірілді. Халықтың әдет-ғұрыптары, дәстүрлі ой-таным жүйесі ендігі жерде исламдық таныммен араласып, бірігіп кетті. Бұл тарихи мәселе қазақ халқының ілкі таным негізінде қалыптасқан көне мифтерінің жоғалуын, санадан өшуін жеделдетті. Ілкітанымынан іргесін тұрғызған ескі мифологиялық жүйе қалыптасып, хатқа түсіп үлгірместен исламдық идеяның жаулауымен бірте-бірте әлсіреп үзілді. Алайда, өте арыдан тамыр тартқан салт-сана мен қаныңа, геніңе тараған ілкітанымды өшіруге ғасырлардың да шамасы жетпепті. Қазақ халқының төл мифологиясы бүтін күйінде жетпесе де, оның ізін біз осы қымбатты салтымыздан, ілкітанымнан, тілде сақталып келген сөздерден, сондай-ақ, кейінгі ғасырлар сыйлаған мол фольклорлық қазыналарымыз бен тарихи жәдігерлеріміздің табамыз. Осы себепті де, біз қазақ мифтерінің өзіндік табиғатын, теориялық мәселелерін қарастыру барысында міне осындай негіздерге сүйенеміз.

Мифтануда ғалымдарды біраз сарсаңға салып, кідірткен мәселе миф ұғымының мәселесі болды. Тіпті, бүгінге дейін мифтың анықтамасы туралы бір ауызды бірлікке келген нүктелі соңғы түйін шыққан жоқ. Ежелгі грек мифтерінің ерекшеліктеріне негізделе отырып, мифті құдайлар мен рухтардың ғажайып образдары жайындағы әңгімелер делінсе, тағы бір пікірде мифті ерте заманның түсінгі, дүниетанымы, күллі әлем, құбылыстар туралы қиял-ғажайып әңгімелері делінеді. Мифтің қағидасы бойынша айтқанда, ертедегі адамдар мифті қиял есебінде емес, сол заманның бұлжымас ақиқаты ретінде қарап, оған шек, күман келтіруді ауыр күнә деп білген. Мифтің бұл қасиеті туралы Совет ғалымы М. И. Стеблин-Каменски: «Миф дегеніміз өзінің пайда болып, өмір сүрген ортасында, қаншалықты шындыққа ұқсамаса да, ақиқат деп қабылданған әңгіме» [1], - деп жазады. Біздің бұл арада мифтің атауын ауызға алып отыруымыздың себебі: оның табиғатын, түрлі теориялық мәселелерін қарастыруда бұл бірінші кезекте шешуге тиісті өткелді мәселе екендігін еске саламыз.

Қазақ мифтерінің табиғатына сәйкес келетін мынадай пікірді фолклортанушы Сейт Қасқабасов та ұсынады: «Біздің қазақ фолклоры тұрғысынан қарағандағы миф деп отырғанымыз – Әлемдік мифология ауқымынан шықпайтын, тіпті типологиялық сипаты оған сәйкес келетін дүниенің, жаратылыстың әр түрлі құбылыстары мен жердің жаратылуын, адамзаттың алғаш қалай пайда болғанын және аңдар мен құстардың шығу тегі мен мінез-құлқын, ерекшеліктерін түсіндіріп баяндайтын прозалық шығармалар. Типологиялық сипатына орай, қазақ мифі ежелгі классикалық мифтер түріне жақын» [1]. Бүгінгі

жалпылық таным бойынша айтсақ, миф – есте жоқ ескі замандардың туындысы. Аңғырт шақтың әлем туралы, барлық құбылыстар мен тындылар (жан иелері) жайындағы көзқарастары немесе «шындығы». Белгілі мифолог, этнограф Леви-бриюылдың сөзімен айтқанда: «Миф – төменгі типтегі қоғамдардың қасиетті тарихи» [2]. Өзінің бастауын тым арыдан қозғайтын мифтің еркшеліктерін, әсіресе, қазақ мифтерінің дара табиғатын саралап көрсету – қазақ мифологиясын тереңдете зерттеу үшін басқышты мәселе. Екінші жағынан алғанда, қазақ мифтерінің ерекшеліктері мен дүниетанымдық функциясын қарастыру арқылы мәдениетіміз бен тарихымыздағы, әдебиетіміздегі әлі де сыры мәлімісіз болып келген тұстарының шиесін шешуге мүмкіндік аламыз. Мәселен, қазақ халқы салт-дәстүр, ескі танымдық ғұрыптары мен тілінде көптеген мифтік түсініктердің сақталып келе жатқандығын зерттеушілер әр түрлі ғылыми жұмыстарында атаса, өзге де көптеген халықтардың мифологиясында олардың өздерінің шығу тегін тотемдік мифтермен байланыстыратындығы түрлі деректерде көптеп ұшырасады.

Әлемдегі барлық заттардың шығу төркініне байланысты олардың өз алдына мифтері бар. Құлдық тізімдегі мемлекеттерде мифтерді көбінесе үстем таптардың өздерінің мүдделерін қорғау мақсатында жарыққа шығарды. Әрбір заттың не құбылыстың өз иесі-құдайы болған. Ежелгі Грециядa биілік жүргізушілер өздерін құдай деп жариялап, түрлі ғажайып әңгімелер арқылы жұртшылықты иландырған. Мәселен, бірінші құдай Гея мен Ұранды балалары алыптардың бірі Кронос жеңіп, билікті тартып алып, баласы Зевсті таққа шығарады да, үлкен құдай болып аталады. Құдай аталған Зевс бүкіл әлемнің билігін өзінің дос-жарандарымен бөлісіп алады. Өзі күркіреген күн мен найзағайдың құдайы болып саналса, оның әйелі Гера аспан иесі болған. Зевс өзінің інісі Посейдонға теңіз иелігін, ал кіші інісі Айдарға жер асты патшалығын берген. Аполлон жарық пен поэзия құдайы болып, көркемөнер мен ғылымның қамқоршылары тоғыз муза соның қол астында болады. Ақсақ Гефест от және темір ұстасы шеберлігінің құдайы. Афродита – сұлулық құдайы. Әрес – соғыс құдайы. Афина – даншпандық құдайы. Сондай-ақ, жалпы алғанда адамның шаруашылық ісінің әрбір тарауының өзінің қамқоршы-құдайы болған: егіншілік құдайы – Деметра, шарап жасау құдайы – Дионис, сауда кәсібінің құдайы – Гермес, аңшылық құдайы – Әртемида, т. б. сансыз көп құдайлар болған [3]. Дәл осы сияқты барлық заттың иесі болады дейтін таным қазақ халқына да ортақ. Қазақ мифтеріндегі жасампаз қаhармандар көне гретция құдайларымен ұқсас ілкітаным бойынша әлемді жасап, оған иелік етті, немесе оның қызметін өзге киелілер яғни жинақтық кейіпкерлер атқарды. Бұл ерекшеліктер қазақ фольклорында көрініс бергенін, әрі оның қазақ фолклорының ерекшелігімен біртұлғаланып, араласып кеткенін қазақ мифтерінің ерекшеліктерін талдау барысында көз жеткіземіз.

Қазақтың өте ертедегі антропогониялық (жаралым) мифтерінің бірен-сараны болмаса, көбі мәтіндік таза күйде жеткен жоқ. Ал оны жалаң мәтіндік жақтан қарастыру әдістемелік жақтан қателікке ұрындырады. Өйткені, біз қарастырып отырған миф өте ерте заманның туындысы. Алғашқы қауым адамдарының мифтері қоғамдық идеялогияның барлық саласын дін, философия, тарих, этнография, ежелгі діни наным-сенім, жора-жосын (этикет), тағы басқаларды түгел қамтыған бірден-бір үстем идеялогия болды. Сөйтіп, бұл идеялогия сол тұстағы мифтің функциясына айналды. Алғашқы қауымдық қоғамдағы адамдар табиғаттың әр алуан құбылсын өздерінің балаң қиялы арқылы болжап, олардың барлығын киелі, белгі бір құдіретке ие жаратушы әмірі арқылы жүзеге асады деп қарайды. Әрі осы нанымдары негізінде көптеген фантазияға толы мифтік аңыздарды дүниеге келтірді. Мәселен, тәңірдің жаралуы, жер мен көктің бөлінуі, алғашқы адамзаттың жаралуы, жамандық құдайлары мен ізгілік құдайлары арасындағы кескілескен күрестер барысындағы түрлі жан-жануарлар мен табиғат құбылыстарының жаратылуы туралы неше алуан мифтерді ойлап тапты. Бұл мифтердің кейбірі табиғат дүниесінің жаратылуы туралы айтылса, кейбірі адамзат өмірімен байланыстырылып, олардың шығу тегі туралы әңгімелейді. Мұндай мифтердің қамтитын көлемі кең, мазмұны бай, әрі өзіне тән ерекшеліктері де сақталған.

Қазақ мифтерінің ең басты ерекшелігі – жанрлық жақтан қалыптасып дамуы өзге халықтардың мифтерінен өзгеше парықтарға ие. Ежелгі гретция, рим, египет, иынды, байырғы қытай мифтері бір мезгіл құлдық қоғамның қайта өңделуіне яғни құл иеленуші мемлекеттің мүддесіне, ерекшелігіне сай өзгертіліп жасалды. Құл иеленуші елдерде түрлі кәсіп саласын немесе қоғамдық өмірдің әрбір тұріне иелік ететін қожайын болды. Олар өздерін сол саланың атасы, пірі, құдайы деп атады. Тіпті, табиғат дүниесі, жер, су, аспан әлеміндегі барлық құбылыстарын жеке-жеке өз иеліктеріне көшіріп, өздерін билеуші немесе жаратушы құдай деп дәріптеп, бүкіл халықты соған нандырды, Әрі осыған байланысты халықты ұйытатын көптеген мифтерді жарыққа шығарды. Әлемдегі барлық заттың иесі немесе құдыретті киесі болады деген идеялогия күллі түркілік таным дүниесіне де әсер етті. Олардың кейінгі кезде қазақ мифтерінде айқын көрініс тапқандығы аңғарылады. Мәселен, қазақтың фольклорлық мифтерінде

кездесетін түрлі мифтік ата-бабалар мен иелер (төрт түліктің ата-бабалары, орман баба, диқан баба, су иесі, жел иесі, тау иесі, от анасы) осындай идеялогиялық әсердің натижесі болуы мүмкін. Алайда, қазақ мифтерінде кездесетін бұл кейіпкерлер көшпелі өмірдің салтына сәйкес жасалған. Ондағы киелі бабалар мен иелер – қазақтың ру-ұлыстарына иелік ететін ру ақсақалдары мен тайпа көсемдері билер мен батырлардың образын елестетеді.

Осыған сәйкес, тағы бір көрнекті ерекшелік –қазақ халқының күллі жаратылыс дүниесіне, аспан әлеміне деген таным-түсінгі өзінің көшпелі өмір тіршілігі мен мінез-құлқы, өмір салтына сай келеді. Былайша айтқанда, табиғат дүниесінің құбылыстарын көшпелі өмір салтына сәйкес жасаған. Мәселен, төрт түлік малға байланысыты көптеген мифтер бар. Соның бірі көк өгіз, қара бура туралы миф. Көшкенде үй мүлкін түйеге, өгізге артып, қоныстан-қонысқа көшіп-қонып жүретін қазақ қауымы өз өмірін табиғат әлеміне теліп, «қара жерді көк өгіз мүйізімен көтеріп тұрады» дейтін мифті ойлап шығарған. Екінші бір миф: ескілікті мифтік ұғым бойынша, судың да өз иесі, киесі бар. Ол суларға иелік етіп, оны қорғап, басқарып отырады. Басқа иелер сияқты су иесі де көбінесе көзге көріне бермейді. Ерекше бір жағдайлар да ару әйел (су анасы), ақ бура, киелі аққу, т. б. бейнелерінде елестеп аян береді. Көбінесе, судың мифтік иесінің түйе атасы ақ бура бейнесінде келуінің өзіндік мәні бар. Қазақ танымында түйе ұлық мал, киелі жануар саналады. Қазақтар ақ түйені айырықша ардақтайды. Ардақтаған баласын «Ақ ботам» деп еркелетіп, «Ақбота» деп ат қойып та жатады. Сондай-ақ, асатынан келген қуанышты «Ақ түйенің қарны жарылды» деп хабарлап, құттықтайды. Сонымен бірге, көркем әдебиетте, буырқанған асау толқынды өзенді ақ бураға теңесе, өзен ағысына көлбете салынатын бөгеуді қазақ тілінде «Қара бура» деп атаған. Ал, қазақтың кемпірқосақ туралы мифында бейне жер бетіндегі қазақ қауымы сияқты аспандағы адамдар да малын бағып, қойын сауып, көшіп-қонып жүреді. Жаңбыр жауып ашылған кезде көктегі елдің кемпірлері де қойларын қосақтап сауып отырады. Аталған миф жайында фольклортанушы ғалым Сейт Қасқабасов «Жан азық» атты кітабында: «Кемпірқосақ жайындағы мифте – қазақ өмірінің аспандағы бір көрінісі. Қой қосақтап сауу – қазақтың әдеттегі шаруасы. Ал, осы күнделікті тұрмыстың, шаруаның жаңбырдан кейінгі болатын табиғат құбылысын түсінуге пайдаланылуы – жай ғана қиял емес, реалді өмірге, тіршілікке негізделген тұжырым» дейді. Шынымен бажайлап қарасақ, қазақтың космологиялық мифтерінде өзіндік ерекшеліктер сақталғандығын көреміз. Онда, қазақ көшпелі өмір салты түгелдей аспан әлеміне көшірілгендей әсер қалдырады. Аспандағы әрбір жұлдыздарға қазақтар өздерінің мал шаруашылықты, көшпелі өміріне сәйкестіре отырып жұлдыздарға «Темір қазық», «Ақбозат», «Көкбозат», «Жеті қарақшы», «Үркер», «Үш арқар» т. б. деп ат қойған.

Халық астрономиясын зерттеген оқымысты Х.Әбішев былай деп жазады: «Сыртқы форма жағынан алғанда, фольклор түрінде тараған қазақтың астрономиялық ұғымдарында әсемдік, поэзиялық сарын күшті. Көркем аңыздардағы ішкі қисын да мығым. Күн күркіреп, көк дүркіреген шақта айғыр үйірге салынады. Дәл осы қарсаңда (мамырдың 10-күні кезінде) бір үйір жылқыдай топ жүретін «жеті үркер жерге түсіп», көктен жоғалады. Сұңғыла жандардың көкірегінде көктемгі күннің күркірегені үйірін (үркерді) іздеп тасырлатып шапқылаған көк айғырдың азынағанындай болып бейнеленеді. Ашық, жылы түндерде сұлу табиғаттың ортасында болып жүрген адамның поэзияға бейім көңілі көкті шарлап, жайнаған жұлдыздардың түрін, қозғалыстарын абайлап, олардың ішінен қиялмен батырларды, сұлу әйелдерді, мергендерді, қарақшыларды, жүйрік аттарды тауып, қисындырып сюжет ойлап шығарады. Аспан денелері жайындағы әңгімелердің сюжеті жердегі адамның өзіне таныс тұрмысының айнасы».

Бұл мифтердегі бір ерекшелік – Мифтердің жасалуы бүкілдей өмірге жанаспайтын қияли дүние емес, қайта ондағы деталдар дерлік қазақ өміріне таныс, жақын құбылыстардан алынады. Жаратылыс күштері мен аспан құбылыстарын түсіндіруде оны көшпелі қазақ өміріне, таным мен түсінігіне сәйкестіре отырып жасайды. Бұл әрине ендігі жерде мифтің әуелгідей киелік қасиетінде емес, танымдық, көркемдік сипат ала бастағандығын көрсетеді. Қазақ мифтерінің саркальдік (киелі) сипаттан, көркемдік сипатқа ауысуы – Мифті фольклорлық жанрға жақындата түсті. Кейінгі кездерде қазақ мифтерінің дербес жанрлық жақтан қалыптасып үлгірмей жатып, фольклордың аңыз-ертегі жанрларымен араласып кетуінің де бір себебі осында жатыр.

Екінші жақтан, қоғамдық-әлеуметтік жағдайдың өзгерісі, адамзат ой-санасының дамуына ілесе, мифтердің әуелгі саркальдік сипаты яғни мифтік бояуы біртіндеп өшіп, бұрынғы сақталып келген мәтіндік күйдегі мифтер жаңа идеялогияның әсерімен өзгеріске ұшырады, сол мезгілдің талабына сәйкеспегендері бірте-бірте қатардан ығыстырылып, бара-бара ұмтылып жоғалды. Архайкалық мифтердің болғандығын сипаттайтын тек ішінара мифтердің аты немесе кейпкерлерінің аздаған жүлгесі ғана сақталды. Ал, кейбіреулері фолклордың аңыз, әфсана, ертегі сияқты жанрларымен араласып, оның идеялық қаңқасы ғана осы жанрлардың құрамында өмір сүрді.

Мифтік дәуірдегі түрлі қаскелең құдайлар еркілік, көрілмес, шұтқыр, шұлмұс сияқтылар кейінгі кезде фольклордағы жезтырнақ, жалмауыз кемпір, жалғыз көзді дәу, албасты секілді кейіпкерлерге ауысты. Ертедегі мифтің кейіпкерлеріне (құдайларына) адамдар қарсы тұра алмайтын, оларды тәңірдің бұйырығы деп көніп, мойын ұсынатын. Ал, фольклордың кейіпкерлері мифтегідей құдіретті күшке, киеге ие емес, оның қасиеті жоғалған немесе әлсіреген. Олар адамдарға мифтік дәуірдегідей көпе-көрнеу қастандық жасай алмайды. Керсінше, адамнан жасқанып, ылғи да қараңғы қалтарыс жерлерді, елсіз иен мекендерді паналап, адамдарға жасырын, астыртын келіп зиянкестік жасайтын болған. Адамдар бұл қаскелең құбыжықтардан қорқып жасқанбайды, тіпті, үнемі оларды жеңіп отырады, албастыларды ат бауырына алып сабап, жалмауыздың жағын айырып, теңдессіз күшті делінетін диюларды кәдімгі қойшы бала-ақ ақылымен алып соғады. Міне, осылай бұл кейіпкерлер өзінің бұрынғы мифтік (киелілік) құдыретін жоғалтып, көркем туындының жағымсыз кейіпкеріне айналады. Демек, уақыттың өтуі, дәуірдің алмасуы, адамдар санасының өсуіне байланысты мифтердің кейіпкерлері де жаңа сипаттарға, ерекшеліктерге ие болған.

Ертедегі мифтердің көрнекті бір ерекшелігі – жасампаздыққа толы болуында. Ондағы жасампаз құдайлар (қаһармандар) зор құдіретке, жасампаздық қабілетке ие болып, әлемді және түрлі жандылар мен жансыздарды еш қиндықсыз әрі көп уақыт жұмсамай-ақ жасай береді. Және бұл жасампаз құдайлар дүниені бірінші болып жаратып, оны өз қалау, биілгі бойыша меңгереді. Сонымен бірге мифте жасампаз құдайдың дүние ғаламдағы заттар мен құбылыстарды, бүкіл жан иелерін жарату барысы, себебі толық баяндалады. Жаралушылар өздерін кім жаратқанын, қалай пайда болғанын яғни этимологиялық сипаттарын толық білуі керек. Бұл мифтердің арыдан қалған архайкалық үлгісі де, кейінгі фольклорлық түр тауып, жаңарған үлгілері де бар. Бірақ, архайкалық мифтердің үлгілерінің дені дүние жүзі халықтарының бәрінде бар үлгілермен ұқсас, архайкалық мифтердің көбі бір халықтан екінші бір халыққа ауысқан. Мысалы, «Тәңірдің жаралуы туралы миф» те былай баяндалады: «Баяғыда көк те, жерде де болмаған, тек бір ғана шетсіз-шексіз мұхит болған. Күндердің бір күнінде мұхиттың ортасында ақ жарық көрініп, одан нұр шашқан алтын жұмыртқа шыққан. Оның ішінде күллі әлемнің болашақ түп атасы тәңір жаралған. Тәңір өте ұзақ, миллиондаған жылдар бойы ұйықтады. Ақыры, бір күні оянды да, жұмыртқаның қабығын жарып сыртқа шықты. Жұмыртқаның үстінгі жағынан көкті жаратты, ал төменгі бөлегінен жерді жасады. Көк жерге құлап кетіп, жер жүзінде тағы да аласапыран орнамас үшін тәңір олардың арасына асатаяқ – Темірқазық қойды. Ол аспан таяғы – Темірқазық жұлдызы. Тәңір Темірқазыққа көк жүзін айналып жүретін аспан арғымақтарын – Жұлдыздар мен шоқ жұлдыздарды байлап тастады». Бұл архайкалық мифте әлемді жаратушы ең жоғарғы құдай – Хаос болып суреттеледі. Ұшы қирсыз астан-кестеңі шыққан қаратүнек әлемді Хаос ретке салып, тәртіптелген космосқа айналдырады. Бұдан біз – Біріншіден ежелгі мифтың айқын сорабын аңғарсақ, екіншіден, бұл мифте қазақтардың өздерін нұрдан жаралғанбыз дейтін түсінігі және жер жұмыртқа пішіндес деген мифтік танымы көрініс береді.

Осы ойға жалғас айта кетейік, архайкалық мифте «тәңір - Хаос» аталған жаратушы кейінгі кезде фольклорлық шығармада «Жасаған» деген атқа өзгерген. Қазақ халқының бата-тілектерінде «Жарылқай гөр жасаған» деп басталатын ескі нанымдар өз қалпын әлі жойған жоқ. Жаңа туған айды көргенде қазақтар: «Ай көрдім аман көрдім, баяғыдай заман көрдім. Ескі айда есіркей көр, жаңа айда жарылқай көр, жаратқан ием жасаған» деп тілек тілеп, сыйынады. Қазақтардың айға сәлем беріп, тілек тілеуі немесе жапандағы жалғыз бәйтеректі кие тұтып, оған ақтық байлап, басына түнеп тілек тілеуі – ескі мифтік танымының ізін танытады. Табиғаттағы түрлі объектілерге (айға, ағашқа, жер-суға), жануарға (атқа, аңға) арнап сөйлеуге, олармен тілдесуге болады дейтін ежелгі мифтік таным кейін келе көркем фольклорға ауысып, эстетикалық сипат, ерекшелікке ие болған.

Қорытып айтқанда, қазақтың архайкалық мифтері болсын, кейінгі фольклордың аңыз-ертегі жанрларымен араласып кеткен мифтік танымдар болсын немесе әлем халықтарының мифтері болсын өзара тоқайласар жерлері де, өзгеше парықталар тұстары да кездеседі. Әсіресе, қазақ мифтерінің жанрлық, мазмұндық жақтарынан өзге халықтардың мифтеріне ұқсамайтын өзіне тән ерекшеліктері бар екендігін, қазақтың тілі мен фольклорлық шығармаларын, этнографиялық мұраларын оқу барысында көз жеткізіп отырмыз. Әрі қазақ мифтерін жан-жақты кешенді зерттеу үшін оның жанрлық ерекшеліктерін, өзгеде теориялық мәселелерін қарастырудың, сондай-ақ, этнография, философия, лингвистика сияқты көптеген ғылымдармен салыстыра зерттеудің де маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасқабасов С. Жан азық. – Бейжиң: Орталық ұлттар баспасы, 2016. – 560 б.

2. 艾瑟·哈婷.蒙子，龙天译,月亮神话,上海文艺出版社，1992年.266页.

3. Ертедегі дүние тарихы. Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы. – Алматы, 1954. – 369 б.

МРНТИ 17.01.09

Г.А.Сатылханова[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН НОВЕЛЛАЛАРЫНДАҒЫ ДЕТАЛЬДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Мақалада өз дәуірінің тынысын, шындығын кеңінен суреттеген кемел суреткер Бейімбет Майлин новеллаларындағы детальдың түрлері анықталып, көркемдік қызметі нақтыланады. Автор бүгінге дейін қазақ прозасында әңгіме деп қалыптасып, айтылып, талданып келген жазушы туындыларының новелла жанрына жататындығын нақты мысалдар негізінде дәлелдеп, өз пайымын әдебиеттану ғылымындағы белді зерттеуші, ғалым пікірлерімен бекітіп отырады. Сонымен бірге, новеллист туындыларында заттық, пейзаждық, портреттік және психологиялық деталь түрлерінің кездесетіндігін анықтап, олардың атқаратын қызметіп түстеп, талдап, көрсетіп береді. Сол арқылы суреткер новеллаларының әлі күнге дейін өз оқырмандарын жоғалтпай, керісінше, күн санап артып, зор табысқа жетуінің де бір себебі оның халық өмірімен өзектестігінде, мазмұны тұрғысынан шынайылығында, қазақтың өмірінде болған түрлі құбылыстарды дұрыс әрі нақты бейнелеуінде екенін ұғындырады.

Тірек сөздер: новелла, деталь, дәуір үні, қоғам шындығы, портреттік, пейзаждық, заттық, психологиялық, көркемдік қызметі

Сатылханова Г.А.[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ФУНКЦИЯ ДЕТАЛИ В НОВЕЛЛАХ Б.МАЙЛИНА

Аннотация

В статье определяются виды детали и выявлена художественная функция детали в новеллах гениального писателя Б.Майлина, всесторонне описывавшего реальность и дыхание своего времени. Автор на основе конкретных примеров доказывает, что принятые до сегодняшнего дня в казахской прозе как рассказы произведения писателя относятся к жанру новелла, и свое осмысление подкрепляет мнениями знаменитых исследователей и ученых науки литературоведения. А так же определяет присутствие в произведениях новеллиста таких видов детали, как предметных, пейзажных, портретных и психологических, анализирует и выявляет их функции. Мастерски используя разных видов детали, художник не только сохранил число своих читателей, но и увеличение их рядов постоянно. Автор статьи выявляет, что секрет большого успеха произведений писателя в актуальности в жизни народа, в искренности по содержанию, правильном и точном описании явлений и событий происходивших в казахов.

Ключевые слова: новелла, деталь, голос века, правда общества, портретный, пейзажный, предметный, психологический, художественная функция

G.A.Satylkhanova[1]
[1]Kazakh national pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

ARTISTIC FUNCTION OF THE DETAILS IN NOVELLAS BY B.MEYLIN

Annotation

In this article the types of detail are defined and the artistic function of the detail in the novels of the brilliant writer B.Maylin are revealed, who comprehensively described the reality and breathing of his time. The author, on the basis of concrete examples, proved that the passages of the writer's works, accepted to this day in Kazakh prose, related to the novel genre, and reinforced his judgment with the views of famous researchers and scholars of the science of literary studies. And, also he determined the presence in the novelist works of such kinds of detail as material, landscape, portrait and psychological, analyzed and revealed their functions. Masterfully using

different kinds of details, the artist not only saved the number of his readers, but also increased their numbers constantly. The author of the article reveals that the secret of the great success of the writer's works is in actuality in the life of the people, in sincerity in content, in the correct and accurate description of the phenomena and events that took place in the Kazakhs.

Key words: novel, detail, voice of the era, truth of society, portrait, landscape, material, psychological, artistic function.

Қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны, өзіндік шеберлік мектебі бар, барлық дерлік жанрды дамытуға зор үлес қосқан жазушы Б.Майлин – дәуір тынысын кеңінен суреттеген заманының ұлы суреткері. «Сонау 20-30 жылдары заманның аласапыран кезінің өзінде кез келген елдің мандай алды жазушыларымен қатар тұра алатын, социалистік реализмнің шеңберіне қанша айдап тықса да талант құдіретімен одан асып төгіліп, адам жан дүниесінің қырық қатпарын қырындысына дейін ашып көрсете білген, өздері суреттеген дәуір мен адамдардың бейнелерін мейлінше нанымды да көркем етіп аша білген, сол заманның шындығын деректі әдебиеттен де дәл көрсете білген, қара басына қауіп төніп тұрғанына қарамастан қаламы тек шындықты, адам болмысын жарқыратып көрсетуге ғана арнаған суреткер бар. Ол суреткер – Майлин» [1].

Өзі өмір сүрген кезеңдегі өмір шындығын жазып, қоңыр кедейдің, аңғал қазақтың қасірет-қуанышын, мұң-мұқтажын жеріне жеткізіп жаза білді. Жаңа өмірдің жаңалықтарын бірден түсіне алмай, аумалы-төкпелі заманға тап келіп, абдыраған халық өмірінің сан алуан аласапыран көрінісін көркем тілмен шебер кестелеп берді. Тарихи дәуірдің алмағайып саяси-әлеуметтік мәселелерін, адаса жүріп ізденген, басына түскен қиындыққа мойымай алға ұмтылып, азаттыққа, еркіндікке қол созған ауыл адамдарының жан айқайы мен шырылын бар жан-дүниесімен түсінген Б.Майлиннің жазушылық шеберлігі жөнінде берілген баға аз емес. Академик М.Әуезов «қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресін жасады» десе, С.Мұқановтың «Бейімбеттің бір жылғы әңгімелерінің басын қосып жинақ жасаса, олар үлкен кезеңнің сырын да, сынын да сипаттайтын роман-реуішті болып шығар еді» деп тануы негізсіз емес. Ал Бейімбет сынды көкірек көзі ояу ұлтжанды жазушының бұл жайларға қалам тартуы заңдылық болатын. Себебі, ол 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, Қазан төңкерісі, 1921-1922 жылдардағы және одан да сорақы қолдан жасалған, 3 миллион қазақ қырылған 1932-1933 жылдардағы аштық, одан қала берді «Кіші Октябрь» деп аталған байларды конфискациялау, артель құру, колхоз ұйымдастыру, елді сауаттандыру секілді ел өміріндегі елеулі, тарихи мәні зор оқиғаларды өз көзімен көріп, басынан кешірді. Тарихтан білетініміздей, қазақ даласындағы осы жоспарланған науқанды жүзеге асыру оңайға соққан жоқ, өйткені, халық моральдық жағынан да, психологиялық жағынан да мұндай түбегейлі өзгеріске дайын емес еді. Көп сыры көкейге қонып, ойдан шықпағандықтан халық XX ғасыр басындағы өзгерістерге үрке қарады десек артық айтқандық емес. Өйткені, момын қазақ жұртына орыс үкіметінің дайындаған сыбағасы (тарих тілімен айтқанда реформалар) көп жағдайда күшпен, асыра сілтеумен, құрғақ үгітпен жүзеге асырылғаны ақиқат [2]. Міне, өзі куә болған осы тарихи жайларды автор новеллаларында бар қырынан жарқыратып ашып көрсетті. Жазушы өз дәуірінің тарихи шежіресін асырған да, жасырған да жоқ, ауыл адамдарының пендешілік кемшілігін жасырып, идеализациялаған да жоқ. Кейіпкерлерінің бар болмысын әртүрлі ракурста ашып көрсетті. Новеллаларында әртүрлі мақсаттағы (байлар мен олардың құйыршықтары, кедейлер ішінен шыққан еті тірі белсенділер т.б.), әртүрлі мінезді адамдардың толық галереясын жасады. Т.Бейісқұловтың тілімен айтқанда, автордың «қазақ халқының қасіретке толы кер заманның тарихын шежірелеген шыншыл шығармаларынан» халық санасындағы ірі өзгерісті, жан дүниесіндегі жаңаруды тамыршыдай тап басып, тани білгенін, шеберлікпен өрнектей білгенін түсінеміз [3,87]. Автор новеллаларының әлі күнге дейін өз оқырмандарын жоғалтпай, керісінше, күн санап артып, зор табысқа жетуінің де бір себебі оның халық өмірімен өзектестігінде, мазмұны тұрғысынан шынайылығында, қазақтың өмірінде болған түрлі құбылыстарды дұрыс әрі нақты бейнелеуінде екені түсінікті. Оның үстіне «мықты тәуелсіз мемлекетімізді құру үшін ұлттық рухымызды көтеріп, қайта бір жаңғырып алу қамымен, түп-тамырымызды іздеп, кімбіз, қайдан шықтық деген сауалға мың сан жауап іздеп» жатқанда халық өмірімен тығыз байланысты мұндай туындыларды оқып-білудің қажеттілігі айқын [4,132].

Бүгінге дейін автордың жарық көрген барлық таңдамалы жинақ, кітаптарында оның новеллаларының барлығы «әңгімелері» деп беріліп келді. Оның себебі, біздің әдебиеттану ғылымымызда новелланың жеке жанрлық түр ретінде өз алдына дербес зерттеліп, талданбауында. Біз көрнекті ғалым З.Қабдоловтың жазушы новеллалары жөніндегі мына бір пікірін құптаймыз әрі басшылыққа аламыз: «Көркем прозадағы тұңғыш туындысының өзі бірден классикалық үлгіге айналған Бейімбет Майлин өзіне туа біткен, табиғат сыйлаған суреткерлік талант құдіретін сөз өнерінің осы саласында, шынында да, айта қалғандай ғажайып күшпен танытты. Сөйтіп, өзінің айрықша қалам қуатын осы жанрды қалыптастыруға жұмсады, өзгеше

өрнегін осы жанрға төкті, үздік шеберлігін осы жанрда көрсетті. Әсіресе, әрі қысқа, әрі нұсқа новеллалары арқылы даңқы шықты.

Бейімбет Майлин қалам қызметіне арналған бас-аяғы жиырма шақты жыл ішінде жүзге тарта новелла жазған және бір қызық жері – өлеңдерінен поэмаларын ажыратпағаны секілді, әңгімелерінен хикаяттарын да бөле қарамаған» [5,84] деп тайға таңба басқандай анықтап береді. Біз де бұл пікірдің ақиқаттығына ден қоямыз. Б.Майлин заманында қазақ әдебиетінің тарихы, теориясы сынды мәселелер толыққанды зерттеліп, ғылыми айналымға енгізіліп, эпикалық, лирикалық жанрлардың да әбден қалыптасып, жетіліп үлгермегені белгілі. Демек, бүгінде біз танып, біліп, оқып жүрген әңгіме қатарындағы көп дүниесінің новелла жанрының жемісі екені өз-өзінен айқындалып, түсінікті бола түседі. Тіпті, «Шұғаның белгісі» шығармасының өзін автор әңгіме деп атағаны белгілі. Жазушының қазақ прозасының шағын эпикасы – новелла жанрында қалам тартқанын және жүзге тарта туындысы новелла жанрына жататындығын З.Қабдолов дәл анықтай білген деп ойлаймыз. Өйткені, автордың әңгіме деп берген туындыларының көпшілігі новелланың табиғатына сай жазылғаны, новелланың жанрлық ерекшелігін бойына сіңіргені көзі қарақты оқырманға бірден түсінікті. «Новеллада жазушы адамның жеке тұрмысында күнделікті жиі кездесе бермейтін жаңалықты, қызықты, тосын оқиғаны әңгіме етеді. Немесе, жиі кездесе беретін дағдылы оқиғаның өзін құбылтып, жаңалықты дәстүрге үйірімдеп әкеліп жазады, яғни жазушы өмірде кездессе де, ерекше жалт етіп, көзге түсіп, ерекше бір көңіл аударатын қызықты бір оқиғаны таңдап алып, оны бір мәселенің айналасына ғана сығымдап, мәнерлеп баяндайды. Және ондай оқиға көпшілігінде кенет басталып, күтпеген жерде тосын аяқталады» [6,143]. Осы айтылған шарттылықтың барлығы Майлин новеллаларында көрініс табады.

Ғалым З.Қабдолов Бейімбет Майлин заманында қазақ прозасының жанр ретінде жаңа туып қалыптаса бастағанын, әр жанрдың өз алдына жеке дара отауын бөлмегенін орынды байыптай білген. Сонымен қатар, Бейімбет новеллаларын суреткерлік шеберлік тұрғысынан талдап та береді. Неміс әдебиетшісі Гетенің новеллаға «шындыққа ұқсас, бұрын естілмеген тамаша оқиға жайындағы әңгіме» деп берген анықтамасы Бейімбет новеллаларының табиғатын ашып беретіндей. Шындыққа ұқсастығы – Бейімбет новеллаларының оқиғасы қайнаған өмірдің өзінен алынғандығы сонша өз дәуірінің үні, исі аңқып тұр. Ал жоғарыда айтып өткен конфискациялау, артель құру, колхоздастыру т.б. қазақ арасында бұрын естілмеген оқиға екені түсінікті. Яғни, Бейімбет шығармалары новелла жанрлық ерекшеліктерін толық сақтаған дүниелер деуге негіз жоқ емес.

Б.Майлин шығармаларындағы деталь қолданысын сөз еткенде Конфуцийдің «Ретсіз жерде сөйлесең – сөзің жоғалады. Ретті жерде сөйлемесең – өзің жоғаласың. «Хас сөз зергері» өзін де, сөзін де жоғалтпайды» деген сөздері ойға оралады. Әрбір сөзі орнында келетін жазушы новеллалары оқығанда, бірде-бір деталін орнын өзгертіп, не алып, не қосуға болмайтыны аңғарылады. Олар бір-бірімен жымдаса өрілген. Хас сөз зергері Б.Майлиннің өзін де, сөзін де жоғалтпағанына куә боламыз. Сөйлемдері мірдің оғындай шымыр, келтірген детальдары дәл, орын-орнында. Қаламгер детальдарды кейіпкерлердің характерін кеңінен ашып көрсету, жалпы қазақ халқының кедей тұрмысының панорамасын беру үшін қолданғанын байқадық. Автор қолданған детальдар арқылы суреткердің көркемдік әлеміне дендей еніп, кейіпкердің рухани әлеміне үңіліп, жан дүниесіндегі құбылыстарға психологиялық талдау жасауға болады. Автор новеллаларында заттық деталь мол кездеседі. Жиі пайдаланған заттық детальдары: киген киімі, пайдаланатын тұрмыстық бұйымдары, тұрып жатқан баспанасы т.б. Мысалы «Күлпаш» новелласында кейіпкердің үстіндегі жұпыны киімі, басындағы баспанасынан кедейліктің лебі есіп тұрады. Аштық Күлпаштың жағы суалдырып, жүзін сарғайтып адам қарағысыз қылып барып, ақырында ісікке айналдырады. Сонда да болса Күлпаш бір артық сөз айтып, ешкімге мұңын шақпайды. Өзінен басқалардың да жағдайының оңып тұрмағанын түсініп, түйсініп, басына түскенін соңғы қал-қадары жеткенше көтеріп алуға іштей бекінеді. Іші қабысып, жүрегі қарайып, көзі бұлдырап, өлім сағатын күткендей ыпыны кетіп отырса да әлі келетіні, мұңын шағатыны – бір құдай: «Құдай-ай, не қылмысымыздан бұл күйге түстік екен» деп жылап жіберді. *Бүртік-бүртік ыстық жас үстіндегі жарғақ тонның омырауынан сырғанай бастады*» деген детальдан аштықтан әлі құрыған әйелдің көзінің жасын сүртуге де қауқарсыз екенін байқау қиын емес. Негізінде Күлпаш күйеуінің сағын сындырып, басқамен бақытты болуды көксеген адам емес, әуелде өзін айналдырып жүрген Раушанға ырық бермеді. Бірақ, екі-үш ай аштық шеңгелін қаттырақ салып, ызғарын төгіп, бүрліктірген соң, тұрмысы қиындап, әсіресе, баласының тамақ сұрап жылағанына жаны төзбеген соң, Жұмағазыға тиюге келісім береді. Осы шешімге келген тұсында автор кейіпкерді «уh!» деп ауыр күрсіндірген дерт-детальды енгізеді. Бұл – таза психологиялық деталь. Бұл күрсінудің астарында көп нәрсе жатыр. Бұл күрсіну – күн батардың алдында

қатындардың от жағып, тамақ асатындығын еске түсіргендіктен шығып отырған емес, бұл жүректі қаптап топтанып, іші-бауырын елжіретіп, тұла бойын удай жайлаған қалың қасіреттің, ауыр дерттің ұшқыны еді.

Март болып, боран басылып, күн шығып, жер ызғары қайта бастағанда аыл сыртындағы жіңішке жолмен аяңдай басып, сол жақ қойнындағы етіп сипап-сипап келе жатқан Күлпашпен бірге біз де оның соңынан қуана үмітпен ілесеміз. Өйткені, оның ойында байы мен баласын аштықтан құтқару ғана емес, Мақтым ренжімесе, ескі тұрмысқа қайта оралу да бар. Бірақ, Күлпаштың үміті ақталмайтындығын, новелланың соңы біз күткендей емес, мүлде басқа жағдайда аяқталатындығын автор мына бір деталь арқылы анық аңғартады: «Күлпаш үйіне жетті. Лапастың есігіне көзі түсіп, жүрегі қалтырап тіксініңкіреді. Есіктің алды күртік қар, із дегеннен дым жоқ!» [7,85]. Әрі қарай «Күлпаш жүрегі лүпілдей соғып, жандәрмен қайраттанып, зорға дегенде есікті сықырлатып ашып, ішке кіргенде шын бақытсыздық күтіп тұр еді. Пеш түбінде ұйлығып, бүк түсіп жатқан әкелі-балалы екеуін көріп, ұлын сүйейін деп ұмтылғанда көзі адырайып, аузы ашылып, тісі ақсиып жатқан Мақтымға түсіп, не болғанын өзі де білмей, өліп жатқан байы мен баласын құшақтай құлады». Бұл жолдар бақытсыз отбасына түскен тағдыр тауқыметінің зіл батпан ауырлығын, Күлпаш сорлының жаны езіліп, күйзелуін әсерлі сездіреді. Бұл бір ғана кедей үйінің ауыр трагедиясы ретінде суреттелгенімен, бұдан зорлыққа, қолдан жасалған қиянатқа негізделген өткен дәуірдің қатал күйін сезініп, халқымыздың шарасыз өксігін тану қиын емес. Новелланың басында сіңлісінің сөзіне сеніп, ұлы мен күйеуін аштықтан құтқару үшін, тамақ үшін күйеуге шыққан Күлпаш ақыр соңында ауыр трагедияға душар болып, аңырап жылап, өмір бойы өзіне ең ыстық, аяулы жандарымен бірге өліп кетпегеніне өкініп өтетін күйде қалды.

«Күлпаш» новелласы мен «Әже» новелласының сюжеті ұқсас. Екеуі де отбасы, күйеуі, бала-шағасын тастап, тоқалдыққа келіседі. Екеуі де күйеулеріне ұнатып қосылады, тату-тәтті отбасы болады, екеуінің де күйеуі момын болады. Жастан қосылғандықтан, араларында көңіл қаларлық реніш болмаған. Күлпаш мұндай әрекетке амалсыздан барса, Злиха желігіп, елеске ереді. Жеңгетайсымақтардың көпірген сөзіне сеніп, екеуі де байлыққа күмп етеміз деген оймен «алтын босағасын» тәрк еткенімен, құлшылықта күндерін өткізеді. «Жау жоқ деме жар астында» дегендей, екеуінің де бақытына ор қазып, пұшайман күйге түсірген өз туыстары: Күлпаштың сіңлісі Раушан болса; Злиханың бөлесі Қоржынтай еді. Сағымға ерген ессіз Злиханың бесіктегі емізулі ұлы мен әлі ес тоқтатпаған кішкентай қызын мүсәпір етіп тастап кеткенде, жары Сарымсақтың сағы сынып, кәріптік күйге түсіп қатты азаптанғанын автор: «сақалына жабысқан көздің жасы сауыс болып қатып, ілгері басқан аяғы кейін кетіп, салбырап үйіне келді» [7] деген деталь арқылы береді. Шарасы таусылған, ертеңгі күннен үміті үзілген жанның аянышты халі еді бұл. Өмірі бетін қақпаған күйеуі мен өзегін жарып шыққан балапандарын тастап, сағым қуып кеткен Злиханың тағдыры да баянсыз болды: төрт ай Кәрібай байдың есігінде жүргенде көрген рақаты: бәйбішеге күң атанып, малайдың жұмысын істеді, малдың көңін тазалады, бірде-бір жылы сөз естімегені, бәйбішенің берген азары аздай, екі күннің бірінде байдан таяқ жейді. Өмірінде естімеген сөзін естігенде сай сүйегі босап, іші өртеніп күйіп кете жаздайды, өткен күні көзден бір-бір ұшып, күрсінгенде жүрегі қақ айрылғандай болып, ұзаққа жарамады, жазылмас дертке шалдықты. Оның шарасыздығын, күні аз қалғандығын автор: «қамықты, бірақ көзінен жас шықпады, жүрегі елжіреп, ішін өртеп кетті» [7,198] деталімен аян етеді. Қолмен жасаған ісіне өкінген бейшара әйел сезімінің алабұртып, іштей шиыршық атуын, өзінің сорлы әрі баянсыз тағдырына жаны езіліп, күйзелуін әсерлі жеткізеді.

«Көшпелі махаббат» новелласында Қалабай аулына алғаш келгенінде Ыбырай деген досы ауырып жатқанда кәрі шешесі мен әйелі Зейнеп тірлігін құдайдан сұрап, зар жылап отырады. Ыбырай өлсе жас балдырған Зейнеп те бұл дүниемен қош айтысатындай азалы күйде болады. Өйткені Ыбырай мен Зейнеп екеуінің арасындағы махаббат, сүйіспенділік ерекше еді. Тағы бір келгенінде Ыбырай өліп, көзінің жасы көл болып шешесі, жанынан артық көретін жары қайғыдан қара жамылып,жылағанда көзінен қан тамып отырған. Енді келгенінде новелланың заңдылығына орай күтпеген оқиға орын алады: күйеуін жоқтаған Зейнеп жоқ, оның ендігі бақыты қара баламен байланысты екенін автор мына бір деталь арқылы жеткізеді. «Кестелі жаулығы аршын жарымдай қылып салынған, қатарлап ораған алтын үш тұмаршадан көрінбейді, пүліш қамзолдың омырауы алқым бау, ілгекпен толған – Зейнеп келіп төніп тұр. Қылмиып күлді. Екі беті қып-қызыл нарттай. Ыбырайдың тірісіндегіден де әдеміленген» [7,107]. Автор өте шебер, артық сөзге салынбайды. Ыбырай өлген соң жүріс жасап, қылымсып, өнер шығарғанын түсіндіріп айтып, баяндауға салынбайды. Әйелдің сыртқы келбеті арқылы новелланың символдық атауына сай табиғатының да баянсыздығын білдіреді. Келесі бір «Қара бала» новелласында да Балғын есімді келіншектің қара баламен ойнас жасаған оқиғасы беріледі. Автор екі новелласында да «қара» сөзін бекер алмаған сыңайлы, ақ төсек, ақ көңіл, ақ ниет деген ұғымға қарсы «қара» сөзін әдейі таңдап алғандай. Және осы бір болып жатқан бейбастақтық, ұят әрекеттерген ең алдымен әйел затын кәнілайтындығы да

аңғарылады. Қазақтың «Буыршын көзін сүзбесе, бұқа бұйдасын үзбейді» дегеніндей, күйеуі бар әйелдің көзі күлімдеп, қара баланы тесе қарап, арбап алғандығын «жылы, жұмсақ қол Қара баланың қолын қысып, күйдіріп бара жатты. Содан былай төсекке қалай жатқанын, қалай құшақтасқанын, қалай сүйіскенін – Қара бала бірін де білген жоқ» [7,262] деген деталь арқылы жеткізеді.

Жыл сайын мүриті Қалдыбайды ертіп, елі бай Төрттөбеге барып, қыдырып, қайыр садақасын алып, бірер ай жүріп оралғанда қалыңнан алған малдай шұбыртып, 30-40 қараны айдап қайтатын «Зәкіржан молда» оқиғасын да автор новелла обьектісі етіп алады. Елдің көзінше жайнамазын жайып, тәсбиғын ұстап, шариғат соғып, жұмақ-тамұқты жыр қылып, пайғамбарлардың тарихын айтып, хадисін оқитын осы екі алаяқ еліне қайтқанда жол бойы керісіп, боқтасып, ұрсысумен, елден жиған малды бөлісе алмай таласумен болады. Олардың адам болмысын, дүниеқұмарлығын автор бірнеше портреттік детальдар арқылы әдемі келтіреді: «Зәкіржан молданың ұзын тұмсығы қусырыла түседі. Қалдыбай мұртын тікірейтіп, көзін қылиландырып, Зәкіржанның бетіне қарайды. Беті кенет сұрғылданып, езуі жыбырлап, ашуға тығылғаннан Зәкіржан сөйлей алмай тұтығып қалады» [7,347]. Оңашада бір-бірін ит етінен ары жек көріп, құтыла алмай отырған бұл екеуі – ел көзінде сәлдені қатарлай орап, көзді жұмып, мүлгіп, жұмақ-тамұқты жыр қылып, хадис соғатын Зәкіржанның қасы мен қабағына қарап, айтқанын аяқ ұшымен орындап, құманға жүгіріп, жайнамазын жайып, тәсбиғын қолына ұстататын Қалдыбай. Бірақ екеуі де құдайдан безген арсыз, имансыз, аяр жандар. Көксегендері – байлық, қымбат дүние, қыдырып көңіл көтеру. Махамбет ақын айтқандай, бұл екіжүзді айыр құйрық шаяндар Аршалының бойында Әлімбайдың қыстауын күзетіп отырған Қоңқа деген кедейдің жалғыз қалған әйелі Қалампыр мен қаршадай қызы Қанышты қорлап, зорлап, жылатып кетеді. Біреудің тағдырын тұралатып кеткен осы әрекеттерін өздері тек түн қызығына балап, тойлауға кіріседі. Новелла табиғатын сәйкес оқиға сұмдықпен аяқталады. Төрттөбе елінің шалдары мен шүйделі жуандары соңдарынан лек-легімен шұбырып, құрметінде жүретін, тіпті, ынтасы құрып, елжіреп жүрген қариялар тіпті кемсеңдеп жылап та алатын бұл екеуі бар өздерінің ынсапсыздығы мен нәпсіқұмарлығынан абыройдан айырылады.Новелла финалында бұл құрмет жоқ, өздерінің әрекетіне орай автор арақ, шошқа, ит деталін енгізеді. «Маңдайынан сорғалаған терді сүртейін деп қалтасынан орамал алғанда, ащы шектей шұбатылып тәсбиғы да шығып, рюмкедегі араққа малынды. «Астағыпырылда» деп күбірлеп, молда тәсбиғын қалтасына қайта тықты» [7,350]; «мал сияқты осқырып қашпай, шошқалар Зәкіржан молданы жағалап, әлденеге – тұмсықтарымен түрткілесіп кетіп жатты. Тамақтан торыққан қызыл төбет сұғанақтық істеп, молданың құсығын жалаймын деп сүйреңдеген қызыл тілін абайсызда молданың аузына да тигізіп алды» [7,350]. Артық сөз жоқ, мұсылман қазақ халқы үшін шошқа мен арақтан жиіркенішті, харам нәрсе де, ұғым да жоқ. Оқырманға бәрі түсінікті. Түсінікті етіп тұрған әрине деталь. Кеше құдайды айтып отырған арам аузы бүгін араққа былғанғаны аз, оны тіпті шошқа мен ит жалап кетеді. Автор талантында шек жоқ. Екеуінің ойы да, пиғылы да, әрекеті де арам болғандықтан харам нәрселермен шендестіре береді.

Б.Майлиннің «Желдібай Жындыбаев», «Баянсыз бақ», «Әбділдә төре» новеллаларының сарыны, мотиві ұқсас. Аталған новеллалардың негізгі кейіпкерлері бүгінде басынан бақ тайған кешегі атқамінерлер: төре, судья, өкілсымақтар. Үшеуі де момын елге жасаған қиянаты, салған ылаңы үшін жауапқа тартылып, мүсәпір күйге түседі. «Баянсыз бақтағы» Нұрлыбай – орнынан алынған судья, оның дәурені өткенін автор «шебер» жігітке жасатқан сырлы жазу үстелін суреттеу арқылы білдіреді: «Нұрлыбайдың өзгеден бір артықшылығы – осы жазу үстелін жөндегендігі. Жөндегенде – нағыз оңдысы, сырлап тастаған тартпалы үстел. Нұрлыбай сырлы үстелді ұстай да біледі. Үстелдің үсті тап-таза болады. Бір жақ бұрышында – кесілмеген, ұсталмаған бірер кітап пен жазу аспабы тұрады. Оған таяу шылым сауыт, күл салғыш болады. Екінші жақ бұрышында – арам өлген сиырдай болып теңірейіп портфелі жатады. Үстел тұрған үй қабырғасында кіреукеленген кішірек айна болады. Айнаның бір жағында – бетіне әжім кіргенінен қарамай, қызша киініп, бір қолымен жағын сүйеп түскен бір әйелдің суреті тұрады; екінші жағында – бір қырынан отырып түскен қолағаш мұрын, аққұба жігіттің суретін көресің. Бұл енді Нұрлыбайдың жастау кезінде түскен суреті болады» [7,220-221] – кәдімгі қала тұрмысына бейімделген, тұрмысы жөнделген қызметкер болғаны байқалып тұр. Осы келтірілген заттық детальдар бір кезде екі көзі мөлдір қара, беті шиқандай қызыл, үріп ауызға салғандай баланың бүгінде екі жағы суалып, қатпарланып, көз алды бұқаның мойнынша қыржиған «мырзаның» «талай таптық маңызы» бар мәселелерді шешкенінен хабар береді. Зерттеуші Г.Пірәлиеваның пайымдауынша, «мұндағы әрбір тұрмыстық заттың әрқайсысының егжей-тегжейлі баяндалуы кейіпкердің сол кездегі көңілсіз күйінен сыр береді. Мұндай жинақы, ұқыпты ұсталған үстелдің үстінде отырып, жұмыс істеудің өзі бір ғанибет, көңіліңді көтеретіндей. Алайда олай болмай шықты. әңгіме кейіпкері «Нұрлыбай судья еді, бүгін орнынан алынды». Кейіпкер толғанысын тудырған – жалтыраған әлгі үстел. Осы үстел үстінде отырып,

кешегісіне ой жіберген, осы үстел үстінде отырып бақытты, яғни судья болған шағын, бүкіл өткен өмірін еске алған. Енді жоғарыға арыз жазып, өзін ақтайын десе, жазуға шама жоқ, осы үстелмен бірге басындағы бағы да көзден бұл-бұл ұшып жоғалар түрі бар. Үстел – кейіпкердің екі дәуір (судья кезі мен одан түскен кезі) аралығындағы қарама-қайшылықтағы сезімін, оның көңіл-күйін, спихологиялық жағдайын еске түсіретін зат. Кейіпкер бейнесін сомдауға сүбелі үлес қосқан бұл үстел – шығарма сюжетінің дамуына да өзіндік әсерін тигізбей қалған жоқ. Әңгімедегі әрбір зат, тұрмыстық деталь оқиғаға деген автордың көзқарасын білдіріп отыр» [8,284]. Оның үстіне бұл үстел – заттық деталь арқылы автор кейіпкердің әлеуметтік тұрмысын тап басып, қай тапқа жататынын көрсетеді. Демек, бұл заттық деталь кейіпкердің әлеуметтік статусын анықтау үшін қызмет етіп отыр.

Өткен уақытта жасаған: біреуді жәбірлесе, жылатса, ойран салса, сусыны қанып, құмары тарқайтын өз әрекеті есіне түскенде Нұрлыбайдың тұла бойы тітіркеніп, салқын тердің қалай шыққанын өзі де сезбей қалады. Оның ел ішіне салған ылаңын автор бір ғана детальмен жеткізеді: «Бірен-саран пысықтар, өзіне-өзі сенгендер болмаса, Нұрлыбайдың жүрген жерінен жұрт ат-тонын алып қашқандай еді» [7,222]. Ал енді басына күн туып, өз әрекетіне жауап беретін уақыт келгенде кешегі елді жылатқан судьяның пұшайман халін де автор баяндап жатпай: «пакет сыртындағы «халық тергеушісінен» деген жазу қараған сайын құлпырып, зорайып әрбір ирегі – самсаған мылтықтың аузындай боп үңірейеді. Нұрлыбай пакетке туралап қарай алмай, төмен қарап, салбырап кетті» [7,224] деп қысқа жеткізеді. Ал «Әбділдә төре» новелласындағы жан баласына, тіпті қол астындағы хатшысына қайырымы жоқ төренің маңызды бейнесін: «Әбділдә қабағын кіржитіп шатынап сала берді. Хатшының сөзін шала тыңдап, үстелінде жатқан газетті, қағаздарды аударыстырды, қалтасынан күміс сауытты шығарып, шылымын тартты. Мұржадан шыққан түтіндей, екі танауынан түтінді будақтатып отырған» күйінде танимыз. Өзі партия мүшесі, «ескі әдеттермен күресу керек; әйел теңдігін жарыққа шығару керек» деп өңешін керіп, күре тамырын білеулендіріп, талай жиылыста сөз сөйлегенімен, өз әйелінің отбасында ешқандай рөлі жоқ екенін автор екі түрлі ситуацияда деталь арқылы ашық көрсетеді. Біріншісі – Әбділдә қаладан келгенде әйелі онымен амандасуға да бата алмай: «белдемшесі белінде, екі шелек сүтті көтеріп, бие ағытып келе жатқан келіншегі жанынан өте берді. Амандасуға енесінен ұялды. Көзі жаутаңдап, сағынған адамша қайта-қайта қарап қана өтті» [7,203] десе; екіншісі – Әбділдә жеңгесі Маржанды әмеңгерлік жолмен әйелдікке алар кезде де бір ауыз қарсы пікір білдіре алмайды: «төсегінің үстінде келіншегі солқылдап жылап жатыр еді. Келіншек басын көтерді. Әбділдәға қарады. Көз жанары толған жас, сөз айта алмады» [7,205]. Міне, ел басқарып, елге жаңа заңды үйретіп, әйел теңдігі жөнінде өрекпіп ақыл айтып жүрген жанның әйелінің сиқын автор шағын деталь арқылы толық таныта білген. Шындығында жеңгесін әмеңгерлік жолмен алды деген аты ғана еді. Күйеуін тірі күнінде-ақ менсінбеген ажарлы, кербез, ашық мінезді жеңгесі әуел бастан Әбділдәға көңілін білдіріп, қылмыңдап жүретін. «Құралайдың қашуына мылтықтың басуы» дөп келіп, күйеуі өліп жесір қалады. Төренің жеңгесіне үйленуге өзінің де іштей ынтық екендігін автор тағы бір детальмен әдемі, әсерлі жеткізеді: «Таза ауаға шыққан соң Әбділдәнің көңілі тасқындап, жүрегі алып-ұшып, сықсиған көзі өзінен-өзі күлкіге бейімделіп бара жатқан тәрізденді. Көтеріліп отырып өлең айтты. Дауысы барылдап әлдеқайда кеткен секілденді» [7,202]. Әйеліме обал болды деген жанның ішкі күйзелісі жоқ, қағанағы қарқ, сағанағы сарқ күйде келеді. Бірақ, әрине «көп асқанға бір тосқан» маржанның күлкісі ішін өртеп, құшағынан сиқырланып шыға алмай қалған «ыслабый» Әбділдәні пара алып, ақша жегені, екі әйел алғаны үшін төреліктен алып, түрмеге салады.

«Желдібай Жындыбаев» новелласында губерниялық өкіл қолынан мандат алған өзі желөкпе Желдібай «шаш ал десе бас алатын» сорлы аз ақылынан айрылып, еліріп кетеді. Автор кейіпкерін танытуда заттық детальды қолданады: «Желдібай болыстық кеңседен келгенде екпінімен тау құлатқандай еді. Қара құлақшынды желкеге таман баса киген; арты тілік ескі қара пәлте делегейленіп, түйме біткен ағытылып кеткен: ербиген кішкене жебесін ширатып тастапты. Қарсы соққан жел Желдібайдың құлақшынының құлағын делең-делең еткізді. Көзі күлім-күлім етеді. Оң қолында сырты кірлеп майланған, о басында ақ кенептің шумағы екені білінгендей бір дорбасы бар. Кенеп дорбадан керегінің бәрі табылады: көйлек-ыстаны да сонда, үгулі насыбайы да сонда, бірен-саран ескі газеттер де бар. Бәрінен қадірлісі, Желдібайды екпіндетіп жүргені күбірнадан науқан өткізе келген өкілдің жазып берген мандаты; мандаттың ішінде астын сызып қойған «товарыш Жындыбаев» деген сөз бар» [7,264]. Оның ауылға келген бір күндік әрекетін ғана суреттеу арқылы автор бүкіл адами болмысын, парықсыз, надандығын жайып салады. Жылыну үшін он бес шақырым жерден «көкмойын» алдырып ішіп, қалғанымен бас жазып алған соң, соның буымен қызға қырындайды. Қызға жақындау үшін атты сылтауратып, мандатын шошаңдатып қыз әкесіне жетіп келеді. Ашқарақ сорлы Жындыбаев шалдың ішкелі отырған қаймақты қою шайын тауысқанымен қоймай, қонақасы іздеп, налог төлей алмай отырған кедей шалдың жалғыз

тоқтысын сойдырып жеп, кекірік атып, соңында тіпті атқа отыра алмай тәлтіректеп, өз-өзінен жырқылдап күліп кеткенімен, бірер айдан соң губерниялық газетте елге шыққанда істеген жолсыздықтары теріліп, сотқа беріліп, түрмеге жабылады. Новелла барысында жазушы заттық детальдарды пайдалану арқылы ауыл адамдарының кедей тұрмысынан хабар беріп отырады: «Шал кісі, күпісі жыртық, сақалы ұйысқан, жыртық көйлектен өңеші сорайып көрініп тұр» [7,265], «кемпір орнынан тұрып, тысы жыртық ақ жастықты Желдібайдың арқасына тоса берді» [7,265] немесе «томпақ бетті қара қыз бес батпан кір кенеп орамалмен жуған кесесін сүртіп, шай дайындап жатыр» [7,266].

Жазушы новеллаларындағы күлкі – ең басты ұйымдастырушы көркемдік элемент деуге негіз бар. Құлақшынының құлағы делбең-делбең еткен Желдібайдың сыртқы бейнесі бір қарағанда күлкі тудырғанмен, ол риясыз, таза күлкіні емес, ызалы, долы күлкіні тудырады. Автор күлкіні шығарманың идеялық мазмұнынан бөліп жармайды, тұтастықта береді. Бір оқып шыққанда еріксіз күлкі туғызатын, бірақ астарында «коллективтендіру» деген қалың қазақтың қайнаған соры жатқан, тақырыбының өзі символдық мән көтеріп тұрған туындысы – «Қара шелек». *«Айшаның жинақтығы, күтімділігі, бірін мыңға балап ұстайтындығы бүкіл ауылға мәлім. Салақ қатындар Айшаны жаратпай, мін таққысы келеді»* деген бір ауыз деталь басты кейіпкеріміздің кім екені жөнінде сұрақ қалдырмайды. Күйеуі Бірмағамбет екеуі малайлықты да, күндікті де, байдың таяғын, бәйбішенің бақыруын – бәрін басынан кешірген. Үй болып, түтін түтеткесін, өз алдарына өмір тілеген үш-төрт жылында Айша кәмпескеден екі-үш қара тиіп, басы босағасын аз дүниесін тап-тұйнақтай қып ұстап, тазалыққа әдет алған жан еді. Ал оның Кәстенкенің дүкенінен алдырған, үш жылдан бері атасының басындай сақтап жүрген қара шелегін сұрап алған адам – *«жауылығы салтақ-салтақ кір. Аяғындағы кебісі бір жамбастап қисайып кеткен»* Қожағұлдың тоқалы. Аяқ астынан «Жаңа тұрмыс» артелінің басқарма ағасы болып сайланып, не істерін білмей дағдарып қалған Айша ойламаған жерден тоқалға шелегін беріп жіберді. Есін жиып, шелегі жоқ екенін көргенде, жаны шығып кете жаздады. Өйткені, қара тоқалдың қолына түскен ыдыс сау қайтқан емес: кесе алса, екі бөліп қайтарады, құманша алса, шүмегін сындырып қайтарады, шелек алса не боларын түсінген Айша үйінен шыға жүгірді. Екі үйдің арасына жалданып тұрған қарға тізесінен батып малтықты. Оған да тоқтаған жоқ, қара тоқалдың үйіне жеткенше, қара шелекті көргенше асықты. Келсе, «шашы обырап, күлді бұрқыратып қара тоқал пештің алдында отыр еді. Есіктен кірген Айшаны көрді де, ашуланған пішінмен шымшуырмен отты көсеп-көсеп қалды. Күл бұрқырап пештің аузынан көлбеп ұша берді» деген детальдар оқырманға шелектің күні біткенін алдын ала ұғындырады. «Айша босағаға қараса, екі бүктетіліп, түбі аламайымен сөгіліп, қара шелек жатыр! Жаны шығып кете жаздады. Жалма-жан шелекті алып, қара тоқалға жіберіп ұрды. Ызаланып көзінен жасы ыршып-ыршып кетті» [7,379]. Міне, қара шелектің қысқаша оқиғасы осы. Шелек-деталь Айшаның характерін толықтай ашып береді. Шағын новеллада заттық детальдар арқылы автор әйелдің образын: пысықтығын да, артель басшысы болып сайланған өткірлігін де, шелегінен айрылған сәттегі психологиялық хал-ахуалын да әдемі жеткізе білген. Жазушы образ характерінің ішкі жан-дүниесін, нанымдылығын көрсетуде детальды орынды пайдалана білген. Новеллаға желі болған қара шелек оқиға динамикасына ажар кіргізе алған. Жазушының халық санасындағы өзгерісті, жан дүниесіндегі жаңаруды тамыршыдай тап басып, шеберлікпен өрнектегені жөнінде Қ.Ергөбек салиқалы ой айтады: «Биағаң қаламы тиіп кеткен жері өмірдің өзіне айналып жүре береді. Кейіпкерлері өмірден қалыпқа қалай көшсе, кітаптан өмірге дәл солай қоныс аударып, тірі адамға айналып, өзара айтысып-тартысып, болыстыққа таласып, ерлі-байлы екеуі ренжісіп қалып, екеуінің де зәре-құты қашып жүріп жатады» [9,9]. Бұл әрине, жазушы сомдаған кейіпкерлерінің соншалықты жанды, соншалықты таза әрі шынайы шыққандығы қатысты айтылғаны даусыз.

Жазушының тағы бір сүбелі новелласы – «Қанды кек» деп аталады.Шағын новелладан халқымыздың ауыр да азапты тіршілігі көрініс тауып, құл мен күңге тиесілі ит-өмірдің қиындығы, олардың басыбайлы құл болумен қатар, материалдық, моральдық тұрғыдан тәуелділігі де айқын білінеді. Патшаның қазақтан солдат алатыны жөнінде хабар тарап, ауыл астаң-кестең болды: кемсеңдеп кемпір-шал жылады; қанын тартып сұрланып, сең соққан балықтай мең-зең болып жастар қалды. Бүкіл ауыл дағдарды. Халықты уайымға батырған бұл мәселені шешу үшін Жарықбас бастаған жастар жиналып, кеңес құрып, Ыбырай болысты өлтіруге шешім қабылдайды. Болыс болса елдің жайымен шаруасы да жоқ. «Ыбыраш болыс жастыққа шынтақтай түсіп, жанында жатқан күміс сауыттан шылымын алып тартты. Шырайы ашық. Бұрынғыдай зілденіп тұнжырамай, үйде отырғандардың әңгімесіне араласып, шүйіркелесіп отыр. Төңбектей боп семірген қызыл жүзді Биқасап бәйбіше болысқа оқта-текте күле қарап, быртиған қолымен болыстың әміркен етігінің қонышын сипап қояды» [7,331]. Бірақ әрине халық басына зобалаң орнаған шақта болыстың идиллиясы ұзаққа созылуы мүмкін емес болатын. Көптің көтерілгенін естіген сәтте есікте жүрген құл емеспін, айылымды жимаймын деп қара халықты менсінбеген сыңай танытқанымен,

іштей қатты қобалжығанын мына бір детальдан айқын аңғарамыз: «Ыбырай болыс мұны қорықпаған пішінмен айттым деп ойлады. Бірақ жүзі қуқылданып, тұла бойы түршіккендей болып, дауысы қалтырап шықты. Толқындаған көңілін басайын дегендей, болыс шылымға жабысты. Аузынан, мұрнынан көк ала түтінде будақ-будағымен шығарды. Артында тұрған ақ жастыққа шалқасынан керіле жатып, аз-кем ойланғандай болды» [7,331].

Аңғал қазақтың кеңпейіл, аңқаулығы бұл туындыда да көрініп қалып отырады. Олжа түсіру үшін қулардың ойлап тапқан «манапесіне» (патша жариялады деген манифест) де сеніп қалған күйі: «Дағдарған жүздерге қуаныш белгісі жүгіріп, күлімдеп сала берді. Дабыра айқаймен ауыл ыңғ-жың болды. Қалтаға қол салынып, салдыраған күмісті сүйінші сұраушының алақанына басып жатысты. Құдайы деп қолындағы жүзігін суырып берген кемпірлер де болды» [7,325].

Халық таныған Ыбыраш болыс кім? Ыбыраш жасында орыс мектебінде оқып, уезге тілмәш болды, еліне келіп жиырма жасында болыстыққа сайланып, он бес қызмет атқарғанда бетіне жан қаратпаған, жоқтан пәле салып, дау туғызып, жарлының жалғыз шолағын «айыпқа» деп алып, жетімді жылатқан, жазықсызды соттатқан қатігез, қаныпезер адам. Оның шектен ынсапсыздығын таныту үшін автор төмендегідей детальды енгізеді: «Алпыс үйлі әжімнің әжетке жарайтын қызын нөкеріне қатарға ұстап, ажары тәуір әйелді байынан айырып, екі күннің бірінде шырылдатып сатып отырған Ыбыраш емес пе еді? Ыбырашта дін жоқ» [7,324]. Міне, осы Ыбыраш болыстың қанды шеңгелінен тағдыры ойран болған есігінде жүрген малайы Қайрақпай мен анасы Айғаным болатын. Новелланың табиғатын сақтап тұрған да осы Қайрақпай әрекеті болатын. Бес жасар күнінде болыстың босағасына жатқызып, құлдық таңбасын басқан, өмір бойы есігінде малай болып жүрген, бір ауыз қарсы сөйлеп көрмеген жетім Қайрақпай қолынан Ыбыраш болыс қаза табады. Бұрын-соңды бір ауыл ғана емес, қазақ тарихында болмаған құбылыс еді бұл. Байдың малдан төмен санайтын құлының қолынан өлуі кең байтақ момын қазақ даласы үшін бұл күтпеген, бұрын-соңды қазақ баласы жасап көрмеген, естіп көрмеген тосын құбылыс еді бұл. Автордың аталған туындысының таза новелла екенін дәлелдейтін бірден-бір оқиға да осы болатын. Ия, Ыбыраштың момын елдің қанын қасықтап ішкен қиянаты шегіне жетіп, ойламаған жерден Қайрақпайдың қолынан ажал құшады. Бірақ, болыстың өліміне жан баласы қайғырып, қиналмайды. Керісінше, көптің ішінде болған мұғалім күнделігіне мынадай жазба түсіреді: «болысты Қайрақпай сүйретіп алып шықты. Үйден шыққанда жаны шығар деп едім. Шыққан ыңғайда бірнеше шоқпар қабатынан тиді. Бас сүйегі мылжа-мылжа болды. Көлдің басына апарған соң Қайрақпай атынан түісп, қонышынан бір семсерді суырып алып, болысты жарып жіберді. Адам қарауға бата алмайды екен. Мен де іштерінде болдым. Іштерінде болғанымның өзі мықты ерлігім деп білемін» [7,335].Сан жылдар бойы жаралы жолбарыстай ширыққан жас жігіт жанкешті әрекетке тәуекел етеді. Ол басын бәйгеге тігуден тайсалмайды. Оның әрекеті халық қатыгездік, басбұзарлық деп емес, уәдеге берік, намысты деп қабылдайды. Әрине, Қайрақпайды мұндай әрекетке итермелеген – өмір шындығы екені даусыз. Жамандықпен жағаласып өткен бүкіл өмірінің ащы тәжірибесінен туған шешім болғасын жігіттің осындай батыл әрекетке барғаны әбден түсінікті. Әкесі өліп, жесір қалған ажарлы шешесі Айғанымды Ыбырай болыс он қараға сатып, таза жетім өскен Қайрақпайдың қайраттылығын автор «Екі көзі қанталаған біреу тілінген жабықтан басын сұқты. Қайрақпайдың басы. Қайрақпай тіл қатпады. Босағада тұрып, қанталаған көзін Ыбырашқа қадаумен болды. Тістеніп, бойын ашулы ыза кернеп тұрған сияқты» [7,334] деген портреттік деталь арқылы суреттейді. Қайрақпайдың бұл сипатынан «шешінген судан тайынбайтынын» ұғамыз. Осы тұста автор бір ғана деталь-штрихпен Ыбырайдың таза адами болмысын көз алдымызға әкеліп, жиіркеніштi етеді: «Ыбырашта құр сүлде. Не қыларын білмейді. «Аяғына жығылып, жалынсам ба екен? Құшақтап сүйсем бе екен?» деп те ойлады» [7,334]. Оқырманның көңілінде ешқандай сауал қалмайды. Бір ауыз сөйлеммен автор кейіпкердің мінезін ғана емес, ішкі сырын да жайып салды. Шығарма жазылғанынан бері қанша уақыт өтсе де оқыған оқырманның ешуақытта Ыбырайды жақтап, қолдап, жаны ашып, жоқтамайтыны ақиқат. Автор соңғы ірі нүктесін қою үшін де детальды орынды пайдалана білген. Байқағанымыз автор детальға айтпақ ойын көркем, әсерлі жеткізу мақсатында жиі жүгініп отырады. Бұл әрине алдағы уақытта новеллалардың көркемдік деңгейін бағалауға зор мүмкіндік береді.

Қаламгер туындыларындағы детальдың қолданысына ғалым Г.Пірәлиева: «Б.Майлиннің шығармаларындағы тұрмыстық заттық әлем, ондағы әрбір деталь – кейіпкердің ішкі әлемін ашуда, адам жаратылысының, түйсігінің небір қатпар қырларын, құпия сырларын әшкерелеу үшін әдейі алынған және ішкі иірімдерге енудің бірден-бір жолы, соны көркемдік тәсілі болып табылады. Майлинде зат адамды алмастырмайды, бірақ ол зат сол адам үшін оның табиғатын, характерін, болмыс-бітімін, бүкіл тағдырын шешетін бірден-бір көркемдік деталь болып кейіпкердің образын ашып тұрады. Және жазушының әңгімелеріндегі заттық әлем поэтикалық ойдың үзіліссіз жұмыс істейтін материалы ретінде көрінеді. Ол

әңгіменің сюжеттік желісін одан әрі үзбей жалғастыра отырып, өзі арқылы үлкен әлеуметтік-экономикалық, философиялық ой түйеді» деп жоғары баға береді [8,279]. Расында да құлағы делең-делең еткен құлақшын арқылы Желдібай, шелек арқылы Айшаның характері анық көрінеді. Айша көп дүниеге құмар емес, қолда бар аз дүниесін ұқыпты ұстауға дағдыланған, біреудің затын алғанды жаны сүймейтін жан екені; ал шелекпен тоқалды ұрғаны – өктемдік емес, көп сөзге жоқ жанның ашынғанының, ренжіп, таусылуының, өкінішінің белгісі еді.

Қорыта келгенде, Майлин новеллаларында қолданылған детальдар мынадай көркемдік қызмет атқарады деуге болады. Біріншіден, заттық детальдар адамды ауыстыра алмаса да, сол пайдаланылған заты арқылы оның характерін танимыз. Ішкі жан-дүниесінің тереңінде тұнып жатқан сырына қанық боламыз. Екіншіден, негізгі кейіпкердің әлеуметтік статусын ажыратамыз. Үшіншіден, кейіпкерді толғандырған мәселенің басы ашылып, оның әлеуметтік, материалдық, экономикалық проблемасы айқындалады. Бейімбеттің әлеуметтік-психологиялық новеллаларында өмір құбылыстары кейіпкердің ішкі әлемі арқылы өтіп, оның жан дүниесіне сыртқы жағдайдың еткен әсері, жасаған өзгерісі көрінуге тиіс. Бірақ, автор кейіпкер психологиясын бейнелеуді желеу етіп, көпсөзділікке салынбайды, бір-екі ұтымды детальды пайдаланумен шектеледі. Яғни адамның ішкі сарайын ашатын кілт-детальды таба білген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Исабеков Д. Суреткер Майлин // Қазақ әдебиеті, 1997. 2 қараша.

2 Елікбаев К. Б.Майлин шығармашылығына жаңаша көзқарас // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2000. – №3. – 21-25 б.

3 Бейісқұлов Т. Шырғалаң уақыттың шынайы сипаты // Ақиқат, 1994. – №3(наурыз). – л 85-90 б.

4 Асылбекұлы С., Тоқшылықова Г.Б. Постмодернизм әдебиетінің негізгі белгілері // Хабаршы. Абай атындағы ҚазҰПУ, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №3(61). – 130-138б б.

5 Қабдолов З. Шығармалары. Т. 4: Үш алып. Төрт арыс. Ғылыми зерттеулер. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 320 б.

6 Алтынбекова М. Новелла нақыштары // Жұлдыз, 1966. – №2. – 143-145б.

7 Майлин Б. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1977. –543 б.

8 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. – Алматы: Алаш, 2003. –328 б.

9 Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар: Қазақ қара сөзі жайында. – Астана: Таным, 2003. –360 б.

МНРТИ 17.71.07

А.В.Таңжарыкова[1], А.Н.Юсуп[1]

[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ АҢЫЗ-ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ КИЕЛІ ЖЕРЛЕР ОБРАЗЫНЫҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ аңыз-әңгімелеріндегі киелі жерлер образының мифологиялық негіздері талданған. Сонымен қатар қазақ аңыз-әпсаналарындағы мифологиялық танымға негізделген киелі жерлердің символдық көрінісі сипатталады. Қазіргі таңда әдебиет пен өнер тарихи даму ерекшелігі жағынан трансформациялық өзгерістерге ұшырауда. Сол себепті көркем әдебиет пен өнердің фундаментальды мәселелерін оңтайлы шешуде оның мыңжылдықтар бойы қалыптасқан даму эволюциясын есепке алмау мүмкін емес. Мұндай жағдайда екіаралықты байланыстырушы рухани дәнекер ретінде миф алдыңғы қатарға шығады.Ол ең алдымен адамзат табиғатының мақсат-мұраты мен арман-тілегін жеткізуші құрал ретінде мәдениет пен әлеуметтің константты үлгісін жасайды. Қазақ халқында киелі жерлерге байланысты туындаған тілдік қолданыстар, түрлі мифтер молынан кездеседі. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы киелі жерлерге қатысты ұғым-түсініктерді талдап, зерделеу ұлттық кодты қалыптастырады.

Түйін сөздер: миф, әлемдік әдебиеттану, киелі жерлер, аңыздар, мифтік таным, символ.

Танжарыкова А.В.[1], Юсуп А.Н.[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

МИФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ОБРАЗА САКРАЛЬНОЙ МЕСТ В КАЗАХСКИХ ЛЕГЕНДАХ

Аннотация

В статье анализируются мифологические основы сакральной земли в казахских легендах. В нем также описывается символический ландшафт священных мест, основанный на мифологических знаниях в казахских легендах. В настоящее время литература и искусство претерпевают трансформационные изменения, в особенностях исторического развития. Вот почему невозможно игнорировать эволюцию тысячелетия, которая была решена в оптимальном решении фундаментальных вопросов искусства и литературы. В этом случае миф находится на первом месте как связующий межсоединитель. Это, прежде всего, монастырский пример культуры и социализации как средство распространения человеческой природы и желаний природы. На казахском языке много разных мифов, связанных со священными местами. Изучение и понимание понятия священных мест в традиционном мировоззрении казахского народа составляет национальный код.

Ключевые слова: миф, мировая литературная критика, сокральные места, мифы, мифические знания,

A.V. Tanharykova[1], A.N. Yusup[1]
[1]Kazakh National pedagogical university named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

MYTHICAL BASES OF THE IMAGE OF THE SACRED PLACES IN THE KAZAKH LEGENDS

Annotation

The article analyzes the mythological foundations of the sacred landscape in the Kazakh legends. It also describes the symbolic landscape of sacred sites, based on mythological knowledge in Kazakh legends. At present, literature and art are undergoing transformational changes in the peculiarities of historical development. That is why it is impossible to ignore the evolution of the millennium, which was solved in the optimal solution of the fundamental questions of art and literature. In this case, the myth is at the forefront as a connecting interconnect. This is, above all, a monastic example of culture and socialization as a means of spreading human nature and the desires of nature. There are many different myths in Kazakh language related to sacred places. The study and understanding of the concept of sacred places in the traditional worldview of the Kazakh people is the national code.

Keywords: myth, world literary criticism, sacred places, myths, mythical knowledge, symbol.

Әлем әдебиетінде зерттеушілерге рухани бағыт-бағдар беретін, пәлсафалық ой тудыратын фольклордың ерекше жанры – миф. Соған сәйкес XX-XXI ғасырлар тоғысында миф шындықтың әртүрлі интерпретациясын тану мен бейнелеудің феномені әрі көркем ойлаудың бай қайнаркөзі ретінде әдебиет пен ғылымда, мәдениет пен өнерде кеңінен зерттеле бастады.

Мифтің әмбебап қасиеті тек қана бір халықтың емес, бүтіндей өркениеттердің мәдени даму сатысының әр кезеңін қарастыруға мүмкіндік береді. Мифтегі сюжеттердің ұқсастығы, мифологиялық образдар мен кейіпкерлердің бірегейлігі, сонымен қатар кей халықтардың наным-сеніміндегі ортақ көріністердің берілуі адамзат жаратылысының о бастағы біртұтастығын білдіреді. Сол себепті мифтен дін мен философияның, өнер мен ғылымның элементтерін табуға болады.

Әлемдік әдебиеттануда мифті әлеуметтік-қоғамдық феномен ретінде қарастыру барысында көптеген мектептер (Грим, Кун, М.Мюллер, А.Афанасьев, т.б.) қалыптасты. Мифтің концепциясын талдауға байланысты В.Пропп, О.Фрейденберг, А.Лосев, В.Топоров, Ю.Лотман, Б.Успенский, Е.Мелетинский, Д.Низамиддинов және басқа да ғалымдардың зерттеу еңбектері жарық көрді. Қазақ әдебиеттануында да фольклор жанры ретінде мифтің өзіндік ерекшелігін зерделеуге қатысты Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынов, Ә.Марғұлан, Р.Бердібай, Ә.Қоңыратбаев, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасов, С.Қондыбай еңбектерін атап өтуге болады. Бұл зерттеулерде әдебиеттегі мифтің символдық табиғатына нақты ғылыми негіздеме берілген.

Негізінен миф – халық ауыз әдебиетінің бағзы замандардан қалыптасқан ең көне жанрларының бірі. Ол ертедегі адамзат баласының қоршаған әлеуметтік орта, дүние, әлем жайлы түсінігінен хабар береді. Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп. Мұның өзі мифтің тек көне жанр ғана емес, сонымен бірге күрделі құбылыс екендігін дәлелдейді. А.Ф.Лосев өз зерттеуінде «кез келген мифтің символ» болатындығын көрсете келе, оған бірнеше анықтама береді: «Миф – не идеальное понятие, и также не идея и не понятие. Это есть сама жизнь. Миф не есть ни схема, ни аллегория, но символ. Миф всегда есть слово. Миф есть в словах данная чудесная личностная история» [1, 176 с.]. Ал С.Қондыбай өз еңбегінде мифке мынадай анықтама береді: «Миф – ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, басқаша айтқанда – «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі ақиқаты. Миф – әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни, бұл жағынан, «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние» [2, 21 б.]. Алайда ғалымдар мифке түрлі анықтама бергенімен, оның бойындағы әлемді танып-білудегі символдық-метафоралық қасиеті өз күшін жоймайды. Алғашқы мифтерде бұл аспектілер әдетте бір-бірімен сәйкес келеді және де әлем моделінің бейнесі ретінде жекелеген элементтердің дүниеге келуі сипатталады. Сол себепті қазіргі ұрпақ үшін белгілі бір кезеңдегі мифтік уақыт пен кеңістік өзіндік ұлттық код ретінде танылады әрі соның негізінде сол кезеңдегі халықтың табиғи және әлеуметтік әлем жөніндегі білімінен ақпарат алуға болады. Сондықтан да біз өз мақаламызда қазақ аңыз-әңгімелеріндегі киелі жерлер образының мифологиялық негіздерін саралауға тырыстық.

Қазақтың кең байтақ даласында алуан түрлі табиғи жерлердің ішінде «ашық аспан астындағы ғибадатхана» түрінде кездесетін ерекше орындар, табиғаттың өзі жаратқан мекендер бар. Олар алғашқы қауымдық құрылыс кезінен бастап адамзаттың қалыптасуына ықпал етіп, оның санасындағы өзін қоршаған әлемге деген көзқарасын тікелей өзгертті. Бұл табиғаттағы киелі (сакралды) жерлер болып табылады.

Ғылымда киелі сөзін «сакралдылық» терминімен береді. Ал латын тіліндегі «сакралды» сөзі «қасиетті, табынатын, діни рәсімді» деген мағыналарды береді. Қазіргі қолданыстағы тілде оны тағы «қуат мекені» (ағылшынша «Place of Power») деп те атайды, яғни жоғары энергетикалық қуаты бар жер деген сөз. Соған сай қуаты бар жерлерде жиі-жиі аномалды құбылыстар болып тұрады. Оны ғалымдар жер астынан шығатын энергиямен байланыстырады. Мұндай энергиясы күшті жерлерде болған адам түрлі күйде болуы мүмкін: «жақсы киесі бар» жерде адам ағзасы мен жақсы көңіл-күйі үйлесім тапса, «жаман киесі бар» жердегі адамның әл-қуаты құрып, тығырыққа тіреледі, жүйкесі жұқарады.

Көне сенімдердің эволюциясы мен оның қазіргі кезде де ең болмаса кейбір жеңіл түрлерінің сақталуы олардың сонау ежелгі адамдар өмірінде ғана емес, сонымен бірге бүгінгі адамдар өмірінде де маңызы барын көрсетеді. Халық жадында әлі күнге дейін қасиетті мекендерге, атап айтқанда, әулиелі жерлерге, киелі ағаштарға, киелі тауларға, т.б. тәу ету дәстүрі сақталған. «Әдебиеттану терминдері сөздігінде» Т.Шаңбаев миф туралы сөздік мақаласында халық прозасында көне мифтердің қатарына мынадай аңыздарды жатқызады: «Қазақ фольклорында өзгерген немесе халық прозасының басқа жанрларының сипатын қабылдаған көне мифтердің («Қазығұрт», «Көк өгіз», «Қорқыт», «Асан қайғы», «Толағай», т.б.) ізі сақталған. Екінші бір түрі – тау-тас, алып-құздардың ерте заманда адам болғаны жөніндегі («Келіншектау», «Қырық қыз», Жеті қарақшы», «Үркер», т.б.) көне мұралар және оған қатысты мифтік аңыз-әңгімелер» [3, 230 б.]. Аталған аңыздардың бірқатары қазақ жерінде орналасқан киелі жерлермен тікелей байланысты.

Қазақ халқының аңыз-әпсаналарында жер-судың пайда болуы, қалыптасуы, даму тарихынан мәлімет беретін мифтер өте көп. Соның бірі – қасиетті Қазығұрт тауы жайлы аңыз. Негізінен Қазығұрт жайлы ел арасында таралған ән-жыр да, аңыз-әпсана да кең тараған. Қазығұрт жайлы әдеби-танымдық эссе жазған, ел арасындағы аңыздарды жинап, жинақ етіп шығарған жазушы Қ.Тұрсынқұлов қасиетті тау туралы былай деп сөз қозғайды: «Қазығұрт тауы – бір кезде Нұх пайғамбардың кемесі қайырлаған тау. Одан кейінгі дәуірде бұл маңды көне қаңлы тайпасы мекенлеген. Қазығұрттың шығыс сілемінің үстіндегі «Орда қонған» деп аталатын жазықтық сол қаңлылардың хан ордасы болған. Мүмкін, Нұх пайғамбардан бері-ақ осындай қасиетті орын саналып келген жер. Бәйдібек баба дәуірінде Домалақ ана Албан, Суан, Дулатқа нақ осы «Орда қонғанда» енші берген... Қазір осы тайпа өкілдерінің бәрі бір кісінің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бәрі де Қазығұртты қасиетті тау санайды [4, 268 б.]. Қазығұрттың тарихын терең зерттеген жазушы қасиетті таудың генезисінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі эволюциялық даму жолын (Қазығұрт жайлы ежелгі жыр-аңыздар, Қорқыт ата, Оғыз қаған заманындағы Қазығұрт, әлем

алыптары және Қазығұрт, Ұлы Жібек жолындағы Қазығұрт, Шыңғыс хан, Әмір Темір заманындағы, бүгінгі күнгі Қазығұрт) баяндап өтеді.

Қазығұрт жайлы аңыздардың дені топансу кезінде барлық адамзат пен жан-жануарларға пана болған Нұқ пайғамбардың кемесімен байланысты. Әлемдік мифологияда бүкіләлемдік топансу мен Нұқ пайғамбардың кемесі жайлы көптеген аңыздар бар. Әсіресе өзен-көл, теңіз арналарын жайлаған елдердің (Мексика, Вавилония, Греция, Австралия, Үндістан, т.б.) аңыздарында көп кездеседі. Дүниежүзі ғалымдарының пікірлеріне сәйкес Нұх пайғамбардың кемесі Арарат тауында, Тендюрек мекенінде, Эльбрус тауларында, сонымен қатар Қазығұрт тауында орын тепкен деген жорамалдар айтылады. Әр халық үшін өзінің киелі мекені, қорған болар жұмағы болады. Қазақ халқы үшін де Қазығұрт – сондай киелі мекен. Жерұйықты аңсаған Асан-Қайғы жырау сүйсініп «Қазығұрт – Алланың мейірімі түсіп, шапағатын шашқан тау екен, Нұх пайғамбардың кемесі қалып, бар қасиет бойыңнан табылғандай тау екенсің. Жемісі көп, жері көп, Жер төресі мұнда екен. Жігіті көп, ері көп, Ел төресі мұнда екен» деп жырлайды.

Киелі жерлер – кез келген этностың таным-түйсігіндегі образдық және эстетикалық жүйесінің басты факторларының бірі. Соған орай қасиетті жерлердің ең көркем деталі әр халықтың рухани-мәдени дәстүрінде образды-поэтикалық көрініс тапқан. Мәселен, Қазығұрт тауы алыстан қарағанда шөгіп жатқан қос өркешті түйені елестетеді. Таудың кескін-келбетінің өзі түйеге ұқсауы көшпенді мәдениеттен хабар береді. Әдебиетте ұлттық образдарды зерттеуші Г.Гачев ақын М.Кенин-Лопсанның өлеңін талдау барысында асқар тауды түйеге ұқсатады. Осындай салыстыру арқылы автор бұл образды «өзіндік көшпелі мәдениеттің символы, әлем моделі» деп көрсетеді. Автордың тұжырымдауынша, әр ұлт үшін ең қымбат, ең қасиетті ұғым-түсініктер болады. «Первое, очевидное, что определяет лицо народа – это природа, среди которой он вырастает и совершает свою историю. Она – фактор постоянно действующий. Тело земли: лес (и какой), горы, пустыня, тундра, вечная мерзлота или джунгли, климат умеренный или с катастрофическими изломами, животный мир, растительность – предопределяет и последующий род труда (охота, бортничество, скотоводство – кочевье, земледелие, торговля, мореплавание и т.д.). Здесь коренится и образный арсенал литературы, обычно очень стабильный [5, 47 стр].

Әулиелі жерлердің санына қарай Қазығұрт Маңқыстаудан кейін тұрады. Оның маңында Шілтер ата, Ақбура әулие, Адам ата шоқысы, Пайғамбар саусағы, Пайғамбар атының су ішкен жері, Ғайып-Ерен қырық шілтен, т.б. қасиетті орындар кездеседі. Сонымен қатар Қазығұрттың баурайында жер астынан қайнап шығып жатқан, шөлдегеннің сусынын қандыратын, ауру адамға шипа болатын қасиетті үш бұлақ («Көзбұлақ», «Өңешбұлақ», «Құлақбұлақ») бар. Халық арасында негізінен Қазығұрт тауы жайлы тараған екі аңыз бар. Оның бірі – топансу мен Нұқ пайғамбар кемесі жайлы, екіншісі – таулар соғысы туралы. Бірінші аңыз таза халықтық ұғымға негізделген, қазақтың тұрмыс-тіршілігінен алынған, қазаққа етене жақын төрт түлікті жырлаудан басталады. Аңызда былай жырланады:

Қазығұрттың басында кеме қалған,
Болмаса ол әулие неге қалған.
Топан суда бір бота жатып қалып,
Ойсыл қара деген сөз содан қалған.
...Топан суда бір құлын жатып қалып,
Қамбар ата деген сөз содан қалған.
...Топан суда бір бұзау жатып қалып,
Зеңгі баба деген сөз содан қалған.
...Топан суда бір қозы жатып қалып,
Қошқар ата деген сөз содан қалған [4].

Төрт түлікке деген құрмет, оның пірлерін мадақтау бұрынғы тотемизм мен шаманизмнен қалған көріністер. Халқымыз бағзы замандардан *кие* ұғымына аса мән берген. Әр нәрсенің, құбылыстың, заттың киесі болады деп түсінген. Қ.Тұрсынқұловтың айтуынша, «Қазығұрт маңында соңғы кездерге дейін әйелдер осы төрт түліктің аталарының атын тіке атамайтын» [4, 20 б.]. Екінші аңыз тікелей Қазығұрт тауымен байланысты айтылады. Аңыз бойынша Нұқ пайғамбардың кемесі алып тауларға (Өгем, Қаржан тауларының шыңдары) соқпай, Қазығұртқа келіп тоқтайды. Мұны көрген алып таулар Қазығұртқа соғыс жарияламақ болады. Таулардың арам пиғылын көрген қасиетті тау өзі секілді аласа тауларға, яғни жеті тауға (Ордабасы, Қызылсеңгір, Мансар, Қыңырақ, т.б.) хабар (Ордабасы ұлыма айт, Қызылсеңгір қызыма айт...) жібереді. Мұны естіген қызғаншақ, соғысқұмар таулар өз райларынан тез қайтады. Аңыздың желісінен байқағанымыздай, қазақ халқының мифтік танымында тау үлкен қасиетке ие. Тау қазақ үшін

үлкен сенімділіктің, мызғымас бірліктің, мәңгілік тұрақтылықтың, рухани тазарудың (ғибадат, тәу ету) символы.

Киелі жерлер ерекше, қасиетті статусқа ие. Бұл күнделікті тіршілік ететін жерден бөлекше және қасиетті күштермен байланыс жасауға бағытталған арнайы табыну, құлдық ұру әрекеттерін орындауға арналған кеңістікті нысан. Діни санадағы киелі жер дегеніміз жоғарғы сенім құндылықтарын білдіреді, яғни адамдардың бойында қорқыныш, табыну сезімін оятатын және ерекше сый мен құрмет көрсетуді талап ететін рухтар мен құдайлардың жердегі мекендері, магиялық күштердің шоғырлануы. Қазақ жеріндегі сондай күшке ие мекендердің бірі – өзіндік дара болмыс-бітімі бар, тамаша сұлу келбетімен жұртты тамсандырған, батыр бабаларымыздың ізі қалған қасиетті тау Көкшетау өңірінде орналасқан Оқжетпес тауы. Қазақтың әпсана-мифтерінде жаугершілік замандарда тұтастай елді қорғап қалған батырлардың кескін-келбеті олар өлген соң тасқа айналғандығы жөнінде деректер бар. Мәселен, Оқжетпес тауының сұлу кескіні көптеген желілі мифтерге арқау болған. Сондай аңыздардың бірі С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасында баяндалған. Ақынның композициясы күрделі, көлемді поэмасы бірден Көкшенің сұлу табиғатын суреттеуден бастайды. Ақын Көкшенің әсем табиғатын суреттеуде ұлттық ұғымға сай сөздерді (алтын кесе, кербез сұлу, көк желек, иіс май, мұнар, т.б.) қолданып, құбылтудың түрлерімен әсірелеп, таза, пәк табиғат көрінісін беруге тырысады. «Жеке батыр», «Бурабай», «Оқжетпес» «Жұмбақ тас» бөліктерінде ежелгі аңыз сарынын жырлау арқылы киелі мекендегі жер-су аттарының тарихын шолып өтеді. Поэманың сюжеттік желісі тұтастай «Оқжетпес», «Жұмбақтас» тарауларында беріледі. Ғалымдардың пікірінше, «Оқжетпес туралы да, Жұмбақтас тас жайындағы сюжет те таза фольклорға жатады, біреуі – тарихи аңыз болса, екіншісі – ертегі іспетті әпсана, бірақ соған қарамастан екеуі де этиологиялық мифті еске түсіреді...» [6, 26 б.].

Жалпы таулардың мифологиялық функциясы сан қырлы. Әлемдік мифологияда таулар әлемнің түп қазығы ретінде суреттеледі. Оның кескін-келбетінде әлемнің барлық элементтері көрініс тауып, әлем бейнесі, яғни ғалам моделі жасақталады. Өзінің орналасу ретіне қарай тау ғаламның дәл ортасында, жоғарғы жағы Қиыр шығыс жұлдызына қол созса, төменгі жағы қасиетті жерге тіреледі, ал бастау бұлағы жер кіндігіне келеді. Сондықтан мифтерде тауларды жоғарғы әлем мен төменгі әлемді жалғастырушы бөлік деп қарайды. Ақын поэмасында Оқжетпес тауы сән-салтанаты келіскен табиғи әлем, яғни аспанмен тілдескен, қара жерге табан тіреген үлкен кеңістікті алып жатқан тұтастай әлем ретінде сипатталады. Ақын осы ғажайып көріністі былай деп жырлайды:

Көк торғын Көкшетауды мұнар басқан,
Бастары көкке бойлап, бұлттан асқан.
Бір шың бар етегінде тіп-тік найза,
Адамзат жасағандай құйған тастан,
Сүп-сүйір бейне найза шың, құз, биік,
Төбесі кейде тұрад бұлтқа тиіп.
Қарасаң етегінен шың басына,
Тақияң жерге түсер тұрған киіп [7].

Тауды бейнелеуде әсірелеу мен теңеудің тамаша қолданысы ғаламның моделі ретінде оның қызметін тіпті қоюландыра түседі. Ақынның өзінің жеріне деген махаббаты *тау – бүркіт – қаршыға* мифологемалар тізбегі арқылы алып кеңістікті алып жатқан көріністің символикасын одан әрі бекіте түседі. Бұл жерде бүркіт пен қаршыға еркіндіктің, шексіздіктің символы ретінде қолданыс тапқан. Бұдан біз лирикалық кейіпкердің бүкіл сезім өрісін, яки Көкшеге деген мақтанышын, сұлулыққа деген таңданысын, табиғатқа деген тебіренісін байқаймыз.

Тұрғандай таусылмайтын бір ой ойлап.
Жалғыз-ақ шың басында ноқаттай боп,
Құйқылжып қалықтайды бүркіт ойнап.
Басына атсаң-дағы оғың жетпес,
Иіліп ешбір тауға тәжім етпес,
Сол шыңға жан шықпаған ұя салып,
Шаңқылдап қаршыға мен бүркіт кетпес [7].

Табиғатқа табынуға негізделген әр түрлі діни сенімдер көне халықтардың өмірлік танымдарын өзгертіп, олардың тұрмысы мен дәстүр-салттарына тікелей ықпал еткен. Әр халықтың дәстүрлі

дүниетанымында адамдар тауларды рухани-табиғи күш беретін, сананы қозғайтын, сиқырлық қасиеті бар мекен ретінде суреттейді. Азиядағы Синай мен Зион, Грекиядағы Олимп, Тибеттегі Кайлас, Қытайдағы Тянь Шань, Жапониядағы Фудзияма, АҚШ Аризона шыңдары – бұлар тек белгілі географиялық атаулар ғана емес, сонымен бірге көптеген әлемдік діндердің таңбалық бейнесі. Сол себепті әлемдік әр дін өкілдері тауларға арман-мұратқа қол жеткізетін, зұлымдықтан қорғайтын, рухани күш беретін нысан ретінде қарайды. Осындай Оқжетпес тауының ғаламаттық күшін мына жолдардан көруімізге болады:

Тіп-тік шың көкке қарай кеткен бойлап,
Түбектей айнала тау – берік қорған.
Қаптаған тау мен тасты қап-қара орман.
Бурабай жағасында Оқжетпес шың,
Жағалай сол жерге кеп әскер қонған.

Ел ішінде Оқжетпес тауы жайлы бірнеше аңыздар кездеседі. Бұл аңыздарда ертеде қазақ жерінде Оқжетпес деген алып батырдың болғандығы баяндалады. Батырдың бойының биіктігі сондай екен, жауының атқан оғы оған дарымайтын-мыс деп айтылады. Батырдың киген сауыт-сайманының ауырлығы сонша оны тіпті ат та, атан түйе де көтере алмапты. Қапияда қолға түскен Оқжетпес батырды жаулары мықтап байлап тастайды. Әбден арпалысып, босанып шыға алмаған батыр Алла тағалаға «Тәңірім, мені жауларға қор еткенше тасқа айналдыр!», - деп жалбарынады. Бұл тілек сол мезетте орындалып, батыр алып тауға айналады. Аңыздағы «тасқа айналу» мотивіне байланысты қазақ мифтік әпсаналарында сюжеттік көріністер көп кездеседі. Тастың тотемдік қасиетіне табынудың негізінде халық арасында көптеген аңыз-әпсаналар тараған. Оның бірінде қарғыстың әсерінен тасқа айналған қыз-келіншектер («Азанұр» жайлы миф, «Жылаған ата» жайлы аңыз) мен әкесінің өсиетін орындамаған жігіт тағдыры (Толағай тауы туралы аңыз) баяндалса, енді бірінде жауынан қорған іздеп тасқа айналған батырлар мен әулиелердің өмірі (Қазығұрт өңіріндегі Қырық қыз, Шілтер әулие, Масат ата мекендері, т.б.), болмаса қауіпті алыстан сезіп хабар беретін жан-жануарлар (Көкшетаудағы Бурабай) жайлы сыр шертіледі. Б.Қанарбаева қазақ халқының аңыздарындағы тасқа айналу мотивінің тууы ең алдымен оның тотемдік қасиетіне орай туындағанын айта келе былай дейді: «Біздіңше, тастарға сыйынып, табыну алғашқы жабайы адамдардың өмірінде негізгі рөл атқарғандықтан сол дәуірде қалыптасқан. Олар үшін тастар қорғану мен тамақ табудың құралы, адамзаттың тіршілік бастауларының көзі болды» [8, 10 б.].

Сөзімізді түйіндер болсақ, қазақ мифтеріндегі көркем бейне дәрежесіне көтерілген елді мекендер ғасырлар бойы халық санасында зерделеніп, уақыт өте келе ұрпақ бойында отаншылдық сезімді қалыптастыратын, адамзат баласының өсіп-өнуі үшін рухани күш беретін киелі мекенге айналған. Бұдан шығатын қорытынды, қанша ғасыр өтсе де мифология ұлттың тарихи жадын оятып, рухани жаңғыруына ықпал ете алады және де дүниені танудағы ұлттық кодты қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 *Лосев А. Философия имени. – Москва: «ЭКСМО-Пресс», 1999. – 1024 с.*

2 *Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Төртінші кітап. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2004. – 504 б.*

3 *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев). – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 384 б.*

4 *Тұрсынқұлов Қ.Шығармалары. Бес томдық. Т.1: Қазығұрт: аңыз бен ақиқат/Әдеби-танымдық эссе, повесть-аңыз және новеллалар. – Астана: «Фолиант», 2014. – 416 б.*

5 *Гачев Г. Национальные образы мира. – Москва: Советский писатель, 1988. – 448 с.*

6 *Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: «Арда», 2011. – 480 б.*

7 *Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Том 3. Баллада. Толғаулар. Дастан. Поэмалар. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2004. – 400 б.*

8 *Қанарбаева Б. Қазақтың наным-сенімдерінің фольклордағы көрінісі. Алматы: «Жазушы», 2004. – 288 б.*

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ
PEDAGOGY AND METHODOLOGY PROBLEMS

МРНТИ 14.09.25

П.М. Адиева[1], Ғ.Қадірбайұлы[1]
[1]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қ., Қазақстан

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ОҚЫТУ ІСІНДЕГІ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ БҮГІНГІ КҮНГІ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Алаштың ұлттық идеясы Т.Жұртбайдың жазуымен мына бес түрлі тұжырымға негізделген. Бірінші ұстаным: жер, жер және жер. Жерсіз отан жоқ. Екінші ұстаным: жердің астындағы, үстіндегі, аспандағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет ету керек. Үшінші ұстаным: Ә.Бөкейхановтың жобасы бойынша, «қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі» керек, яғни, толықтай экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізуге ұмтылуы тиіс еді. Төртінші нысана: қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек. Бесінші, түпкі мақсат: ғылымға, ұлттық салт, дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді. Осы өскелең идеаның бір салалы бұтағы – оқыту ісі, ағартушылық. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев еңбектеріндегі оқытылу ісіндегі түйінді мәселелер – ана тілі, мектеп ашу, оқулық, жаңа оқу формасы, жазу-сызу сауаттылығы, тағы сол сияқты толып жатқан мәселелерді қарастырамыз және оның бүгінгі күнгі маңызын көрсетеміз.

Түйін сөздер: оқу-ағарту ісі, интеллигенция, зиялылық, тіл, дін, діл, ұлт мүддесі, ғылым, әдістеме, технология, метод, тәсіл.

Адиева П.М.[1], Кадирбайулы Г.[1]
[1]Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Яссауи,
Туркестан, Казахстан

ОСНОВНЫЕ ВОПРОСЫ ПРОЦЕССА ОБУЧЕНИЯ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА И ИХ ЗНАЧЕНИЕ В СОВРЕМЕННОЕ ВРЕМЯ

Аннотация

Национальная идея Алаша опирается на следующие пять принципов, описанных в трудах Т.Журтбая. Первый принцип: земля, земля и земля. Нет Родины без родной земли. Второй принцип: все, что находится на земле, под землей, на небе и в недрах земли должно принадлежать и служить казахскому государству. третий принцип: по проекту А. Бокейхана "пучок шерсти, произведенный на казахской земле, должен стать вязанной одеждой на теле гражданина этого государства", т.е. государство должно стремиться к полной экономической независимости. Четвертый принцип: в государстве главным приоритетом должны быть национальный язык, религия, менталитет, которые являются составляющими любого государства. Пятый принцип: законы государства должны основываться на науке, национальной культуре и традициях, что позволит построить национально-демократическое государство, по образцу Японии. Одной из главных составляющих этой великой идеи является образование и просвещение.

Исходя из научных трудов таких известных казахских просветителей, как А.Байтурсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жумабаев, в вопросах образования и обучения главной проблемой является родной язык, открытие новых школ, издание учебников, новые формы обучения, орфографическая грамотность, развитие мышления и др., которые в статье рассматриваются с позиции современности.

Ключевые слова: просвещение, интеллигенция, образованность, язык, религия, мышление, национальная идея, наука, методика, технология, методы, приемы.

P.M.Adieva[1], G.Kadirbaiuly[1]
[1]International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yassaui,
Turkestan, Kazakhstan

KEY PROBLEMS OF EDUCATIONAL ACTIVITY AT THE BEGINNING OF THE 20TH CENTURY AND IT'S TODAY'S IMPORTANCE

Annotation

The national idea of Alash is based on the following five types of conclusions by works of T.Zhurtbay. First principle is the earth, the earth and the earth. Without the earth there is no Homeland. Second principle is – all riches and resources on and underground and in the sky have to serve for Kazakh state. Third principle is: "even the shred of wool of the Kazakh earth has to be used in production of clothes for citizens of the Kazakh state" by the project of A.Bokeykhan, i.e. had to strive for achievement of full economic in dependence.

Fourth purpose: language, religion and spirituality of the forming nation have to serve dominants in the Kazakh state. The fifth, the final goal, being guided by the laws based to science, national traditions and customs, is the formation of the national democratic state on the example of Japan. One of a branch of this progressive idea is educational activity and education. We consider as well we describe today's importance of numerous key questions of educational activity in works of A.Baytursynov, M.Dulatov, Zh.Aymauytov, M.Zhumabayev as the native language, opening of schools, textbooks, modern form of education, written education and other problems.

Key words: educational activity, intellectuals. Intelligence, religion, language, spirituality, interest of the nation, science, methodology, technology, method, approach.

Ұлт көсемі Ә.Бөкейханов: «Біз шығыстың сәлдесімен, сарттың ала шапанымен, молданың мәсісімен өркениет табалдырығын аттай алмаймыз. Діни ісі мемлекеттен бөлінген, ұлттық демократиялық қоғамды құруымыз керек», - деген екен (Жұртбай Т. Ұраным – Алаш!).

Тау қопарарлық екпінмен қазақтың ой-санасын астаң-кестең еткен ХХ ғасырдың алғы ширегі, нақтылап айтқанда, «Алаш қозғалысы» несімен құнды? Бұл қайта өрлеу дәуірінде Ауропаны (Төреқұлов Н. Жат сөздер туралы) ұшпаққа шығарған «Ұлы Ағартушылық қозғалысының» араға ғасырлар салып сахараға жеткен алтынкүрек лебі еді. Арысын айтпағанда Алаш арыстарының бұл ісі Ы.Алтынсариннің: «Оқысаңдар балалар, шамнан шырақ жағылар» деген арда жолымен, Абайдың білімге шақырған тағылымын күзеткен көшбасшылық еді. Жаңа мемлекет құру жолындағы талпыныстарға бөгет боларлық мәселе шаш етектен. Әр сала ақтаңдақ. Сол олқылықтарды аяғынан қаз тұрғызбаса да, жоқтан бар жасаған ардагерлердің төккен тері, еткен еңбегі өлшеусіз.

Оқыту ісіндегі жағдаяттар көпке аян, жетілмеген, ескі үрдіс. Осы мәселені алғашқылардың бірі болып ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы көтерді. 1913 жылы жазылған «Оқыту жайынан» мақаласында былай делінеді: «Бұл күнде қазақша оқуда кемшілік көп. Әуелі, оқу құралы кітаптар жоқ. Ноғайша оқу құралдары қазаққа үйлеспейді. Екінші, қазақ мектебіне түзілген пыроғырама жоқ, онсыз оқу бір жөнен шықпайды. Үшінші, бала оқыту ғылымынан хабардар мұғалімдер аз». Осы көкейкесті кемшіліктердің орнын ойсыратпау үшін зиялы Алаш өкілдеріне түрлі тапсырмалар жүктеледі. А.Байтұрсынұлының өзі бас болып 1914 жылы Орынборда бірінші жылдыққа арналған «Тіл-құралын» (қазақ тілінің сарфы) басып шығарады. Сөз басында Ахаң: «Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйреген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөздерінің жүйесімен тізсе, әрине, ол нағыз қазақша болып шықпайды. Сондай кемшілік болмас үшін hар жұрт әуелі баласын өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, сонан соң басқаша оқыту тиіс»,- дейді. Бұл бір ғасыр бұрын айтылса да мың жылдар бойы жалғасқан тағылым. Бүгіннің де, болашақтың да ту етіп ұстар ұстанымы болуға тиіс.

Араға бір жыл салып, яғни, 1915 жылы Орынборда «Тіл-құралын» (қазақ тілінің сарфы) 2-нші жылдық кітабын да басып шығарады. Бұл толағай еңбектер билік басындағылардың көзіне теріскендей қадалғаны анық, Ахаңның соңынан шырақ алып түседі. Партиядан шығарады. 1921-нші жылдың 15 қарашасында (Орынбор қаласы) Партияны тазалау жөніндегі Губерниялық комиссияға «Жазығым не?» деген өтініш хатын жазады. Бұл хат жеке басты арашалау емес, халықты оқу-ағарту жолына жетелеу ісіндегі күрес еді. «Бұл халықта әдеби кітаптар ғана емес, өзінің ана тіліндегі оқулықтар да жоқ, яғни қандай болса да мәдени-ағарту жұмысын бастауға негіз боларлық басты құралдың өзі жоқ...» дейді. Қазақ ортасыда кітапханалар мен оқу үйлерінің ашылмағанына күйініп, соған белшеше кіріскен осы Ахаң еді. Сол

мақалада және: «Халық ағарту комиссары бола тұрып, КЦИК (ҚОАК) төралқасының мүшесі әрі қазақ оқулықтарын жасау жөніндегі редакциялық алқаның төрағасы ретінде мен екінің бірін таңдауға: не қазақ тілінің оқулықтарын даярлау ісімен айналысуды, немесе шынын айтатын болсақ, мен сияқты басқада қазақ жолдастарға ешқандай пайдасы жоқ партиялық жиналыстарға қатысуды қалауға мәжбүр ететін жағдайға тап болдым. Мен мұның алғашқысын қаладым, неге десеңіз, өзімді қазақ тілі турасындағы еңбекке икемірек және пайдалырақпын деп ойлаймын», - дейді [1]. Бұндай ерлік, батылдық ол заманда кімнің қолынан келген! Партияның көкмылжың жиналысына қолын сілтеп, халқы үшін, қазағы үшін төккен терін біз ұмытсақ ұлт болудан қалармыз.

Осы әз жолдан айнымаған Ахаң мың бір жапада жалғасты оқулықтарын шығарады. Бірінші тіл танытқыш кітап «Тіл құралын» (дыбыс жүйесі мен түрлеріне арналған) Қазақстан мемлекет баспаханасы шығарады. (Қызыл-Орда 1925 жыл). Сонымен бірге осы жылы сол баспадан үшінші «Тіл құралы» да (сөйлем жүйесі мен түрлеріне арналған) жарық көреді. А.Байтұрсыновтың балаларға әріпті дыбыспен жаттықтыру мәселесі іс жүзінде кейінгі жазылған оқулықтардың бойына қан тамыр етіп орнатты. Тіл құралдары осы негізде жазылды. Сонымен бірге қазақ мұғалімдері үшін жазған «Баяншы» еңбегінде «дыбыспен жаттығуға» арнайы тарау бөліп, талдап түсіндіреді. «Сөз айту – дыбысты ауызбен тізу. Сөз жазу – дыбыстардың белгісін қағаз бетіне тізу», - деп 14 жылдық оқытушылық өмірінен аңғарған, сезген, білгендерін көптің игілігіне ұсынады.

«Тарту» деген өлеңінде А.Байтұрсынұлы:

Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіңдер, түсіп, байқап, қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, ізденіп тауып алалық та!

– деп ғұмырын ағартушылыққа арнаған ұлы ұстаздың «Әдебиет танытқышының» өзі неге тұрады. Кейінгі қазақ тіл ғылымының бағыт айырар мәйегі болған А.Байтұрсынұлының тұлғасы айрықша бөлек. Сарқылмас бұлақ іспетті шарбәтін әр қашан көксеген кеудеге құюдан жалықпақ емес.

А.Байтұрсынұлының «оқыту жайында» мақаласында көтерген мәселелер Мағжан Жұмабаев еңбектерінде де сабақтастық табады. «Жазылшақ оқу құралдары hам мектебіміз» атты мақаласында, «1917, 1918, 1919 жылдар қазақ мектебі үшін күнбатыс Европа мектебіне ояну (ренессанс) дәуірінің істеген қызметін істемек еді», - дейді [2]. Бұл жолдардан біз сөз басында Ә.Бөкейхановтан келтірген дәйектеме сөз, ұлттық демократиялық қоғамды құру жолында Алаш ерлері өздеріне қаншалықты өскелең арман артқаны көрінеді. «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі», - дейді Мағжан. Одан ары бұл ойын ішкерілей түсіндіріп, «Мектебімізді таза, сау, берік hам өз жанымызға (қазақ жанына) қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады. Сондай негізде құра алмай келешегіміз күңгірт» дейді. Бұл өткеннің ғана емес бүгіннің де өзекжарды мәселесінің бірі. Ұрпақтың келешекте кім болып өсуі ұшқан ұясы – оқыған мектебіне байланысты. Осы мақалада және: «Оқу құралдарының мінезі – мектеп мінезінің айнасы. Түрлі пәннің (предмент) мектепке қай шамада, қай түрде кіруі де мектептің өзінің қандай негізге құрылуына, қандай мінезді болуына байланысты нәрсе. Олай болса, жазылшақ біздің оқу құралдарымыздың да мінезі мектебіміздің мінезіне байлаулы болуға тиісті». Заман өзгерді, біз тәуелсіз ел болдық. Осы таңда нағыз қазақы тәрбие беретін ұлттық мектептерді қалыптастыруда, жаңа мектеп бағдарламаларын енгізуде бұл бізге ауадай қажет дүние. «Мектебімізге негіз саламыз дегенде ескеретін іс соңғы кезде соқыр еліктеу ауруы біздің жанымызға сіңіп барады... Қазақ жанын қайшылап отырып, жат қалыпқа салмақшымыз. Жат қалыпты қазақ жанына қабыстыру, яки жаңа қалып жасау тәжірибесіне кірісіуіміз қарадай қорқытады. Мектебімізге негіз салғанда біз тағы осы жолға түсіп кетпесек игі болар еді.». Қандай абыздық, көрегендік. Қазақты шетке сырып қойып, бізге үш қайнаса сорпасы қосылмайтын дүниелерді зорлап таңатындардың маңдайына осы сөзді таңба қылып басқың келеді. Бұл шынайы егеменді елдің бетке ұстар бағыты болуы керек. Сол өзгенің салған жолдарын «сынамай, икемдемей, даяр қамытты қазақ баласының мойнына кигізе қою тарих алдында, еліміздің тағдыры алдында кешірілмес күнә болар еді», - дейді Мағжан [2]. Ұлт алдындағы ар-ұжданды ұмытқан ер халқын жақсылыққа бастамайді. Мағжан бұл ұлы ойды іс-жүзіндеде дәлелдеп бере алды. Ол әйгілі «Педагогика» еңбегі. 1923 жылы Ташкент қаласында «Түркістан басмасөз махкамасы» араб әрпінде шығарған. Үздік педагоктардың еңбектерін баспа-бас аударып пайдаланған жоқ, қайта оны зердесінен өткізіп, ойында електеп, қазақ баласының мінез-құлқына

сай, табиғатына үйлесімді, ұрпақтың ұлт жанды, мәдениетті, жігерлі, білімді болып өсуіне тәрбиеші құрал ретінде шығарды.

Мағжан айтқан ел тағдыры алдындағы күнәға ел өзін-өзі итеріп батып жатты. Кеңеес одағы орнамай тұрған патша заманында қазақ халқының оқығандары мүлдем жоққа тән екенін біз М.Дулатұлының «Совет өкіметі һәм оқу жайы» (1920ж.7 қараша) мақаласынан айқын көре аламыз. «Алты миллоннан астам жұртта бұл күнге шейін жоғары оқулы азамат 60 – 70-тен артық еме. Бұған қарағанда, жүз мың жанға бір ғана жоғары оқуы бар кісі келетіндігі көрінеді. Одан орта буын школдарда оқушылар саны қанша екені байқалады. Бастауыш школдарды алсақ, оқығанды екі облыстың бірі саналатын Семейде 1917 жылы сексен шамалы ауыл школдары ғана бар екен. Семей облысының қазағы кем санағанда сегіз жүз мың. Бұл есепке қарағанда, он мың жанға бір ғана школ болады.» [3, 3-том. 16 б.]. Бұдан ары ауылнай школдарын сынайды, олардың ана тілін оқытпайтынына күйінеді. Өзге тілді де қарық қылмай «моя, твоямен» қала береді дейді. «Азын-аулақ екі класты, яғни сол қатарлы школдарды бітірген жігіттер тілмаш, переводчик болса, үлкен төрелікке жеткендей көріп, қазаққа күн көрсетпей, «елім, жұртым» деген сезімнен ат шаптырым жер аулақ жүріп, арызшы, парашы болып кететін.» (сонда) Қазақтың осындай мінез көрсетуіне тәрбиесіздігі мен ұлтшылдық рухының сүйегіне сіңбегенінен деп біледі. Халқымыздың дәл осындай «қас надандығы» өзгелерге майдай жаққаны мәлім. Міржақып Победоносцевтің сөзінен мысал келтіреді. Онда: «қазақ баласын бастауыш школдарда ғана аз жыл оқытып, ғылымның жоғары басқышына шығармау керек. Олар тәуір оқыса, көзі ашылып кетіп, ұлтшыл, саясатшыл болады. Бізге олардың ұлтынан айырылып, басқаларға ере алмағаны керек.» (сонда) Дәл осы надандықпен, бір қазақтың оқуына қазынадан жылына 27 тиын жұмсайтын қорлықпен қаншама ер күресті. «Оян, қазақ» деп атой салған Міржақыптың дыбысы түріктергеде жалау болды, қиыр шығыстағы жапондарға да ұран болғаны мәлім. Кеңес өкіметін қолдамаса да, «оқу керек» деген саясатының өңін айландырып халықты білім алуға үндеді. Сол кездегі оқуға бөгет боларлық жағдайаттарды мына үш жақтан қарастарды: « бірінші, соғыс ылаңынан қымбатшылық, жоқшылық, оқу құралдары һәм саймандары жетіспеушілік; екінші, мектеп үйлерін салуға баяғы жоқшылық қол байлап тұрғандық, һәм, үшінші, қазақтың өзінен оқытушылар жетіспеушілік.» [3, 3-том. 17 б.].

Қайсы Алаш азаматының еңбектерін саралап көрсең де тіл мәселесі алдымен жанын күйзелткен. Кеңес үкіметі жаңадан орнаған, жұмысшылар партиясы етек-жеңін толық жинай алмай жатқан абыр-сабырда дәл осы тіл мәселесі, ана тілін үйрету зиялы қауымға сын болған. Міржақып алдағы мақаланың жалғасы іспетті «Тіл мәселесі» (4январь 1921ж.) атты мақаласында да, «бұратана» жұртқа патша заманының тырнағын қатты батырып, орыс тілінің үстемдік құрғанын, тілмаштардың тайраңдағанын қатты сынайды. Ана тілін үйренетін, оның теңдік алатын заманы келгенін айтқан. Бұл сол аз жылдардың ішінде ғана бейуақытта жанған шоқтай жалт етіп ғайып болды. Ал кейінгі қанды тағдыр көпке аян.

Міржақып «Халық ағарту комиссариаты назарына» мақаласында (22январь 1921ж.) кеңес һүкіметінің оқу туралы заңын бетке ұстай отырып, балаларға оқитын, жататын, тамақтанатын, тәрбиеленетін орын бір жерде болу керек, яғни жатақты мектептер салу ісін қолға алу керек екенін халық ағарту комиссариатының назарына салады. Сонда ғана біздің қазақ-қырғыздың оқу-ісі ілгері басады дейді.

Қырдағы ел мұғалім жалдап, баласын оқытады. Сол мұғалімның білім деңгейімен санасып жатқан жоқ, бет жүзінде оқыды аты болса болды. Қырға шыққан мұғалім сымақтардың надандығына күйінген М.Дулатұлы, «Ақ жол» газетінің №21 санында (2 февраль 1921ж.) «Халық ағартушылардың құлағына алтын сырға» атты мақаласын жариялайды. Мұнда мұғалім Е.Бағынбайұғылының хатын бас бүтін беріп, ол хатты үш кісі жабылып отырып, әрең танып шыққандығын айтады. Емле емес жазуды жөнді жаза алмайтын халық ағартушыларының халі осы жетістік, «аяңдар балаларды! Жазығы болса, мойнына салып күйдіріңдер. Рақымсыз болыңдар!» (42 бет) деп батырып айтқан. Қырдан оқу таппай, білімге сусаған ел баласы пәлен жүз шақырымды артқа тастап, қалаға келеді. Бірақ қалада құшақ жайып қарсы алып, жағдайын жасап, білім беретін жайлы орта жоқ, жаз шыға азып-тозып, тіпті ауру арқалап, жаяу-жалпы қайтқан балаларды «кім оқытады?» деген сауалға М.Дулатұлы жауап іздейді. Бұрынғы мұғалімдер үкімет ісімен айналысып кеткен, жылы жұмысқа жайғасқан, немесе тірлік қамымен сауда жолын күйіттеп жүр. Қырға шығып, балалардың сауабын алатын жан некен-саяқ. Осы мәселенің шешімін табуға М.Дулатұлы «Еңбекші қазақ» газетінің №68 санында жариялаған (27 февараль 1923 ж.) «Кім оқытады?» мақаласында мынандай 6 түрлі жағын қарастырып көрген. «1. Аяғымызды көрпемізге лайықтап көсіліп, ел ішіндегі мектептерді бірден көркейтіп жібереміз демей-ақ, әзірге болыс басы 2 – 3 мектептен ашу керек. Бірақ бұл мектептер шын мағынасында мектеп болсын.

2. Уез-уезде әлгі аздап ашқан мектептерге жеткілікті тәуір мұғалім, учительдерді басқа қызметтерден босатып, оқытушы қылу.

3. Ол мұғалімдердің тамағын тоқ, көйлегін көк қылып, тұрмысын түзету. (Бұл қазіргі біздің мұғалімдер жағдайына да ескерер жәй).

4. Осы күнгі институт, рабфақ, партшкол секілді школдарда оқып жүрген жастардың бәрін болмаса да, бірсыпырасын оқу бітіргеннен кейін пәлен жыл елде бала оқытуға міндетті қылу, оқып шыққаннан кейін бұларды өзге қызметтерге алмау. («Дипломмен ауылға» бағдарламасы еске түседі. Біздің де қиыр ауылдар да, тіпті Солтүстікте мұғалым мүлдем жетіспейді, сондықтан бұл мәселені мықтап қолға алу керек).

5. Қазіргі оқып жүрген жастардың құлағына жалаң саясат ғылымын құя берудің үстіне, жалпы еңбекші қазақ халқыныың надандығын, ол надандықтан құтқарып, бақыт жолына түсірудің бірінші сарасы – жас буынды оқыту екендігін, ертең өздері оқып шыққан соң да, көбі үйретуші, тәрбиеші болу керектігін иландырып, оқыту тәртіптерін үйрету жағына артығырақ уақыт, күш жұмсау керек. Надандық біздің жауымыз болса, ол жаумен соғысатын әскер – оқытушылар екеніне иман келтіру керек.

(Бұл біздің маңдайшалығымыз да алтын әріппен жазылып тұруға тиісті сөз.)

6. Өз жолынан амалсыз шығып, hүкімет қызметкерінде жүрген мұғалімдер, учительдер hүкімет істеріне өте керектерінен басқасы, халық ағартуға тілектес болса, төңкерістен бұрынғы «халық ағартушыларымыз» деп кеуделерін қағулары алдау емес, рас болса, «оқытушыларымыз төрелікке қызығып кетті» деген өсекті бекерге шығарайын десе, қазіргі «оқуға, оқытуға ұмтылу» деген ұранға қосылып, білім туын қолға алып, оқу майданына қайтадан шықсын! Тегінде, зорлап оқытушы қылғаннан әркім өзі тіленіп кіріскені пайдалырақ болуында сөз жоқ. Өзі тіленіп кіріскендер шын оқытушы, шын халық ағартушы екендігі сонда көрінеді» [3, 3-том. 18-бет]. Осы жылдар тыңғылықты іске аспай ел надандықтан құтылмайды, онсыз теңдікке жетеміз деу тәтті қиял дейді.

Қазақ тілі үшін көлін қорғаған қасқалдақтай шыр-пыр болғанын біз М.Дулатұлының кейінгі мақалаларынан да анық көре аламыз. Жеке адам емес қазақ тілін жүргізетін комиссиялардың да сауаттылығы топтан озып тұрмағанын көреміз. «Қазақ тілін жүргізетін комиссиялардың құлағына алтын сырға» («Еңбекші қазақ», 7 сентябрь 1925ж.) мақаласында сол комиссияның приказын толығымен алып мысал келтіреді. Не қазақша аударған емес, логикадан жұрдай, түсініксіз бұйрықты қазақша болсада қазақ түсінбей абдырап жүргеніне налып, «ары-беріден соң, «қазақшаң мынау болса, орыс болып-ақ кетелік» деушілер табылмай ма? Сонда не бетімізді айтамыз?» дейді. [3]. Оқу ісін жүргізудегі ең түйінді мәселенің бірі осы – емле. «Корректор қетесі көптігінен, ешкім оқи алмайтын болған соң таратылмай, жоққа шыққан кітап та бізден табылды... Кітап деген нәрсе, тегінде, әсіресе біз сықылды өнер-білімі кем елде, оңайшылықпен дүниеге келмейді. Біздей жұрт дүниеге бір кітапшасы шықса да, қатыны ұл тапқандай қуанып қалатыны – кітап шығарудың оп-оңай еместігіне дәлел.» дейді М.Дулатұлы «баспасөз қатесіз болсын!» мақаласында. («Еңбекші қазақ», 7 февраль 1926ж.) Баспасөзді қатесіз шығару үшін 9 түрлі өз шартын ұсынады. Дәл осы шарттарды біздің де бүгінгі баспасөз елеп-ескерсе, көріп-білсе деген базынамыз бар.

«Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларымның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.

Енді қандаймын?

Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым.

Мен не көрмедім?

Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келетіндер де болды. Өліде үшбақы болғыр Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім...» Бұл «қазақ тілінің мұңы». («Ауыл тілі», 27 июль 1926ж. №1.) Егер қазақ болсаң сайсүйегің сырқырап, төбе құйқаң шымырлап отырып оқисың. Міржақыптың Ж.Мыңбайұлына шаққан мұң-шемені бұл. Жанайғайы. Қарлығаштың қанатымен болсада күйіп бара жатқан кеудеге жалқы тамшы тамызар ма деген асқақ рухы. Қазіргілер жылап отырып біреуге ана тілінің мұңын шаға ма?! Жоқ, білмеймін...

Шұбарланған қазақ тілін қалыбына салу үшін қазақша деп жазылып жүрген сөздердің қатесін түзеп, әуелі өз кемшілігіміздің қандай екенін білуіміз керек дейді. Сол кемшіліктерді мына 4 жағынан «Еңбекші қазақтың» № 141 санында (4 июль 1926ж.) қарастырған. «Біріншіден – дыбыс жүйесі жағынан болатын кемшілік. Жазушыларымыздің көбі қазақ тілінің дыбыс жүйесін елемейді... Екінші кемшілік – сөз жүйесі жағынан болатын кемшілік, қазақша жалғау, жұрнақтарды елемегеннен болатын кемшілік... Үшінші кемшілік – сөйлем жүйесі жағынан болатын кемшілік. Біздің жазушыларымыз сөйлем ішіндегі сөздердің алдында айтылатынын артына, артындағысын алдына әкеліп, сөздерін орысша тізеді... Төртінші кемшілік

– жалпы кемшілік. Бұл кемшілік жазушының орысшаны да жете білмегенінен болады иә орысшаға жетіктігі асқынып кетіп, білім буынына түсіп кеткеннен болады...» (210б.)

Ескі мұсылманша хадим оқудың кемшілігін көрсетіп, ескі араб әрпімен жазылған кітаптарды мағынасын түсінбей, қанша жыл оқыса да құрғақ жаттағаннан басқа түкте өндірмей, хат танусыз қалатын оқу жайын айтып, төте «жадид» оқуымен оқыған мұғалімдерге төте оқудың әдіс-тәсіл, қыр-сырын үйреткен, қазақ тілін басқа тілді араластырып шұбарламауға шақырған бірегей еңбегі «Қирағат» атты оқу құралы. (Орынбордағы «Ғ. Ғ. Хусаинов баспаханасынан» алғаш рет 1916 жылы басылып шыққан.) Сол тәуір деген ноғай медреселерінде оқыған мұғалімдерге: « сіздер, онда аз-көп болса да өздерің ғана үйреніп шықтыңдар, басқаларды қалай үйрету жәйін үйренген жоқсыңдар. Өзі білу мен өзгелерге білдіру екі басқа. Білгенін кісіге білдіру, яғни балаларды оқыту өз алдына бір ғылым. Ғылым – педагогика» деп, оқудың әдістемелік мәселесін көрсетеді. «Қирағат» сөзі – баяндап оқыту деген мағынаны білдіреді. Бұл кітапті оқудағы әдіс-тәсілдер, оқу кітабін мақамдап, дауыстап оқуға, оқыған әңгіменің мазмұнын қарапайым тілмен баяндату арқылы оқушының жадына білімнің жаттанды қонбауын мұрат етеді. Міржақыптың осы кітабінда көрсеткен оқыту тәсілдерін біз бұл күндерде де қолданудамыз. Ол әркез назардан қақпай қалмақ емес. Міржақыптың бірінші, екінші жылдықтарға арнап жазған «Есеп құралы» оқулығы да сол замандағы қаракөз қазақ балаларының кеудесіне білім нұрын сепкені анық. Бұл кітапта тарихтан ойып өз орнын, ортамыздан құнды бағасын алатын шығарма.

Алаш ардагерлері ұрпақты оқуға шақыру үшін көбінде тәрбиені мұғалімдерден бастапты. Жоғарыдағы егей еңбектер қатарынан андағайлап орын алып тұратын және бір шоқтықты шығарма бұл Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» (Қызылорда – Ташкент 1926ж.) hам «Тәрбиеге жетекші» (Оренбург, 1924) кітаптары. «Психологияның» бет ашарында өзі айтпақшы, бұл кітап алдымен бала оқытушыларға арналады. «Жан ілімінің» алғашқы сәулесін қазақ даласына сеуіп, шариғатқа, дінге, құдайға қарсы деп, ескі танымға құл болып жүрген қазақ санасын сілкіп алған бұл кітапта адамға жұмбақ болып көрінетін талай нәрссні ғылым тұрғысынан дәлелдейді. Жан, сана туралы, дін, құдай, адамгершілік, әділдік, ізгілік, жауыздық, әдет, салт, мінез, түс көру... сықылды адамның азуы батпайтын мәселелер психологияда ашылады. Ал, «Тәрбиеге жетекші» бүгінгі мектептің оқыту формасын, дидактиканың сүйегін қалаған еңбек. Жалпы 4 бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде тәрбие туралы, оқытушыларға бала тәрбиелеудің мақсұтын ашып көрсетеді. Екінші бөлім – дидактика. Әуелі оқытушылар бұрынғы орныққан оқыту жолдарымен, әдістерін қанық игеру. Жаңа оқыту жолына оқушылар түскенше, орныққан жолды көрсетіп жолбасшылық ету. Жаңамен ескіні салыстыру арқылы жаңаның артықшылығын көрсету. Оқыту өзіне берік негіз салғысы келсе, оқу деректеріне ілтифатты оқыту керек, яғни оқуға ынтаны тартып, ілтифатты көпке шейін қалдыру керек. Осы мақсұтқа жету үшін төмендегідей жобалар ұсынады автор.

1. Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматымен байланыстыру.

2. Тиісті таныстыру, яки қысқаша жоспармен сабақтың мақсұтына ынталандырып, ілтифат аудару.

3. Сабақтың алдын-ала даярлайтын сұраулар қойылып ынтасын қоздыру, ілтифатын сақтау.

4. Әрбір пайдасыз, мақсұтсыз, мағынасыз мағлұматтардан қашу, сабақта баланың ілтифатын қоздыратын қызықты нәрселер ғана сөйлену, үйретілу.

5. Баланың ішін пыстыратын біркелкі, бір затты мағлұматта беруден сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдіс, оңтаймен оқытуды жандандыруға тырысу.

6. Алғашқы кездегі оқыту деректі, көрнекі болу. Көрнекі оқыту туралы көрсетілген жобаларды дұрыс қолдану.

7. Оқытуға өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрселеріне өзі де ынталану, өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрсені оқушылар да сүйеді.

Ыстық махаббат, жан жүрегіңмен сабаққа беріліп өтсең ғана өнімді болады. Біз Ж.Аймауытовтың бұл шығармасын оқып отырып ірі әдіскер – педагог екенін жазбай көре аламыз, әрі тамсанамыз. Көтерген мәселелерінің бәрі бүгінгі дәуірге де қалыппен құйғандай келеді, демек бұл оқытудың классикалық түрі. Басқасын айтпағанда, біз күнде айтып жүретін «көрнекіліктің» өзін, «бала бір нәрсе туралы дерексіз ойлай алмайды. Бала нәрсенің суретімен, пішінмен, түсімен, дыбысымен ғана ойлап, ол нәрсе туралы ұғым жасайды.» деп, оның мән-маңызын бір ғасыр бұрын айтып кеткен еді. Үшінші бөлімде мектеп басқару, мектеп салу, тазалық, саулық сақтау, тәртіп орнату жағынан сөйленсе, төртінші бөлімде осы сала бойынша сол кезде әр алуан пікірлерді жинақтап көрсеткен. Біз бұл кітаптың жүгін кішігірім мақалаға сыйғыза алмайтынымыз белгілі. «Бүгінде Америка әдісі, жиынды (комплексті) әдісі, тәжірибелі (лабораториялы) әдісі, құлшынды-белсенді (активнодвигательный) әдісі... Тағы сондайлар майданға шығып сөз болып жатыр. Бәрінікі – білім берудің төте жолын табу. Бізде көп әдістер түгілі жөнді бір де әдіс жоқ деуге болады...» дейді Ж.Аймауытов «Ана тілін қалай оқыту керек?» атты мақаласында [4]. Ал,

одан бері заман өзгерді, дәуір басқа. Сол Алаш арыстары көксеген азаттыққа біздің қолымыз жетіп отыр. Ұлттық демократиялы мемлекет құрамыз деп, кер заман тірсектерінен шалса да ғасыр соңына жетпей әйтеуір бір елім азаттық алады деген Әлихандардың әулиелігі келіп, айымыз оңынан туып отыр. Мемлекет тілі – қазақ тілі, мектептеріміз бар, айта берсе бәрі де Алаш көксеген мұраттар. «Балаларға көп үйретем деп, асығып шала-шарпы үйретуден, аз да болса, анықтап нық үйрету абзал» деп ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы данышпандықпен айтып еді. Алаш арыстары далаға дауыл тұрғызып келген, солардың ұлы мұратына ат шалдырып, алыстамауымыз керек. Түстенер қара шаңырағымыз сол болса, нұр үстіне нұр. Сол тәрбиені, тағылымды бойына тұмар қылған ұрпақ тәрбиелеп шықсақ ол еліміздің ертеңі. Аспанымыздың ашық болуы, ұлт тағдырының кемел болуы солардың қолында.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Байтұрсынұлы А. Шығармалар жинағы. Т. I-YI. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.
2 Жұмабаев М. Шығармалары. Т. I-II. – Алматы: Жазушы, 2013.
3 Дулатұлы М. Шығармалары. Т. I-Y. – Алматы: Мектеп, 2003.
4 Аймауытов Ж. Шығармалары. Т. I-IY. – Алматы: Ел-шежіре, 2013.

МРНТИ 14.01.11

A.A.Golovchun[1], R.N.Toksonbayev[2]
[1]Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages, Almaty, Kazakhstan
[2]Bishkek Humanities University, Bishkek, Kirgizstan

EDUCATIVE PHENOMENON OF DISTANCE LEARNING IN FOREIGN LANGUAGE ACQUISITION

Annotation

This article is dedicated to organizational aspects of distance foreign language education. We tried to analyze the theoretical and practical usage of distance education systems in teaching foreign language at school, to determine the specifics of remote learning in the formation of research competence, and to depict the effectiveness of distance learning in the vast range of its form, models and organizations. We have come to understand that the latest models of distance education present high-quality, locally relevant educational and learning opportunities. Three methods such as critical analysis of foreign and local sources on the research issue, focused observation and analysis of the educational process, and method of form for teachers (questionnaire among teachers) were used in a research because of their appropriateness and the opportunities they organically present. Distance education will play an important role, demonstrating its flexibility and variety of forms. Distance learning is perfectly suited to the need of a pupil with special needs to gain a quality education. An indicator of the efficiency and effectiveness of distance learning is the formed research competence of pupils, the formation of new ways of world understanding, the broadening of one's horizons, the absence of fear of the subject or a teacher. Once distance education is applied outside, the organizational and administrative framework of conventional schools, their potential for extra paradigmatic innovation becomes evident.

Key words: distance learning, foreign language education, research competence, an indicator of efficiency, ways of world understanding

Головчун А.А.[1], Toksonbayev R.N.[2]
[1]Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылайхана, г. Алматы, Казахстан
[2]Bishkek Humanities University Bishkek, Kirgizstan

Мақалада қазақ тілі әдістемесі ғылымының көрнекті өкілдерінің бірі, қоғам қайраткері, әдіскер-ғалым Қажым Басымовтың тұлға болып қалыптасуына түрткі болған XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тарихи кезеңдер мен оқиғалар жан-жақты қарастырылады.

Сондай-ақ мақалада өткен ғасырдың 20-30 жылдары ұлт зиялыларының басты назарында болған ағарту ісін қолға алу, мектептер мен орта және жоғары оқу орындарын ашу, білім ордаларына маман дайындау, ұлт мектептері үшін оқулық пен оқу құралдарын шығару, елдегі сауатсыздықты жою, емле, термин, орфография секілді ұлттық мәселелерді шешуге арқау болған кемел істерге тарихи-ғылыми тұрғыдан шолу жасалып, әдіскер-ғалымның сол қоғамдағы ролі аталған дәуір проблемаларымен тікелей байланыста сипатталды. Сонымен қатар аталған дәуірде орындалған практикалық міндеттердің нәтижесі қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымына сара жол салғандығы, Қажым Басымов, Шамғали Сарыбаев, Телжан Шонанов, Ғали Бегалиев, Сейіл Жиенбаев сынды тамаша әдіскер-ғалымдардың жарқын тұлға болып қалыптасуына себепкер болғандығы айтылады.

Түйін сөздер: ағарту ісі, қазақ тілін оқыту әдістемесінің тарихы, орфография, терминология.

Карабаев А.Т.[1]
[1]*Казахский национальный педагогический универститет имени Абая,*
г. Алматы, Казахстан

УЧЕНЫЙ КАЖЫМ БАСЫМОВ И ВОПРОСЫ ПРОСВЕЩЕНИЯ В НАЧАЛЕ XX ВЕКА

Аннотация

В статье всесторонне рассматривается исторический период 20-30 гг. XX века, в котором Кажым Басымов проявил себя как выдающийся ученый-методист. В статье подробно освящен вклад ученого в решение таких задач, как просвещение, открытие школ, средних и высших учебных заведений, подготовка кадров, издание учебников и учебных пособий для национальных школ, ликвидация безграмотности, а также проблемы орфографии и использования терминов. Проведенное историко-научное обозрение подтверждает, что Кажым Басымов был одним из родоначальников методики преподавания казахского языка наравне с учеными-методистами Шамгали Сарыбаевым, Тельжан Шонановым, Гали Бегалиевым и Сеил Жиенбаевым.

Ключевые слова: просвещение, история методики казахского языка, орфография, терминология.

A.T. Karabaev[1]
[1]*Kazakh national pedagogical University named after Abai,*
Almaty, Kazakhstan

THE SCIENTIFIC KAZHIM BASIMOV AND EDUCATION IN THE EARLY TWENTIETH CENTURY

Annotation

The article comprehensively covers the period 20-30gg. The twentieth century, in which Kazhim Basimov proved himself as an outstanding scientist Metalist. The article describes in detail the contribution of the scientist in solving such problems as education, opening of schools, secondary schools, secondary and higher education, training, publication of textbooks and manuals for national schools, the elimination of illiteracy, as well as the problems of spelling and the use of terms. The historical and scientific review confirms that Kazhim Basimov was one of the founders of the Kazakh language teaching methodology. Along with scientists, Methodists Sangali by Sarybaeva, Telian Sinanovi, Gali Begaliyev and Seil by Zhienbaeva.

Key words: history of Kazakh language methodology, enlightenment, spelling, terminology.

Қандай ғылым болмасын оның тарихы тек өткенін ғана білу емес, сонымен қатар оның тарихына терең бойлай отырып, болашақты болжау және жаңа бағыт-бағдар, жаңашыл көзқарас білдіруді қажет етеді әрі өткеннен сабақ ала отырып, ғылымның теориясы мен практикасын жетілдіруге негіз бола алады. Мәселен, қалыптасу тарихы қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымынан әлдеқайда бұрын басталған орыс тілі әдістемесі ғылымының В.А.Добромыслов, А.В.Текучев, Е.А.Баринова, С.Г.Бархударов сынды белді әдіскер ғалымдары орыс тілінің әдістемесін жетілдіру үшін өткен мектептің озық тәжірибесін ескеріп, әдістемелік мұраларын зерттеген жөн деген пікір білдіреді. Мысалы, профессор А.В.Текучев: «Қазіргі әдістемемізді дамыта отырып, әдістеменің негізін салушылардың әдістемелік мұраларын мұқият зерттеуіміз қажет және қолдануға боларлық тұстарын тиімді пайдалану керек» деп, әдістемені жетілдірудің бір қыры бұрынғы әдістемелік мұраларда жатқандығын баса айтады [1, 33]. Ал профессор Е.А.Баринова болса, «Басқа ғылымдар сияқты әдістеме де үздіксіз дамып отырады. Әдістемені дамытудың негізі – бұрынғы орыс тілін оқыту тәжірибесі мен әдістемелік мұралар» деп, әріптесі А.В.Текучевтің пікірін қуаттайды [2, 19]. Сондай-ақ ғалым «Орыс тілі әдістемесінің тарихын, оның даму заңдылығын білуіміз бұрынғы тәжірибе мен теорияға сүйене отырып, орыс тілін оқытуды ұдайы жетілдіру үшін қажет» деп, әдістемені жетілдірудің бір жолы оның тарихы мен озық тәжірибелерінде жатқандығында дейді [2, 24]. Демек, бұдан шығатын қорытынды, тілді оқытудың тарихы зерттелмей, әдіскерлердің мұрасы зерделенбей, қазіргі әдістемемен сабақтастығы айқындалмай әдістемені дамыту мен жетілдіру мүмкін емес. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымында да әдістеме тарихына, ғылым қайраткерлерінің әдістемелік мұраларын қазіргі талап, қазіргі мақсат тұрғысынан қайта қарап зерделеуде мақтанарлықтай белгілі бір үрдіс қалыптасып келе жатыр деуге болады.

Аталмыш мақсатта жеке әдіскер тұлғалардың мұраларына ден қойып, талдау жүргізген А.Қыдыршаевтың «А.Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы» (1995), Б.Боранбайдың «С.Жиенбаевтың

лингвистикалық мұралары» (1997), Л.Ерменбаеваның «С.Жиенбайұлының ғылыми-әдістемелік мұралары» (1999), А.Орынбаевтың «Ш.Х.Сарыбаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми мұралары» (1999), О.Жұбаеваның «Қ.Кемеңгерұлының лингвистикалық мұралары мен тілтанымдық тұжырымдары» (2002) және М.Жазықованың «Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы» (2008) тақырыбындағы бірнеше зерттеу жұмыстары сөзімізге дәлел бола алады. Сондай әдістеме тарихында ерен еңбегімен көзге түскен, рухани жаңғыру жағдайында ғылыми мұраларын қазіргі талап-тілек тұрғысынан талдауды қажет ететін әдіскер-ғалым, әдістемелік мұраларына ғылыми зерттеу жүргізуге лайықты есімдердің бірі **әдіскер-ғалым Қажым Басымов** деуге болады.

Жалпы Қажым Басымовтың әдістемелік мұралары жайында сөз қозғаудан бұрын тілшінің еңбегін екшеп, қазақ тіл білімі мен әдістемесі үшін салмағын таразылауда, азаматтық тұлғасын айқындауда мынадай екі нәрсеге назар аударған жөн: біріншіден, тұлға қай заманның, қандай заманның соқпағында өмір сүргеніне, қызмет еткеніне қарай сол дәуір тұрғысынан бағалаған жөн болса, екіншіден, ғалымның еңбектерін мұра күйінде ғана танып қоймай, тілді оқытудың қазіргі талабымен өзіндік сабақтастығы, өзектілігі бар ма деген сауал тұрғысынан бағалау қажет деуге болады. Сондықтан да ғалымның әдістемелік қырын ашып, азаматтық тұлғасына баға бермес бұрын дәуір суреті қандай болғанына, заман мұқтаждығын орындауда атқарған еңбегіне көз жеткізгенді жөн деп санаймыз.

Сонымен, ғалым өмір сүрген өткен ғасырдың 20-30 жылдарында ерекше назарға іліккен **мектеп ісін қолға алу, маман дайындау, сауатсыздықты жою, ана тілін оқыту, оқу құралдарын жазу** сияқты күрделі мәселелер күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін өзекті проблемалар еді. ХХ ғасырдың басында халқымызды адамзат дамуының сара жолына қосып, ұлттың рухын асқақтатып, көзі ашық, көкірегі ояу, кешегісі мен бүгінгісін әрі ертеңін ажырата алатын күйге жеткізу үшін ұлттың ұйытқысы бола білген А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов, Е.Омаров, Т.Шонанұлы, Т.Жүргенов, О.Жандосов сынды көптеген қазақ зиялылар шоғырын еліміздің елдігіне қатысты қыруар шаралар күтіп тұрды.

«Басқа халықтардан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек, бай болуға кәсіп керек, күшті болуға бірлік керек» деп біртуар тұлға Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, басқа халықтармен тереземіз тең түсу үшін білімді һәм күшті болуымыз керектігінің бір шарты, саналы ұрпақ тәрбиелеп шығарудың, елін, жерін сүйетін ұлтжанды азамат қалыптастырудың кепілі – кенжелеу қалған **оқу мәселесін**, **оқу-ағарту** ісін қолға алып, дұрыс арнаға бұру, қордаланған түйінді мәселелерді шешу – ұлттық интеллигенцияның басты көтерген мәселелерінің бірі болды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін қолға алына бастаған бұл игі шара жөнінде тарихшы-ғалым М.Ә.Жолсейітова былай дейді:

«Қазақ зиялыларының ұлттық оқу жүйесін қалыптастыру жолындағы әрекетіне 1917 жылғы Ақпан революциясы зор ықпал жасады. «Қайтсек ел боламыз, жұрт боламыз» деген мазасыз ойларға шырмалған зиялы қауым Ақпан төңкерісі ала келген демократиялық өзгерістер лебімен қанаттанып, қазақ арасында мәдени-ағарту жұмысын жандандыра түсуге күш салады. Бұл жолда ұлт қамын жеген азаматтар ұлттық оқу-ағарту, мәдени мәселелерін қолға алып, оның талай шешілмей жатқан түйіндерін тарқатуға тырысты. Бәрінен бұрын қазақ жерінде кенже қалып келе жатқан оқу жайын жолға қоюға зор талпыныс жасады» [3, 121].

Шынында, Ақпан төңкерісі еліміздегі халықтың қоғамдық санасына, оның рухани өміріне елеулі әсер етті. Қоғамдық-саяси жағдай барынша жанданып, күн тәртібіндегі оқу-ағарту сияқты келелі мәселелерді шешуде халық жер-жерде съездер мен құрылтайлар өткізе бастады. Мұның нақты көрінісі ретінде 1917 жылы сәуірдің 12-13-і аралығында Верный (Алматы) қаласында өткен Жетісу облыстық қазақ-қырғыз съезі, 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде өткен бүкілересейлік мұсылман съезі сөзімізге дәлел бола алады [3, 122-124].

Мәселен, осындай ірі құрылтайлардың бірі 1917 жылы шілденің 21-і мен 26-сы аралығында Орынбор қаласында өткен жалпықазақ съезі болды. Аталмыш съезде Ақмола, Семей, Торғай, Орал сияқты т.б. облыстардан өкілдер жиналып, күн тәртібінде қазақ елі мен жері үшін маңызды деп саналған 14 мәселе, яғни саяси партия, жер, дін, сот, әйел, оқу ісі сияқты т.б. мәселелер қарайды [4, 405]. Осындай үлкен жиылыстардың басы-қасында жүрген қазақ зиялыларының көтерген мәселелері съезден кейін қалың бұқараның көзін ашып, ағарту саласының ең маңызды тетігі болып саналатын мектепке, білім алуға, ағарту ісіне көңіл бөліне бастады.

«Елді түзетуден бұрын әуелі баланы оқыту ісін түзетуден бастау керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халық та оқумен түзеледі» деп, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, оқуды түзету елдікті түзетумен пара-пар саналған бұл шарада халық перзенттері аянбай тер төкті әрі «... Мектептің жаны –

мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы...» деп тағы да Ахмет Байтұрсынұлы тұжырымдағандай, кез келген жанның әліпби танып, сауат ашуы, адамдармен қарым-қатынасы, дүниеге деген көзқарасын қалыптастыру, білікті маман, ұлттық кадр, еліміздің ұлтжанды азамат болып қалыптасуына бірден-бір жәрдемші бола алатын **мектеп пен мұғалім** деп саналды.

Алайда, ХХ ғасырдың басында қазақ даласында мектептің жайы, оқыту ісі, мамандар мәселесі көңіл толарлықтай болмады. Бұған мектеп жүйесінің дұрыс құрылмауы, жергілікті ұлт өкілдерінің балаларының мектепке тегіс тартылмауы, сабақ беретін мамандардың жетіспеуі, қажетті оқулықтар мен оқу құралдарының болмауы, қажетті мамандар даярлайтын оқу орнының жоқтығы сияқты бірнеше факторлар себеп болды. Қазақстандағы сауатсыздардың қатарының ұлғаюына да осы мектеп жүйесінің дұрыс болмауы өз септігін тигізген еді.

Дегенмен, Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында мәдени-ағарту мекемелерін жандандыру ісінде біршама іс-шаралар атқарылды. «1917 жылы 15 желтоқсанда В.И.Ленин және халық ағарту комиссары А.В.Луначарский халық ағарту комиссариатының «Тәрбие және білім беру ісін діни мекемеден халық ағарту комиссариатының құзырына өткізу» үкіміне қол қойды. Осыған сәйкес діни мекемелерге қараған миссионерлік мектептер және басқа да төменгі, орта және жоғары мектептер барлық дүние-мүлкімен Халық ағарту комиссариатының құзырына өтті. Тиісінше, осы мектептер базасында жедел түрде кеңестік жалпы білім беретін мектептер ұйымдастырылды» [5, 76]. Сондай-ақ 1917 жылдың 9 қарашасында Кеңес үкіметінің «Ағарту ісінің мемлекеттік комиссиясын құру» жөніндегі декреті дүниеге келіп, оны басқару ісі халық комиссары А.В.Луначарскийге жүктеледі. Үкімет атынан сөз сөйлеген халық комиссары Ресей халқына білім берудің жаңа жүйесін қолдауға шақыра отырып, халық ағартуға қатысты бірнеше мәселелерді қалың бұқараға жеткізеді» [5, 76].

Осы декретке орай, ағарту ісін дамыту, сауатсыздықпен күрес жүргізу, білім ордаларын аша отырып, педагогтерді даярлау сияқты іс-шараларды атқару ісі Қазақстанда да қолға алына бастады. Мұның дәлелі ретінде 20-жылдары ашылған бірінші басқыш мектептері, екінші басқыш мектептерінің қалыптасуы, техникум мен училищелердің, тіпті, жоғары оқу орындарының ашылуы сияқты іс-шаралар осының нәтижесі деуге болады. Бұл жөнінде Г.М.Храпченков пен В.Г.Храпченков сынды ғалымдарымыз былай дейді:

«...сонымен, 20-жылдары Қазақстанда халық ағарту жүйесі мынадай түрде қызмет етті:

1. Бірінші басқыш мектептері (олардың түрлері: бастауыш, коммуналдық мектептер, шаруа жастарының мектебі (ШЖМ), фабрика-зауыт үйренушілері үшін) және т.б.
2. Жеті жылдық мектептер.
3. Екінші басқыш мектептері (жалпы, ШЖМ, ФЗҮ және т.б.).
4. Техникумдар (оқу мерзімі 3-4 жыл).
5. Жоғары оқу орындары....» [6, 105].

Халық ағарту жүйесіндегі мұндай мектептер ісі ХХ ғасыр басындағы А.Байтұрсынов, С.Сәдуақасов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, Х.Досмұхамедов, Т.Шонанов, Қ.Басымов, Ш.Сарыбаев, Е.Омаров, О.Жандосов, С.Асфендияров, Т.Жүргенов, Қ.Жұбанов, Қ.Кемеңгерұлы, С.Меңдешев сияқты алаш азаматтарының ортақ мақсаты – білім беру жүйесін жаңа деңгейге, сатыға көтеру үшін еңбектенулеріне түрткі болды.

1920 жылдың қазан айында Қырғыз (Қазақ) әскери-революциялық комитеті халыққа білім беру бөлімінің негізінде Қазақ КСР-нің Халық ағарту комиссариаты құрылады. Комиссариаттың қызметі 1921 жылдың қаңтарынан басталды [7, 13-14]. Қазақ АКСР Халық Ағарту комиссариатына жүктелген міндеттердің бірі мектеп жүйесін ұйымдастыру мен дамыту еді. Алайда, комиссариаттың бұл ісі елімізде баяу өріс алды. Мектеп ашу, жергілікті ұлт өкілдерінің балаларын оқуға тарту, мектептерді ашып қана қоймай керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, мектептер үшін сауатты педагог маман даярлау, оларды оқыту, бұл мәселелерде кадрлардың жетіспеуі, оқу құралдарының тапшылығы сияқты көптеген қиыншылықтар кездесіп отырды. Дегенмен, мұндай қиыншылықтарға қарамастан мектептердің саны жыл сайын артып, білім алушылардың қатары жыл өткен сайын толығып отырды. Мектеп санының артуы қоғамға педагог мамандарды көптеп қажет етті. Қоғамға кәсіби білікті маман жетіспеушілігі сезіле бастады. «Халық Ағарту комиссариаты республика мектептерін мұғалім кадрларымен қамтамасыз етуде әртүрлі шараларды қабылдады. Жергілікті жерлерде қысқа мерзімді, ал кейбір аудандарда біржылдық және үшжылдық қазақ мектептеріне мұғалім кадрларын даярлау және қайта даярлау курстары ашылды. Педагогикалық курстардың негізігі міндеті – қатардағы мұғалімнің саяси саналылығын арттыру, сауаттылығын дамыту және оларды бірыңғай еңбек мектебіне жұмысқа даярлау» болды [8, 44]. Бірыңғай

еңбек мектебіне дайындайтын педагогикалық курстар Қазақстанның түрлі қалаларында ашыла бастады. Бұл жөнінде ғалым Р.С.Шимашева ойымызды былайша сабақтайды:

«1920 жылы Верный қаласында 150 адамға арналған қазақ педагогикалық курстері ашылды. Халықтың тілегі бойынша Қырғыз революциялық комитеті 1920 жылдың бірінші шілдесінде 1000 мұғалім дайындайтын төрт айлық курстарды Торғай, Қарабұлақ, Ырғыз, Орал, Ақтөбе тағы басқа жерлерде ашты. 1920-1921 оқу жылында Орынборда үшжылдық педагогикалық курс ашылды, оның қазақ бөлімінде 25 адам оқыды» [9, 14]. Бұл курстар жайында М.Жұмабаев та «...Қала сайын дерлік курстар ашылды. Көздерінде, көкіректерінде ұшқыны бар мұғалімдер шығарылды...» дейді [10, 314].

Алайда, педагогикалық курстар елімізде ерекше жұмыстар атқарғанына қарамастан, олар мұғалімдерге деген күн артып өсіп келе жатқан қажеттілікті өтей алмады. Мұндай заман талабын өтеу үшін педагогикалық курстардан да бөлек мұғалім кадрларын даярлайтын оқу орындарын ашу қажет болды. Осындай оқу орындарының бірі – педагогикалық техникумдар мен училищелер еді. Бұл ретте 1918 жылдың 20 тамызында Қазақстаннан тыс Ташкент қаласында бастауыш сыныптарға мұғалімдер дайындайтын педагогикалық училище ашылса, 1920 жылы 20 шілдеде Әулиеата қаласында педагогикалық училище, 1920 жылдың тамыз айында Семейде, 1922 жылы 14 мамырда Ақтөбе педагогикалық училищесі, 1922 жылы 18 тамызда Қарағанды педагогикалық училищесі және 1925 жылдың 4 тамызында Қызылорда педагогикалық училищелері ашылды [9, 17]. Бұл еліміз үшін қуантарлық жағдай болды. Ғалым Ж.К.Жаманбаевтың мәлімдеуінше, 1924/25 оқу жылында республикамызда 1973 оқушысы бар 37 техникум болса, 1926/27 оқу жылында бұл көрсеткіш 2576 оқушысы бар 56 техникумға дейін өскен [11, 22]. Осы педагогикалық училищелердің ашылуында тілші-ғалым И.Ұйықбаевтың мәлімдеуінше, Қ.Басымовтың да үлесі зор болған. Мәселен, «1921 жылы 11 сентябрьде Алматы қаласында педучилище ашылады. Бұл педучилище облыстық педагогикалық курстардың негізінде құрылады. Осы педучилищені ұйымдастырып, оны басқару ісіне Қ.Басымов пен үзеңгілес әріптесі Ш.Сарыбаев белсене қатынасқан. Сондай-ақ 1922 жылдың қазан айында бұл училище Жетісудың облыстық педучилищесі аталып, осы жылдың 14 желтоқсанында ағарту институтына айналған. Бұл институтттың да өркендеуіне Қ.Басымов пен Ш.Сарыбаев белсене араласқан» [12, 6].

Түйіндей айтқанда, жоғарыда аталған орта педагогикалық оқу орындарының еліміздің алдында тарихи еңбегі зор деп айту керек. Олар дайындап шығарған мамандар қоғам алдында түрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік, рухани және ұлттық маңызы бар мәселелерді шешуге өз үлестерін қосып, білім саласын дамытуға атсалысты.

Ендігі мәселе Халық Ағарту комиссариатының мұғалім кадрларын даярлау ісінде бұқара халық үшін жоғары оқу орнын ұйымдастыруды қолға ала бастауы еді. Бұл, әрине, зиялы қауымның, қалың елдің тілегі, уақыттың талабы деуге болады.

Қазақстанда жоғары оқу орнын ашу мәселесі ХХ ғасырдың 20 жылдарынан бастап қолға алына бастайды. 1921 жылы Қазақстанда Орынбор ағарту институты, Шығыс халық ағарту институты, Қазақ халық ағарту институы және Семей халық ағарту институты сияқты төрт халық ағарту институты жұмыс істеді. Бұл білім ордалары жеті жылдық мектептерге, шаруа жастарының мектептеріне және техникумдарға мамандар дайындап шығарды. 20 жылдары ашылған ағарту институттарының қатарында Орта Азия мен Қазақстанда бірінші болып Түркістан мемлекеттік университеті ашылды. Бұл университеттің еліміз үшін және жалпы ұлттық интеллигенциямызды қалыптастыру үшін маңызы зор болды. Кейіннен аталған университет Орта Азия университетіне айналады. Ұлттық интеллигенциямызды қалыптастыруда маңызы зор болған Ташкенттегі бұл университеттің бір түлегі Қ.Басымов та болғандығын айта кеткен жөн. Әдіскер-ғалым И.Ұйықбаев «Көрнекті педагог, профессор Х.А.Басымовтың өмірі мен қызметі» атты мақаласында Қажымның 1919-1921 жылдары Ташкенттегі қазақ университетінде оқығандығын мәлімдейді [13, 82].

Өкінішке орай, институттарда ана тілін өркендету мәселесі толық шешілмеді. Елімізде оқу орындарының ашылуы мұғалімдер санының артуына мүмкіндік туғызғанымен, қазақ тілінде сабақ беретін ұлттық кадрлардың жетіспеушілігі өзекті мәселе болып қала берді. Бұл пікірімізге ғалым К.Жаманбаев былай деп дәлел келтіреді: «1925/26 оқу жылдарында Қазақстандағы 3317 бастауыш мектепте 181 780 оқушы оқыды, оның ішінде 65 171-і қазақ немесе жалпы білім алушылардың 35,3 пайызы. Бірақ та бұл мектептерге ана тілінде білім беретін оқытушылар жетіспеді. Педагогикалық техникумдар мен халық ағарту институттары мектептерді ұлттық маман мұғалімдермен әлі де қамтамасыз ете алмады» [11, 28-29].

Ұлттық кадрдың, қазақ тілінде сабақ жүргізе алатын педагогтердің жетіспеушілігі, ана тілінде оқу құралдарының жоқтығы сияқты жағдайлар күн тәртібінде өткір мәселелер ретінде түспей келе жатса, айтылғандармен қатар келесі бір дәуір проблемасы **жаппай сауатсыздық** та болды.

ХХ ғасырға сауатсыздық күйде жеткен елдердің бірі Ресей мен оның құрамындағы отар елдер болды. 1920 жылы маусым айында бүкілресейлік сауатсыздықты жою бойынша комиссия құрылды. Мұндай комиссия Қазақстанда да құрыла бастады. 1921 жылы 26 шілдеде Қазақ ОАК (ЦИК) 16 мен 51 жасқа дейінгі аралықтағы жеткілікті білімі бар барлық адамдарды сауатсыздықты жою жұмысына қатысуға тарту туралы қаулы қабылдады. Барлық сауатты азаматтар сауатсыз адамдарды оқытуға жұмылдырылды.

Алайда, «саутсыздықты жою қиын жағдайда жүргізілді: қаржы, мұғалімдер мен оқулықтар, көмекші құралдар, жазу құрал-жабдықтары жетпеді. Ойластырылмай жасалған алфавиттік реформалардың жүргізілуі де істі қиындата түсті» [14, 4].

Дегенмен, сауатсыздықты жоюды жүзеге асыру шаралары қазақ мектептеріне керекті оқулықтар мен қажетті оқу құралдарының санының артуына септігін тигізді. «Мәселен, 1934 жылы тиражы 596 мың дана небары 4 оқулық шығарылса, 1935 жылы тиражы бір миллион жарымға жететін 15 оқулық шығарылды» [15, 54]. Сондай-ақ ересек мектептердің мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында «Ауыл мұғалімі», «Жаңа мектеп» сияқты журналдарда, республикалық, облыстық, аудандық газеттердің беттерінде халықтың сауатын көтеру жолында арнаулы материалдар басылып жатты. Бұл ретте Ш.Х. Сарыбаевтың «Сауатсыздықпен күресу жолдары» [16], Т.Шонанұлының «Орыстарға қазақ тілін үйрету жайында» [17], «Ересектерді сауаттандыру әдісі» [18] атты мақалалары мен сауаттылыққа үйретудің бір кепілі сауатты жаза білуге үндеген Қ.Басымовтың «Емлемізді түзеу туралы» [19], «Жаңа емлеміздің ережелерін түсіндіру ретінде» [20], «Жаңа емлеміздің ережелері жөнінен» [21], «Емле сөздігіне негізді тиянақ керек» [22], «Түрлі түсті сөздердің жазылуы туралы» [23] атты бір топ мақалаларын айта кетуге болады. Сондай-ақ жалпы қалың бұқараны сауаттылыққа жетелеген тілші-ғалымдардың ішінде сауатты жазу мәселесіне, емле мен орфографияға үлкен мән беріп, мақалаларымен баспасөзде танылғандардың бірі де осы Қажым Басымов болды. Сондықтан да сауатсыздықпен күрес шарасында ғалымның да үлесі бар екенін айта кеткеніміз жөн.

Мектеп санының артуы, училищелер, техникумдар мен ағарту институттарының ашылуы, жаппай сауатсыздықты жою тәрізді жалпыхалықтық мәселелермен қатар 20-30 жылдар еншісінде тағы бір атқарылуға тиісті шаралардың қатарында қазақ тілінде **оқулықтар, оқу құралдарын бастырып шығару, ұстаздарға әдістемелік көмекші құралдар дайындау** секілді сан-салалы істер де кезек күттірместен орындалып жатты. Әрине, оқулық пен кітап жөнінде әңгіме қозғағанда қазақ балаларына оқулық жазған Ыбырай Алтынсарин мен әліпбидің атасы Ахмет Байтұрсынұлының есімдерін айтпай кету мүмкін емес. Бұлар бұқара халықты білімге жетелеудің бір тетігі, кілті оқулық, кітап деп түсінді. Мәселен, А.Байтұрсынұлының 1913 жылы жарияланған «Білім жаршысы» атты мақаласында: «... Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім таратын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек...» дегені сөзімізге дәлел бола алады [24, 257].

Қазақ АССР Халық Комиссарлары Кеңесі 1920 жылы 8 қарашада Халық ағарту комиссариатына қазақ тілінде оқулықтар жазу мәселесін жүктейді. Сөз жоқ, бұл іске алаш қайраткерлері тағы да жұмыла кірісті және бұқара халыққа еңбектерін ұсынып кетті. «Олар мектептер мен педагогикалық оқу орындарында қолданылған, қазақ тілінде жарық көрген оқулықтар мен оқу құралдарының алғашқы авторлары болды. Мәселен, Академиялық орталықтың қазақ тілінде шығаруға ұсынылған оқулықтардың ішінде А.Байтұрсыновтың «Әдебиет теориясы», Ж.Аймауытовтың «Психологиясы», М.Жұмабаевтың «Педагогикасы», М.Дулатовтың «Қазақ тарихы», Ә.Бөкейхановтың «Физикасы», Сәкен Сейфуллинің және Жүсіпбек Аймауытовтың «Хрестоматиясы» және т.б. оқулықтар болды» [8, 38].

Қысқаша айтқанда, ұлт зиялылары қазақ тілінде кітап шығару ісін абыроймен атқарып, қойылған талап үдесінен шыға білді.

ХХ ғасырдың 20-30 жылдары қазақ тіл білімі өкілдерін толғандырған, көпшілік назарын аударған келесі бір мәселе – **алфавит, емле, орфография, термин түзу** сынды түйінді проблемаларды да тілге тиек етпей кету мүмкін емес. Бұл мәселе ұзын-ырғасы он жылдан астам уақыт елді әурес-сарсаңға салған еді. Жаңалықтың жаршысы болған баспасөз бетінде бұл жайында 200-ге жуық тартысты мақалалар жарияланды. Бұл мәселе төңірегінде де ұлт зиялылары аянбай еңбек сіңіріп, жемісін көрсетіп кетті. Сол қажырлы еңбектің де бел ортасында ғалым Қажым Басымов жүрді. Ғалым емле мен орфографияға қатысты отызға жуық мақала жазып, көпшілікпен бөлісіп отырды.

Сонымен, біз жоғарыда сөз еткен ағарту ісін қолға алу, жер-жерде жүздеп, мыңдап ашылған мектептерді жандандыру, сауатсыздықты жою, арнаулы орта және жоғары білім ошақтарын ашу, оқулықтар жазу секілді міндеттер қазақ тіл білімінің біртіндеп қалыптасуына, қазақ тілінде жан-жақты оқыту мәселелері **қазақ тілін оқыту әдістемесін ғылым ретінде** қарастыруына себепші болды. 20-30 жылдары қазақ тіл білімінің мәселелері мектеп тәжірибесімен байланысты практикалық мұқтаждықтарынан туындаған мәселелерді ерекше қолға алып, жан-жақты зерттеу себебінен қалыптасты, қалыптаса отырып, бірнеше әдіскер тұлғаларды дүниеге әкелді. Сөзіміз дәлелді болу үшін ойымызды ғалым А.Ә.Орынбаев былай деп сабақтайды: «...әдістеме ғылымының көш басында қазақтың біртуар ғалымдарының бірі Ахмет Байтұрсынов тұрса, осы саланың одан әрі дамып, негізгі заңдылықтарының белгіленуіне кейін басқа да тілшілер атсалысты. Аға ғалымның жолын жалғастырушылар ретінде бұл салада Т.Шонанов, Қ.Басымов, С.Жиенбаев, Ш.Сарыбаев, Ғ.Бегалиев тәрізді әдіскер ғалымдар еңбек етті. Олар А.Байтұрсыновтан кейінгі әдіскер ғалымдардың алғашқы тобын құрайды. Аталған әдіскер ғалымдардың әрқайсысы осы әдістеме ғылымының одан әрі дамып жетілуіне өзінше үлес қосты және бұл орайда олардың әрқайсысының өз орны бар» [25, 10].

Сонымен, қорыта айтқанда, ұлттық өркендеуімізге, білім мен ілімнің, ұлттық метебіміз бен тіліміздің дамуына куә болған ХХ ғасырдың біз шолып өткен 20-30 жылдары асыл азаматтарымыз ерен еңбектерімен еліне, жеріне, ұлтына деген терең сүйіспеншілігінің арқасында халқымыздың ұлттық мектебін қалыптастырды, әліппемен, оқулықпен, оқу құралдарымен қамтамасыз етті, еліміздің ертеңі үшін еңбек ететін ұлттық кадрлар даярлады, жаппай науқанға айналған сауатсыздықты құрықтады, түрлі ғылымның дамуына сара жол салып, тарихымыздың жарқын беттеріне айналды. Ұлт зиялылары ұлттық мектебімізді түзіп берді. Көрнекті ғалым Ф.Ш.Оразбаеваның сөзімен айтсақ, «...сапалы білім берген қазақ мектептерінің арқасында қазақ ғылымы мен мәдениеті, ұлт өнері мен әдебиеті әлемге кең танылды. Ұлттың танымы мен талғамын, білімі мен білігін аңғартар тамаша тұлғалар қалыптасты. Алуан-алуан мамандар дайындайтын жоғары оқу орындары ашылып, ғылыми-зерттеу институттары қанат жайды. Қазақ мектебінен шыққан ұлдар мен қыздар Қазақстанды әлемге танытқан елшілік т.б. қызметтерді еркін меңгеріп, өз білімдерін дәлелдеді. Ел дамуының осы бір ақиқат көріністерін қалай ғана жетістік деп танымауға болады?! Иә, бұл жағдайлар, сөз жоқ, қазақ мектебі мен оқу-ағарту ісінің өткен ғасырдағы тамаша жетістіктері» [26, 5]. Сол тамаша дәуір сыйлаған, «ұлттың танымы мен талғамын, білімі мен білігін аңғартар тамаша тұлғалар» қалыптастырған заман перзенттерінің бірі – әрине, Қажым Аманғалиұлы Басымов еді.

Ел етегін жиып, ертеңін ойлауға көшкенде, мектебін бекем қылғанда жас ұстаз ретінде білім ошақтарында білім берген, елде сауаттандыру саясаты жүргізілгенде педагог ретінде ерінбей еңбектенген, азаматтық борышым деп қазақ тілінің қанат жаюына қатысқан, қалың бұқараға еңбегін паш етіп, еліне елеулі болған, тілім деп тебіреніп, тіл ғылымын көп болып көтеріскен Қажым Басымов осындай дәуірдің перзенті болды, заман талабын орындауға үлес қосқан ұлтжанды азамат болды, еліне елеулі еңбек сіңіріп, тұлға болып танылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Текучев А.В. Методика русского языка в средней школе. Изд. 2-е, перераб. и доп. – Москва: Просвещение, 1970. – 606 с.

2 Баринова Е.А. и др. Методика русского языка. Учеб. пособие для студентов фак. рус. яз. и литературы пед. ин-тов. Под общ. ред. Е.А.Бариновой. – М.: Просвещение, 1974. – 368 с.

3 Жолсейітова М.Ә. Қазақстандағы халық ағарту ісінің қалыптасуы мен дамуы (Тарихи аспект. XIX екінші жартысы мен XX ғасырдың басы. Жетісу мәліметтері бойынша). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін даярланған диссертация. – Алматы, 1998 – 150 б.

4 «Қазақ» газеті /Бас редактор Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

5 Мұратқазин М.М. 1917-1940 жылдар аралығындағы қазақ мектептерінің даму тарихы. //Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті. Тарих және әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2005. – №1(7). – 75-79 б.

6 Храпченков Г.М., Храпченков В.Г. История школы и педагогической мысли Казахстана: Уч. пособие. /Под общ. ред. Г.М.Храпченкова. – Алматы: Университет «Қайнар», 1998. – 168 с.

7 Құнантаева К. Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы (1917-1990 ж.ж.). Оқу құралы. Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім беру академиясының баспа кабинеті. – Алматы, 1998. – 138 б.

8 Сейталиев Қ.Б. Қазақстанда жоғары педагогикалық білім берудің қалыптасуы мен дамуы (1920-1991 ж.ж.). педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Атырау, 1997. – 393 бет.

9 Шимашева Р.С. Қазақстан Республикасында педагогикалық училищелердің пайда болуы, қалыптасу және даму тарихы (1920-1990 ж.ж.). Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2002. – 130 б.

10 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. Құраст. Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева З. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 бет.

11 Жаманбаев Ж.К. Высшая школа в Каазахстане. Ист. опыт Коммунистической партии Казахстана по руководству высшей школой за 50 лет (1920-1970 гг.). – Алма-Ата: Казахстан, 1972. – 184 стр.

12 Қазақ тілі методикасының библиографиялық көрсеткіші. Құраст.: И.Қ.Ұйықбаев - Алматы, 1961.

13 Ұйықбаев И. К. Көрнекті педагог, профессор Х.А.Басымовтың өмірі мен қызметі. //Халық мұғалімі. – 1959. – №2. – 81-84 б.б.

14 Сахариев Е. ХХ ғасырдағы Қазақстандағы халыққа білім беру ісінің дамуы. //Түркістан. – 1999. – 24-30 желтоқсан. – №49(284). – 4 бет.

15 Жаппай сауатсыздықтан оқу-білім шыңына. – Алматы: Мектеп, 1968. – 304 б.

16 Сарыбаев Ш.Х. Сауатсыздықпен күресу жолдары. //Кедей айнасы. – 1926. – №3.

17 Шонанұлы Т. Орыстарға қазақ тілін үйрету жайында. //Жаңа мектеп. – 1929. – №4.

18 Шонанұлы Т. Ересектерді сауаттандыру әдісі. //Жаңа мектеп. – 1929. – №5.

19 Басымұлы Қ. Емлемізді түзеу туралы //Еңбекші қазақ. – 1929. – 28 ақпан.

20 Басымұлы Қ. Жаңа емлеміздің ережелерін түсіндіру ретінде //Еңбекші қазақ. – 1930. – 17 январь.

21 Басымов Х. Жаңа емлеміздің ережелері жөнінен. //Жаңа мектеп. – 1930. – №2.

22 Басымов Х. Емле сөздігіне негізді тиянақ керек. //Жаңа мектеп. – 1930. – №3.

23 Басымов Қ. Түрлі-түсті сөздердің жазылуы туралы. //Халық мұғалімі. – 1939. – №3-4.

24 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу /Құраст. Р.Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

25 Орынбаев А.Ә. Ш.Х.Сарыбаевтың қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша ғылыми мұралары. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 1999. – 135 б.

26 Оразбаева Ф. Мектеп – ұлтты, ұлысты тәрбиелеудің кепілі. ХХ ғасырдағы қазақ мектебі қандай болды? //Ұлт тағылымы. – 2001. – №3. – 5-9 б.

МРНТИ 14.01.11

Zh.M.Muratova [1], A.A.Golovchun[1]
[1]Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages
Almaty, Kazakhstan

CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING IN THE PROCESS OF FOREIGN LANGUAGE EDUCATION AT THE PROFILE STAGE OF SECONDARY SCHOOL

Annotation

Nowadays, there is a growing tendency to pay more attention to the integration of the content and linguistic acquisition of learning area. This article deals with the contemporary features of content and language integrated learning in profile schools where the role of a teacher is considered as a main. Based on some scholars of this sphere we present the four stage framework of organizing the lesson. Each stage fulfills its own specific functions and the set of certain skills are formed on each stage, which is equipped by the most effective methods and techniques.Along this article, we aim to describe the importance of implementation of CLIL in teaching disciplines through foreign language in a profile school.

Key words: foreign language education, content and language integrated learning, profile school, professional-oriented competence, student-centered approach

Муратова Ж.М.[1], Головчун А.А.[1]
Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Алматы, Казахстан

КОНТЕНТНО-ЯЗЫКОВЫЕ ИНТЕГРИРОВАННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ИНОЯЗЫЧНОМ ОБРАЗОВАНИИ НА ПРОФИЛЬНОЙ СТУПЕНИ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Аннотация

На сегодняшний день большое внимание уделяется интеграции содержания предмета и его языкового усвоения. В данной статье рассматриваются современные особенности контентно-интегрированного языкового обучения в профильных школах с немаловажной ролью преподавателя. Основываясь на некоторых ученых в этой области, мы представляем четырехэтапную структуру организации урока. Каждый этап выполняет свои специфические функции, и на каждом этапе формируется набор определенных навыков, который оснащен наиболее эффективными методами и приемами. В рамках этой статьи мы стремимся описать важность примененияконтентно-интегрированныхязыковых технологий в преподавании дисциплин на иностранном языке в профильной школе.

Ключевые слова: иноязычное образование, контентно-интегрированные языковые технологии, профильная школа, профессионально-ориентированная компетенция, личностно-центрированный подход

Ж.М. Муратова[1], А.А. Головчун[1]
[1]Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН БЕЙІНДІК САНАЛАТЫН МЕКТЕПТЕРДЕГІ МАЗМҰНДЫ ЖӘНЕ ТІЛДІК ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒАН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі уақытта оқыту саласындамазмұн және лингвистикалық игеруге көбірек назар аудару үрдісі байқалады. Бұл мақалада мұғалімнің рөлі негізгі болып саналатын профильдік мектептердегі мазмұнды және тілдік интеграцияланған оқытудың заманауи ерекшеліктері сипатталынады. Осы саладағы кейбір ғалымдарға негізделген сабақтың ұйымдастырылуының төрт кезеңін ұсынамыз. Әрбір кезең өздерінің нақты функцияларын орындайды және белгілі бір дағдылардың жиынтығы әр сатысында қалыптасады, ол ең тиімді әдістермен жабдықталған. Осы мақалада біз профильдік мектепте шет тілі арқылы пәндерді оқытуда мазмұнды және тілдік интеграцияланған технологияларды енгізудің маңыздылығын сипаттауға бел будық.

Тірек сөздер: шет тілін оқыту, мазмұнды және тілдік интеграцияланған технологиялар, мамандандырылған мектеп, кәсіптік бағдарланған құзыреттілік, жеке тұлғаға бағытталған тәсіл

INTRODUCTION

The idea of teaching subject matters through more than one language is not new; indeed the very foundations of formal education in Kazakhstan were multilingual. For a variety of reasons, however, pragmatic as well as political, as general education spread to the masses it became increasingly monolingual. Content and Language Integrated Learning (CLIL) has become the umbrella term describing both learning another (content) subject such as natural sciences through the medium of a foreign language and learning a foreign language by studying a content-based subject.CLIL is an acronym, and as such it tends to attract people's attention. If we were to ask the question 'What is subject teaching?' or 'What is language teaching?' we would probably be expecting more than four answers in response. But CLIL has been bold enough to encapsulate itself within an acronym, implying that it is an approach, a philosophy - an educational paradigm with frontiers that can be defined [1, P. 50-51].

Moreover, CLIL has been seen as a means of improving knowledge of and competence in foreign language learning and teaching, and of renewing interest and motivation among school children [2, P. 265-274]. In addition, in broader terms, it is seen as contributing to the enrichment of education in general: “experience with teaching content matter through more than one language is bringing new insights into improving general education programs” [3, P. 10-11].

Most of these benefits are similar to ones we can find in CLIL settings, hence, social, cognitive, and those specifically related to an increase in linguistic competence. Among the social benefits, it has been demonstrated that students in CLIL classes develop significantly more positive attitudes towards language learning; that they are

more interested, motivated and autonomous, have reduced anxiety levels and are less inhibited to speak the second language [4, P. 37-48]; and that CLIL classes can exert a positive influence on a student's desire to learn and develop their professional-oriented competence in the foreign language. Among the cognitive benefits are that CLIL boosts risk-taking, problem-solving, vocabulary learning skills, grammatical awareness, spontaneity in using the language and motivation; that receptive skills, vocabulary, morphology, creativity, risk-taking, fluency, and quantity outcomes benefit more from CLIL; and that CLIL students show greater awareness of language patterns, and a more efficient strategic use of the resources at hand to facilitate discovery. In terms of linguistic gains, CLIL has proved to be an effective way to increase the linguistic level of students of profile schools.

A content and language integrated lesson is not a language lesson neither is it a subject lesson transmitted in a foreign language, nevertheless, CLIL includes many aspects of language teaching methodology, and, of course, relies on the communicative language teaching tenet that language should be presented, taught and practiced in a meaningful context [5, P. 543-562].A CLIL lesson looks at content and language in equal measure, and often follows a four-stage framework.

First, processing the text. The best texts are those accompanied by illustrations so that learners can visualize what they are reading. When working in a foreign language, learners need structural markers in texts to help them find their way through the content. These markers may be linguistic (headings, sub-headings) and or diagrammatical. Once 'core knowledge' has been identified, the organization of the text can be analyzed.

Secondly, identification and organization of knowledge. Texts are often represented diagrammatically. These structures are known as 'ideational frameworks' or 'diagrams of thinking', and are used to help learners categorize the ideas and information in a text. Diagram types include tree diagrams for classification, groups, hierarchies, flow diagrams and timelines for sequenced thinking such as instructions and historical information, tabular diagrams describing people and places, and combinations of these. The structure of the text is used to facilitate learning and the creation of activities which focus on both language development and core content knowledge.

Thirdly, language identification. Learners are expected to be able to reproduce the core of the text in their own words. Since learners will need to use both simple and more complex language, there is no grading of language involved, but it is a good idea for the teacher to highlight useful language in the text and to categorize it according to function. Learners may need the language of comparison and contrast, location or describing a process, but may also need certain discourse markers, adverb phrases or prepositional phrases. Collocations, semi-fixed expressions and set phrases may also be given attention as well as subject specific and academic vocabulary.

Finally, tasks for Students. There is little difference in task-type between a CLIL lesson and a skills-based EFL lesson. A variety of tasks should be provided, taking into account the learning purpose and learner styles and preferences. Receptive skill activities are of the 'read/listen and do' genre.

It is necessary to mention that the use of the content and language integrated learning technology has been expanding due to the interest in educating bilingual children. Therefore, this approach is becoming known and is being applied in many schools.

DISCUSSION AND FINDINGS

Having analyzed some of the issues concerning our technology, we concluded that from the point of view of contemporary scientists, content and language integrated learning helps to introduce the wider cultural context, prepare for internationalization, improve overall and specific professional-oriented competence, prepare for future studies and or working life, develop multilingual interests and attitudes, diversify methods and forms of classroom teaching and learning and also increase learner motivation.

CLIL assumes that subject teachers are able to exploit opportunities for language learning. It is characterized by several points. The best and most common opportunities arise through reading texts. CLIL draws on the lexical approach, encouraging learners to notice language while reading. Nevertheless, there is no doubt that learning a language and learning through a language are concurrent processes, but implementing CLIL requires a rethink of the traditional concepts of the language classroom and the language teacher. CLIL is based on language acquisition, but in monolingual situations, a good deal of conscious learning is involved, demanding skills from the subject teacher. The lack of CLIL teacher-training programmes suggests that the majority of teachers working on bilingual programmes may be ill-equipped to do the job adequately. There is little evidence to suggest that understanding of content is not reduced by lack of language competence. Current opinion seems to be that language ability can only be increased by content-based learning after a certain stage. Some aspects of CLIL are unnatural; such as the appreciation of the literature and culture of the learner's own country through a second language.

Taking to the account the most important characteristics of the given technology, it is also important to pay attention to the new role of teacher in the process of foreign education in profile schools. The 'new' role of

teachers does not only involve prior collaboration, but also entails a complete change in the pedagogical strategies used in the classroom which is sometimes difficult to achieve. The first important consideration is the change from instructional to participative classes. It would not be effective to teach the same content, the same way, with another language, but to make students gain understanding of content through its manipulation and use. In addition, the change to more participative lessons should not only include teacher-student interaction, but should also try to foment student-student interaction through cooperative and collaborative work. The ability to use the language for communicative purposes and the capacity to use the academic language of content matter should be treated in parallel, and content teachers, for example, should develop the correct strategies to make students employ them appropriately. As there is no template for planning CLIL lessons, because each subject and context is highly unique, the above-mentioned 4 Cs framework [6, P. 94-97] is a good starting point for raising teacher awareness as to what should be considered when teaching CLIL classes. The interrelationship between the 4Cs (Content, Communication, Cognition and Culture) is thought to lead to effective CLIL. When used as a tool for planning, it is clear to see how useful this framework can be especially in terms of constructing aims, devising tasks and designing materials. For example, for 'Communication', the teacher would need to consider the language of, for and through learning for a given lesson. Language of learning refers to the key content language of the subject; language for learning is the language around the key content language which includes functional exponents/structures to describe, analyse, hypothesise (depending on the demands/orientation of the subject); and language through learning is that which students need to express their understanding of new knowledge and concepts. It is easy to see how useful prior planning for recognition and use of this language would be in a CLIL class. This would obviously facilitate teaching and learning. It could be said that CLIL has led to a re-examination of the 'centredness' in classroom teaching. We are all too familiar with the expressions, 'teacher-centred' and 'student-centred'. While CLIL can contain elements of these, it is above all else, 'thinking-centred'. As it is participatory and dialogic, it involves teachers and learners in thinking about ways of 'reaching' content and the means of expressing an understanding of it. It demands self-awareness and self-regulation as it involves conscious thinking about learning processes. Like good practice in education, CLIL is not just about the transmission of knowledge, but also demonstrating and understanding that knowledge, applying it, analysing it, synthesising it, and evaluating it [7, p.78]. This requires a consideration of student output – of expressing understanding and use in and beyond the classroom. A lot of what goes on in the CLIL classroom involves practical application of knowledge through problem solving tasks and cooperative learning. Teachers must aim to achieve a balance of cognitive and linguistic demands when designing materials and tasks whilst ensuring the quality of subject concepts as well as providing opportunities to demonstrate and develop thinking skills [8, P. 304-308]. These, in turn, will be opportunities for teachers to check the success of their teaching and the extent of student learning. The above are decisions teachers have to make before they enter the CLIL classroom and could be termed as the 3 Ms (medium, methods and materials).

CONCLUSION

It is understood that content and language integrated technology promote the acquisition of the foreign language. CLIL teaching may involve content teachers teaching subject material through a foreign language or language teachers teaching academic content in the foreign language classroom (or the CLIL classroom). What is essential is that both content teacher and foreign language teacher work together towards the common objective – content and language integrated learning. This involves a high degree of collegiality, to mutually support and learn from and with each other. Support from the foreign language teacher may be two-fold: providing linguistic support in a consultative/advisory capacity to the content teacher within or outside the CLIL class; developing content terminology/lexis, functional exponents and skills in the language class that students will need when in the CLIL class. This is a type of 'language rehearsal' for later use. Both content and language teachers stand to gain from observing each other teaching their specific subject. Good CLIL teaching is a fusion of what is best practice in each of these areas. For example, the content teacher may learn how the language teacher sets up communicative tasks and task-based learning, which may be adapted to fit the subject material of the CLIL class. The language teacher may learn about the intellectual demands of the content subject, what is expected of the student in classes given in their mother-tongue, the type of questions asked and level of thinking required to answer them.

References:

1 Marsh, D. 2002. Content and Language Integrated Learning: The European Dimension - Actions, Trends and Foresight Potentia. – P. 50-51

2 Coyle, D.; Holmes, B.; King, L. 2009. Towards an Integrated Curriculum. CLIL National Statements and Guidelines. London: The Languages Company.

3 Baetens-Beardsmore, H. 2001. Foreword: The past decade and the next millenium. In D. Marsh; A. Maljers; A. Hartiala (Eds.). Profiling European CLIL Classrooms. UNICOM: University of Jyväskylä & European Platform for Dutch Education. – P. 10-11.

4 Coyle, D.; Hood, P.; Marsh, D. 2010. CLIL: Content and Language Integrated Learning. Cambridge University Press. – P. 37-48.

5 Coyle, D. 2007. Content and Language Integrated Learning: Towards a Connected Research Agenda for CLIL Pedagogies. The International Journal of Bilingual Education and Bilingualism, 10/5. – P. 543-562.

6 Bertaux, P.; Coonan, C.M.; Frigols, M.J.; Mehisto, P. 2010. The CLIL Teacher's Competence Grid. Retrieved December 14, 2012, from the World Wide Web: http://lendtrento.eu/convegno/files/mehisto.pdf

7 Anderson, L.W.; Krathwohl, D.R. (Eds). 2001. A Taxonomy for Learning, Teaching, and Assessing: A revision of Bloom's Taxonomy of Educational Objectives. – New York: Longman. – P. 78.

8 Мырзаханов Т.А. Концептуально-метафорический анализ англоязычных финансово-аналитических медиатекстов и их воссоздание в переводе на русский язык // Вестн. КазНПУ. Сер. филол. – 2017. – №1(59). – С.304-308.

МРНТИ 14.07.09

З.Ж.Османова[1]
[1]*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*
Алматы, Қазақстан

І.ЖАНСҮГІРОВ ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада мектеп оқушыларына көркем әдебиетті талдау жолдарын І.Жансүгіров шығармалары арқылы талдау жолдары қарастырылған. Мектептегі оқу пәндерінің тұлға дамытушылық әлеуетін айқындай отырып, пәндерді оқытудың әдістемесіне үлкен жүк артады. Оқырмандық қабілетті дамыта түсу және шәкірттердің кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында қазақ әдебиеті бағдарламасында туған әдебиетіміздің дәуір тынысын бейнелеген ең таңдаулы шығармаларын соның ішінде І.Жансүгіров шығармалары негізінде білім беруге болады. Бірақ, оқушыларды онымен ғана шектеп қоймай, тәрбиелік, білімдік мәні зор жаңа туындыларды сұрыптап ұсынуына оқытушының еркі бар болғандықтан І.Жансүгіров шығармаларымен байланыстыра оқытқаны абзал. Демек, пән мұғалімі – мектеп оқушыларының көркемдік талғамы мен оқырмандық қабілетін дамыту үшін күнделікті сабақ барысында да сыныптан тыс оқуға бағыт беруі, үздіксіз басшылық жасауы, оны жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін қарастыруы, оған кең өрісті жоспар жасауы тиіс. Сондықтан мақалада әдебиет сабақтарында І.Жансүгіров шығармаларын оқытудың әдістемелік деңгейіне назар аударылады және оқыту барысында шәкірттердің оқырмандық қабілетін дамыту мәселесі жан-жақты қарастырылады.

Кілт сөздер: көркем әдебиет, оқырмандық қабілетін дамыту жолдары, қызығушылықты ояту, І.Жансүгіров шығармалары.

Османова З.Ж.[1]
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЯ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ СПОСОБНОСТИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ОСОБЕННОСТИ ПРОЗАИЧЕСКИХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ И.ЖАНСУГУРОВА

Аннотация

В данной статье рассматривается анализ произведении І.Жансугурова литературы на уроках литературного чтения в школах. В целях развития читательской способности и повышения заинтересованности учащихся в чтении произведении І.Жансугурова современные программы по казахской литературе включены избранные произведения родной литературы, отражающие дыхание эпохи. Однако учитель вправе, не ограничивая учащихся лишь творчеством І.Жансугурова, отобрать новые произведения, имеющие большое воспитательное, познавательное значение, и предложить их вниманию учащихся сравнительном методом обучении. Следовательно, для развития художественного вкуса и читательской способности учащихся школ учитель-предметник должен строить широкие планы, направлять учащихся и в ходе ежедневных уроков, и во внеклассном чтении, применяя различные способы и методы руководства. В этой связи в статье особое внимание уделяется методическому уровню обучения на уроках литературы Жансугурским произведениям, также всесторонне рассматривается проблема развития в ходе обучения читательской способности учащихся.

Ключевые слова: художественная литература, способы развития читательских навыков, пробуждение интереса, произведение И.Жансугурова.

Z.Zh.Osmanova[1]
[1]*Kazakh National Pedagogical University named after Abai*
Almaty, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF READING ABILITY OF STUDENTS IN THE STUDYARTISTIC FEATURES OF THE PROSE WORKS OF I. ZHANSUGUROV

Annotation

This article discusses the analysis of the work of I. Zhansugurov literature in literary reading classes in schools. In order to develop reading abilities and increase students' interest in reading the book I. Zhansugurov modern programs on Kazakh literature included selected works of native literature, reflecting the breath of the era. However, the teacher has the right, without limiting students only to the creative work of I. Zhansugurov, to select new works that have great educational, cognitive significance, and to offer their students a comparative teaching method. Consequently, in order to develop the artistic taste and reading ability of students in schools, the subject teacher must make broad plans, guide students both in the course of daily lessons and in extracurricular reading, using various methods and methods of leadership. In this regard, the article pays special attention to the methodological level of learning in literature classes Zhansugurskim works, also comprehensively addresses the problem of development in the course of learning the reading ability of students.

Key words: fiction, ways to develop reading skills, the awakening of interest, primary class, middle class, senior class, the work of I.Zhansugurov.

Қазақ халқының сөз өнерінде өзіндік ой-танымымен дараланып, қаламгерлік қуатымен жаңа өрістерге жол ашқан қаламгер – І.Жансүгіров шығармашылығының бүгінгі білім беру реформасындағы маңыздылығы оның шығармаларының көркемдік деңгейімен ерекшеленеді. Оқыту үдерісінде ақын еңбектерінің негізгі нысанасы, ой қазығы халық тілегі, жұрт мүддесі екендігін аңғартып, көркем туындыларының идеялық мазмұнымен эстетикалық жақтарын дұрыс ұғынып, дәл түсінуге бағыт сілтеу кез-келген қазақ әдебиетінен білім беретін оқытушының негізгі міндеттерінің бірі деп есептейміз. Мектептегі оқу пәндері, оның ішінде әдебиет пәнінің тұлға дамытушылық әлеуеті арқылы оқырмандық қабілетті дамытудағы І.Жансүгіров шығармашылығының ролі ерекше. І.Жансүгіров шығармашылығының көркемдік ерекшіліктерін оған дейінгі ұлттық әдебиет құндылықтарымен, халықтық тіл үлгісімен салыстырып, ол өмір сүрген әлеуметтік ортамен байланысын ортақ бірліктер арқылы қарастыру қажеттігі айқын.

Ұлттық әдебиетіміздің тереңнен тамыр тартқан тарихымен бірге бүгінгі кескін-келбетін айқындауда да қаламгерлік қабілетпен талант даралығының маңызы зор. Неғұрлым талантты жазушылар мол болса, ұлттық әдебиеттің керегесі кеңейіп, күмбезі көркейе түсері анық. Қазақ халқының сөз өнерінде өзіндік ой-танымымен дараланып, қаламгерлік қуатымен жаңа өрістерге жол ашқан ақындар санатында – І.Жансүгіров шығармашылығының орны қомақты.

І.Жансүгіров қаламгер ретінде өзі өмір сүрген кезеңнің әлеуметтік, психологиялық жай-күйіне үн қоса білді. Адамгершіліктің асқақ көріністерін көбіне замана шындығынан шығарып суреттеуге мән береді. Сол арқылы халықтың ақыл-ойын, ішкі сезім дүниесінің мөлдірлігін қастерлеуге ұмтылады. Оның шығармашылығының өн бойына замана үнінің қоғам мүддесімен тығыз байланысты екенін аңғару қиын емес.

Әрбір қаламгер өзі өмір сүріп ортаға деген көзқарасын шығарма тақырыбына арқау етеді. «Қай жазушы болса да өз заманының шындығынан алыстап кете алмайды. “Адамды заман билемек” деп Абай тегін айтпаған. Заманмен керағар келіп, онымен ашық тартысқа түсу арқылы ешбір жазушы “батыр” атағын алмаған. Ол қайта онымен ымыраға келе отырып, дәуір, заман қайшылығын көркем образдар арқылы ашқан. Сол арқылы заманына, Чернышевский тілімен айтқанда, үкім шығарған” [1, 162 б.].

Әдебиет – қоғамдық ой-сана, пікірлердің аса жүйелі, жинақталған көрінісі. Әдебиет туралы сөз, қалай болғанда, уақыт туралы сөз болмақ. Әдебиет қоғамдық ой-сананы танытушы ғана емес, белгілі бір дәрежеде қалыптастырушы да. Осы тұрғыдан келгенде, уақыт талабына жауап беретін шығармалардан алдымен іздейтініміз – тақырыптың көркемдік шешімін табуы, ой мен сезімнің тереңдігі мен мөлдірлігі, өмір нақыштарының молдығы, жан-жақтылығы, ең бастысы адамгершілік ізденістер болмақ.

Ілияс Жансүгіров әдебиеттің бар жанрында қалам тербеген. Оның шығармаларының қай-қайсысы да ақынның дарындылығын халыққа көркем шығармашылықпен, өзіндік қолтаңбасын көрсетіп, от жалынды, өткір тілді, дауылпаз тұлға екендігін дәлелдей түседі. Өз дәуірінің саяси-әлеуметтік, әйел теңдігі сынды мәселелерін, заман шындығын көркем бейнелейтін туындылары оқырманды ойландырады, тебірентеді, небір сұрақтарға жауап іздетеді.

Ілиястың прозалық сатира жанрында шығармалар жазуды Абайдан үйренді деген зерттеушілер тарапынан ойлар айтылуда. Бұл нақты деректерге сүйеніп айтылған пікір. Ал прозалық сатира жанрындағы өлеңнен прозаға ауысуы бұл – 1920 жылдардың бас кезі болатын. 1922 жылдың қараша айында Ілияс оқуға түсуге Алматыға келгенімен, ол талабына қолы жетпеген соң, «Тілші» газетіне қызметке кірген сәттен басталады. Газет қызметіне араласуы – оның білім дәрежесіне де үлкен әсер етеді. Ақындық, жазушылық талабы мол болғанымен, оқуы, білімі аз болғандықтан, өз бетімен оқу оқып, білімін толықтыруға күш салады. Прозалық сатирадағы проза жанрына ден қоюы осы кезеңнен бастау алған. Өйткені, сол кезеңде өзімен қызмет істейтін тілшілердің көпшілігі жазушылық өнері бар прозаик, сатирик, фельетонистер еді. Олар сол кездегі газеттегі жанрлардың бірі – фельетонды әркім әр түрлі, бір-бірімен жарыса, бәсекелесе жазатын. Бұл ахуал Ілиясты да осы салаға деген қызығушылығын оятып, көркем шығармалар жазуға жетелеген. Сол кезде жазғандары тек «Тілші» газетінде ғана емес, сонымен бірге «Жас Қайрат», «Сана», «Шаншар» сияқты баспасөз орындарында жарыққа шығады. Жазғандары сол уақытта елімізде жүргізіліп жатқан науқандық саяси, шаруашылық, ағартушылық жайларды қамтиды. Прозалық сатираның түрлі компоненттерін шебер пайдалана отырып, жаңа дәуірдегі жаңалықты дұрыс түсініп, бағалай алмай отырғандарды, жаңа істердегі игіліктерге кедергі келтіріп, бұрмалаушыларға батыл, қарымды қаламын қадайды. Баспасөз қызметінде аз уақыт істеген кезінде өзінің әріптестерінен жазу техникасын үйрене отырып, тіпті кейде олардан асып түсерлік дәрежедегі журналист ретінде көзге түседі. Оның жазғандары бірінен-бірі өтерліктей іргелі де айтары мол құнды материалдарға айналып, қалың көпшіліктің сый-құрметіне бөленеді. Осы еңбегіне лайық оны 1924 жылы «Тілші» газетінің хатшысы, кейінірек редакторы етіп тағайындайды. Ілиястың прозалық сатира тұрғысында жазылған еңбектері «Оқшау сөз», «Шашауша», «Әзіл-оспақ» рубрикаларымен жарыққа шығатын. Сықақтарын газет беттеріне, көбінесе, Матай, Құйқалық, Балгер, Таңқыбай, Жажа, Сақа, Ағын, Салпаңқұлақ сияқты бүркеншек аттарымен шығаратын. Сонымен қатар Ілияс Жансүгіров шығармаларына тақырыбы мен мазмұнына сәйкес орынды да ұтқыр атау таба білу шеберлігі ерекше екендігін атау қажет. Әр сықақ-әңгімеге жақсы тақырып қою да мүмкін емес. Ол оқырманды туындыға тарту үшін де, сонымен бірге, тақырып атының қысқа, қарапайым, образды, күлкілі, идеясына лайықты, астарлы болуы ғана оқушыны қызықтырады. Бұл жағынан келгенде Ілияс Жансүров алдына жан салмайтын.

Айталық, «Құйрықты базар», «Сұрпақбай сұғанақ», «Тәшкендікке тарт», «Пұшық мұрынға кетік ыдыс», «Жалаңаш жиылыс» және тағы басқа прозалық әңгімелер дәл өздерінің аты айтып тұрғандай,

шығарманың қысқа фабуласын айқын танытады. Әрине, бұл да прозалық сатирик жазушының ажырамас асыл қасиеттерінің бірі екендігін айту абзал.

Ал аэропланның пайда болуына байланысты «Қойшы мен аэроплан» (1923 жылы) деген қызық прозалық әңгімесін жазады.

Прозалық әңгімеде ауылдың жуаны Тоғызбайдың қойшысы Батырбектің бір күнгі өмірі суреттеледі. Батырбек − қырықтың алтауына келгенше үйленбей, Тоғызбайдың қойының соңында жүрген момын қойшы. Жаңа өкімет келсе де, өзіне бостандықты дәме етпей, өмір бойғы жиған серкештерінің басын қосып түгел жазға салым он үшке енді толған жас қыз Күлипанның қалың малына береді. Күлипанның әпкесін бесікте жатқанда-ақ айттырғанымен ол он үш, он төртке келгенде қайтыс болады да, оның сіңлісі бойжеткенше талай уақыт тосып, жасы қырықтан асқанда осы әйеліне қолы әрең жетеді.

Әңгімеде көркем шешімін тапқан идеяның тереңдігі авторлық нысананы әлеуметтік тұрғыда суреттеп, осы орайда, жазушы пайдаланған көркем детальдар арқылы кейіпкердің бейнесін, нағыз тұлғасын жеткізе білгендігімен құнды. Тақырыбы әлеуметтік мәселені қамтитын аталмыш туындыда автордың терең дүниетанымы нәтижесінде мәні терең идея мазмұндалады. Қаламгер шеберлігінің нақты түйіні – жазушының таным-түсінігіндегі ой-пікірлер мен құпиялы сыр-толғамдардың өзгенің ой-санасына әсерлі де нанымды жеткізуде ұтымды жол таба білгендігімен өзгешеленеді. Ол жол автордың юморлық баяндау арқылы шеберлік танытуы. Жалпы “юморлық образ – күлкілі кейіпкер; юмор өмірдегі кісі күлерлік құбылыстардың өнердегі сәулесі. Күлкі жоқ жерде юмор да жоқ. Ал күлкіні әшейін жеңіл-желпі нәрсе деуге болмайды. Күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатады” [2,133б.] – деп, академик З.Қабдолов тұжырымдағандай, қаламгер әлеуметтік мәні терең мәселені көтеріп, философиялық түйіндеулер жасауда юмор мен сатираны кәдесіне жаратады. Өмірдегі адам мінезіндегі негізсіздікті шығарма тақырыбына арқау ете отырып, оны шағын проза аясына сыйдырып, көркемдей біледі. Автор оқырманға өзі суреттеп отырған өмір шындығы мен кейіпкер келбетін жинақтап, барынша типтендіріп ұсынуға қадам жасағанын аңғарамыз және бұл жолда жекелеген бейнелеуші амал-тәсілдердің өзіне жалпылық сипат дарытады. Көркем шығармадағы детальдар өмір шындығы мен кейіпкер бейнесін қатар ашылуына қызмет етеді.

«Күлипан ешкінің шыбышындай қара бұйра қыз. Бәке Күлипанды бала қылып еркелетеді. Келіншек қылып жұмсайды. Қойшы қойдан келген соң ұзақ таңға Күлипанын еркелетіп шығады. Күлипан түске дейін тұрмайды. Еркелік бар, еріншектік те бар Күліште», - деп автор әңгіме басын жеңіл юормен бастайды. Момын, жуастығы сондай, таңертеңгі мәзірін ішу үшін жас келіншегінің ұйқысын қимай, «топатай шелекке ұйытқан айранын шала–шарпы ішіп, уқалаған насыбайын шонтайға салып, жуан таяқты тақымына қысып, өгізге мінеді». Өгізбен аяңдап қойына жеткен Бәкең аспанға қарағанда аэропланға көзі түседі. Өзіне тән аққөңілдігі мен аңқаулығына басып, иен далада ішкі эмоцияға беріліп өзімен-өзі сөйлеседі: «-Астапралда! Астапралда! Бұл қай құс? Астапралда! Айырбұлаң! Ой жасаған-ай! Айырбұлаң деген осы екен-ау», - деп таңырқайды. Аэроплан Қордайдың аспанын баса-көктеп сырылдап сырғанайды. Бәкең бәрін ұмытады. Қойды да, қасқырды да, астындағы өгізді де, тіпті басқаға көн жүрегі жібімейтін Күлипанын да ұмыт қалады. Көңіл шіркіннен жүйрік, жылдам не бар, аэроплан бір демде көз алдында оның қиялына айналып сала берді. «Ой, алдай! Темір ме екен, ағаш па екен? Ішінде адам бар сияқты ма? Орыс қой, қазақ айырбұлаңда ұшпаққа қайда? Әлде комиссар ма екен? Әлде Союзқосшыға жазылсам, байдан шығып қалаға барсам, оқу оқысам, үстелге шығып сөйлесем, мен де комиссар болар ма едім-ау! Мені де осылай айырбұлаңмен Ташкент пен екі ортаға тасымалдар еді-ау. Мен де осындай болып Қордайдағы қойшының төбесінен ұшып өтер едім, дүние-ай!» - деп ой-қиялын шарықтатады.

Жазушы қойшының ой-арманын бейнелей отыра, өзіне жарасымды мінез-құлық штрихтарын оның ішкі психологиясымен астастыра береді. Қойшының күнделікті көріп жүрген шаруасын жеңілдетуге аэропланның ролін де әңгіме желісіне енгізіп, оны қойшының қиялы етіп көрсетеді. Мәселен, аэропланды бірде жүйрік ат десе, бірде онымен әуедегі қазды, қарға-құзғынды қуар ма еді, бүркіттей түйіліп қасқырға қанды тұмсығы тиген кезде, қақ төбесінен түсіп, қара тұмсықтан салып жіберсе ғой дегізеді. Тіпті қиялдай келе, оны шөп жемесе, шөлдемесе, арқасы кетпейтін болса, қойға көлік қылып та алады.

Кейіпкер бейнесін оның жан-дүниесіндегі құбылыс сәттерін іс-әрекеттерімен қатарластыра, астастыра суреттейді. Автор оның өмір жолынан елес бере отырып, оқиға желісін тартымды әңгімелейді. Ана тілдің қуатын арттырып, ойды анық та нәзік жеткізудегі ерекше сипаттар әсіресе жазушының диалогтік қолданыстарында нағыз шеберліктің белгісі ретінде айқын көрінеді. Керекті жерінде уытты әзілдерді туындата біліп, мүмкіндігінше кейіпкердің шама-шарқы төңірегінен алыс кетпейтін әңгіме желісінде тартыс мүлде жоқ десе де болғандай. Ұлттық мінезге тән қасиеттер мен қылықтарды әдемі юормен,

керекті жерінде сатираны араластыра отырып, уытты ойлар мазмұндатып, қарапайым сөйлеу тілін пайдалануы өте ұтымды шыққан.

Жеңіл әзіл-оспағы бар осы ішкі толғаныс қойшының психологиясын әбден ашып тұр. Заман, өмір, қоғам туралы ойлауға оның санасы әлі жетпеген. Жалшылық тұрмыс әбден етінен өтіп, сүйегіне жеткен Бәкеңдер қазақ ауылында әлі де бар. Осы жағы жетпей жатады демесек, әңгіме-сюжеттік желісі, композициялық құрылысы жағынан тәп-тәуір шыққан туынды.

Жазушы әңгімеде ұтқыр да тапқыр салыстырулар жасайды. Мысалы, төбе басындағы аэропланға қарап отырған «Бәкеңнің нашар көретін, жанары қайтқан көзіне аспан көгілдір көл сияқты, ақ шарбы бұлт−көбігіндей. Ана аэроплан көбік астындағы тұйық суға сүңгіп жүрген балық...» [3,48б.],- дейді. Бұл салыстырулар, сөз жоқ, прозашыға тән көрегендік пен ақынға тән сезімталдықты айқын аңғартады.

Прозалық әңгімеге жазушының тағы бір көзге түсер ұтымды, көркемдік қуатын арттырытын белгісі − туындының қорытынды бөлігі. Онда Батырбек қойшының қиялға беріліп, астындағы өгізді ұмытып кетіп, өзінің әдетіндегі «ех» дейтінімен қолындағы жуан таяғы өгіздің басына сарт ете түскенде, жайбарақат шөп жеп тұрған жануар шошып, атып кеткенде қойшының жерге топ ете түсетіндігі, сөз жоқ, езу тарттырыды, аңқаулықты ажарлайтын күлкі шақырады. Сырттай бақылаған адам ғана емес, тіпті момын, аққөңіл қойшының өзі де даладағы ерсі қылығына бір күліп ап, өгіздің басын ұстайды. «Аэроплан − Алматыға, қойшы − қойына кетті...» [4,238 б.]- деп, жазушы сәтті сөз өрнегімен прозалық әңгімесін кілт тоқтатады.

Әр халықтың өз дүниетанымына сай мәселені шығарма тақырыбына айналдыра отырып, халықтық мінездерді тауып, оны адамдық бар болмысымен, шынайы психологиясымен, мұратты ой-сезіммен айқындауын жазушының шеберлігі деп қана жалаң қарамай, шығармашылық жаңалығы деп бағалауға әбден болады. Қаламгер әңгімесіндегі характер табиғатына үңілу мақсатында карта деталь ретінде алуы сюжетті өрбітуге септігін тигізген. Әрі бұл деталь мінездің көркемдік сипатын аша түскен.

Әдебиетте өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан, өрнек-айшығы, оқшау тәсілімен дараланған І.Жансүгіров сөз өнерін жаңа образдар мен соны ізденістерімен байытты. Оның сомдаған кейіпкерлері күнделікті өмірде кездесетін, өмір шындығынан жаралған шыншыл бейнелер. Автор шығармашылығының барлығы дерлік тақырыптық-идеялық, проблемалық мәселелерден туындайтын автордың ізденіс жүйесін танытады, қаламгердің стильдік даралығын айқындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтаңдар беттері. – Алматы: Білім, 1995. – 288 б.

2 Қабдолов З. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. – 254 б.

3 Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: ҚМКӘБ, 1959. – 556 б.

4 Османова З.Ж. І.Жансүгіров поэзиясы тілінің көркемдік ерекшеліктері/ филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2004.

5 Садуақасова М.Р. І.Жансүгіровтың бізге қалдырған мұрасы// «Жансүгіров тағылымы» Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 7 желтоқсан. 2018. – 126 б.

МРНТИ 14.01.11

Ж.А. Сейсенбаева[1], А.Қ.Рауандина[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабағында жобалап оқыту технологиясын қолдану әдістері қарастырылады. Ұсынылған технологияның мақсат-міндеттері, жұмыс жасау кезеңдері анықталған. Жобалап оқыту технологиясын енгізу білім алушының жеке ізденіс жасауына, өзін-өзі дамытуына мүмкіндік береді. Жобалап оқыту әдісі тәуелсіз танымдық әрекеттердің нәтижесі ретінде белгілі бір мәселені шешуге мүмкіндік береді және осы нәтижелерді нақты қызметтің түрінде көрсетуді қамтитын оқушылардың танымдық әдістері мен әрекеттерінің белгілі бір жиынтығын қамтиды. Жобалап оқыту дәстүрлі практикалық, дәлелді, мұғалімге бағытталған тренингтерге арналған модельді оқытуға, стереотиптерді жоюға және оқу бағдарламаларына негізделген технология. Бұл дұрыс жоспарланған оқу үрдісі.

Кілт сөздер: Жобалап оқыту, технология, білім беру, әдіс-тәсілдер, функционалдық сауаттылық.

Сейсенбаева Ж.А.[1], Рауандина А.К.[1]
[1] Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

МЕТОДЫ ПРИМЕНЕНИЯ ПРОЕКТНЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Аннотация

В статье рассматривается метод проектных технологии и возможности его применения на уроках казахского языка и литературы. Определены цель, виды и этапы работы данной технологии. Применение проектной технологии способствует повышению личной уверенности у каждого участника обучения, его самореализации и рефлексии. Метод проектов предполагает определенную совокупность учебно-познавательных приемов и действий обучаемых, которые позволяют решить ту или иную проблему в результате самостоятельных познавательных действий и предполагающих презентацию этих результатов в виде конкретного продукта деятельности. Проектное обучение является моделью обучения, ломающей стереотипы и выходящей за рамки традиционной практики краткосрочного, изолированного, ориентированного на учителя преподавания. Это тщательно спланированная учебная деятельность.

Ключевые слова: Проектные обучение, технология, образования, методология, функциональная грамотность.

Zh.A. Seisenbayeva[1], A.K.Rauandina[1]
[1]Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

METHODS OF APPLICATION OF PROJECT TECHNOLOGIES IN THE CLASSROOM OF THE KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE

Annotation

The article discusses the design technology method and the possibility of its use in the lessons of the Kazakh language and literature. The purpose, types and stages of work of this technology are defined. The use of project technology helps to increase personal confidence in each participant in learning, his self-realization and reflection. The project method involves a certain set of learning and cognitive techniques and actions of students, which allow solving a particular problem as a result of independent cognitive actions and involving the presentation of these results in the form of a specific product of activity. Project-based learning is a model of learning that breaks

stereotypes and goes beyond the traditional practice of short-term, isolated, teacher-oriented teaching. This is a carefully planned learning activity.

Keywords: Design training, technology, education, methodology, functional literacy.

Қазіргі Отандық білім беру оқу орындарында, әсіресе, жалпы және кәсіби білім беру мектептерінде оқытудың жаңа технологияларын оқу процесінде белсенді қолдануға ұмтылуда. Бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы негізінде логикалық негізге сүйеніп, білім беру бағдарына жаңашылдық леп әкелуде. Бірақ, олардың оқыту технологиясы мен оқыту әдістемесін баламалаумен шектелуі сипат алуда. Жаңа оқытудың технологиясын тәжірибеде қолдану жүйесі жеткіліксіз емес, көріністі түрде қолдану пән сабақтарының оқу үрдісінде байқалады. Бұл ауытқулар оқыту технологиясының мәні мен нәтижесінің толық мақсатына жетуіне күмән тудырады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. «Педагогика технологиялар – бұл білімнің; басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің; оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушының дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды» [1].

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасы мектеп бағдарламасына енгізілді . Жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама . Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ–ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білуді үйретеді. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.

Бағдарламаның жалпы мақсаты оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, терең әрі жүйелі ойлануына, өз білімі мен өміріне жауапкершілікпен қарауына, өздігінен дұрыс шешім қабылдап, қиын мәселелерді шешуіне, өз бетінше ақпараттарды түсініп, ішінен қажеттісін таңдап, оны жан-жақты талдап, баға беруіне, түрлі пікірталасқа түсіп, өз ойын дәлелдей білуіне бағытталған.

Ол алған білімін функционалдық тұрғыдан және шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және өз бетінше жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейін де жетістікке жетуінің кепілі болып табылады.

Күнделікті білім бері үрдісі оқу мақсаттарына жетуге және алынған білімдері мен дағдыларын кез келген оқу, өмір жағдайында пайдалануға дайындығын қалыптастырады. Оқыту әдіс-тәсілдері оқушылардың бойына адами құндылықтарды қалыптастыруды көздейді. Олар қазақстандық отансүйгіштікке, азаматтық жауапкершілікке, үлкенге құрмет, кішіге ізет, ынтымақтастық, ашықтық, өмірге бейімділікке тәрбиеленеді. Ең бастысы, оқушылар интербелсенді оқыту әрекеті арқылы үлкен нәтижелерге қол жеткізе алады.

Оқытудың жаңа технологияларын оқу үрдісінде біртұтас, жүйелі және мақсатқа сәйкес қолдану үшін оқыту технологиясы түрінің тұжырымды қағидалары мен теорияларын және сабақты құру мазмұнымен толық қарастыра, ұғынып түсіне барып, оқыту мазмұнының тұжырымды және процессуальды құрылымды элементтеріне көшу абзал. Өкінішке орай, оқытудың жаңа технологиялары туралы қазақ тілінде толық мәліметтер де шектеулі. Көптеген тәжірибелі педагогтар оқыту түрлерін қолдануда кезеңді баспа беттерінде қарастырылған әдістемелік ұсыныстарға негіздеп оқытудың мазмұнын құрайды.

Орыс мектептеріндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту – айрықша көңіл бөлуді қажет ететіндігі еліміздің ертеңгі болашағына деген үлкен міндеттен туындап отырғаны бәрімізге мәлім. Оқушыларға тіл мен әдебиеттің құдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, ақын –жазушылар шығармаларын зерделеп, оқыту жүйесін қарастыруымыз керек.

Оқушылардың білім сапасын мемлекеттік стандарт талаптарына сай бақылау тәсілдері әр түрлі. Соңғы жылдары балалардың білім сапасын тексеруге тест тиімді тәсіл ретінде көрініс табуда. Жалпы білім аймағында тілдерді оқыту ең басты орын алады. Ол оқушының қарым-қатынастық мәдениетін қалыптастырады, танымдық, инабаттылық, эстетикалық мәдениетін дамытады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша орыс сыныптарында нені оқыту керек екені оқулықтарды, бағдарламаларды айқын берілген. Ал осы берілген білім мазмұнының негізін оқытуда қандай әдіс-тәсілдер қолданаған дұрыс және оны қалай оқыту керек-бұны оқытушының анықтауы тиіс. Яғни оқу-метиалдарын сұраптау, оларды сыныптағы оқушылардың дайындық деңгейлеріне қарай бейңмдеу жіне меңгерту технологиясын таңдау-оқытушыға жүктелетін іс.

«Жобалау технологиясын қолданудағы негізгі мақсат – білім алушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы болашақта әр түрлі жағдаяттарда, кез келген қоғамдық ортада өзін-өзі көрсете білуге бейімдеу.

Жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлап, оны дұрыс орындап шығу – болашақта кез келген жағдаятқа бейімделген тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Демек, жобалап оқыту технологиясы білім алушының өз бетімен ізденіп, өзіне деген сенімділік күшін оятып, ойын анық жеткізуге, дұрыс оңды шешім қабылдаудың негізінде тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бүгінгі күн талабында тұрған өзекті мәселенің бірі – білімгерлерді өз бетімен жаттықтыра отырып, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға үйретіп, жоба жұмысын жасауға мақсатты әрі жүйелі бағыттау. Бұл өз алдында білім беру жүйесінің дамуына тікелей әсер етері анық» [2. 15 б.].

Бұл жерде іс жүзінде оқытушы да, оқушылар да тап болатын үлкен қиындық бар. Ол оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу деңгейінен туындайды. Қазақ тілі пәнінен оқу барысында оқушылар тұрмыстық ортада және қарапайым әлеуметтік-мәдени сипаттағы мәтіндер деңгейінде жұмыс жасай білсе, қазақ әдебиеті пәні бойынша оқушылар әдебиеттік стиль деңгейінде жұмыс істеу керек болады. Оқушылардың басым көпшілігінің бұл айтылған әдебиеттік деңгейде оқуға дайындығы жетіспейді. Ал жобалап оқыту технологиясы арқылы оқушыны өздігінен іздене отырып, қоғамда еркін мемлекеттік тілде сөйлеуге үйретуге болады деп есептейміз.

Орыс мектептеріндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» сабағында жобалау әрекетінде оқушылардың өзгермелі өмірлік жағдаяттарға бейімделуін, қажетті білімді өз бетінше ала білу, практикада туындап отыратын мәселелерді шеше білу қабілеттерін игеруге мүмкіндік беретін танымдық белсенділік артықшылықтарға ие. Жобалау әдісі әруақытта оқушының белгіленген мерзімде (бірнеше минуттан бірнеше аптаға, кейде айға дейін жеке, қосарлы, топпен) өз беттерінше әрекет етуіне бағытталған. Жобалаудың зерттеуден айырмашылығы – ол тәжірибеге бағдарланған. Жобаны жүзеге асырушы адам жаңаны ғана емес, өзінің алдында тұрған нақты проблеманы шешеді. Жобалау әдісін мәселенің нақтылығы; алынған нәтиженің практикалық, теориялық, танымдық мәні; оқушының өзіндік әрекеті; жобаның кезеңдері көрсетілген мазмұндық бөлімін құрастыру; жобаны орындауға зерттеушілік әдістерді қолдану; зерттеу әдістерін, алынған мәліметтерді талдау, қорытындысын шығару, соңғы нәтижені түзетіп, реттеу, тұжырым жасау сияқты артықшылықтары болып табылады.

Жобалау технологиясының артықшылықтары:

- тек қандай да білім беріп қоймайды, ақпарат алу, оларды теориялық, практикалық кәсіби қызметінде қолдана білу тәсілдеріне, оқушыларды топпен де, жеке де жұмыс істеуге үйретеді;
- әртүрлі ұйымдастырушылық шешімдерді өз бетінше қабылдай білу біліктілігін қалыптастырады;
- коммуникативтік біліктілігін дамытады;
- фактілер мен құбылыстарды талдау, салыстыру, сәйкестендіруді үйретеді; оқушылардың идея тастау, болжау және оларды шешу біліктілігін дамытады;
- білім беру үдерісінде танымдық шығармашылық құзыреттілігінің негізі ретіндегі субъектінің шығармашылықпен ойлау қалыптасады;
- қолданысқа енетін өнімнің алынуы.

Мектепте қазақ тілін оқытудың негізігі міндеттері: оқушыларды сауатты жазуға, өз ойын, сөзін еркін сөйлеп, әдеби тіл нормаларын жатық, әдепті, мәдениетті сөйлеуге үйрету, жан-жақты тәрбиелі азамат болуға тәрбиелеу. Мұғалім оқытудың әдістері мен тәсідерін шебер меңгеруі арқылы, қазақ тілін оқытуда оқушыларға тиянақты, сапалы білім беруге болады. Қазақ тілін оқыту барысында тақырыптың мазмұнына сай білім берудің әр түрлі әдіс-тәсілін қолдану ерекшелігін меңгерген жөн. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда әдіс-тәсілдері дұрыс таңдап тиімді пайдаланғанда ғана мақсатқа жете аламыз.

Ұрпақтардың ұлттық сана-сезімін тәрбиелеп, ұлттық дүниетанымын байыта оқу, пәндерін оқытцдың негізгі ажырамас міндеттерінің бірі болуы тиіс. Өмір мен қоғам жас ұрпақты өз халқын, елін, жерін, әдеби-мәдени мұраларын сүюге, Отаншылдық тәрбиелеу, халқымыздың салт-дәстүрлерін, даналығын, тұрмыс-тірішілігін танытуды дұрыс жолға қоюды қажет етеді. К.Ушинский «Халықтық тәрбиеніі тәжірибелерінен тыс жерде педагогика да жоқ, педагог та жоқ» деген еді.

Негізгі орта мектепте жобалап оқыту технологиясын реферат, баяндама немесе тапсырма беру арқылы жүзеге асыруға болады. Мұғалім оқушының бейімділігіне қарай қабілетін дамытуына бағытталған жобаны іске асыру жолдарын таңдайды. Мәселен, оқушының шығармашылық қабілетін жетілдіру үшін шығармашылық жобаны қолданады. Сонымен қатар, жобаға қатысушылар құрамы берілген тапсырмаға байланысты топ, шағын топ, жеке, жұп болуы мүмкін. Жобаның ұзақтығы қысқа мерзімді – 1; 2 немесе бірнеше сағат, 1-2 апта, орта мерзімді 1-3 ай, ұзақ – бір жылға дейінгі жобаны ұсынуға болады. Жоба жұмысының қорытындысы - жазбаша немесе ауызша есеп. Мультимедиялық презентация, фильм, қойылым. Интернет жүйесіндегі бет, дайындалған макет, модель ретінде көрсетіледі.

Орыс мектептеріндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні сабағында ғылыми жоба түрін де пайдалануға болады. Бұл жоба негізінде ғылымның осы саласындағы фактілерді, оқиғаларды, құбылыстарды және жеке, бұрын мәлім болмаған жақтарын жариялайтындай бағыт болуы тиіс. Практикалық тапсырмаларды шешуде жаңалық енгізетін аппараттар, модельдер мен аспаптардың конструкциясын ұсынатын, мектептегі эксперименттерді, өндірістік үрдістердің ұтымды пайдалануын жетілдіруге қатысатын, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге бағытталатын экономикалық-заңды негіздемесі бар компьютерлік модельдер мен жобалар болуы міндетті. Ғылыми жобаларда бұрын қаралған және қорғалған жобаларды таңдалмайды.

Орыс мектептеріндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінде шығармашылық жоба түрінде әдетте қатысушыларда ортақ іс-әрекеттерінің дайындалған құрылымы болмайды. Бұл балалардың үлгілер мен пішімдер жасау, әңгімелер құрастыру, тақпақтар, ойдан шығарылған кейіпкерлері бар әңгімелер жазуынан тұрады. Нәтижесінде балалар музыкалық ертегінің сценариін жазу, столүстілік театры арқылы әңгімелер ойлап табу, кейіпкерлер дайындау, ата-аналар мен балаларға қойылым көрсету мен сахналастырылған, суреттелген диафильмдердің фильмотекасын жасау, альбом дизайны көрмесін ұйымдастыруды үйренеді. Шығармашылық жобаларда табиғи және құнсыз материалдарды пайдаланған жөн.

Орыс мектептеріндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін рөлдік ойындар жобасын кеңінен қолданғанымыз абзал. Бұл шығармашылық ойын нышандары, ойын жобасы. Мұнда оқушылар ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп, берілген тапсырмаларды өздері шешеді. Жоғарылау сыныптарда роман желісіндегі кейіпкерлерді сомдайды. Нәтижесінде: мазмұнды ойын, оқушы мерекелері ұйымдастырылады, балалар ертегілерді кейіптендіре біледі.Су асты әлеміне ойын-саяхаттары ойналады. Оқушылар «Театр» сюжеттік-рөлдік ойындар ойнауға үйренеді.

Орыс мектептеріндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні негізінде зерттеу түрін пайдаланып, ізденеді, деректерді жинақтап қорытады, табиғат құбылыстары туралы әртүрлі дерекнамалардан мағлұмат жинайды, кітаптар, кинофильмдер, интернет пайдаланады. Зерттеу, іздестірулер нәтижесі газет айдарлары, альбомдар, журналдар немесе аспаздық кітаптарда жинақталады. Қызыл кітап арқылы (сирек кездесетін және жойылып бара жатқан) өсімдік түрлері мен жануарлар құстар туралы білімдерін кеңейтіледі.

Орыс мектептеріндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні арқылы ақпараттық жоба жұмысын жүргізу де өте тиімді. Бұл - оқушыларды өз бетімен акпарат жинауға үйретеді. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды, қажет болса өз ойымен бөліседі. Оқушылардың жобасы бойынша күнделігін тексереді.

Жобамен жұмыс жасау барысында, шығармашылық жұмыс оқушылардың өзін-өзі басқару мен бақылауы саналы түрде жүріп отырады. Осы үдерісте білімалушылардың ерік-жігері, қабілет ресурстары, есте сақтау қабілеті мен ойлау, сөйлеу дағдылары қалыптасады. Бұл технология дүниетанымдық көзқарасы адамгершілік қасиетімен тоғысқан жеке тұлға ретінде қалыптасуына, әлеуметтенуіне қызмет етеді [3, 89 б.].

Жобалап оқыту технологиясы қазақ тілінің тереңдігін, байлығын ұғындыру мақсатына негізделуі керек. Әсіресе орыс мектептеріне арналған қазақ тілі мен әдебиеті тіліміздің байлығын, түркі тілдеріндегі ұқсастықпен лексикалық мазмұнын ұғындыру сипатында ұйымдастырылса, білімалушыларды қызықтыра түсері анық.

«Қазақ тілі – тереңнен тарихы мен тағылымы мол, түркі тектес түпкі түрін сақтаған байрығы, көне тілдердің қатарынан орын алатын тіл. Оның шығу тегі мен ата тегі бар тіл деп айтсақ та болады. Ол – түркі тілдері деп аталатын үлкен бір түп тамырлы тілдің бір саласы. Олай дейтін себебіміз ол тамыры терең түркі тілдерімен көп жағдайда лексикалық байлығы жақтарынан ұқсас, туыстас болып келеді» [4. 80 б.]

Бүгінгі қоғамда жобалай оқыту технологиясының сапалы әрі тиімді оқыту формасы ретінде таңдаудың бірнеше себебі бар. Біріншіден, бұл әдіс – жаңартылған білім беру бағдарын жүзеге асыруға болатын мол технология. Жаңартылған білім беру жүйесінде ізденушілерге өз бетімен орындайтын жұмыстарға

басымдылық береді. Осы тұрғыдан алғанда жобалап оқыту технологиясымен жаңартылған оқыту жүйесі өзара бірлікте екендігі айқындалады. Екіншіден, бұл әдістің философиялық, гуманистік, психологиялық мүмкіндіктері оқушының жеке тұлғасын дамытуға бағытталады. Өз бетімен берілген тапсырмаларды, жобаларды орындау барысында білімалушы білім іздеудің өзіндік сүре жолын қалыптастырады және де өмір бойғы білім алуы дағдысын дамытады. Үшіншіден, жұмыстың артықшылығы жобамен жұмыс жасауда өздігінен шешім жасауға үйренеді, жобаның орындау логикасын анықтайды. Білімді меңгеру үрдісінде оқып-білудің негізгі әрі белсенді субъектісіне айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Білім алушыларды оқуға ынталандырудың жолдары: оқу-әдістемелік құралы./Құраст.: С.Ж.Пралиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, А.Е.Садыкова, Д.М.Советканова. – Алматы, 2015. – 116 б.

2 Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., Советканова Д.М., Садыкова А.Е.Жобалап оқыту технологиясының үздіксіз білім беру бағдарында қолданудың тиімділігі //«Ұлттық тәрбие». – №6 (32). – 2015. – 56 б.

3 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі. Оқу құралы. – Алматы, 2011. – 158 б.

4 Мұхамбетов Ж.И., Кенжебаева Г. Қазақ тілі – түп тамырлы түркі тілі//Абай атындағы ҚазҰПУ, ХАБАРШЫ «Филология ғылымдары» сериясы, 2017. – №2 (60). – 80-85 б.

ҒТАХР 14.09.25

Е.С. Тұрғынов[1]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫНДАРЫНЫҢ ЖАЗЫЛУЫМЕН САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ МӘСЕЛЕСІ (БЕЙІМБЕТ МАЙЛИННІҢ ЕЛЕУСІЗ ҚЫРЫ)

Аңдатпа

Бұл мақалада Бейімбет Майлиннің қалың жұртшылыққа белгісіз қырының бірі – әдіскерлігі айтылады. Қазақ жерінде алғаш жазылған оқу құралдары мен бұл үрдісті дамыта жалғастырған қайраткерлердің еңбектері де көрсетілген. ХХ ғасыр басындағы сауатсыздықты жоюға және сауатсыздардың білім алуы үшін төрт оқу құралының авторы екені көпшілікке беймәлім болып келсе, мақалада Б.Майлин жазған оқулықтарға жан-жақты талдау жасалған. Б.Майлиннің «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы (Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабы)» (1929ж.), «Күш» сауаттылығы төмендерге арналған оқулық (1930ж.), «Жаңаша оқы және жаз» оқу құралын (1931ж.) және Ғабит Мүсірепов, А.Сидықовпен бірлесіп «Сауатсыздарға арналған әліппе» (1935-36жж.) еңбектерінің әдіснамалық негіздері атты төрт оқулық жазғаны мүлдем назардан тыс қалып келгені сөз болады. Б.Майлинді жазушы әрі публицист ретінде дәріптеумен қатар оны ұстаз әрі мықты әдіскер-ғалым ретінде де алға шығаратын уақыт жеткені айтылады.

Түйін сөздер: Қазақ әдебиеті, Бейімбет Майлин, әдістеме, оқу құралдары.

Тургунов Е.С.[1]
[1]Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г.Алматы, Казахстан

ВОПРОС О ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ ПУТЕМ СОЗДАНИЯ УЧЕБНЫХ ПОСОБИЙ (НЕИЗВЕСТНЫЕ ГРАНИ ЛИЧНОСТИ БЕЙИМБЕТА МАЙЛИНА)

Аннотация

В данной статье говорится об одной из сторон деятельности Бейимбета Майлина, недостаточно известной широкой общественности – его методической работе. Указываются учебные пособия, которые были впервые написаны в казахской степи, а также труды деятелей, продолжавших и далее развивавших данный процесс. Учитывая то, что широкой публике в основном неизвестно, что Б.Майлин был автором

четырех учебных пособий, предназначенных для ликвидации безграмотности и обучения неграмотных в начале XX века, в статье дается всесторонний анализ созданных им учебников. Говорится о том, что факт написания Б.Майлиным четырех учебников: «Учебная книга для малограмотных» (1929 г.), «Сила» (учебник для малограмотных) (1930 г.), «Читай и пиши по-новому» (1931 г.) и написанный совместно с Габитом Мусреповым и А.Сидыковым «Букварь для неграмотных» (1935, 1936 гг.), методические основы этих трудов остались совершенно вне поля зрения исследователей. Отмечается, что настало время наряду с возвеличиванием Б.Майлина как писателя и публициста дать должную оценку его деятельности в качестве преподавателя и одаренного ученого-методиста.

Ключевые слова: Казахская литература, Беимбет Майлин, методика, учебники

E.S. Turgunov[1]
[1]*Abai Kazakh National Pedagigical University,*
Almaty, Kazakhstan

THE QUESTION OF THE ELIMINATION OF ILLITERACY IN THE KAZAKH STEPPE BY CREATING LEARNING MATERIALS (UNKNOWN FACE OF BEYMBET MAILIN'S PERSONALITY)

Annotation

This article describes one of the activities of Beymbet Mailin, which is not well known to the general public and his methodological work. Research considers teaching materials that were written for the first time in the Kazakh steppe, as well as the works of figures who continued and further developed this process. Considering that B.Mailin was unknown to the general public as the author of four textbooks designed to eliminate illiteracy and illiterate education in the early twentieth century, and so the article provides a comprehensive analysis of the textbooks B.Mailin created. It is mentioned that the fact of writing four textbooks by B.Maylin: «Educational book for the illiterate» (1929), «Strength» (textbook for the illiterate) (1930), «Read and write in a new way» (1931) and written jointly with Gabit Musrepov and A. Sidykov «A Primer for the Illiterate» (1935, 1936), the methodological foundations of these works were completely outside of vision of researchers. It is noted that the time has come, along with the exaltation of B.Maillin as a writer and publicist, to give a proper assessment of his work as a teacher and a gifted methodologist.

Key words: Kazakh Literature, Beymbet Mailin , methodology, learning books.

Қазақ ұрпақтарының әлем өркениеті кеңістігіндегі озық жетістіктерді игеруін жүзеге асырудың педагогикалық-психологиялық негізі – мектептегі оқыту жүйесі. Оқыту үшін басты мәселе – балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу құралдарын жазып, оқу үдерісінде қолдануын жүзеге асыру. Ағартушы Ы.Алтынсариннің қазақ өркениеті тарихындағы биік мәртебелі ісі – қазақ балаларының ұлттық болмысына лайықты әлемдік дәстүрмен деңгейлес тұңғыш оқу құралын жазғандығы. «Қазақ хрестоматиясы» оқу құралының «Сөз басы» бастауындағы ағартушының өзекті пікірі айрықша маңыздылығымен байқалады: «Осы уақытқа дейін Қазақ халқының таза қазақ тілінде басылған бірде-бір кітабы болған жоқ. Сондықтан, оқу орындарының мұғалімдері қазақ балаларын оқытқанда амалсыздан қазақ тілінің орнына татар тілін пайдаланып жүр, сол себепті шәкірттерге ана тілін тастап, татар тілін үйренуге тура келеді. Екінші жағынан татардың кітап тілі бұл тілді татарлардан шыққан оқымыстылардың өздері де менсінбегендіктен араб, парсы сөздеріне лық толған, қазақтарға түсініксіз, осылармен қатар бір ескерілетін нәрсе, қазақ халқы азбаған, табиғаты таза халық. Оның талабы біреу салып берген тар шеңбердің қыспағына сия алмайды. Ой-пікірі еркін, оның келешегі үшін оған тек сана-сезім жағынан жалпы біліммен пайдалы өнерді үйрену керек болып отыр. Ал осы айтылған мақсаттарға жету жолында мен білсем осы күнге дейін ешқандай жетекші құрал болған жоқ.» [1, 66 б].

Қазақ өркениетінің тарихында әлемдік оқу-ағарту, білім беру бағдарламалары аясында ағартушы Ы.Алтынсариннің осы тұңғыш оқу құралының педагогикалық-психологиялық бағдарлы оқу құралының құрылымдық жүйесі – бұдан кейінгі осы тектес кітаптардың негізі. Ы.Алтынсариннің осы «Қазақ хрестоматиясы» (Киргизская хрестоматия) оқу құралының 4 тарауының әрқайсында Алаш ағартушыларының кітаптарына да, қазіргі заманғы кітаптарға да үлгі көрсеткіш бола алады. Атап айтқанда:

1. «...Балалар өмірінен алынған әңгімелер»; «...Мысалдар мен халық әдебиеті»; «...Балалардың туғандарына жазған хаттары»;

2. Әр түрлі жастардағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер;
3. Ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінділер;
4. Қазақтың мақал-мәтелдері; [1, 7 б].

Ағартушының қазақ мектептеріне арналған осы тұңғыш оқу құралының үлгі дәстүрі 20 ғасырдың 10-30 жылдары Алаш оқымыстыларының, ақын-жазушыларының шығармашылық еңбектерімен жалғасты. Алаштың оқымысты зиялыларының қазақ ұлтын әлем өркениеті жетістіктерімен хабардар ету, жаратылыстану, қоғамдық-гуманитарлық ғылым салалары бойынша бастауыш, орталау, орта жоғары білім беру жүйесін қалыптастыру, дамыту мұратында кешенді ғылыми әлеуметтік психологиялық кешенді ұстаным мұратымен еңбек еткен қайраткерлік көзқарастарын танимыз. Сондықтан, олар жазып қолданысқа ұсынған оқу құралдарының білім алудың барлық деңгейлеріне пайдалы екендігі байқалады. Мысалы, Ахмет Байтұрсынұлының оқулықтары (Оқу құралы 1912ж., Тіл құралы 1914ж., Әліпби 1914ж., Жаңа әліппе 1926-1928; Әдебиет танытқыш 1926., Баяншы 1926ж. Оқу құралы (Т.Шонанұлымен бірге 1926-27жж. Т.б.) – Қазақ ұлттық оқу-ағарту жүйесін қалыптасуындағы тұңғыш кітаптар болуымен құнды. Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсынұлының ұлттық оқу-ағарту жүйесін дамытуға арналған оқулықтар, оқу құралдарын жазу дәстүрін жалғастырғандардың бастама кітаптары да, отандық педагогикалық, психологиялық ғылымдар аясында қарастырылатын оқу-әдістемелік көрнекті еңбектер қатарын құрайды. Бұл орайда, Міржақып Дулатовтың «Қирағат кітабы» 1916ж., Жүсіпбек Аймауытовтың «Психология» 1928ж., Мағжан Жұмабеавтың «Педагогика» 1927ж., Мұхтар Әуезовтың «Новый ауыл», «Русский букварь для казахских детей» 1929ж; Ә.Ермековтің Қазақтың тұңғыш «Есеп» оқулығын Ж.Ақбаевтың құқық саласына арналған тұңғыш ғылыми басылымдар жазғанын олар жарық көргеннен кейін қолданысқа түскендері мәлім.

Алаш зиялы оқымыстыларының осы дәстүрі ХХ ғасырдың 20-30 жылдары Қазақстан автономиялы одақтас республика болу кезеңдерінде оқулықтар, оқу құралдарын жазу дәстүрімен жалғасты. М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» 1927ж., С.Сейфуллинннің «Қазақ әдебиеті» 1932 ж. т.б. Бұл орайда, осындай сүбелі еңбектерді бағалап саралаған әдебиеттанушы ғалым А.Смақова «Алаш әдебиеттануы» зерттеу кітабында сөз арқауында Алаш зиялыларының, оқымыстыларының ақын-жазушыларының оқу-ағарту, білім беру арқылы қазақ ұрпақтарын рухани жетілдіру мұратындағы белсенді жұмыстарын жоғары бағалайды. Сонымен бірге, ағартушы ұлт ұстаздары Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсынұлының аталған кітаптарына дейін де қазақ балаларын орысша оқытуға арналған оқу құралдары болғанын атап көрсеткен: «...жазуға үйреткен кінеге» Букварь для киргиз Қазан қаласы, 1892-1894жж. 1908 ж. қайта басылған. «Қазақша букварь» Нұрбаев Уфа 1916ж., «Әліппе яки төте оқу» (И.Арабаев, Қ.Сәрсекеев Уфа 1911ж.,) Қ.Қожықов «Әліппе», М.Кәшімов «Ақыл кітабы», «Әдеп», «Үгіт» 1907ж. М.Бибердиев Қазақша оқу кітабы 1902 ж. Т.Жомартбаев «Балаларға жеміс»1912ж. С.Көбеев «Үлгілі бала» 1912 ж. «Қазақша ең жаңа әліппе» Малдыбаев 1910 ж. «Қазақ баласына жәрдем» қазақша әліппе кітабы Сырғалин 1913 ж. «Үлкендер үшін әліппе» жинаушылар: Ш.Сарыбаев, Е.Қожантаев Ташкент 1921 ж. Европалықтар үшін екі жылдық оқу құралы Қ.Кемеңгеров Қызылорда 1929 ж. [2, 92 б].

Қазақ өркениетінің тарихындағы ағартушылық-демоктариялық жаңа жазба әдебиет дәстүрінің қалыптасуындағы һәкім Абай Құнанбайұлы, Ы.Алтынсариннің дәстүрін дамыта жалғастырған Алаш қайраткерлерінің бірегейі ұлттық әдебиет алыптарының бірі Бейімбет Майлин (1894-1938жж.) шығармашылығын айтамыз.

Бейімбет Майлин өзі арнайы мектеп ашпаса да қазақ жеріндегі қабырғасы қаланған білім ошақтарының маңызы мен мәнін керемет суреттеген қаламгер һәм қайраткер. Оның сауатсыздықты жоюға сауатсыздардың білім алуы үшін жазған төрт оқу құралының авторы екені көпшілікке беймәлім болып келді. Атап айтсақ: Бейімбет Майлиннің «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы (Сауаттылығы төмендерге арналған оқу кітабы)» (1929ж.), «Күш» сауаттылығы төмендерге арналған оқулық (1930ж.), «Жаңаша оқы және жаз» оқу құралын (1931ж.), және Ғабит Мүсірепов А.Ситдықовпен бірлесіп «Сауатсыздарға арналған әліппе» (1935-36жж.) еңбектерінің әдіснамалық негіздері атты төрт оқулық жазғаны мүлдем назардан тыс қалып келген-ді [3, 334-347 бб.]. Осыған қарап-ақ Б.Майлинді жазушы әрі публицист ретінде дәріптеумен қатар оны ұстаз әрі мықты әдіскер-ғалым ретінде де алға шығаратын уақыт жетті.

Ол өзінің «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы» деген оқулығында оқу, білімге қатысты мынадай мәлімет келтірген: «Оқу жұмысына үкімет көмегі» тақырыбы бойынша: «Соңғы үш жылдың ішінде Қазақстанда оқу жұмысына ілгері бастыру үшін үкімет қазынасынан 43 миллион 700 мың сом жұмсалған. 1915 жылы патша үкіметі кезінде қазақ балаларына арналған бірінші басқыш мектептердің саны 500 еді. Онда оқитын балалардың саны 13 мыңға зорға жететін.

Қазірде қазақ балаларына арналған бірінші басқыш мектептердің саны 1680 мүнда оқушы қазақ балаларының саны 69869.» – деп оқырманға сол кездегі үкіметтің көмегін жеткізе келіп, оқу құралының әдет дағдысынан айнымай жалпы сұрақ қояды. Онда: «*Сұрау: ауылдарыңда мектеп бар ма? Қанша бала оқиды? Мектеп салынды ма? Үкімет орнының оқу жөнінде тағы қандай көмегі болды?»* [4, 3-4 б.].

Майлиннің қалың жұртшылыққа белгісіз қырының бірінің – әдіскерлігі. Ол: «Жаңаша оқы, жаз!» 1931 жылы Алматы қаласы Қазақстан баспасынан басылған. Бұл көмекші әдістемілк құралдың шымылдығы қазақ жерінде қолданылып келген төте жазудағы әріп үлгілерін Латын әліпбиіндегі баламасын кесте түрінде көрсетумен бастайды. Аталған құралда: «Қазақстанда кен байлықтары.» деген тақырыпты мысалға келтірейік. Тақырыпта нүктенің болуы ол уақытта заңды болған секілді. Себебі Б.Майлин жазған оқу құралдарының (1929-1936жж. аралығында) бәрінде де тақырыптан кейін нүкте бар. Енді әлгі тақырыптың мәтіні төмендегідей: Кеңес одағындағы кен байлығы мол ауданның бірі – Қазақстан. Тас көмір, мұнай, жанар тас, темір, мыс, түрлі метал, тағы сондай қымбатты кендердің әр түрі де Қазақстан жерінен табылады. Қазақстан әсіресе мыс кәсібінің ең іргелі ауданы болып табылып отыр.

Бұдан басқа Қазақстанда толып жатқан қымбат өсімдіктер өседі. Бір-екі жылдан бері Тау саңыз өсімдігі қолға алынды, бұпан (бұдан – Т.Е.) қаушық (коучик – Т.Е.) өндіріледі.Коучикті бұрын шет мемлекеттен алушы едік, енді Қазақстан өндіріп беретін болды. 31 жылы 15606 гектар коучик қолдан егілмек.

А.Көшімбаевтың пікірі бойынша 1932 жылға дейін әдебиеттің арнаулы бағдарламасы да, оқулығы да болмаған. Тек 1932 жылы қазақ әдебиеті жеке пән ретінде мектептің оқу жоспарына еніп, оның тұңғыш бағдарламасы жасалып, жарық көрген. Ал 1934 жылы қазақ әдебиетінің жеті жылдық мектепке арналған жаңа бағдарламасы шыққан. Мұның 1932 жылғы бағдарламадан айырмашылығы – әдеби шығармаларды қоғамдық-саяси тақырыптардың төңірегінде шоғырландыра беруді қалдырып, әдебиеттік оқу, тарихи-әдебиеттік курс ретімен оқытуға бейімделгені болды [5, 32 б.].

«Сауат үшін» (Сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы) 1933ж. Алматы қаласы Қазақстан баспасынан басылған. Ғ.Мүсіреповпен бірлесіп жазған. Бұл еңбек өте тез уақытта басылып шыққанын авторлардың кітаптағы «ескертпесінен» анығында аңдатпасынан (аннотация) білуге болады. Онда: «Оқытушыларға. Сауат үшін – әліппе емес, әліппе орнына беріліп отырған құрал. Мұның ішінде берілмегендер мыналар: 1. Әріптің жазба түрі берілмеді. Оны беретін болсақ әліппе тез арада басылатын болмады. 2. Оқытуды оңайлататын суреттер бермедік. Оны күтсек басылу айдан артық кешігетін болды. 3. Жаттығу материалдары аз берілді. Оқытушы әріптің жазба түрін өзі көрсетіп, қосалқы материалдарды өзі толықтыру керек. Бұл есте болсын. Құраштырушылар.» [6, Аннотация беті].

Бұл құралдың ең негізгі мақсаты оқу, білімге аяқ басқан оқушылардың әріп танытушы нұсқаулық ретінде шығарылған.

Сауаттандырғыш Сауатсыздар әліппесі (1934, 1935, 1936 жылдары жалпы үш рет басылған.) Авторлары: Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ә.Сыдықов.

1935 жылы жарық көрген бұл кітаптың мазмұнына да назар аударайық. 3 бөлімнің атаулары: 1.Әліппе бөлімі, 2.Оқу материалдары. 3. Арифметика. Ондағы тақырыптар төмендегідей: Ескі өмір, Ұлы еңбек, Мұқатай, Қоңыр сиыр, Әйімкүл – тергеуші, Айтсам ба екен? Бай құлақтың тұқымы, Тап жауын есіңнен шығарма, Астық совхозы, Быладыймир Елиа ұлы Ленин: 1. Лениннен үйрендік, 2. Жеңіс, 3. Ленин қайтқаннан кейін, Ыиосип Бессарыжан ұлы Сталин, Мәшине тирактор стансалары (МТС), Жиылыс, Егіс жаулары, Еңбегіміз жанды, Мәгнитогор, Қарағанды алыбы, Қарсақпай, Кеңес, Кеңес одағы – еңбекшілердің отаны, Бес жылдықтың күзетінде, Ұшырасу, Капитал елінде. Ал, арифметика бөліміндегі тақырыптар мыныдай: Сипырларды (Цифр – Е.Т.) оқу, Қосу, Алу, Жазуша қосу, Жазып шегеру, Сом мен тиын аралас сандар, Көбейту, 6 мен 8 ді көбейту, Рим сипырлары, Ірірек сандарды көбейту, Бірден жазып көбейту, Бөлу, Бөлудің ең оңай түрлері, Ірі сандар, Пурсент [7, 79-80 бб.].

Арифметика бөліміне біраз тоқталып өтсек. Бөлім толықтай арифметикалық, математикалық амал-тәсілдерге құрылған. Сол бөлімнен: Сом мен тиын аралас сандар. Жұмысшының негізгі еңбек ақысы 75сом 48 тиын. Қосымша артық жұмыс істегені үшін тағы 14 сом 31 тиын алды. Барлығы қанша алды.

Тиынды тиынға қосыңдар да, жүз тиындарын сомға ауыстырыңдар. Сомдарды жай сан сықылды қосыңдар [7, 64 б.].

Аталған оқулық құралында қалыптасқан сөздерді қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне қарай «сындырып» жазылған. Мәселен, «Пурсент» сөзі – процент. Жалпы осы пурсент яғни, пайызды жан-жақты ұғындыру үшін төмендегідей мәтін мысалға берілген: Пурсент – нәрсе санын 100 ге бөлгендегі бір бөлігі. Пурсент таңбасы – %. 100% – толық мөлшері. 50% – толық мөлшердің тең жартысы. 10% – он бөліктің бір бөлігі.

Оқыңдар: Жоспар 100% орындалды. Жоспар артығымен 120% орындалды. Жоспардың жартысы – 50% орындалды. Сақтық кәссесі(кассасы – Е.Т.) 10% өсім береді. Нәрсе бағасы 20% арзандады [7, 78 б.].

Бейімбет Жармұхаметұлы жазған не төлавтор болған оқу құралдары тек бір саладан хабар бермейді. Адам өміріне қажетті барлық бағыт бойынша қоғам өмірінен ақпар қамтып отырады. Оқулық негізінде білім нәрімен сусындаған оқушы жан-жақты мағлұмат алады. Бұл біздің заманымызда көтеріліп жүрген функционалдық сауаттылық. Адамның жан-жақты сауатты болуы қай кезде де өзекті мәселе. Сол үшін де оқулық тек бір пәнге арналмаған. Бұл тұрғыда Профессор Ә.Қоңыратбаев пікірі өте орынды. Ол қазақ әдебиеті пәнін арнайы бағдармен оқыту әдістемесінің қалыптасуы кезеңдерін төмендегідей жіктейді: Революциядан кейінгі әдебиет пәні методикасының үш түрлі кезеңі болды:

- 1917-1927 жылдар арасында жік қойылмай, «қоғам тану» түріндегі оқу болды;
- 1928-1938 жылдардағы оқу мектептің типіне негізделмеген тарихи-әдеби курс болып өтті;
- Бастауыш оқу, әдебиеттік оқу мен тарихи курс бағдарламасы

Осы кезеңдердің өздеріне лайық бағдарламалары, әдістемелік жүйелері болды... бірақ олардың мақсаты мен міндет бөлісіп, жоғарыда айтылған үш жүйе түрінде қалыптасты. [5, 33 б.].

Ал, 1930 жылы жарық көрген «Күш» шала сауаттылар үшін оқу кітабындағы» «Күліп шықты» аталатын әдеби-мәтінге назар аударалық: ...Жәмила Ауылнайдың үйіне кіріп келді. Жүзінде ашу-кейістік бар. Жасырапжатқан көзін жаулығының ұшы мен сүртті.

− Ауылнай қайным, мына бәледен мені құтқар! – деді.

− Қайдағы бәле, Жәмила-ау!

− Ерігіп жүрген адам бар дейсің бе, қол бос болса тағы бір сәрі, шаршап үйге келсең, оңдап тұрған жүрміз: кіріңді жуарсың ба, балаңды бағасың ба, малыңды қарарсың ба? - қайсысын істерсің?! Оқу дегенді шығарып алыпты, мен енді бара алмаймын, аналарыңа айт!

− Ойбай-ау, мектеп туралы ма еді?!

− Енді не деп едің...

− Жәмила, ашуынды бас, жөнге кел, тыңда, түсіндірейін, - деді, - елдегі есті әйел дегеннің бірі сенсін, сенің оқымаймын дегенің мүлде ұят, оқу оқып, білім алсаң өзіңе пайда, өзіңнен асса, бала-шаға, үй ішіне пайда. Қазір кеңес заманы. Кеңес заманында әйелдің еркекпен дәрежесі тең. Үкімет ішіне жұртшылық жұмысына еркекпен бірге әйелдердің де қатынасуы керек. Оның үшін әйелдердің хат танитын болуы керек. Мектептерің жақсы, екі-үш ай оқу болады. Өзіндей Мағрипа осы күні қол қоятын болып қалды...

Жәмила жұлып алғандай болып:

− Е, оның несі бар дейсің, қол қоюды мен Мағрипадан да әдемі білем деді.

− Ендеше ашуыңа жол болсын!

− Әлгі, Абдолла қағынғыр: «қатындарды оқытып, қалаға жұмыс істетуге алады екен» деген соң қорқып едім...

Ауылнай күліп жіберді:

− Өй, тәңір алсын, ойнап айтқанға нанғаның ба?.. үкіметтің мақсұлы *(мақсаты Е.Т.)* сендерді оқытып адам қылу. Сендер оқып хат таңысандар, еркектермен бірге жұмысқа аралассаңдар, жұртшылық жұмысы сонда көркееді... оқыңдар, адам боласыңдар, басқаларға үлгі болуға тырысындар!..

Жәмила ашуланып кірсе де, ауылнайдың сөзін есітіп жібіді. Үйден шығарында күлімсіреп:

− Оқысам оқиын! – деді.

Сұрау: Сауат ашқыш мектебінде қанша әйел оқып жүр? Әлеумет ісіне араласып жүрген әйелдерің тегіс сауатты ма? [8, 4-5 бб.].

Б.Майлин қай салада (көсемсөз, әдебиет, ұстаз-әдіскер) жүрсе де сауатсыздықты жою мен қазақ даласына біртіндеп еніп жатқан білім беру мәселесін назардан тыс қалдырмаған. Оның дәлелі жоғарыда аталған оқу құралында: «Жалпы міндетті оқу» аталатын тапсырмасында келесідей мәтін береді: «Қазақстан өлкесі ежелден мәдениеттен кенже қалған елдің бірі. Европалықтардан жүзден 44 проценті сауатты болып отырғанда, қазақ еңбекшілерінің жүзден 10 проценті ғана сауатты болып отыр. Мұның себебі-қазақ елінде мектептердің бұрын болмағандығы, қазақ елінің бытараңқылағы, көшпелілігі.

Ел сауатсыз болса социалдық құрылысында кемшілік келмекші, Қазақстан үкіметі осы жақын ескеріп, жалпы міндетті оқуды тез қолға алынсын деп отыр. Бұл жұмыс биылдан бастап қолға алынып, 5-6 жылдың ішінде орындалып шықпақшы.

Жалпы міндетті оқуға кіріскенде кездескелі тұрған кедергілер көп: мектеп жеткіліксіз, мұғалім аз, ел бытыраңқы, бірақ үкімет болып, ел болып белсеніп кіріссе, бұл қиындықтардың бәрін де жоюға болады.» Бұдан кейін қалыпты *Сұрау.* Онда: *«Қазақ елінің неше проценті сауатты? Сауатсыздыөтың көп болуы*

себебі неден? Жалпы міндетті оқуға кіріскенде ел еңбекшілері не істеуі керек?» [8, 6 б.]. Оқушының жан-жақты сауатын ашып, ой-өрісін кеңейтуге арнайы әдістемелік технология қолданады.

Ғалым С.Ордалиев Қостанай өңірін аралаған бір жылы төмендегідей деректерді жазып алған екен: «Бейімбет 1920 жылдың басында біраз уақыт сол кездегі губерниялық оқу бөлімінің Дамбар болысы бойынша инспекторы қызметін атқарған. 1920 жылдың жазында Дамбар болысынның сайлауы жүргізіледі. Болыстыққа жастардан Сапар Баймұқамбетов сайланады да, Бейімбет оқу бөлімінің меңгерушісі болады.» [9, 21 б.]. Міне, осы кезден бастап Б.Майлиннің оқу-ағарту ісіне шындап кіріскені байқалады. Сонымен қатар, әрбір әңгімесінде сауатсыздықтың кесірінен өз орнын таба алмай, малы мен байлығына сеніп, адамшылықтан айырылған байлардың есігінде ғұмырын өткізген адамның қорлығын жеткізеді. Бұл болмысты Майлыұлы Жармұхабеттің баласы өз басынан кешіргеннен кейін кереметтей суреттеп отырады. Бір уақ Бейімбет (Бимұхабет) Жармұхамедұлының өмірдерегіне зер салалық: «Сонымен, Б.Майлин көршілес ауылдағы Арғынбай қажының медресесінде 1911-1912 жылдары оқиды. Онда 15-16 жас шамасында, ересек болып қалған. Медреседе басқалардан озық оқыса да, тастап кетуге туралы келеді. Оған себеп – Арғынбай қажыны, басқа да байларды жер-көкке сыйғызбай мақтайтын Әржікей деген ақынсымақ молдамен айтысып, оны өлтіре сынып, жеңіп шығуы. Сонда Бейімбет он алтыда екен. Бейімбеттің осы қылығын ұнатпаған қажы мен оның баласы Әбдірахман оқудың бітуіне бір ай қалғанда, оны медреседен шығарып жібереді.» [9, 11 б.]. Осыдан-ақ, Бейімбеттің білім алу жолында бала жасынан қиындықпен бетпе-бет келгенін аңғарамыз.

Оқу, білімнің адам үшін аса қажетті құндылық екенін дәріптеп отырады. «Ауылдағы балалардың бірі бос емес, бәріміз де оқудамыз, молдамыз – байдың үйінің ұстаған молдасы.» Бұл мәтін жазушының «Түйебай» аталатын әңгімесінен. Ары қарай: Менің алғаш оқыған жылым ғой, молданың қандайының жақсы, қандайы жаман екенін мен қайдан білейін: менен басқа бұрыннан мектеп көрген балалар өзара: «Өте қатаң молда», – деп сөз қылысады [10, 4 б.]. Әңгіменің бас кейіпкері Түйебай оқу, білім талабына, молданың қатал тәртібіне мойын ұсына алмай, оқуды бір жола тастап кетуі соның кесірінен байдың қойын бағып, оны тастап кете алмай, шерменде күйге түскенін суреттейді. Әңгіме мынадай үлкен ойлы әсерде аяқталады: «Молданың ұрып жәбірлегені секілді байдың да ат бермей, жәбірлегені көрінді. Бірақ «шоқынып кетсем де, молданың алдын көрмеймін», – деп айтқаны секілді, «аштан өлсем де, байдың қойын бақпаймын», – деп сол сағатында Түйебай айта алмады. Оны айтатын өзінде құдірет жоқ секілденді.» [10, 10 б.]. Жалпы бұл ғибратты әңгімеден түйіні, сабақ алу мен үйренудің қиындығына мойымай көтере білу керек. Оқыған кісінің тәртібі мен талабын қабылдамасаң, ой-өресі тар, надан кісінің қорлығына тап келесің деген кесек ой сәулеленеді.

Әдеби шығармаларының көпшілігінде Б.Майлин қазақ жастарының оқуға құрам, қоғамдағы өзгерістер үдерісі барысындағы кең етек алған надандықты жеңудің, әділеттікке жетудің жалғыз жолы білім үйрену екенін көрсетіп отырады. Әңгіме жанрының іргетасы саналатын Б.Майлин әңгімелері жылдар өткен сайын қоғам кескінін суреттеуде көркемделе түскен. Жас ғалым Е.Әдбімомыновтың пікірі сөзімізді тереңдете түседі: Осы шағын жанрға қалам тарту жолы жазушының шығармашылық эволюциядан өтіп, қаламгер ретінде сатыдан сатыға көшуі мен суреткерлік сапарының әр адымында соны сырлар ашылып классикалық деңгейге жетуіне себеп болды. Қаламгердің қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы тұрмыс тіршілігі мен қоғамдық өзгерістерді қысқаша суреттеулер арқылы жазған әңгімелерінің мазмұны уақыт өткен сайын тереңдей түскен [11, 140 б.].

«Алғашқы сабақ» әңгімесінде: «Мінайдар жатқан күйі терезеге қол созып, көк тысты бір кітапты қолына алды. Бұл – «Бірінші кластың оқу құралы» еді. Сауатсыздарды оқыту үшін ауданнан мұғалім келіп, мектепті осы ауылдан ашқан. Хат танымайтындар жазылғанда, соның бірі болып Мінайдарда кірген. Жасы отыз төрт те. Күре тісінің екеуі қатарынан түсіп, сөйлегенде тілі жылмаңдап көрініп тұрады. Мінайдар оқуға жазылғанда заман құрбылары қалжыңдап:

– Нағыз оқитын кезің, тісің жаңа түсіп жүр ғой, – деп тәлкектеп еді.

Мінайдар олардың тәлкегін елеген жоқ. Маржангүлдің қарсылығын да жойып келеді» [12,302 б.].

Түннің едәуір уақыты өткен. Ауылдың бәрі де шамдарын сөндіріп, қалың ұйқыға кіріп жатыр. Жалғыз-ақ Мінайдардың үйінің шамы сөнген жоқ. Маржангүл екеуі көк кітап пен қарындашты кезек ұстап, бір әріп болса да таныған ша құмар болып жатыр. Көк кітаптың ішіндегі баданадай әріптер қазақ елінің қараңғы түкпірінен оқушы тапқанына мәз болып жымыңдап күліп тұрған секілді... [12, 304 б.]. Міне, қазақ даласындағы оқу, білім үйрену осылай болғаны қызық. Жазушысының көркем тілді суреттеуі тіптен керемет.

Бейімбет Жармұхамедұлының шоқтығы биік шығармаларының бірі «Шұғаның белгісі» әңгімесінде «Әбдірахман» атты кедей шаруа баласының қалай ел қатарына қосылуы білімнің, ізденістің, талаптың

керек екені туралы айтылады. Әңгімеден үзінді келтірелік: «...Әбдірахман деген болды. Жасында болыстың үйінде бұзау бағып өсіпті. Ол уақытта болыстың үйінде ауылнай учитель болатын. Балалармен араласып жүріп учительден оқып, төрт жылдан соң, мектепті бітіріп шығыпты. Әбдірахман өзі айтатын: күндіз қозы мен бұзау бағам, кешке келгенімде, учитель бір шын мұсылман жігіт еді, «байлардың балаларынан да маған сенің оқығаның керек қой» деп түннің бір талайына дейін оқытушы еді. Ақырында сол учительдің тырысуының арқасында мектепті бітірдім...

Әбдірахманның әкесі өте кедей болған адам. Ауылнай школынан шыққан соң да, Әбдірахман малайлықтын құтыла алмады. Ақырында, он екі – он үштегі шамасын болса керек, тұрған байынан қашып дуанға барып, бір ноғайға жаз қызметке тұрып, қыс оқуға кірді. Берірек келген соң жаз байларда орысша бала оқытты. Ақырында әйтеуір мектепті бітіріп шықты.

Әбдірахман мектепті бітіргенде дабысы(дауысы, атағы – Е.Т.) жер жарды.» [12, 9 б.].

Бұл әңгіме кедей болса да білімімен өзіне шын сенімді Әбдірахман деген жігіттің байдың Шұға есімді қызына ғашықтығы әңгіме болады. Қыз әкесінің Әбдірахманның әлеуметтік-тұрмыстың жағдайын жақсы білгендіктен менсінбей, қызын бермей, екі жастың бір болуына кедергі келтіреді. Әңгімеде Шұға арнайы мектеп тауыспасада қазақтың қызына тән қарапайымдылық пен зеректік, тәрбие мен инабаттылықтың бар екені айтылады. Осыған қатысты әңгімеде былай дейді: «Осы күнгілердің бір тапқаны қызды оқыту керек, дейді. Сол Шұғалар хатты зорға танушы еді. Сонда да осы күнгінің оқыған он қызына бергісіз еді. Айнала айтқанда құдай сана берсін десейші...» деп қыздың білім алуын ерсі көрген қоғамның бір қырын айтып өтеді. Сондай-ақ, тек қыз баласын емес жалпы оқыту, ағартуды шоқыну ретінде қабылдауы жатыр.

Медреседегі оқуы сәтсіз аяқталғанмен, Бейімбет қол үзгісі келмейді. Шамалы уақыт орыс мектебінде оқиды. Оған көңілі толмайды.

− Егер шама болса, ішкі қалаларға барып оқыса ғой, шіркін! – дейді Бейімбет бір реті келгенде әжесіне, ағаларына көз тастап.

− Е...е, құлыным-ау, сенен немізді аяймыз, күйзеп отырған менде не бар дейсің, ағаларың, тартынған жоқ, әлі де сені оқытуға шама-шарқын салар, – деді әжесі амандарға барлап қарап.

− Оқимын деген талабыңды кеспейміз, тапқан-таянғанымызды аузымыздан жырып берсек те, оқытайық сені, – деді Аман. [9, 11 б.].

Бейімбет Майлиннің қарапайым кедей отбасындағы ізеттілік пен ағаларының қамқорлығының арқасында Жармұхамедтің баласы алғашында Троицкідегі «Уазифа» кейіннен Уфадағы «Ғалия» медресесіне оқуға түседі. Бейімбеттің бойындағы білімге деген құштарлық пен ізденімпаздық оны ауылда қалдырмады. Қалаға барып білімін шыңдайды, өзін-өзі жан-жақты жетілдірді.

Кез-келген ата-ана ұрпағының сауатты жақсы адам, азамат болғанын қалайды. Ауылда қалып қоймай, әке-шешесінің қолдауымен қалаға үлкен білім ошағына барып, терең білім алуының арқасында ел ісіне араласуға жарайтын адам болып қалыптасуды өзіне міндет етеді.

Бейімбет Байлиннің «Азамат Азаматыч» деп аталатын повестінде: Онда аты-жөні «Азамат Азаматыч» емес, «Қожалақ Күркілдеков» еді. Қожалақ оқуға аттанарды әкесі Күркілдектің ашамай белді шолақ торысы, бір мүйізі сынық қара сиыры, торғай қамасаң тұрмайтын қырық жасау қараша үйі бар еді... Көрінгеннің кірін жуып жүретін қатпар бетті қара кемпір – Өлімсек дейтін шешесі бар еді. Қожалақ оқуға жүрерде шешесі мойнына асылып, бетінен иіскеп сүйіп тұрып:

− Қалқам, ұмытпа! – деп еді Қожалаққа.

Әкесі Күркілдек торы атқа төрт аяқ арбаны жегіп, Қожалақты станцияға әкеліп салып, баласының бетіне бажырая қарап тұрып еді.

− Оқы, қарағым, адам бол! – деп, бір күрсініп, ышқырынан түйіншек шүберекті шығарып, термен жібесіпмылжаланған ескі червон ақшаны ұстатып тұрып:

− Ел іші ғой, өлмеспіз. Мынаны жолыңа ал, тағы да жіберіп тұрамын, – деп еді. Қожалақ осылай оқуға аттанып еді...» ауылдан қожалақ болып кеткен ұл мектеп оқып, азамат болуы ел ісіне араласуы, ата-ана үмітін ақтауына білімнің тікелей септігі болғаны баяндалады. Сондай-ақ, повестте үнемі кітап оқуға құмартқан Азаматтың ойын-сауыққа аса құлықты еместігі де суреттеледі.

Осындай шығармалар арқылы оқырманды сол кездегі білімге құштарлықтың қалай болғанын жеткізген. Келешек жастардың білімге деген ынтасы мен жігерін жани түседі. Оқыған адам қай кезде де көзі ашық, көкірегі ояу жан-жағына сәуле шашып тұрады.

Бейімбет Майлиннің өмір жолына тағы бір үңілсек оның «Ғалия» медресесін де бітіре алмағанына көз жеткіземіз. «...Өкініштісі сол, ол бала кезінен көрген көп бейнеттің салдарынан, қаржы-қаражаттың жетіспеушілігінен аш құрсақ оқып жүргенде, денсаулығы төмендегендіктен, оқуын үзіп, «Ғалияны» бітірмей кетуге мәжбүр болды. Үш жылдық жоғары сыныптың жартысын бітіріп, мол білім алып, татар,

орыс жазушыларының тәжірибесінен үйреніп, қаламын ұштаңқырап алған ол, 1916 жылдың ақпан-наурыз айлары шамасында кетеді. Троицк қаласындағы Бәкір Алдияров деген дәрігерден ем алып жүреді». [9, 18-19б].

Дегенмен, Бейімбет Майлин әрдайым халық өмірін әдеби шығармалар арқылы суреттеп, оқу-ағарту жұмысынан еш қол үзбеген. Заман тепершігі мен тұрмыс тауқыметін тартқан халықтың болашаққа деген үмітін оятумен үздіксіз айналысқан-ды. Келе-келе халық есесі кеткен еңбегінің ақысы мен жан жылуын оқыған азаматтар арқылы қайтарып отырғандығын жеткізеді. Осындай жағдайды арқау еткен «Шапайдың хаты» әңгімесінде: «Көрші ауылда мектеп бар еді, сондағы комсомолдар малайларға болысадымыс деген хабарды есіткен соң бір күні салып ұрып соған бардым. Сүйесін деген мұғалім бар екен. Жас баланың оңдысында соны көрдім. «Атекелеп» іш-бауырымнан өтті. Мұнымды бастан-аяқ айтқызып отырып жазып алды.

– Сіз, жүре беріңіз, сотқа да берем, газетке де берем, – деп өз үстіне алды. Бірер айдан кейін мен туралы газет шықты деп естідім, бірақ сот жағынан әлі билік алған емеспін.» [12, 298 б.]. Жоғарыдағы әңгімеде шолақ белсенділердің озбыр әрекетінен құтылған ауыл адамының да жарқырайтыны күні болатынына сендіреді. Ол үшін білімді болу керектігін насихаттайды.

Халық арасында қашанда ортақ іске ұйытқы болатын, өз мүддесінен ел игілігін жоғары қоятын азаматтарды қашанда үлгі тұту дәстүрі бар. «Бекберген мектебі» аталатын әңгімесінде: «Ауылдың қотанындағы дөңеске ұзыншалау салынған ағаш үй бірден көзге түседі. Ағашы жаңа. Төрт терезесі бар. Маңында қоқсыған қарап-қопсы жоқ, сайдың... Бірақ, бала көп: бықып жатыр, қайнап жатыр; біреу кіріп, біреу шығап жатыр. Мәз-майрам боп ойнап жатыр; өздерінше қуанышты, шаттық тойын тойлап жатыр...

– Бұл не қылған үй? – деп сұрасаң сельвосет мүшесі Қали, желбейін көтере түсіп, көкірегін жоғары көтеріп:

– Бұл «Бекберген мектебі!» – дейді.

– Қалиды жаныңа ертіп, қатарласа отырып мектепке барсаң жас балалар ойнын тоқтатып, алдыңнан шығады.

... – Жаса, балалар, жаса! – дейсің.

Мектепке кіріп келсең алдында қатарлаған парта тұр. Мұғалімнің столы тұр. Үйдің керегесін қарап қара тақта тұр. [12, 323 б.].

– Мектептің тұрған жері дұрыс. Басқа жерден аша алмаймыз, мектепке беретін үйіміз жоқ, – деді.

Бекбергеннің мүлде күйіп кеткені ғой:

– Оңбайсың, кедей, осынын сөздеп айтып тұрсыңдар ма? Бізді адам қылып жүрген бай ма екен? Байсыз біз өле ме екеміз?.. Сөз емес. Үй керек болса, өз үйімді тегін берем, әйда, қаулыңды істе, көшір мектепті! – деді... Мектеп жайы, артель-коллектив жайы, партия, кеңес комсмол жұмысы бірінен соң, бірі айтылып, еске салынып жатыр. Отырғандардың көбі партия мүшесі. Өздерінше айтса, Бекбергеннің шәкірті! Бекберген өлген. Бекбергенге ескерткіш қылып, мектепті соның атына атапты. [13, 229-330 бб]. Мектеп үшін үйін берген адамдар аз болмаған. Оны жазушының «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» әңгімесінен де аңғарамыз: «Жұрт жиналды. Мектептің кішкене бөлмесіне сығылыса толды. Орын таба алмағандар балалар оқитын партаның үстіне шығып кетті. Мектепке үйін жалдаған кісі:

– Партаның үстіне отыра көрмеңіздер, сындырасыңдар, – деп безілдеп жүр.

– Сынса сен төлемейсің ғой, айына алатын ақшаңды білсейші, – дейді біреулер.

– Олай деме, мектеп көптің мүлкі, сынбасын! – дейді екінші біреуі.» [14, 192 б.], – деп мектептің халық игілігі үшін алқалы жиын өткізетін, ауыл тұрғындарының жиналыс өткізетін зиялы орын, болашақ тағдырларын талқылайтын мәдени жер екенін көрсетеді. Сонымен қатар, осы мәтінде қазақ жеріндегі мектеп мәні мен қасиеті әлі де толық маңызын толық иеленгенін байқаймыз. «Мектеп көптің мүлкі, сынбасын!» – деген сөз қай заманда болсын оқырманды бей-жай қалдырмай қоймайды.

Қорыта айтқанда, жас ұрпақты оқыту білім, ғылым негіздерін меңгерту сол арқылы қазақ қазақ елін дамыған мемлекетте тұғырына жеткізу Алаш ағартушыларының азаматтық, қайраткерлік мұраты. Бейімбет Майлиннің өмірі мен қоғамдық саяси және шығармашылығына үңілген қаламгер аз болмаған. Оның қазақ көсемсөзінің көсемі екенін, ұлт әдебиетіндегі әңгіме және баян(повесть) жанрының хас шебері екенін айқындаған. Зерттеу жүргізіп, лайықты бағасын берген. Оқытудың жаңа технологиялары мен соны бағыттары біздің Бейімбет Жармұхамбетұлы шығармашылығын қайта парақтауға әкелді. Оның педагогикалық көз-қарасы оқытудың үлгілерін (әсіресе әдебиет) жасақтап, арнайы оқулықта шығарғануын зерттеу келер күннің еншісінде. Алаш қозғалысы құрамында өзінің ағартушылық мұратын

көркем шығармалары арқылы жүзеге асыруға үлес қосқан классик қаламгер Бейімбет Майлиннің мұрасы қазіргі – Тәуелсіз Қазақстанның Рухани жаңғыру бағдарында дамуы үдерісінде жаңаша бағаланады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.

2 Ісмақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.

3 Тұрғынов Е. Әдебиетті оқыту әдістемесі қалыптасуындағы Б.Майлиннің «шала сауаттылар үшін оқу кітабы» оқулығының атқарған рөлі// Абай ат.ҚазҰПУ 90 жылдық мерейтойына арналған «Алаш зиялыларының ғылыми-әдістемелік мұралары: Дәстүр мен жаңашылдық» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Ұлағат, 28 ақпан 2018. – 434-437 б.

4 Майлин Б. «Шала сауаттылар үшін оқу кітабы». – Мәскеу: Кеңес Одағындағы елдердің кіндік баспасы, 1929.

5 Сманов Б.«Көркем шығарманы талдау негіздері» (Монография). – Алматы, Абай ат.ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2016. – 366 б.

6 Майлин Б., Мүсірепов Ғ. «Сауат үшін» Сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1933.

7 Майлин Б., Мүсірепов Ғ., Сыдықов Ә. Сауаттандырғыш Сауатсыздар әліппесі. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1935.

8 Майлин Б. «Күш» шала сауаттылар үшін оқу кітабы. – Алматы: Қазақстан баспасы, 1930.

9 Бейісқұлов Т. «Бейімбетті атқан кім?» Деректі эссе-толғау. – Алматы: «Толғанай Т» баспасы, 2000.

10 Майлин Б.Түйебай (әңгімелер). – Алматы: «Жалын» баспасы, 1985.

11 Сманов Б.У., Әбдімомынов Е.Б. М.Әуезовтің 1920 жылдардағы әңгімелерінің идеялық-тақырыптық сипатын таныту// Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы No1(63) 2018ж. – 155-160 б.

12 Бейімбет Майлин. Шығармалар. Үшінші том. Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет Баспасы. – Алматы, 1962.

13 Бейімбет Майлин. Шығармалар. Төртінші том. Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет Баспасы. – Алматы, 1962.

14 Бейісқұлов Т. Бейімбет Майлин публицистикасындағы сын белгілері //Жұлдыз. – 2011. – №11. – 169 б.

АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION

МРНТИ 16.31.41

K.A. Ashinova[1]
[1]*Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages*
Almaty, Kazakhstan

LANGUAGE IN DIPLOMACY IN QAZAQ AND ENGLISH LANGUAGES

Annotation

This article discusses the features of diplomatic terms in Kazakh and English languages. One of the main problems of terminology is the word formation study and use of borrowed words, their connection with the formation on the terminological fund and semantic changes in language. There are many borrowed words in English that did not retain the original forms of the elements. In Kazakh language borrowed words were often preserved in their original forms, but they also gradually underwent to phonetic changes.

Keywords: diplomatic term, borrowed word, word combination, structural and semantic features, lexico-grammatical features, diplomatic documents (unilateral, bilateral and multilateral).

К.А.Ашинова[1]
[1]*Абылай хат атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,*
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ДИПЛОМАТИЯ ТІЛІ

Аңдатпа

Бұл мақала қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатиялық тіл ерекшеліктерін қарастырады. Терминологияның басты мәселелерінің бірі жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің терминдену жолдары, олардың терминологиялық қорды құрауға қатысы мен тілдегі семантикалық өзгерістерді зерттеу екендігі белгілі. Осы ретте жаңа терминдер, оның ішінде дипломатия саласына қатысты терминдер жасаудағы әртүрлі тәсілдердің, термин қалыптастыруға негіз болатын тіліміздің ішкі заңдылықтары мен қайнар көздерінің ерекшеліктерін көрсетудің тіл біліміндегі маңыздылығы қарастырылған. Мақалада ағылшын тіліне енген кірме дипломатиялық терминдердің көбінесе бастапқы күйінің сақталмай, өзгеріске ұшырайтындығына, ал қазақ тіліне енген кірме дипломатиялық терминдердің көбінесе бастапқы қалпын сақтайтындығына, алайда олардың да бірте-бірте фонетикалық жағынан өзгеріске ұшырайтындығына талдау жасалынған.

Тірек сөздер: дипломатиялық термин, кірме сөз, құрылымдық және мағыналық ерекшеліктер, біріккен түбірлі дипломатиялық термин, сөз тіркесі, аббревиатура, лексика-грамматикалық ерекшеліктер, дипломатиялық құжаттар мен мәлімдемелер (бір және көп тарапты, дипломатиялық құжат, терминдік тіркестер.

Ашинова К.А.[1]
[1]*Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,*
Алматы, Казахстан

ЯЗЫК ДИПЛОМАТИИ В КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Аннотация

В этой статье рассматриваются особенности дипломатических терминов на казахском и английском языках. Одной из основных проблем терминологии является изучение формирования и употребления специальных слов, их связи с формированием терминологического фонда и семантических изменений в языке. В то же время рассматриваются новые термины, в том числе различные подходы к терминам в области дипломатии, специфические особенности внутренних законов и источников языка, которые

являются основой для формирования термина. В английском языке много заимствованных слов которые не сохранили первоначальные формы элементов. На казахском языке заимственные слова часто сохраняются в их первоначальном виде, однако они также постепенно подверглись фонетическим изменениям.

Ключевые слова: дипломатический термин, заимственное слово, структурные и семантические особенности, лексико-грамматические особенности, дипломатические документы (односторонние, двусторонние и многосторонние).

Diplomatic terms were grouped according to the following status:1) neutral terms from a socio-political point of view, 2) realistic terms describing the socio-political reality of a specific socio-political system, 3) alternative terms in different socio-political systems.

Distinguishing the linguistic nature of diplomatic terms in Qazaq and English, diplomatic terms can be divided into three groups: 1) Common diplomatic terms, they consist of diplomatic, international legal and economic terms; 2) Diplomatic terms that can be divided into the following groups: a) diplomatic representative and position names, b) terms concerning diplomatic relations between countries, c) terms that characterize the governmental system, d) unilateral diplomatic documents and statements, e) bilateral and multilateral diplomatic instruments and statements; 3) diplomacy terminology.

The main lexical and grammatical features of diplomatic terms can be summarized as follows: the place of diplomatic terms in the nationwide dictionary; significant expansion or contraction on this basis; word relationship in expressing diplomatic concepts with other subject terms (similarities and differences); homonymic features; synonyms; antonyms; a role of lexical meaning in expression diplomatic concept and etc.

Abbreviated terms in English based on the structural features of an original phrase and depended on abbreviation types are divided into several groups: 1) an abbreviated term based on the first letter of word combination components; 2) an abbreviated term with an auxiliary word that does not participate in abbreviation process, such as prepositions, suffixes and article *"the"*; 3) an abbreviated term that consists of complex compound words; 4) an abbreviated term on the basis of word combination was made by the extension of three previous ones.

There are several ways of using this view: 1) an abbreviation without any suffix, 2) an extension with a suffix, 3) expanding of whole word with an auxiliary word.

In Qazaq language there are types of abbreviation made by omitting certain letters or syllables. However it is hard to find a mixed type of abbreviation.

Combined diplomatic term in Kazakh and English languages are: 1. N_{noun} + N_{noun}= N_{noun}; 2. N_{noun}+ V_{verb} = $_{noun}$; 3. $A_{adjective}$ + N_{noun}= N_{noun}orN_{noun}+ A_{adj}= A_{adj}; 4. $N_{numeral}$+ other speech class = A_{adj}. The meaning of combined diplomatic term in the Kazakh language depends on a component content.

Combined diplomatic terms in English depending on connection can be divided into the following groups: 1) diplomatic terms connected by basic roots without suffixes, 2) diplomatic terms connected by the basic and derivative roots, 3) diplomatic terms connected by basic roots and prepositions or suffixes.

International terms can be divided into two categories depending on grammar and sound character: 1) no sound changes in Kazakh and English languages and 2) international diplomatic term that takes into account a sound system adopted by language rule.

Compound borrowed diplomatic international terms in Kazakh language are divided into two groups depending on their structure: 1) both components have been taken from another language and 2) one component is a borrowed word, the second one is a native word.

International terms are divided into the following groups depending on their terminological meaning suitability for: 1) the same specific meaning and terminological meaning, 2) international term that has terminological and another meaning.

International diplomatic terms taken from Latin into English can be divided as following: a) both alphabet and recording graphic were kept in Latin, b) its meaning in Latin language was kept but its recording graphic was not saved.

According to the historical development of terminology, borrowed terms entered English in the 11th century. According to O. Jesper's study, lexicon from classical languages entered English in the 14thcentury; their numbers had increased especially between the 16th and 19th centuries dramatically [1].

According to O. Barfield, more than a quarter of the entire Latin dictionary had been included in English dictionary in those centuries. [2].

In the course of development and formation of diplomacy borrowed words completed a row of diplomatic terms in English. In early times borrowed words in English built 25% of the common terminology, in the Middle Ages 28% and now 17%.

In the 15th-17thcenturies a great number of borrowed words entered English language. That can be tied with extraneous factors. In particular, one factor was the Norman conquest of England, another factor was the global flow of people from different countries [3].

Expansion policy of England to occupy colonial states was one of the main factors for English language to have so many foreign words and phrases. Different foreign words enriched the English vocabulary. Another reason was a close acquaintance with classical literature of other languages.

O. Esperson does not think that international term belongs as a common term only for several languages. He also believes that uses of the international words depend on the number of people who use them [4]. This is another indication that stabilization of terms depends on social affairs including demographic situation.

E Bussier thinks that international terms in Europe should be taken into account within six major European languages [5].

M. Sergeçsson believes that international terms are formed on the basis of scientific, political and cultural connections between people who have European international cultural connection and preserve peculiarities of their origins. [6].

Romanian researcher S. Pushkarin believes if another language can replace a common word, that is related to "functional weakness" of mother tongue [7].

M.I.Knignitskaya believes that if there are some ‘gaps’ in language, it accepts an international term. Language is insufficient to clarify certain lexical material, even if a native and borrowed word can be synonyms and their meanings are close, this is a transient phenomenon [8].

Most of the specific lexemes are made artificially.This phenomenon also relates to international term which is based on established international rules. They are strongly influenced by language coordination during communication.

In the Middle Ages Latin was a language of scientific tracts and literature. However, at that time Latin was not formulated as a special scientific international language yet. The original meanings of many lexical words that entered diplomatic terminology were different from current terminology meanings. For example, *in English ‘acclamation’ / лат. acclamatio–cry, exclamation / - in Qazaq‘аккламация’ (without popular vote, public approval); in English ‘demarcation’ / лат. delimitatio - installation / - in Qazaq ‘демаркация’ (border identification) and etc.*

The words that came from Latin, ancient French and other languages to English, were phonetically and morphologically altered therefore new derivative terms were made. For example, *consul–consular, discriminate–discriminating, protocol –protocolar and etc.*

There are some borrowed words that came from French, German, and Italian languages to English that kept their morphological structure; originally they were taken from Latin. For example, in English*‘condominium’* – in German *‘condominium’*– in Latin*‘con’ (together) + ‘dominium’ (power) (condominium–joint land possession of two states)*; in English *nuncio* – in Italian *nunzio* – in Latin *nuntius (nuncium - the ambassador of Vatican)*; in English *statute* – in French *statut* – in Latin *statutum (statute, charter)*; in English *visa* – in French *visa* – in Latin *visus (reviewed) (visa)* and etc.

In the 20th century English terms are derived from Latin and French languages for certain purposes tospecial science areas. For example, in English *accreditation /lat. accredere – to trust/* – in Qazaq *аккредитивтеу*; in English *confederation / lat. confoederatio – union/*–in Qazaq *конфедерация*; in English *paraph /French ‘paraphe’/* – in Qazaq *парафирлеу* and etc.

In historical development of Latin language, it contains a large number of linguistic elements of Greek language.

The words taken from Greek kept Latin language rule. This makes them equal in Latin. For example, a suffix -*os*is in Greek compatible with suffix –*us* in Latin. In the field of diplomacy there are a lot of Latin words that have the end–*us*.

While entering English , Latin elements saved the suffix -*us* in some terms, in most cases they had not been saved. For example, in English *consensus* – lat. *consensus;* in English *status* – lat. *Status,* in these terms the suffix-*us* was saved, but in the following terms the suffixes -*us* were not saved:

lat. *alternus* – engl. *alternation;*

lat. *annexus* – engl. *annexation;*

lat. *internuntius* – engl. *internuncio;*

lat. *pracrogativus* – engl. *prerogative*and and etc.

Considering structural peculiarities of terminology, diplomatic terms can be divided into three types: 1) free word combination; 2) combination of comparable stable terms; 3) combinations of absolute stable terms.

In Qazaq language there are some types of diplomatic terms: 1) a term combination consists of ancient word and national language element; 2) mixed word combination (the first word is borrowed word, the second word is from native vocabulary); 3) both elements are borrowed words.

Borrowed word translation is usually given in Qazaq language in a form of word combination. This word combination cannot be taken simply, it is combined in accordance with the requirement of terminology guideline. Both semantic features and structure of words will be considered in making new terms.

Before becoming in the list of terminology, a word cannot break off its connection immediately with his synonym word. However, a synonym paradigm, created by them, is a temporary phenomenon, therefore that term will break off semantic relationship with its synonym word gradually.

'… the knowledge of language and its (or their) optical, even masterly use, is not simply a l'art-pour-l'artistic skill' [9].

References:

1 Jesperson O. Growth and Structure of the English Language. – Leipzig, 1935. – P. 305.

2 Barfield O. History in English Words. – London: Faber and Faber, 1969. – P. 240.

3 Budagov R.A. History of words in history of society. M: Prosperity, 1971. – P. 270.

4 Jesperson O. Papers in International Language. – London, 1921. – P. 241.

5 Wuster E. International Standardization of Language in Engineering. – Moscow, 1935. – P.302.

6 Serjeantson M.S. A history of foreign words in English. – London: Routledge & Kegan Paul, 1968. – P.354

7 Puscarin S. Limbaromana. Нем. пер. Die Romanische Sprache. – Leipzig, 1943. – P.252

8 Knignitskaya M.I. Terms - internationalism and their meaningful motivation. Dissert. candidate of philological sciences: Chernivtsi State. univ-t by Y. Fedkovich. - 10.02.04. – Chernivtsi, 1990. – P.209.

9 diplomacy.edu/resources/general/use-language-diplomacy; January 26, 2012.

УДК 811.111'25

Sh. A. Khamrayeva[1]

[1]*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, Almaty Kazakhstan*

ON THE ISSUE OF TRANSLATING COMMUNICATIVE AND PRAGMATIC CHARACTERISTICS OF DISCURSIVE PRACTICES WITH THE MEANING OF THREAT

Annotation

This article is devoted to the communicative and pragmatic characteristics menacing speech acts in the political discourse, the theoretical foundations of the translation, the description of conceptual approach of researchers, who studied menacing speech act in different aspects as well.

In our research, we focus on one of the special types of speech act, namely, the menacing speech act. Problems of language and menacing speech act and it's translation as well. Taking into account the functional approach to the language, many scientists try to define the menacing speech act as a communicative-pragmatic class of statements. It is known that the semantic dominant of a menacing speech act is a threat that is always associated with a person and his activity, as well as with objects of value to him.

Nowadays, the political discourse, in particular, the menacing speech acts are not sufficiently studied in the aspect of translation. Menacing speech acts require their deeper study, as well as adequate transfer of pragmatic potential, in particular, from English into Russian language.

Key words: menacing speech act, political discourse, translational transformations, communicative, pragmatic, threat.

Хамраева Ш.А.[1]
[1]*Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана, Алматы, Казахстан*

К ВОПРОСУ О ПЕРЕВОДЕ КОММУНИКАТИВНЫХ И ПРАГМАТИЧЕСКИХ ХАРАКТЕРИСТИК ДИСКУРСИВНЫХ ПРАКТИК СО ЗНАЧЕНИЕМ УГРОЗЫ

Аннотация

Данная статья посвящена коммуникативно-прагматическим характеристикам менасивных речевых актов в политическом дискурсе, теоретическим основам перевода, описанию концептуальных подходов ученых, исследовавших менасивный речевой акт в различных аспектах.

В нашем исследовании мы акцентируем свое внимание на один из особых видов речевого акта, а именно менасивного речевого акта. Его проблемам языковой реализации и перевода в целом. Принимая во внимание функциональный подход к языку, многие ученые пытаются определить менасивный речевой акт как коммуникативно-прагматический класс высказываний. Известно, что смысловым доминантом менасивного речевого акта является угроза, которая всегда связана с человеком и его деятельностью, а также с предметами, представляющими для него ценность.

На сегодняшний день, в целом, политический дискурс, в частности менасивные речевые акты недостаточно изучены в аспекте перевода. Менасивные речевые акты требуют более глубокого их изучения, а также адекватной передачи прагматического потенциала, в частности с английского на русский язык.

